


А 2005  
581к

ИЛИАС  
ЖАНСУГІРОВ





# ІЛІЯС



КӨП ТОМДЫҚ  
ШЫҒАРМАЛАР  
ЖИНАҒЫ

# ЖАНСҮГІРОВ



1

Өлеңдер



Алматы  
ҚАЗЫҒҰРТ  
2004

82i.512.122Жансүгіров2

ББК 84 Қаз 7-5

Ж 27

Қазақстан Республикасы  
Ақпарат министрлігінің  
бағдарламасы бойынша шығарылды

Редакция алқасы:

С. Абдрахманов, Ә. Асқаров, Е. М. Бейсенбек,  
Е. Д. Далбағаев, М. М. Иманғазинов, Т. Кәкішев,  
Т. М. Көпбаев

Томды баспаға әзірлегендер:

Е. Д. Далбағаев, Е. М. Бейсенбек,  
М. М. Иманғазинов (жауапты шығарушы),  
Г. Н. Ботантаева, А. Б. Құлжабаева

**Жансүгіров Ілияс**

**Ж 27** Көп томдық шығармалар жинағы, — Алматы: «Қазығұрт»  
баспасы, 2004. Бірінші том: Өлеңдері. — 432 бет.  
ISBN 9965-22-023-9 (1-том)

Қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі, көркем сөздің хас шебері Ілияс  
Жансүгіровтің көп томдық шығармалар жинағының бірінші томына акын-  
ның «сұлу сөзбен алтын сарай салдыртқан» өлмес өлеңдері енді.  
Кітап көпшілік оқырманға арналған.


**ББК 84 Қаз 7-5**

Ж  $\frac{4702230200 - 001}{482(05) - 04}$

ISBN 9965-22-023-9 (1-том)

ISBN 9965-22-022-0

©«Қазығұрт» баспасы, 2004



## ҚҰЛАГЕР

Бейімбет, Сәбит, Мұхтар, Ілияс, Ғабиттерді қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі деп білеміз. Себебі олар сол әдебиетпен бірге жасасып, алғашқы кезден шығармашылыққа араласқанын ескереміз, екіншіден әрқайсысының тек өзіне ғана тән ерекшелігін еске аламыз. Қосқан үлесін әрқашан жадымызда ұстаймыз. Ал әрбір ақын, жазушының қолтаңбасы және әдебиетке қосқаны не дегенде, өзінен бұрынғы, не өзімен тұстас ақын-жазушыларға қарағанда қандай көркемдік ізденіс жасады, қандай жаңалық ашты; өмірді жарқыратып көрсетуде қандай әдіс, стиль, композиция, тіл, өлең құрылысы тағы басқа жағынан өз өзгешелігін көрсете алды ма және оны орнықтыруға ынта салды ма, ізбасарлар, жалғастырушылар болды ма дегендерді еске алып, ең бастысы солардың шығармаларының халықтық сипат алуына назар аударамыз.

М. Әуезовтің қазақ поэзиясын өркендетуде Ілиястың өзіндік орны бар, ақындық сөздің сырын ашуда Абай үлгісін кеңес заманында жалғастыра түсті деп табуы, С. Мұқановтың Ілиясты ардақ тұтып, бүгінгі шындықты тың тыныспен аумақты жырлауын атап өтулері тегін емес.

Қазақ поэзиясының қыры мен сырын, әсіресе лирикасының жанын жақсы түсінген Әбділда Тәжібаев Ілияс Жансүгіровті «Қазақ әдебиетінің көгіндегі азғана жарық жұлдыздардың бірі» деп біледі де, «дастаншыл ақындар ортасынан биік таудың бір шоқтығындай ерекше көрінерін» айрықша атайды.

Ілияс шығармашылығын насихаттауда көп еңбек сіңірген М. Қаратаев: «Ілияс Жансүгіровтің қазақ әдебиетінде алатын

орны үлкен, өзгеше. Поэзияда өзіндік үні бар, беті бар, айрықша қуаты бар», — десе, Қ. Жұмалиев: «Қазақ өлең құрылысын бұрын болмаған жаңа шумақ, жаңа ұйқастармен байытуы, поэзиямызда өрістей алмай келген психологиялық суреттеу әдісінің өнегесін көрсетуі, халықтың тіл қазынасын толық меңгеріп, керегін тандап ала білуі, үздік образ, оригиналдық сөйлем құрылыстары арқылы игілікті іс-енбектері тарих төрінен орын алады» деп біледі. Классик жазушыларымыз бен ғалымдарымыздың толымды ойларын Мырзабек Дүйсенов қазақ поэзиясының ішкі жанрларын дамытудағы Ілияс енбегін «әсіресе лирикаға эпикалық фон бере жырлауынан, қазақтың ауыз әдебиетіндегі дәстүрлі толғауға жазба әдебиеттің ұрығын сеуіп, жанғыртуынан, лирикалық-философиялық дастандары мен сюжетті, оқиғалы, реалистік поэмалар тудырып, қазақ кенес поэзиясын биік бір сатыға көтеруінен, т.б. анық байқалады», — дейді де, ұлттық поэзиямызда өз дәстүрін жасап кеткеніне қуанады.

Демек, осындай ерен енбегі бар дарын қазақ әдебиетінің тарихынан айрықша орын алуға тиістілігі Ілиястану ілімін тудырып, қалыптастыруға кен жол ашты.

І. Жансүгіров шығармашылығы жөнінде оның көзі тірісінде 1920 — 1930 жылдарда бірталай ой айтылып, екі поэмасы туралы айтыс та болды. Оның бәрі де ірі шығармашылық тұлға жөнінде алғаш айтылған сыншылық ойлар еді. Онда артық-кем айтылған пікірлер де аз емес.

Шын Ілиястану 1957 жылдан басталды. Бұл салада әдебиеттану ғылымы едәуір ізденістер жасап үлгірді. М. Қаратаев 1958 жылы «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркіне» арнап арнаулы монографиялық тарау жазып, оны өзінің «Туған әдебиет туралы ойлар» атты кітабына енгізді. Орта мектептің 10-сыныбына арналған көмекші оқу құралына айналдырып, жоғары мектепке арналған «Қазақ совет әдебиеті тарихына» қосты.

Қ. Бекхожиннің «Халық өмірінің өрен жыршысы» деген ақындық танымын Қ. Жұмалиев «Ілиястың әдебиетіміздегі орны және өзіне тән ерекшелігі», «Әр жазушының өзіне тән творчестволық ерекшеліктері жайлы», «Замана жыршысы, күй жаршысы» деген еңбектерінде онан әрі дамытты. Жалпы қазақ лирикасының, оның ішінде Жансүгіров жырларының сырын Әбділда Тәжібаев «Поэзия және өмір» атты монографиясында

айрықша білімдарлықпен айтқанын Т. Әбдірахманова «Ақын сыры» атты зерттеуінде кеңінен қамтыды. Ілиястану ілімін қалыптастырып, негізгі арналарын айқындауда Мырзабек Дүйсенов өзінің «Ілияс Жансүгіров» атты монографиясымен мықтап еңбек етті және әрі қарай өркендетудің өнімді бағытын белгіледі.

1965 жылы қазақ елі Ілиястың туғанына 70 жыл толуын тойлаған кезде жазылған мақалалар, еңбектер, естеліктер Ілиястануды жан-жақты өркендету мүмкіндігін молайтты да. К. Шөкеновтің, Фатима Ғабитованың естеліктері, Т. Қожекеевтің «Ілияс сатирасы», С. Ордалиевтің, Б. Құндақбаевтың ақын драматургиясы туралы пікірлері жарық көрді. Қазақ әдебиеті тарихына арналған мектеп және жоғары оқу орындары оқулықтарында монографиялық тараулар беріліп, міндетті оқу жоспарына енді. І. Жансүгіров шығармалары негізінде кинофильм жасалып, шығармалары орыс тіліне аударылуда. Соңғы кезде Ілиястануды жанрлық зерттеулермен толықтыру үрдісі басталды. М. Иманғазинов оның қазақ прозасына қосқан үлестерін айқындаса, Ә. Әбіласанның ыждағатымен І. Жансүгіровтің әлі ешкімнің көзіне түспей жатқан дүниелері мұрағат қойнауынан шығарылып, «Жетісу» жинағы шықты. Қазақ халқы бар заманда Ілиястың орны әрқашан биіктен көрінері хақ.

\* \* \*

Ілияс Жансүгіров Жетісу губерниясының Капал уезі, Ақсу болысы 4-ауылында (Қазіргі Алматы облысының Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы) 1894 жылы 14 мамырда туған. Әкесінің мұсылманша сауаты болып, әдебиетке іштартуына көп пайдасын тигізіпті. Сауатын әкесі ашыпты. 1910 жылы Хасен молладан үш ай оқып, 1912 жылы Қылы мектебінде төрт жарым ай болыпты. 1920 жылға дейін ауылдан ұзап шыға алмаған.

1915 жылдан бастап жазуға ыңғайлануына Абай өлеңдері себепші болыпты. 1917 жылы «Сарыарқа» газетінде «Тілек» және «Сарыарқаға» деген екі өлеңі жарияланған.

1920 жылы Алматыда ашылған үш айлық мұғалімдік курсқа келгенде Ә. Дибаеттің ыждағатымен Ташкенттен шыққан фольк-



лорлық экспедицияға ілесіп, Лепсі — Қапал өңірінен асыл сөз, құнды деректер жинасып, Ташкентке жетеді. Қазақ ағарту институтының дайындық курсына қабылданып, «Ақжол», «Жас алаш» газеттерінің корректоры болады. Алты-жеті айдан кейін жазға салым Жер халық комиссариатының үгітшісі болып елге қайтады. Белтоғанда аздап мұғалімдік қылады. «Келей еркі» газетіне екі өлені басылған соң 1922 жылдың аяғында Алматыға келіп әуелі Қосшы комитетіне нұсқаушы, губерниялық оқу бөліміне бастық, «Тілші» газетіне редактор болады. 1924 жылы коммунистік партия қатарына өтеді.

1925-28 жылдары Мәскеуде Коммунистік журналистика институтында оқып, «Еңбекші қазақ» газетінде 1932 жылға дейін қызмет істеді. Өлкелік партия комитетінің шешімімен КСРО Жазушылар одағының ұйымдастыру комитетінің төрағасы, 1934 жылы Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы болды. 1935 жылдың екінші жартысынан Қазақтың көркем әдебиет баспасында поэзия бөлімінің менгерушісі болып жүргенде қызыл қырғынға кезікті.

І. Жансүгіров Ташкенттен тек білім ғана емес, біраз идеялық жүк те аркалап қайтқан көрінеді. Оның «Ақынға» және «Ызалы қиял», «Көк өгіз» атты шығармалары біраз уақыт сынға ұшырап жүрді. Оны өзі: «Бар көргенім — қазақтың байшыл пікірлі баспасөзі болды. Осының салдарынан мен біраз шатастым. Кенес үкіметінің негізіне, партияның сара жолына түсініп, оған түсіп кетуге маған жоғарғы байшыл пікірдің ықпалы өте қырсық қылды. Ол ықпалдың әсері менің жазғандарымда «Тілші» газетінде, «Сана» журналдарында көрінеді» деп жазғанын Ілияс шығармашылығын түбегейлі зерттеген М. Дүйсенов «Партияның жана экономикалық саясатының сырын терең түсіне алмаған І.Жансүгіров сары уайымға түседі. Символист акындардың, әсіресе Мағжанның әсері болуы сөзсіз. Шынында да І. Жансүгіров Мағжанның өлеңдерін көп оқыған, оның ақындық өнерінен үйренуге (әсіресе 1925 жылға дейін) зер салған акын», — деп нақтылай түскен екен.

Бұл мәселе Ілиястың мойындауымен ғана қалып қоймай сыздықтап келіп «Сағанақ» жинағына жазған Сәбиттің беташарынан да көрініс берді. «Жансүгір ұлы Ілиястың бұл «Сағанағына» таңдамалы өлеңдері кіріп отыр. Ілияс жанада ғана қаламы өсіп келе жатқан жазушы. Әзірге ол шығаннан шыққан жүйрік те

емес, желі жоқ топас та емес. Өленнің ішінде өте көркемдері де, орташа көркемдері де, төмендері де бар. Ілияс көбінесе ауылдың ақыны, қара шаруаның ақыны. Ел ішіндегі кедейді өзгеден гөрі бұрынырақ көретін мінез Ілияста бар. Бірақ Ілиястағы бір дұрыстыққа жатпайтын әдет — «ел» деген сөзді көп қолданады «еліме», «елім үшін», «елімнің жайы» деп, «елді» көбірек сөйлейді. Бұл ауру жалғыз Ілияста емес, осы күнгі жазушылардың біразында әдетке айналып барады. Тегінде ол жақсы әдет емес. «Ел» ішінде кімдер жоқ? Елге: бай да, молда да, атқамінер де, ақсақал да, билеуші де, төре де, саудагер де, кедей де, батырақ та кіреді. Мұндай «бұқарашылдық» казак еңбекшілеріне қызмет етем дегендерге ыңғайлы емес, дұрыс емес. Ілияс бұл кемшілігін келешекте түзер деп сенеміз және сенуге де болады, өйткені Ілиястың «Заводға дейін өлеңі оның біраз күнәсын аршып, қара шаруамен қатар пролетариатқа да қызмет еткісі келетініне, соған қаламын бұрмалауына сендіреді», — деп жазғаны сонау Ташкент кезін ұмытпағандықтың көрінісі еді.

Мәскеуден оқу бітіріп келгеннен кейін «Бетім анадай емес, мынадай» (1929) деген мақала жазды. Сәбит «Бас асаулық» деген мақаламен жауап берді.

Кейіннен талай құнды да идеялы шығармалар бергеніне қарамастан, ҚазАПП-тың дөрекі социологиялық сынының желі көтерілгенде тағы да Ілиястың таптық беті, бейнесі әңгімеге арқау болған кезі бар.

Осы айтыстан кейін Ілияс «Жікке жол жоқ» деген мақала жазып, Сәбитке қарсы шыққанда, 1931 жылы Әбділда «Ілияс туралы бір-екі сөз» деген мақала жазып, «Ілияс — жолбике жазушы, әлі бетін түзей алмай жүр» деген пікірді айтты. Орталық партия комитетінің 1932 жылғы «Көркемөнер ұйымдарын қайтадан құру туралы» қаулысы шықпағанда бұл айтыс-тартыс ұзаққа созылары сөзсіз еді. Осының өзі-ақ Ілиясты тану үрдісіне дөрекі социологияның салқыны қатты тигенін көрсетсе керек.

\* \* \*

Эпикаға бірден барған ақынды тарих білмейді. Сондықтан ол өзінің қуат-дарының поэзияның лирика саласында аңғарып

алуға тиісті. Ілияс қолынан шыққан талай өлең-жыр, толғаулардың бәрі де оның эпикалық құлашын аңғартқанымен, оның акын ретінде қалыптасу белестеріне көз салуды талап етеді. Ә. Тәжібаев Ілияс лирикаларын ықтиятты зерттей келіп, оның акындығының қалыптасуын шартты түрде үш кезенге бөледі.

Бірінші кезен — Ілиястың әлі өзін таппаған, өзгелерге көбірек еліктеген шағы: Абай, Сәкен, Бейімбет, Мағжан ықпалдары алғашқы өлеңдерінен анық сезіледі.

Екінші кезең — Ілиястың өзін-өзі таныта бастаған, бірақ акындық мәдениеті жетіспегендіктен өлеңдерінің әрі шұбалаңқы, әрі шұбар тұсы. Мұны дәлелдеу үшін көп мысалдар келтіруге болады. Соның ішінде «Бұлақ бойында» деген өлеңіне тоқталайық.

Сылдыр-сылдыр су сылдырар бұлақтан,  
Төңірі ме екен тауды, тасты жылатқан?  
Анда-санда көңіл айтып «Көк! Көк!» деп  
Шығар даусы көкектің де жұбатқан.

Тамаша, шын поэзия! Бірақ әрі қарай құрғақ баяндау кетеді де, үш-төрт шумақпен қайырылар өлең он алты шумаққа созылады, алғашқы шумақтан ешқандай әсер қалмай, поэзиялық сипатынан жұрдай болады.

Жетім Жамал тоқалдыққа сатылған,  
Теперішті көрген күндес қатыннан.  
Қойнына алып Қожағұл шал жататын,  
Сабадай боп күнге көннен қатырған, —

немесе:

Жоқ, бұл асқар Алатаудың өлкесі,  
Бұлақ соның ойнақтаған еркесі —

деген жолдар мен шумақтар араласып, өлең көп тақырыптылыққа ұрынып, етек-жеңінің жайылып кетуіне соқтырған. Жарқырай көрінгенді солғындатып, ажарсыздандырып жіберген. Бұл акындық мәдениетінің жетілмегендігі, төпелеп жырлай беретін жаландықтың әсері. Мұндай өлеңдер Ілияста бірқыдыру.

«Акынның өзіндік сипаты көріне бастайды да, оны өз осалдықтарымен көме берелі. Ойы айтайын дейді, өресі жетпейді.

поэзия мәдениетінің төмендігі мен тәжірибесіздігі Ілиясқа бой жаздырмайды. Ақын өз кемшіліктерін іштей аңғаратын сияқты. Сондықтан шығармасындағы композициялық босандық пен ой үстірттігін сөз топанымен жуып-шайғысы бар. Екпінді сөздері бірінің үстіне бірін тоғытып, екпін туғызуға, дыбыс най анайын ойнатуға тырысады. Тілі бай сөзуар ақын күшінің басым жағын молырақ жұмсағысы келеді. Сонда біз Ілиястың осал саналатын өлеңдерінен тіл күшінің жалт ете қалған нәрлерін көріп қаламыз да, Ілиястың болашақ күшті жақтарын танимыз». — деген Ә. Тәжібаев пікіріне қосылмасқа шаран қалмайды.

Үшінші кезең — Ілиястың жас жағынан да, өнерлік жағынан да толыққан, өлеңнің түрі мен мазмұнын келістіре қысқартырып, лирикалық жырларына эпикалық қуат бере білген, поэтикалық құлашын кеңге жайған тұсы. Міне, бұл тұста ол шын мәніндегі классик.

Оймышты ұшқат, ырғай сан,  
Ұршығым, сені қолға атам.  
Ұршығым ұшқыр, нар тайлақ,  
Жез бұйдалы — желмаям.

Желмаям желші нар тайлақ,  
Тартына берме тайтаңдан.  
Тартына берсең тайтаңдан,  
Тақымдап қоям қайға айдаң.

Мұнда сурет пен әрекет тұтасып, биік поэзиялық мәдениетті танытады. Шыр айналған ұршықтың нартайлаққа айналуы, оның әсем де жайлы жүрісі көзіне еріксіз елестейді. Осындай көрініске саяси мән берудің реті қалай болар екен деген оймызды «Үш тілек» өлеңі шешіп береді.

Балғалы бауыр баста тұр,  
Күйелі дене, күс білек.  
Орақты бауыр қаста тұр  
Манқиған мүжық түстірек.  
«Әйдә, бірге жүр!», — делі,  
Ұмтылдым, тұрдым үш тіреп.  
Ұстадым қолын бұлардың  
Айқасып қалды үш білек.  
Таяғым таптым, таяндым,  
Өзімді сездім күштірек.

Үшеуміз бірге аттандық  
Үштасқан соң үш тілек.

Жұмысшының балғасы, егіншінің орағы, қойшының таяғы өзінен-өзі тұтастық тауып, орнап келе жатқан жаңа қоғамның құрамын аңғартады. Саяси мәні бар оқиғаны осылай да поэзияға айналдыруға Ілиястың құдіреті мол екенін жазбай танимыз.

Ілияс лириканың бар саласында қалам жебеген дарын. Әрине, бәрі де мөлдіреген поэзия деу қиын, алайда кезендік мәселелерді мол жырлау, кең насихаттау, үгіттеу талабы көпшілік жағдайда замана талабы болғандығын жоққа шығармау керек.

Саяси лирика саласында Ілияс көпшілік жағдайда ашық үгітті, насихатты қолданады. Оған әрі-беріден соң, көркемдік талғамы жетіп болмаған қауымның өзі әсер етті. Көзіне көрсетіп, қолына ұстату, барар жерін нұсқау қажет болды.

Оян, ойлан, ұрандас!  
Катарлас, тенел, құрал жас!  
Кұлқыны жаман күзғындар  
Құралсандар — тұра алмас! —

дегенді әуелгі кезде бар ақын-жазушы айтып, жазуға міндетті болды. Көбі осы жолмен кетті де. Ілияс сынды ұлы дарындар осы ойды кейде түспалдап, поэзия тілімен жеткізуге талаптанды. Бұл сәтте Ілиястың поэтикалық жанрының көкжиегі кеңейе түскенін анық аңғарамыз. 1926 жылғы «Ұйқыма» деген өлеңінде:

Бадалғыр, батқыр тас ұйқым  
Теңіздің терең түбіне.  
Көзді көр, жанды жарымдап  
Түншықтырдың түнімде.  
Енді тағы иектеп  
Еліткің келед күнімде, —

дегенін бар жаныңмен, тәніңмен түсінгендей әсерленесің. Өйткені әрекетсіздік титығына тиген ел ояну, қарбану деңгейіне жеткенін ақын көркем образбен береді де, өмірде жиі кездескен қарекетсіздік пен еріншектіктен безіндіреді, жалқаулықтан жирендіреді.

Осындай ақындық биік асуға көтеріле бастағанда 1929 жылы «Жана дала» жазылды.

Мыс толғатып, жез туып  
Қарсақпайлар айғайлап,  
Жаппай қаулап коллектив  
Эмбілерден май кайнап.  
Автомобиль, трактор,  
Алды қырды, салды ойнак.  
Қазақстан картасын  
Темір жолдар шимайлап» —

деген толғауының дәстүрлік негізі қалың болғанымен, көріктілігі мен түсініктілігі, әсіресе поэтикалық бейнелілігі оқушыны бейжай қалдырмайды.

20-жылдардың екінші жартысы мен 30-жылдардың бірінші жарымында қазақ поэзиясын демьяндандыру, өлең өрнегін маяковскийшілеу машығы басып кетіп, өлең-жырдың ұйқы-түйкысын шығарып өңін қашырды. Бұған белгілі бір дәрежеде Сәкеннің түр іздеушілігі себепкер болғаны рас.

Москва...  
Көше...  
Лык, лык.  
Жөнкіліс  
Жүріс,  
Тык, тык.  
Автобус  
Күк, күк!  
Автомобиль  
Пык, пык!

деген өлеңдерден аяқ алып жүре алмай, ақыры рапорт дәуіріне, яғни көркемдігі жоқ өлең-очерк, баяндамаларға ұшырадық. Оған Ілияс та өз үлесін қоса білді. Қалай болғанда да Ілиястың шыққан биігі мен құлдыраған сайы бірін-бірі әрқашан алма-кезек алмастырып отырғанын аңғармасқа болмайды.

Көңіл күй саласында да акынның бірқыдыру ой-пікірлері қаншама домбыра мен күйге арналғанымен, акынның шын сезімін білдірерліктей деңгейден көріне бермейді. Тіпті махаббат жырлары жоққа тән. Оған социологиялық сын да жол бермеді деп тапқанмен, Ілияста жарияланған ғашықтық сезімі тым жұтан. Әрине, ол кезде Фатимаға арналған жырлар дәптер ішінде тұншыққанымен бірлі-жарымы бұлқынып шыкса керек еді.

Ілиястың қазақ поэзиясын өркендетуге ерен үлес қосқан саласы — пейзаж лирикасы. Табиғатқа арнаған өлеңдерінде сөзбен сурет салуға барынша шебер екенін көреміз.

Кезек-кезек қар, жапбыр,  
Қыстың күні — қос қырсық.  
Кісі өлгендей шулап қыр,  
Жылданып тұр жел ұрсып, —

деген шумақтарды жиі кездестіреміз. Оны «Жазға салым», «Жазғы тан», «Жазғытұрым», «Жазғы шілде», «Күз», «Қыс», «Мезгіл суреттері», «Жел», «Ресей жері», «Жетісу суреттері», «Гималай» тағы басқа толып жатқан өлеңдерінен оқимыз да, сөзбен сурет салған ақынға риза көңілімізді жайып тастаймыз.

1925 жылы қазақ поэзиясына ұлы жаңалық әкелген «Жетісу суреттері» өлеңін оқығаннан кейін М. Әуезов: «Мен Ілиястың шын ақындығына ден қойдым», — деуі тегін емес.

Ешкідей үркіп шыққан Шөлалыр тұр.  
Қасқырдан бір тықырды көретіндей.  
Телміртіп Текес аса ай туалы,  
Тайшаның тарғыл ала зересіндей.  
Жайлаудың ортасында Түзкөл жатыр  
Жарқырап төбел таздың төбесіндей.

Осылардың бәрінен сөзбен салынған суретпен қатар жанды кейіп те аңғарылып қалады.

Атақты «Гималай» (1929) толғауы саясатты суретке, суретті көркем образға айналдыруымен құнды екені тарихқа белгілі.

Ілияс жырларының түп негізінде ауыз әдебиеті дәстүрі сақталып, оны ақын дамыта жетілдіріп отырғанын байқамасқа болмайды. Және осы үрдіс Ілияс ақындығы қалыптасуының бар дәуірінен айқын көрінеді.

Мырышты алып жатыр илеп нандай,  
Қорғасын шыжғырылып еріп майдай.  
Арылып арамнан алтын жатыр  
Кілегей сүтке қаймақ ұйығандай.

немесе

Бірді жесен, майды же!  
Аузыңда тұрсын жылтылдап.  
Бірді мінсен, жүірік мін!  
Астыңда тұрсын жылпылдап.  
Бірді күнсан, сұлу күш!  
Жаныңда жатсын быжқылдап. —

дегендерден ауыз әдебиетінің арғы сілемдерін көреміз және халықтың күнделікті тіршілігіндегі көріністер жанданып, бейнеленіп шыға келеді. Ұғымға да, сезінуге де қиындық келтірмейтін болған соң Илияс 20-жылдардың екінші жартысынан былай қарап халықтық поэзияның үлгілеріне іш тартып, көбейтіп жібергенін де байқаймыз.

«Ленин тірі» деген өлеңінде:

Өлместей ісін қалдырған  
Өлімге қалай қиясын?  
Егерде өлті десендер  
Тарихқа қиянат қыласың! —

дегеннен кәдімгі төкпе шешендіктің желі соғып тұрғанын байқаймыз.

«Беташар», «Көші-қон», «Оқимын», «Бөбек бөлеу» («Ана жыры»), «Жас шешей», «Майдан», «Жана тұрмыс», «Екпін күші» танып басқа өлеңдерінен ауыз әдебиетінің зор ықпалын сезіп, тенеулеріне таң қалып, кейіптерін көзбен көргендей өсерленеміз.

Сонымен Илияс қазақ поэзиясының бар үлгісін пайдаланып өзінің ұлы өнерін жарқырата көрсетіп, қалыптастырған ұлы дарын. Оның лирикасы ылғи саяси өлеңдер екен деп мансұттықпен, жүз тонна руда ішінен алтынын жинап ала білген абзал. Сонымен біз қазақ поэзиясын жана ақындық мәдениетпен байытқан, өз дәстүрін жасаған ақынның қасиетін анық түсінеміз. Өйткені ол лирикаға эпикалық фон дарытты, толғау жанрын жетілдіріп, соны тыныс берді, сөз бейнелілігін күшейтті, сөзден сурет ояту машығын гүлдендіріп, оқиғаны баяндау тәсілін жеделдетіп, құлақшын кеңге сілтеуі оны дастан жазуға, поэма тудыруға жетелейді.

Илияс қолынан біткен-бітпегені бар он бес шақты дастан тудыған. Оларды шартты түрде үш жүйеге бөлген жөн сияқты. Аныз ертегі, тарихи шындық негізінде «Мақпал» (1923, аяқталмаған), «Рүстем қырғыны» (1926), «Байқал», «Исатай» (1937, бітірілген)



дастандары болса, бүгінгі өмір шындығын өзек еткен «Көмпеске» (1928), «Мәйек» (1929), «Жаңа туған» (1933), «Жорық» (1934) дастандары ішінен «Дала» (1930) поэмасы қазақ әдебиеті тарихында өткен мен бүгінді жырмен жалғаудың үлгісіндей болған шығарма.

Республиканың он жылдығына арналған туынды қазақ халқының ұзақ тарихын әп-әдемі және жинақы шолып шыққан-ды. «Дала — ана, қазақ — оның баласы» деген негізгі идеяны көпті көрген Тарих-шалдың көңіл күйіне қарай бірде «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаны», бірде орыс империясына бодандықты, азаттық үшін алысқан 1916 жылды, яғни қазақ тарихының белесті кезеңдерін кино лентасынан өткізе отырып ашады. Ғасырға бергісіз он жылды жырлаудың кенеуін тауып көркемдік шеберлік танытқан. Кенес заманын жамандаумен атақ алып, күн көріп жүргендер Ілиястың «Дала» поэмасы «коммунистік идеологияға жарамсақтанудың таптырмас үлгісі» дегенмен, халық өмірін, оның өтпелі кезеңдерін 20-жылдардың аяқ шенінде «Дала» поэмасындай сөз өрнегіне түсіре қойған шығарма сирек, тіпті жоқ еді.

Композициялық осындай тұтастықта берілген тарих шындығы оқырманды әрқашан өзінің ләззатымен, эстетикалық әсерлілігімен, яғни ірі оқиғаның жанды суретімен, динамикасымен, әсіресе ақынның тамаша тіл бояуымен баурап отыратындығын ешкім жоққа шығара алмайды.

Азан-казан қыр үркіп,  
Кімдер қалмай далада,  
Талай көшті Сыр жұтып  
Ауғын болды ақтабан.  
Жылап, шулап ұлардай  
Шұбырынды болды күн,  
Қайың сауа, ши шайнай,  
Бақа, жылан қактаған.

немесе:

Мәңгі бедеу, ту таулар  
Жесір өзен, қысыр қыр.

Лирикалық поэма көркем образдармен ғана өз оқушысын уысынан шығармайды. Поэманың өлеңдік өрнегі әсерлі, жан-

ды, динамикалы. Негізінен «жыр» үлгісімен жазылғанымен 8 жолдан тұратын шумақ 7 буынмен беріледі. Және ұйқасына қарасаң, онда негізінен алғанда 4 және 8-жолдарды міндетті түрде ұйқастырады да, шумактың алғашқы және кейінгі бөлімдерін айтар ой, қорытар пікірге бағындырып, олардың ұйқасуын орқашан қадағалап отырмайды. Кейде: 1 және 3, 5-7, 2-6 жолдар ұйқасады, кейде тек 1-3, 5-7 жолдардың ұйқасы ғана сақталады. Сондықтан мұндағы негізгі ретивтік жүйені 4-8-жолдардан іздеген жөн. Бұл өлшемнің өзі қазақ поэзиясы үшін соны дүние. Былай қарағанда, танымал, белгілі, ал ішкі ұйқас, ырғақ жүйесі дәстүрлі негізден өсіп шыққан жаңалық.

Сонымен, «Дала» казактын толғау жанрын әбден жетілдірген, өнерпаздық құрауыштармен байытқан, сөйтіп лирикалық-философиялық поэма жасаудың үлгісін көрсеткен кезеңдік кесек туынды.

Ілиястың ұлылығын аспандатқан, бүкіл қазақ әдебиетіне олжа салған шын мәніндегі асыл да жарқын поэмалары — өнерге, өнерпаздарға арналған туындылары. 1929 жылы «Күйден» басталған үрдіс 1934 жылы керемет «Күйшіге» жалғасып, қызыл қырғынның қырсығынан бітпей қалған 1937 жылғы «Көбік шашқан» мен газет бетінде жарияланып, қайта «өңдеуден» өтпей қалған «Құлагер» поэмалары Ілиясты әрқашан жоқтатып отыратын ұлы көркем шығармалар. Қазақ әдебиеті, оның ішінде поэзиясы қол созым биікке көтерілді, әлемдік әдебиет деңгейінде көрінуге мүмкіндігі болды деген ойға ойысар болсақ, онда Ілиястың бұл төрт поэмасы өзіне еріксіз көз салдырады.

Өнер тақырыбы, өнерпаз тағдыры Ілияста кен және мол жырланған және айрықша көркемдікпен, классикалық үлгіде жырланған тақырып.

Қазақ жасаған материалдық байлықтан рухани байлық әлдеқайда мол және әсем. Сондықтан сөзді, өлеңді, өнерпазды қадірлеу, оны елге таныту сонау Абайдан басталуы тегін емес, соны жаңа дәуірде айрықша сезген және ол жөнінде өндірте көп жазған Ілиястың алғашқы өлеңі әншіге арналуында үлкен мән, символикалық сипат бар. «Бұлбұлға» өлеңінде:

Сайралың күйкылжытып, құбылжытып,  
Тамсандым, таңдайымның суын жұтып, —

деуі әншейінгі қызығудан терең дүние.

«Арыным», «Әнші», «Демеймін, төгілейін, ағылайын», «Домбыра», «Тұлпарға», «Күй», «Домбыра сазы» сияқты өлеңдері әр алуан көркемдікпен жазылғанмен, өнерді, өнерпаздықты ардақтау мақсатынан алыстамайды. Солардың ішінде 1927 жылғы «Әнші» өлеңі реалистік поэмаларға барар жолдағы бір төбе.

1929 жылы жазылған «Күй» поэмасы осы дүмпуден туған сияқты. Молықбай кобызшының «Боз інген» күйін бүгінге жақындату талабы патетика деңгейінде қалғанмен, көркемдік шешімі образ жасау жағынан Ілиястың ақындық құдіретінің деңгейі биік екенін көрсетеді. 30-жылдардың бас кезіндегі қоздаған көп поэмалардың «Күйге» астар да бола алмайтыны белгілі. «Күй» поэмасы қазақтың философиялық дастанының бір сүбелісі болғанымен Ілиястың мүмкіндігінен төмен, бірақ таяу уақытта сомдап соғар бір іргелі шығармасының алды екенін аңғарғандаймыз. Өйткені оқиғаны шендестіре, карама-қайшылықпен беріп, психологиялық тереңдікке жету талабы күшті.

Ілиястың қазақ поэзиясындағы, жалпы қазақ әдебиетіндегі орнын айқындауда айрықша мәні бар шығарма — 1934 жылы жазылған «Күйші» поэмасы. Ол — классикалық поэма. Ілиястың ақындық құдіреті осы поэмада жан-жақты көрінген, ашылған.

Орта мектепте бұл поэмаға дұрыстап көңіл бөлінбеуі көбіне-көп біздің саяси сақтығымыздан, яғни Кенесарыға байланысты болған жайт. Әлі күнге дейін де жөнделіп кете алмай жүр.

Поэmanın негізгі идеясы — ел талау, тонау, орынсыз соғыс ашу емес, рухани езушілікке, моральдық қысымшылыққа, озбырлыққа қарсы шығу. Бұл жөнінде жазылған шығармалар бізде тіпті аз, бар болса «Күйшідей» емес. Оқушыны ылғи қатер үстінде, жалаңдаған қылыштың жүзінде ұстай білу ақыннан үлкен шеберлікті, тапқырлықты талап еткені сөзсіз.

Арқадан ауып, Жетісуға өктемдікпен қоныс тебе бастаған Кенесары қосына сарыүйсін жігіті келіп, домбыра тартады. Бармағынан бал тамған күйші:

Күйшінің қошеметке көңілі тасып,  
Бес бармақ майман қақты перне басып,  
Толқынтп тоқсан күйді дүрілдетті  
Көңілді бірде шымшып, бірде қасып.

Жігіттің өнеріне тәнті болған Қарашаш «ағажан, күйшіні маған қиыңыз» деп сұрап алып, өзінің көңілін көтеретін ермегіне айналдырады. Ертелі-кеш күй тартқызады. Машықты күйлерін тартып отырып, алдындағы Қарашашқа көз салса, ай мен күндей хор қызы отыр екен.

Күлкісі тау бұлағы төгілгендей,  
Сөйлесе, меруерт, маржан себілгендей.  
«Алғандай пірден пішін» деген сұлу  
Көркіне көз тойынып семіргендей.  
Қасынан бір моланың жүріп кетсе  
Жыбырлап көрдегіге жан кіргендей.

Күйші жігіт ақылынан адасып, күнде тартып жүретін тоқсан күйінен айырылып, жаңа бір мақамға түседі.

Ауырып домбыра да ыңыраңды,  
Санасыз саусақ қаңғып қыдырады.  
Бірде ысып, бірде суып, күйіп-жанып,  
Жүректтей сансыраған күй жынданды.

Жігіт көңілі Қарашашқа әбден құлағанын жаңа бір әуенмен жеткізеді. Жан сезімін сыртқа шығарады.

Қыз екен! Ақ тамағын сүйер ме еді,  
Алпыс жыл асығына күйер ме еді,  
Көрінбей тірі жанға жүру үшін  
Құс кебін перілердің киер ме еді, —

деп есінен адасады. Жігіт сезімін күй арқылы Қарашаш та ұғып, оның да жан дүниесі алай-дүлей.

Беу, жаным, жігіт екен, Бағлан торы!  
Безектеп не қылмақшы мынау қолы.  
Есіл ер хан боп неге тумады екен,  
Қарадан неге туған алда сорлы! —

дегеннен негізгі әлеуметтік сыр аңғарылып қалса да күй әуені Қарашаштың ханша екенін ұмытпасқа шарасын қалдырмайды.

Бұл сорлы Дулат па екен, Үйсін бе екен,  
Күйшім боп өміріме жүрсін бе екен.

Сүйкімді, жігіттің бұл бұлбұлы ғой  
Қарашаш осыған-ақ тисін бе екен, —

деген ой орала бергенде, ханзадалығы есіне түсіп:

Жок, болмас, ауырдым ба, жындандым ба?  
Қараға хан затымды былғармын ба!  
Бұл менің басыбайлы бір маймылым  
Тиюге енді маған құл қалды ма?! —

деп Қарашаш төре тұқымнан туған ханша екенін есіне түсіргенімен әлі де күй әсерінен шыға алмай дал болады.

Сок жігіт! Сок! Сок жігіт! Күйіңді тарт!  
Лапылда! Жандыр! Күйдір! Құмарт! Құмарт!  
Безілдет! Сарнат! Зарлат! Үздіктірші!  
Керегі жок! Лактыр әрі! Қыскарт! Қыскарт!

Бәрі де ой жүзінде, екеуі бір отауда отырғанмен ләм деп тіл қатыспайды, тек домбыраның үні арқылы ынтыға сырласады. Сөйтіп жүргенде Әлімқұл датқа Кенесарыны қонаққа шақырып, риза еткеннен кейін Қарашаш өз үйіне келген соң жігітке күй тартқызады. Күйдің тілі бұрынғыдан да гөрі анық. Ынтызарлық күшті.

Барсам ба екен, қол салсам ба екен деген ой жігітке ұйқы бермей жатыр. Есінен адасып өз ойымен өзі әлек болып жатқанда бірдеме көлендеп, «Ханша» деген сыбыр естіледі. Қарашаш орнынан ұшып түрегелгенде:

Ай құлап аспандағы соқты жерді.  
Отаудан дүр-дүр етіп тұрды пері.  
Төсекте қыз киініп жатқанында  
Айдаһар ысқырынған секілденді.

Күйші жігіт болған оқиғаның шын сырын аңғаруға дәрмені жетпей, «Менен басқа осы үйде еш пенде жок, сонда әлгі менің көленкем болды ма?...» — деп есенгірейді. Көңіл мастығы әлі тарқап болмаған шақта:

Қасына қалай бардым Қарашаштын  
Аяғым сынып қалғыр қалай бастың.

Өзімді оққа байлап, отына айлап  
Есуас, міне аластың! Қақпан бастың. —

деп өкініп жатқанында Қарашаш Кенесары қосын дүрліктіреді. Оның ашуы жын сокқан қара дауылдай қосынның өңкі-төңкісін шығарып, абыр-сабыр қылғанда, есерсок бір батыр Күйшіге тап береді. Қарашаш «Тарт қолыңды, қоқандатпа күйшіме», — деген кезде ғана Сарыүйсін есін әзер жияды. Қарашашқа қол салған Әлімқұлдың Сапағы екен.

Тез келтір өз алдыма дозакыны,  
Мен оған көрсетейін мазакыны.  
Аруағын Абылайдың қорламасқа  
Үлгі алсын, мұнан былай қазақ ұлы! —

деп өзінің негізгі пиғылын жайып салады.

Бұл психологиялық детальдың рөлі аса зор. Енді күйшінің көзі ашылып, санасы оянады. Қай ортаға түскенін айқын сезінеді. Сапақты масқаралап, «жыны қайтқан» Қарашаш өз отауына келіп, күйшісіне домбыра тартқызады. Күй машықты болғанмен күйшінің жанары мүлде өзгерген.

Қыз емес, мынау тұрған қорқау, сырттан,  
Құтылар күн бар ма екен бұл қырсыктан.  
Осыны оятуға оқталдым-ау,  
Албыртқан жыдымын ба жүрек жұтқан. —

деп тәубесіне келуі, бүкіл түсінік-сезімінің өзгеруі қазақ поэзиясында бұрын-соңды болып көрмеген құбылыс. Әрине, мұны таптық таныммен жанастырып әлек болдық. Шындығында зұлымдық, әсіресе рухани қысым, зорлық нендей көріністің болмасын екінші қырынан тануға еріксіз жетектейді. Бұл поэманың психологиялық негізін күшейте түсіп, оқиғаның әлеуметтік арнасын кенейте түседі. Мұны Қарашаш та аңғарып, күй тілін ұғады. Себебі ендігі тартылар күй де, ой да өзгеріп, бұрынғы ынттықты ызалы сезім басады. Екеуінің түсінігі екі түрлі.

Қыз емес, жалмауыз-ау, аузы қалай?  
Кісі емес, айдаһар ма, даусы қалай? —

деген жиіркенішті көрініс пен мінездемелер

Бұлардың жүрген жері бүлік екен  
Кансорғыш, каралардың сүлігі екен, —

деген ызбарлы ойларға жалғасқанда поэманың бүкіл идеялық арқауы ашылып, кейіпкерлердің арасында өткел бермес асу барлығы айқындалады.

Осындай әлеуметтік жайды сезген Қарашаш қайтадан пенделік қалпына түспек болып, адамгершілік сипат танытуға тырысады.

Жеңілді қыз жүрегі, ақыл женді.  
Кызарды, қыздың беті тағы өзгерді.  
— Тастама домбыранды, күйді ұмытпа!  
Тарта жүр сонау тартқан сергелденді, —

деп тілек айтады да, өзінің бар сырын ашуға себепкер болған Сапақтың сұрына мінгізіп, азаттық береді.

Ілиястың ақындық күдіретінің бір ғажабы — осы шығарманың бойында бірде-бір кейіпкер аузын ашып, ләм деп сөйлеспейді. Оқиғаның өрбуі де, шарықтауы да, сырдың ашылуы да күй тілімен, домбыра үнімен беріледі. Ішкі сезім түйсігіне шейін қос ішектен шыққан әуен арқылы ашылады. Мұндай көркемдік шеберлікке жеткен ақындарымыз онша көп еместігі бір болса, екіншіден, шын мәніндегі классикалық туындының, кезендік шығарманың эстетикалық қуат-әсері тап осындай-ақ болуға тиіс. Сол биікке Ілияс «Күйші» поэмасымен көтеріліп, күні бүгінге дейін өзінің жарқын поэзиясымен елді елітіп келеді.

«Күйшімен» поэзия шыңына көтерілген Ілиястың көркемдік шеберлігіне көз тастасaq, Әлімқұл датқа қонағасынан оралғанда Қарашаш күнде есін шығарып, желөкпе етіп жүрген күйін тартқызып, екеуі де сезімнің ең биік деңгейіне көтеріледі. Екеуі екі төсекте болғанмен, бір ой, бір арманның үстінде. Осындай түйіні шиырланған психологиялық сәтті оқыс бір оқиғамен шешіп, әркімнің ой-пиғылын таныту қажет. Соған Сапақтың жігітшілігін бүкіл шығарманың композициялық кілті етіп алуы асқан тапқырлық. Қазақ өмірінде жиі кездесетін осы бір әдет бүкіл шығарманың сюжеттік желісін жиі шықтырып, идеялық нысанасын, Қарашаш пен күйші жігіттің жан сырын, таптық санасын ашып, көркем образ деңгейіне көтерілуіне жағдай жа-

сайды. Шығарма композициясының ширақтығы оқиға қактығысы аркылы ширай да желілене түседі де мінездің сомдануына жол ашады. Сонда ғана туынды ой декларациясынан құтылып, көрер суреті, сезінер сезімі, аңғартар эмоциясы, өзіне бейімдейтін әсері бар жанды шығармаға айналады. Ілияс осы мақсатына жеткен дүлдүл ақын.

Өзі шыққан көркемдік биіктен төмендемеу шартын қатты ұққан ақын «Құлагерге» кірісерде мейлінше толғанады.

Шат көңіл, шадыман жұрт ақынысың,  
Жүйріктің жұрт қуантқан жақынысың.  
Баласың бақытты елге, түс майданға,  
Халқының қайратысың, ақылысың.

Тілісін, теңіз көңіл, батылысың,  
Өткір ой, сезгір сезім батырысың.  
Желіндей қуаныштың желелдей сок  
Өлеңнің өзі бір сапырылсын, —

деп білек сыбанып, өзгемен емес өзімен егесуі әншейінгі толғаныс емес.

«Соғайын сөзіммен бір сұлу сарай, Я көрсін, я көрмесін, тұрғыласым», — деп қазақ ақындарын бөйгеге шақырғандай шырғыуы үлкен мұраттың дүмпуі болатын. Міне, өнер осындай сәтте тұтанып, қаулап жанса ғана дйттеген мақсатына жетеді.

Сапырған сырлы сөзі сар кымыздай,  
Заманның отырғам жоқ салтын бұзбай.  
Асылып арамынан аршып алдым,  
Кашаннан казынаға халқымыз бай, —

дегенде ұлттық дәстүрді өзіне арқа сүйер қорғандай сезініп, ұлы дастанға кіріседі.

Мен «Құлагер» дастанын «Күйшідей» талдамаймын. Оның ең бір әдемі сырларын М. Дүйсенов өзінің монографиясында білгірлікпен ашып, кейінгі оқулықтар мен зерттеулерге арна салып бергендігін, жұрттың көбі кино, телерадио аркылы негізгі оқиға желісімен таныстығын және бұлардың қазақ әдебиетіндегі орнын М. Әуезов кемеңгерлікпен дәл көрсеткенін ескеріп отырымын. «Дала», «Күйші», «Құлагер» Ілияс шығармашылығының



биік шоқтығы, «осы үш поэма тұсында қазақтың Абайдан кейінгі поэзиясы аса биік, ірі сапа табады. Бұлардағы дүниені көрер көз, сезіну сыры, жалпы дүние тану қалпы ақындық сыр, өмірге қараған көзқарас барлығы да бұрынғы қазақ поэзиясы тудырмаған тың жаңалықты аңғартады. Осы поэмаларда бейнелегіштік (образность) кенеулі тапқыр оймен ұдайы жақсы үйлесіп отырады. Жансүгіров поэмалары сезім сырына да толы. Ал өлең үлгісіндегі мәдениет те басқа. «Күйші» мен «Құлагер» поэмалары әрі поэма, әрі өлеңмен жазылған роман» деген Мұхаң пікірінен кейін оқушы «Құлагерді» өзі оқып, көркемдік дариясына емін-еркін мейірі қанғанша сусындайтын шығар деп ойлаймын.

Сонымен, Илияс Жансүгіров қазақ әдебиетінің тұяғына шаң жұқпас жүйрігі, жыр Құлагері. Поэзиямыздың бар саласына үлес қосып, поэма жанрын қол жетпес биікке көтеріп, үлгі шашып, дәстүр жасаған қайраткерлігін әрқашан бірінші орынға қойған абзал. Ұлылардың бар жазғаны емес, кезеңдік туындысы ғана тарих бетінен жарқырап көрінеді де, өз авторын Алатаудың асқар шыңдарының біріне айналдырады. Илияс сондай өнерпаз.

Дарынды адам өзінің шығармашылық келбетін анықтағанша жатпай-тұрмай ізденеді, жан-жаққа көз тастайды, барлау жасайды. Илияс әдебиеттің бар жанрында, журналистиканың бар саласында өндіре еңбек еткені мына көп томдығынан анық көрінеді.

Менің өз түсінігімде, Илияс қазақ сатирасын өркендетуге ерен үлес қосты. «Құқ» жинағына кіргендерін былай қойғанда, жалғыз ғана «Жалаңаш жиналысының» өзі классикалық деңгейде. 20-жылдардың аяқ шенінде астана болған Алматы қаласының коммуналдық шаруашылығындағы бар кемшілікті бір-ақ детальмен аңғартады. Ұзақ уақыт азап-бейнетпен моншаға кірген жан-дар енді жуына бастағанда су ақпай қалады. Әрі тосады, бері тосады, су жоқ, кетіп қалайын десе үстеріндегі сабынын кетірудің амалын таппағандар тыр жалаңаш отырып алып шаруаға қырсыздықты сынайды-ау кеп. Күліп отырып ызаланасың, ызаланып отырып түрлі қияпаттыларға еріксіз күлесің, не керек, қалалық кеңестің қырсыздығынан айтылмаған кемшілік қалмайды. Сол кездегі басшылардың көбі «Әй, моншаға барып ақылдаспаймыз ба?» – деп жүргенін, түсініп оқығандар бүгін де езу тарта отырып әңгімеге арқау етері сөзсіз.

Ілиястың қара сөзге үйірлігі газеттегі қызметінен бастау алады. Сонау 1921 жылғы «Жас алаш», «Тілші» газеттеріне жазғандары, «Мерген Бөкен» әңгімесі, фельетондары Ілекене прозамен айналысуға ой салғаны даусыз. Бұл салада бірнеше кітап етіп жазбақ болған «Жолдастар» романында 1916-1918 жылдар оқиғаларын, Сатан, Мардан, Мәмбет сынды кейіпкерлерді саралап, образ деңгейіне жеткізе суреттеп келе жатқанда жазықсыз жалаға жолығуы Ілиястың қазақ прозасына қосар үлесін одан әрі қомақтандыра түсуге кесірін тигізді. Қаламгердің өмір шындығын жан-жақты көрсетер реалистік шығармасына үлкен полотноның бұйырмай қалуының өкініші тіпті күшті екені қазақ прозасының кейінгі дамуында ұзақ сезіліп келгені жасырын сыр емес.

Ғабит Мүсіреповше толғасақ, «Ілияс, Бейімбет, Сәкен үшеуі енді пісіп келе жатқан кезінде, 43 жасында кетті ғой өмірден. Қырық пен елудің арасы жазушылардың толығын кезі, белгілі бір прозашы не ақын болып танылатын кезі. Оған олардың бірдебірі жеткен жоқ. Бұл үшеуінің ішінде проза саласында өзін-өзі толығырақ көрсете алатын Бейімбет, поэзияда Ілияс деп білемін» дегенін әрқашан жадымызда ұстағанымыз абзал, әйтпесе «Жоғалған пышақтың сабы алтын еді» деп әр жанр, әр салада тамсана сөйлеп, теңеу таба алмай қалуымыз оп-оңай.

Қазақ драматургия қоржынына Ілияс салған 6-7 пьесаның ішінде тап тартысын ширықтырып көрсеткен «Кек», «Түркісіб» драмалары ауызға алынып, драматургия мен театр тарихында өздеріне лайықты орын алып келеді.

XX ғасырдың алғашқы жартысында жасаған дарындардың барлығы дерлік көркемөнердің бар саласында өз қаламдарының қауқарын байқап көрген. Ілияс сын жанрында да қалам жебеп көрді. Жазушылар жиналыстарында жасаған баяндамалары мен сөйлеген сөздері, Асқардың ақындығы туралы жазған мақаласы, Ғаббас Тоғжановпен бірлесіп жазған театр өнері туралы толғауы бар.

Қазақ әдебиетін өркендету тек өзіндік қалам қайраткерлігіне ғана емес, өзгенің озық үлгісін өзіндікі етуге де байланысты. Ілиястың Крылов, Некрасов, Лермонтов, Горький, Бедный, Маяковскийден аударғанын былай қойғанда Пушкиннің «Цыгандары» мен «Евгений Онегинін» тәржімалап өнер сахнасын кеңіткені мәлім.


Сонымен, өзінің ұшқыр да өнімді қаламын әдебиеттің бар жанрында жұмсап, талай олжаға батырған Ілияс Жансүгіров ең алдымен қазақ поэзиясындағы ұлы таулардың бірі, жыр Құлагері.

*Тұрсынбек Кәкішұлы,  
профессор*

# Өлеңдер



(1909-1920)



## ӘНШІ АПАМА

Майра апай сіз бе едіңіз өресі асқан,  
Құмар ем өніңізге бала жастан.  
Сайраған үніңізді естігенде,  
Тіл қаттым жастығыма қарамастан!

Мен де бір талаптанған ініңізбін,  
Жарқ еткен ұшқынымын жырыңыздын.  
Қабыл ал, өлеңменен өзіңізге  
Тарту ғып жас жанымның гүлін үздім.

Сайрап еді Керекудің жыл құсы кеп,  
Мәз болып қалған жоқ па құрбысы көп.  
Сіз бізге жат емессіз, санаймын мен,  
Сарадай апамыздың сінлісі деп.

Өнердің қанат қағып өріне сіз,  
Шықтыңыз құрметпенен төріне сіз.  
Еліме қайтып барам десеніз де,  
Ұзатқан қызымыздай көрінесіз.

Майра апай, бізді де сіз ұмытпаңыз,  
Көңілді бізге деген суытпаңыз.  
Көгімде өніңізді қалықтатып,  
Ақсуды тағы келіп құттықтаңыз.

*1909 жыл.*

## КҮЗГІ ГҮЛГЕ

Сарғайдың тоғайда, гүл, күзгітұрым,  
Жайылып жапырағың тұрған бұрын.  
Ара бал, көбелек сөл жұтқан сенен,  
Ол қайда маса, сона, шіркей-шыбын.

Саянда сан құбылып салқындаған,  
Сүліктей сұлуың жоқ қырлы мұрын.  
Тоғайдың маңайынан басталдырып,  
Шайқаған самалың жоқ таппай тыным.

Қиғаш қас, қырғи мойын, құбылма шаш,  
Қарасы кандыратын көздің қыбын.  
Қалмапты ажар, шырай, сүреңіңіз,  
Сүзек пе, сүзілме ме сенің мұның.

Зорлығы табиғаттың бұл өуресі,  
Төрт бөліп, түрлендірген жылдың күнін.  
Қар катып, пәк денене мұз тұрса да,  
Жазды күт, жабырқама, күзгі гүлім.

*1912 жыл.*

## ӘНШІГЕ

Өлеңге көңілің құмар, даусың жытар,  
Созылтып ән мұржасын созсаң зытар.  
Ән сүйгіш, жылы көңіл, сөзге таңсық,  
Жылпындар жылы сөзді неге ұмытар?  
Тамырды солқылдатып, ойды қозғап,  
Жүректі тебіrentіп, ішті жылытар.  
Қайғылы, мұнды, өнерлі, шерлі жанға  
Ой салар, ойын түртер, жыбыршытар.  
Елітер, екілентер, елбіретер,  
Толғантар, толғақ салар, толықсытар;  
Аспанға ащы даусың шырқап, қалқып,

Қоңырлап, көмей қайта ыңырсытар.  
Зарлының екі көзін мөлдіретіп,  
Болса да елжіретер бейлі шын тар;  
Салған ән магниті тұрған көпті  
Баладай тербеу жеңген бір тыншытар.

*1915 — 1916 жылдар.*

## БҰЛБҰЛҒА

Сайрадың құйқылжытып, құбылжытып,  
Тамсандым, тандайымның суын жұтып,  
Толқытып, толықсытып, емірентіп,  
Қиқуға қызықтырдың, қылдың ынтық.  
Ерікті алып, ес шығарып, екілентіп,  
Көңілді көлбектетіп, ойды ұмтылтып;  
Қанды қозғап, тамырды солқылдатып,  
Көңіл мұнын, жүректің лебін тінтіп.  
Малда дыбыс, көлде шу, жерде ызыл жоқ,  
Манайды манаурадым мүлде ұмытып;  
Судың сылдыр, тоғайдың дыбыры жоқ,  
Басқаны қойдың, әншім, тақа құртып.  
Шырқатып, шыңғырасың шымырлатып,  
Төмендеп түсіресің сыбырлатып;  
«Мұндым-ау! Мынау сенің мұның ғой», — деп,  
Маған да өкелесің қыңырлатып,  
Жіберіп жер астына ызылдатып,  
Қайтадан көтересің сыбырлатып;  
Жүрегім, қаным, миым, көмейім де,  
Қосылып, қос құлақты шыңылдатып.  
Сен сондай, ә, мен қандай сол мезгілде?  
Елжіреп ішім, баурым кеткен мүлде.  
Қаныма қосып кеттің бір ауру,  
Осындай сайрамасаң күнде-күнде.

*1915 — 1916 жылдар.*

## АРМАН

Мезгіл бар ма құтылар,  
Шынжырлаулы тағдырдан?  
Бірақ ой жоқ ұмтылар,  
Табылар тағдыр дағдыдан.  
Рақымы жоқ шынжырға  
Байқамастан шалдырған,  
Аяқ, колы құрсауда,  
Зарлауда жүр «балдырған».

Желк-желк еткен жас шалғын  
Суық желмен майысып,  
Селк-селк еткен болды күн  
Көтермей белді қайысып.  
Ажарлы, нұрлы ақ балғын  
Заманмен тозды сайысып,  
Көңіл құрғыр соп-солғын,  
Жылдам суып, жай ысып.

*1915 — 1916 жылдар.*

## ӨЗІМЕ

Хақ сөйле, қызыл тілім, адал сайрап,  
Тапсырдым бар ойымды саған арнап.  
Көңілім, арам ойлап алаңдама,  
Алмаққа біреуді алдап, біреуді арбап.  
Мың қайғы бір борышты өтемейді,  
Тағы да қылма уайым соны барлап.  
Байды зорсып, кедейді нашарсынып  
Бұзылдың көзі құрғыр, елді талдап.  
Еңбекке жалқауландың екі қолым,  
Тілейсің жылы суға дәйім малмақ.  
Сырласып сыбырменен сылқыл жасап,  
Құлағым, кукыл болдың Құдай қарғап.  
Малдыға изең қағып, көңілін бағып,





Жұрт қажеті мол жетер,  
Білімдікті олжа егер  
Сусап тұрған бостанға.  
Сусаған су тапса мәз,  
Сондай құрбым — өнерпаз,  
Осы қайғы, осы наз  
Жарамас па астарға?..

*1915 — 1916 жылдар.*

### КӨҢІЛДІҢ ЖҮГІРІСІ


Зыр айналып тоқтамай,  
Үмітке мініп жүр көңіл.  
Қайғы ойланып жоқтамай,  
Қайтсін, таппақ қызыл гүл.

Я мақтамай, боқтамай,  
Бәрін дос деп бекер жүр.  
Жағын керіп оқтамай,  
Аландықпен шекті өмір.

Кейде жалын, кейде шок,  
Кейде ынтық, кейде жоқ.  
Кейде жаяу, кейде атты,  
Кейде баяу, кейде отты.

Кейде қайғы, кейде шат,  
Кейде тұнық, кейде ылат.  
Кейде қорқақ, кейде өжет,  
Кейде тірі, кейде өлет.

Көңіл бүйтті тағдырсыз,  
Тексере алмай бас қатты.  
Өмір өтті мағдырсыз,  
Көксеі алмай жас ақты.



Қолды қағып тағдыр тұр,  
Көңілге пәлен демейді.  
Сорды бағып дағды құл  
Маңайдан әлі кетпейді.

Көңіл, сенен тілегім —  
Талапты ерттеп, қолды мін;  
Үмітім мен жүрегім  
Тартпасын сордың қорлығын!

*1915 — 1916 жылдар.*

### ЖАНДЫ СӨЗ

Ұйықтап жатқан көңілді өлең түртер,  
Қайғы, зарын, қуанышын жақсы тінтер.  
Жүрегімнің айнасын шаң басқанда  
Орамалым осы өлең бетін сүртер.

Өлең, мақал, жаңылтпаш, ертегі, жыр —  
Мұның бәрі жанды сөз, ішінде сыр.  
Елдің сәні сақталар жанды сөзбен,  
Қай жұрт болсын талассыз осыған құл!

*1915 — 1916 жылдар.*

## МҮҢДЫ ҚҰС

Бұлбұлдың сыны толады мамыр, шілде күнінде,  
Куанып сайрап қонады бірінен соң біріне.  
Көлде құстар қаңқылдап, шалғынды шайқап жел  
соғып,  
Шағала шалқып, шаңқылдап, көлден көлге құс  
тоғып.

Сонда бұлбұл сайраса, қан қызар, қайғын  
сарқылар.  
Сайратып әркім ойласа, шымырлатар —  
шыркылар.  
Өте шықты осы жай жердегі сәнді сыпырып,  
Қарқылдап қарға апыр-ай, сауысқан салды  
шықылық.

Сынық канат, мұнды құс жалаңаш ағаш басында,  
Ажалға таяу осы тұс, қарға, құзғын қасында.  
Қанаты сынық болғанмен көкіректе ескі әні бар;  
Қу ағашқа қонғанмен әннің де не сәні бар?  
Қарашадан хабар қып айтсадағы кім тындар?  
Алмай ма соғып, сонар қып саятшылар,  
жылпындар?..

*1915—1916 жылдар.*

## АЛДЫМДА

Сен не дейсің, не дейсің?  
Тілің тәтті, жаймысың?  
Ая! Ая! Әрине!  
Мені жаман демейсің.

Таңдайың тәтті, тілің май,  
Тауып айттың апырым-ай,

Ор қазалық, оқ жасап,  
Олар қамсыз, жатсын жай.

Акиреттік дос болсақ,  
Құда болсақ, бір қонсақ.  
Қағаз берсек, ұрласақ,  
Құдайға сал, қорғансақ.

Қайрат қалың, күш мығым,  
Жазда қамтып қыстығын,  
Мен мұз болсам сен жалын,  
Тым-ақ жаман ұсқының.

Ішінде зәр, сыртында ар,  
Мені алмақшы ойың бар;  
Сен сауысқан, мен азық  
Қызылыма тойынар.

Мұны оқытқан кім екен?  
Әезіл ме екен, жын ба екен?  
Таңырқаймын, тамсанам,  
Дағдыға күл қу ма екен!

Ащы көңіл, тұщы тіл,  
Аулақ жығыл, арман өл!

*1915 – 1916 жылдар.*

## **ЫНТЫҚТАР**

Күн батқан соң қарайып,  
Қараңғы перде жабылар;  
Құрт-құмырсқа, халайық,  
Құс ұшпас, аңдар жалығар.  
Қарауытып маңайың,  
Батып ақшам жамырап.  
Күн батқанға қуанып

Қорқақ қоян жайылар.  
Шық түсіп жапырақ буланып,  
Ұйқыдан әр жан табылар.  
Жазғы кеште желсіз түн,  
Тыншықты, жатты жануар.  
Серт байласып, сөйлескен,  
Ынтығың, ынтық сағынар.

Көңілі жақсы, түн тапшы,  
Бір жолықса нағылар...  
Артында тұр ауылдың,  
Мезгеулі мезгіл — уағы бар.  
Сүйісу білмес сармойнақ  
Күндеп үріп шабынар.  
Жылысып шығып ақ үйден,  
Бүркеніп киім жамылар.  
Жұлдыз жиі, ай жарық,  
Дағдылы көзбен табылар.  
Жалбырап жапырақ, сылдырап,  
Әр бұтаққа таңылар.  
Шалғын төсек, тал перде,  
Маңайдан көңіл жаңылар.  
Жан сүйісіп, тән ысып,  
Ынта айрылмай жалынар.  
Сыбырласып, сырласып,  
Кірден жүрек арылар.  
Үміт кескен жауап жоқ,  
Таңда тағы табылар...  
Сүйкімді түн, жоқ болды үн,  
Сызылып атқан таңы бар.  
Тағдыр жолы таң атып,  
Хош-хоштасып айрылар.  
Жолықпаса асық жар,  
Тынымсыз түннің шаңы бар.  
Жолыққан соң асық жар,  
Желсіз, шаңсыз заңы бар.

*1915 — 1916 жылдар.*

## ЗАМАНДАСҚА

Өнерге ұмтыл, өнерді біл замандас!  
Қамдан, жатпа, заманыңнан хабарлас!  
Ынта салсан, білім туын қолға алсан,  
Тендік тиер, ешкім күйе жаға алмас.

Шөлдеп тапқан судан басын ала алмас,  
Шөлдемеген суға басын сала алмас.  
Жаста білген, басқа сіңген тәлімің  
Өзің өлмей сүйегіңнен қала алмас.

Жаста жақсы мінезді іздеп ала алмас  
Онда біздей хайуан тіпті жаралмас!  
«Іс Құдайда, ерік біреуде» дегенмен,  
Біз қозғалмай, жау жабдығын жаба алмас.  
«Құдай жазды, менде не бар» дегенмен,  
Мұның бос сөз, нешнені өкпең қаба алмас!

*1915 — 1916 жылдар.*

## ЖЫБЫРЛАҚ

Көңілім қорқақ,  
Тілім шорқақ,  
Мінсіз емес бозбала!

Өнерім аз,  
Сен өнерпаз,  
Тапқан лаж, қозғалма!..

Аттап кетсең,  
Таппай сөксең,  
Қиянат маған, өте обал.

Жүйрік жаска,  
Замандасқа  
Қас қылмасқа қолымды ал!

Ақын емес,  
Ақылды емес,  
Мақұл да емес адаммын.

Ауа қонса,  
Қисық болса  
Айыбы қанша қаламның?

Сынға салдым,  
Шынға салдым,  
Жас талапкер өзіңе!

Сынағанда,  
Шулағанда,  
Қисығын айт өзіме!

Көкірегі ашық,  
Көпке ғашық,  
Анық менің құмарым.

Айналмаса,  
Ойланбаса,  
Иланбаса жырларым...

*1915—1916 жылдар.*

## МАҢЫМ

Жақсыға айтып базына,  
Көңіл тілім сарнайды.  
Қайғысызға сөйлесен,  
Еш құлағын салмайды.  
Ұйықтап жатыр, «өй» десен,  
Әсте ұйқысы қанбайды.  
Қоңсыз қоңыр шолағым  
Жұрт бөйгесін шалмайды.  
Жапалакка жем берсем,



Тірі тышқан алмайды.  
Алаламай тең көрсем,  
Бір бүкпесі қалмайды.  
Жігерліге сөз айтсам,  
Жылдамырақ андайды;  
Жігерсізге қисайтсам,  
Ат пен киім тандайды.  
Қанағатсыз қара жер  
Жан біткенді жалмайды.  
Қайырымы жоқ қара кер  
Құр зорлығын жалдайды.  
Көңіл, өмір жеп-жеңіл,  
Бір басымды алдайды.  
Жалған — жалын, мен — көмір,  
От жанудан танбайды.  
Көзі соқыр, көңіл мұз,  
От жауса да жанбайды.  
Маған біткен қиын құз  
Лаулап жанып, қаулайды.

*1915—1916 жылдар.*

## **ШЫМ-ШЫТЫРЫҚ**

Алған — берген,  
Қалған — өлген, шым-шытырық  
қу заман.

Жаулаған да,  
Даулаған да, сүм құзғындай  
шулаған.

Бозбала аусар,  
Ақылы жансар, қартаймастан  
алжиды.

Замғиды да,  
Қан құйды да,  
Малжиды да — шалжиды.

Биі әділсіз,  
Ер кәдірсіз,  
Қыз да өзілсіз — біркелкі.

Досың күлсе,  
Дұшпан үрсе,  
Басып жүрсе — өз еркі.

Ащы көңіл,  
Тұщы өмір,  
Төсек темір, бар ма дос?

Қайғы баптап,  
Ойды шақтап,  
Сырғанақтап — жүрмін бос.

*1915—1916 жылдар.*

## ЖАҢЫЛҒАНЫМ

Жалғанды «жазықты» деп жамандадым,  
Ол жазықтан өзімді амандадым.  
Ойладым да отырдым ел табуға,  
Заманнан жақсы досты таба алмадым.

Үш буынды өмірдің бәрі заман,  
Жиіркендірген жұрт сөзі оны маған.  
Кінә салып, ойсызға иек сүйеп,  
Орынсызға ұрынған өзім жаман.

«Адам таза, өмір қу, тиме!» деген  
Ездің ісі өз көңілін билемеген.  
Жанды, жарық дүниені жалғаншы  
Әлдекімге соқтығып кимелеген.

Кінә менде, кеп менде, жазық менде,  
Байлап, шешу жазықты қазық менде.

Уақытша жан қонақ біздің тәнге.  
Адал, арам жегізер азық менде.

*1915 — 1916 жылдар.*

## ҚАЛПЫМЫЗ

Ашылар ма көз,  
Іс болар ма сөз,  
Көп көксеген күн туып?  
Дауыл, жел айдап,  
Жауын, сел қайнап,  
Өз еркінше жүр қуып.  
Алу үшін теңдікті,  
Сағынамыз кеңдікті.

Пайдасыз ыржақ,  
Хайласыз қылжақ  
Түсті міне жылымға.  
Бастағы дәулет,  
Жастағы сәулет  
Айналды бәрі тиынға.  
«Озбай жұлып олжаны ал», —  
Деген пәле, құр жала.

Пайдасыз тақыл,  
Хайласыз ғафыл  
Өлуге орға секіреп.  
Дабырлы жолды,  
Табылды болды,  
Одан артық не тілер?..  
Ақыл, ой, талап, ар, намыс  
Біздің елден жүр шалыс.

Ағайын ақмақ,  
Ақмағын баптап,  
Кәперінде түк те жоқ.

Сырты тату,  
Іші кату,  
Харыф жасап, нүкте жоқ.  
Алдағыш болсаң ас даяр,  
Алдаған кісі қасқаяр.

Үйінде шіреніп,  
Далада именіп,  
Жау табылса тым қорқак.  
Тарлықта тастап,  
Сырдан ойқастап,  
Жадағайда күр жалтак.  
Қызыл өңеш, қу құлқын,  
Бұздыңдар ғой ел шырқын.

Ұрламақ, алмақ,  
Зорламақ, салмақ  
Салды заман сорына.  
Айтылған сөзің,  
Ашылған көзің  
Жолығады торына.  
Қимылы қырық қызық сөз,  
Қыртқа айтылса қызықсыз.

«Аусар — алаң,  
Жансар — жаман,  
Қашан жан боп түзелер?»  
«Арықты көтеріп,  
Халықты не етелік?» —  
Дей, дей жүріп өзі өлер.  
Қамқордың жайы осылай,  
Қүдіреттің қосуы-ай!..

Мақсат алыс,  
Адам қарыс,  
Уайым қалың, үміт көп.  
Қысты күн жазды,  
Қардан көк сазды  
Уайым қалың, үміт көп.



## ТАЛҒАМАЛАР

Бірді жесең, майды же!  
Аузыңда тұрсын жылтылдап.  
Бірді мінсең, жүйрік мін!  
Астыңда тұрсын жылпылдап.

Бірді құшсаң, сұлу күш!  
Жаныңда жатсын былқылдап.  
Бір сөйлесең тауып айт!  
Болсын мәз жұртың сылқылдап.

Бір өн салсаң, мұңды өн сал!  
Елжіресін жан тындап.  
Бөйге алмас шауып бар жылқы,  
Жүйрігі озар қарқындап.

Бір асасаң, талғап жүт!  
Қақалып қалма қырқылдап.  
Жабылған соң жас күнің,  
Жасқа ұмтылма қылқындап!

Бай болам деп ойлама!  
Қойды сүйреп, жылқы ұрлап.  
Абиырлымын деп ойлама!  
Әркімге тиіп, бұрқылдап.

Өсек аңдып, сөз бағып,  
Ел қыдырма қылтындап!  
Жалаңаш адам бәрібір,  
Киімге күлме сылтындап!

Сырынды айтпа сырдаңға,  
Отырса нанба, жылтындап!  
Жарлыға бол жағымды,  
Байға тұрма қылпылдап!

Көршіге салма күш-қайрат,  
Қожайынсып, шыңқылдап.

Ағайынмен араз боп,  
Әркімге барма қыңқылдап!

Баланды бер сабаққа,  
Қойға айдама тымпындап!  
Арттан өсек сөйлеме  
Көрнеу көзге жылпындап!

Өнбес іске өкпе қып,  
Келмей қойма, бұлтындап!  
Қолданып кетпе қулықты,  
Құзғындықпен қутындап!

Күлген қорлық емес пе?  
Жығылып жүріп жыртындап.  
Жылы жансып, адалсып,  
Мал үшін тұрма құйтындап!

Талапты болсаң шыққаның  
Қырсықтың басын қырқып ап.  
Естіген сөзді фәһімде,  
Отырып кетпей құр тындап!

Оңбағаның ұқпасаң,  
Шылықпенен шылқылдап.  
Ел билесең адал бол,  
Арамға тойма ыңқылдап!

Миға сақта талғауды,  
Заман отыр тың-тындап.  
Бізге де кезек жақындар  
Байланған тордан бұлқынбақ.

Қалың үміт сәулесіз,  
Қайғы басты лықылдап.  
Мінген қайық бұлт етті,  
Буынды талғау кикылдап.

Буынды құртып, әлді алып,  
Кәрілік те жетті сықырлап.

Тітіркентті рухты  
Ажал тісі шықырлап.

Епшіл-емсек жылпындар,  
Мазаны алды тықылдап.  
Жаңа ойладым, жығуға,  
Кім мені жүрген сиқырлап.

*1915—1916 жылдар.*

### ҚАЛАМҒА

Жаз! Жаз! Қалам, жорғалап,  
Тек қағазға барынды.  
Отырмайды қол қарап,  
Сен шақырсаң зарынды.  
Қайырылмасқа қайта айтып,  
Кетірме, қалам, арынды.  
Білсін құрбың, құрдасың,  
Қалам, сенің халіңді.  
Зарланғанға құрбансын,  
Дәметпе елден алымды.  
«Тәуекел» деп аталған,  
Айырылмай ұста талынды.  
Теріс болмас бата алған,  
Есірке кемпір-шалынды!  
Жұрт пайдасын шет көріп,  
Ойлай берме қамынды!  
Сырт қайласын еп көріп,  
Тастай көрме ғалымды.  
Ит етінен арман көр,  
Жұрт бұзақар залымды.  
Қағазда заула арман сөз,  
Жас жүрекке жалынды.

*1915—1916 жылдар.*



## БІЗДІҢ ЖАЗДА

Бозторғай шырлап, жаз құсын жырлап,  
Үйрек сытырлап, қаз пырлап,  
Түйе боздап, қой коздап,  
Жылқы азынап, жел маздап,  
Қарға қаңқылдап, қу саңқылдап,  
Жас жаркылдап, шал қаркылдап,  
Сай дүңгірлеп, самал гүлді үрлеп,  
Мал балалап, құс жұмыртқалап,  
Қанатпен су сабалап,  
Мерген су жағалап,  
Өзен аңқылдап, шөп жалпылдап,  
Ағаш балқылдап, жапырақ салпылдап,  
Құрттар қыбырлап, құмырсқа жыбырлап,  
Малдар шыбындап, ынтықтар жымындап,  
Тайлар ойнақтап, балалар жайдақтап,  
Боталар маймақтап, тайлақтар тайрақтап,  
Елдер қосылып, көштер жосылып,  
Сиырлар жосылып, оқырадан шошынып,  
Қойлар маңырап, қозылар жамырап,  
Бұзау мөңіреп, енесі анырап,  
Көңіл елбіреп, жүрек желбіреп,  
Ішін елжіреп, көзін мөлдіреп...

*1915—1916 жылдар.*

## ІШІМ ЕРІП

Ай жарық, нұры балқып тұрған түні,  
Жарасып, жалтылдасып жұлдыз сыны.  
Шағылда ынсыз-дынсыз қыбырлаған,  
Дейтін-ақ секілденіп әлдекімі.  
Келіппін бір өзен су кемеліне,  
Көз жетпес, ары-бері көлеміне.  
Толықсып акқан суы таңырқатты,  
Мастанып, бой манаурап келгенімде.  
Самал жел баяу есіп тұрған толғап,  
Жайқалған түрлі өлеңдер кандай болмақ.  
Шыққан шөп, өскен ағаш дегізетін,  
Бақшасы ұжымақтың қалған орнап.  
Майысып біткен құрақ жағадағы,  
Бітісіп калың нумен екі жағы.  
Жар соққан ептеп келіп толқындары,  
Асаудан үйренбеген бейне жабы.  
Отырып, міне, мұның бәрін көріп,  
Жан күші, әсерлі үміт ішті керіп.  
Көзімнен тамшыланып, суық жасым,  
Бір терең ойға қалдым ішім еріп.

*1915—1916 жылдар.*

## ИГІЛІК

### I

Самал жел, шалғын, жапырақ, балаусалы,  
Үшқан құс, жайылған мал, таудағы аңы.  
Жапырлап қатар қонған халық пормы,  
Ыңыранып жатқан мезгіл жайлаудағы.  
Жайылған үйездемей қой мен қозы,  
Жусаған құлын мен тай байлаудағы.  
Таутеке, қоян, киік, қоймен бірге,  
Қойшылар «қорықтық» қылған тау-таудағы.  
Құс жырлап, су сылдырлап, күншуақтап,  
Қысырақ жусап тұрған салмаудағы.  
Серуендеп бүлдіргенге қыз-келіншек,  
Ындыны — бір-бірінен қалмау дағы.  
Алыстан мұны күтіп жүрген де бар,  
Дінкілдеп бұлақ өрлеп жарлаудағы.  
Лүпілдеп жылы жүрек, буын босап,  
Алақтап екі көзі барлаудағы.  
Баладан қасындағы қыз жиіркеніп,  
«Құбыжық бар, сен барма!» — деп алдаудағы.

### II

Ығысып төмен таман қыз келмегі,  
Бір соғып жылы жүрек «із» бермегі.  
Құмартып, күйіп-жанып, ысып-суып,  
Лебіне махаббаттың қыз да ермегі.  
Қарызы сүйісудің бұл емес пе  
Жан үзіліп бірін-бірі ізденбегі.  
Көңілге көрген жерден қанат бітіп,  
Тықыршып тұрмай үміт жөнделмегі.  
Лекілдеп тамыр біткен күйіп-жанып,  
Қолында елжірестің енді өлмегі.  
Манайдың тауы, тасы, табиғаты  
Жым-жырт қосылғанын көргендегі.  
Өткен күн, келер өмір, басқалармен,  
Ажал да ұмытылды өлгендегі.

Айқасқан ақ білектер жарасып тұр.  
Балықтай тасты судан өргендегі.  
Қабакты қағып-күліп, езу тартып,  
Елжіреп шыны бір күш женгендегі.  
Екеуін егерлікпен ел айырса,  
Ажалдай жан мен тәнді бөлгендегі.  
Әділ ме тағдырдың да бұл мінезі,  
Екеуін екі айырып көмгендегі.  
Тандаған, тапқан сүйіс тазалықпен  
Жаратқан бір игілік пендендегі.

### III

Қыр мұрын, қыпша белді, қиған қасы,  
Ақ мандай, қас бітісі қып-қиғашы.  
Ақ жүзі, оймақ аузы, күлім көзі,  
Білектей қап-қара боп өрген шашы.  
Ақ иек, кірсіз тісі, кірпіктері,  
Екі елі мөлдір көздің екі арасы.  
Екі ұрты, екі жағы алмадай боп,  
Бітімі бейне гүлді алма ағашы.  
Ақ саусақ, әжімі жоқ, буыны жоқ,  
Жылтырап тырнақтары тап-тазасы.  
Тік иық, жазық жауырын, аққу мойын,  
Толқытып, қос құлақты әм сырғасы.  
Қайрақтай төсі жайдақ, шынтағы етті:  
Жазылып бейне мамық қабырғасы,  
Тар мықын, орта бойлы, түзу аяқ,  
Бұралып тал шыбықтай белдің ашы,  
Қолданып өдеп, үлгі жанды ерітіп,  
Ақыл сөз, ақырын күлкі шын мирасы.  
Жабдығын жақсы өмірдің жете біліп  
Құрбысын құрметтеуде бар ынтасы.

Жетсе де бұған қолы, жетпесе де,  
Әркімнің осыларда бар ынтасы...

*1915 — 1916 жылдар.*

## АЛЫС-БЕРІС

Екі жарлы құда болса, бір-бірінен дорба алысар,  
Екі малды құда болса, бір-бірінен жорға алысар.  
Екі сараң құда болса, алыса алмай құр қалысар,  
Шығымы жок екі құда, бір қараны зорға алысар.  
Екі молда құда болса, шарифатқа көп барысар,  
Екі есепші құда болса, алғанына шот қағысар.  
Екі балықшы құда болса, қармақ пенен ау алысар,  
Екі зәкүншік құда болса, ескі статьяны аударысар.  
Екі жомарт құда болса, сыйласумен күнде ауысар,  
Екі қатын құда болса, қыл-қыбыр, шуда-жұбыр, жүнді  
алысар.

Екі ұрлықшы құда болса, қалын малын түнде алысар.  
Екі мейірімді құда болса, пәле келсе, ат салысар,  
Екі мейірімсіз құда болса, пәле келсе, қуанысар.  
Екі құзғын құда болса, алғаннан танысар, артынан жан  
алысар,

Оңатұғын екі құда, ымбаменен мал алысар,  
Оңбайтұғын екі құда, алғашында-ақ дау салысар.  
Екі араққой құда болса, қазмойындар шағылар,  
Бай мен кедей құда болса, байдың малы бағылар.  
Екі диқан құда болса, ылғи ғана астық алынар,  
Ақкөңіл мен алакөңіл құда болса, алдыңғының шаны  
қағылар.

Бұл алыстың көбісінде-ақ кесек-кесек дау табылар.  
Кой! Елім, біреудің өмірін олжалама!  
Жыласа, сықтаса, көз жасы мойнында қалар,  
Бесіктегі баланы базарға сала берме!

*1915—1916 жылдар.*

## ҚАЗАҚ ҮЙДІҢ ТҰРМЫСЫ

Ақ үйге алты канат келсем кіріп,  
Босаға, маңдайша мен табалдырық,  
Кереге алты жапсар, алпыс уық.  
Шанырақ, күлдіреуіш оған жуық.  
Құр, танғыш, басқұр, арқан екі аяқ бау,  
Төрт ірге, есік жабық, ши, туырлық,  
Он бес бау, ішкі-сыртқы белдеу, желбау.  
Тұс киіз, көрпе, шай шымылдық,  
Текемет, жастық, шапан, кілем, сырмақ,  
Алаша, бешпент, көйлек, шәлі, бөрік,  
Самаурын, үстел, кесе, шәйнек, шәугім,  
Дөдеге, сандық, кебеже, ақ түндік,  
Патнос, шелек, мосы, адалбақан,  
Ұстара, қайрақ, тарак, бақан, сырық,  
Шылапшын, аяқ, қасық, қазан, ошак,  
Жұқаяқ, шкаф, пышак, айна, орындық.  
Тәрелке, ожау, шөміш, саба, торсық,  
Ұршық, біз, балға, көсеу, қап, ине, жіп,  
Сым, шалбар, жейде, дамбал, кебіс, байпақ,  
Дастарқан, такія, ішік, белбеу, белдік,  
Ер-тоқым, жүген, тартпа, айыл, қамшы,  
Құйысқан, үзеңгі, ішпек, өмілдірік,  
Аякқап, тұз баспағы, сабын, сақар,  
Ірімшік, жәшік, қоспа, май, қымыз, құрт,  
Айран, ұйтқы, ашытқы, көже, саумал,  
Ұн, тары, бидай, сұлы, сүр мен шұжық,  
Жүн-жұбыр, қыл-қыбыр мен тері-терсек,  
Келі, келсап, балта, пышак, аша, күрек,  
Ат қалта, нокта, бұйда, үскі, кілт,  
Сыпыртқы, сүлгі орамал, қырғы көнек,  
Жайнамаз, қалам, қағаз, дорба, сауыт,  
Домбыра, тұтқыш, гармонь, шаппашот, тұлып,  
Машина, кергіш, қайшы, ілгек, шамдал,  
Кепсер, қақпақ, саптаяқ, тәспі, құлып,  
Асыл тас, ақық, меруерт, маржан, үкі,  
Бастырма, ілгек, жүзік, сақина, шок,  
Кимешек, шүберек, сағат, құран кітап,

Темекі, кант, қағаз шай, насыбай шелек,  
Асық, шакша, шалғы, орақ, бұрғы, кашау.  
Желі арқан, көген, тоқпақ, жылқы құрық.  
Басқа түрлі жабдығын санай алмай,  
Сыртқы үзігін көрмекке кеттім шығып.

*1915—1916 жылдар.*

## ЖАЗ-ҚҰДАША

Жаз мандайы жарқ етсе,  
Көтерілді көңілім.  
Жек көрмедім сендерді,  
Серуендеді серігім.  
Жаз мандайы жарқ етсе,  
Қаз-құстары қаңқ етер,  
Кімнің жылытпас көңілін.  
Егіншілер сайлады  
Мойынтұрық, самиян,  
Ат, атан, өгіз — көлігін.  
Жер киініп, құс келіп,  
Мына жылы шуақта,  
Жан-жануар бір алды,  
Басындағы бөрігін.  
Қыстайғы науқас қара жер,  
Шығарды ауру-өлігін.  
Бозбалалар ат ұстап,  
Аударысып жарысып,  
Бастады тағы желігін.  
Бойжеткен қыз, келіншек,  
Топтанып, сапқа тізіліп,  
Бүйрегінен бүлкілдеп,  
Әзілдесіп, езіліп,  
Суға түсіп жабырлап,  
Жарқ еткізіп өңірін.  
Диканшылар қуанып,  
Балалар мәз боп уанып.





## ҚАРЫНДАСТАРЫМА

Айтылмай мынау сөзім қалған дағы,  
Жоқ болса қыздың теңі — арман дағы.  
Жігіттің сырт пормынан іші аспаса,  
Сол қызға бір косылған «арлан дағы».  
Теңі боп айтып өткен әлгі қыздың,  
Жігіттің қай сенері барған дағы,  
Қызбенен бірдейлік пе, асарлық па,  
Тапқаны қыздың бар ма, нанғандағы.  
Сыр-сипат, өнер, білім бойында боп,  
Ол дағы ғашық отқа жанған дағы.  
Сыр-сиық, мінез-қылық үйлеспесе,  
Қадірсіз, қымбат басың арзан дағы.  
«Жар» десем жалпы жасқа арнап айтам,  
Түбінде естіні ізде қамдан-дағы!  
Тәрбие, оқу-білім, әдеп, үлгі  
Қылатын бізді жақсы бұл мандағы.  
Біріксе бірдей мінез екі құрбы,  
Сол екен жер-жиһанның танданбағы.  
Күң болма, ез-ынжыққа, қарындасым  
Абайлап асыл тауып ал аңғар дағы.  
Танда, тап, сүй, құшақта, күліп-ойна!  
.....  
Жастыққа жақсы жармен жарналас бол!  
Қызық сол, жарқындарым, жалғандағы.

*1915—1916 жылдар.*

## МАЙ

Апрель өтіп, май жетсе,  
Табиғатқа жан кірер.  
Мүз бұзылып, қар кетіп,  
Қара жерге әр кірер.  
Жыл құстар шулап, жер кепсе,  
Жайрандасар әркімдер.

Жылға суық билетсе,  
Жайма-шуақ әр күндер.  
Орман, тоғай желдетсе,  
Әнге басар әлгілер.

*1915 — 1916 жылдар.*

\* \* \*

Май айында көп ағаш,  
Мақтанады шайқалып.  
Көк жапырақ қым-қиғаш,  
Бауырында майса жайқалып.  
Салқын таңда сандуғаш  
Сайрап отыр тайпалып,  
Құс, көбелек, қарлығаш  
Канатын қағып, қайқайып.  
Тал бауырында талдырмаш,  
Әзіл, ажуа қайтарып.

\* \* \*

Түйе боздап, қой қоздап,  
Балалар ойнап, құс шулап.  
Қаз қаңқылдап, ой қозғап,  
Бака шырлап, су зулап.  
Шөп жалпылдап, жел есіп,  
Арық аунап, мал қунап.  
Ит саңқылдап, ел көшіп,  
Құлын шырқап, тай тулап.  
Мастанып жүр жарлы да,  
Сұрап жұтқан акка улап.  
Тілді үйретпей, қыздырмай,  
Қысқартайын сөзді жай.  
Көп сүйретпей, оздырмай,  
Қысқа айтайын ызғымай.  
Көріліктің алды қараша,  
Жігіттіктің алды май.

## ҒАЗИЗАНЫҢ АУЗЫНАН

(Жадыраған жазғы шілденің ыстық күнінде суға түсіп ойнауға келе жатқан бір топ қыз-келіншектердің ортасында Ғазиза атты бір оқыған арманды қыздың әдемі әнмен шырқап айтып келе жатқандағы өлеңдері).

### I

Ғазиза — менің атым, затым әйел,  
Алла алса, арманым жоқ жанымды аяр.  
Ел надан, еңбек білер ешкімім жоқ,  
Мұң айтып, наз шаға алмай, өсек жаяр.  
Тең тауып, құрбы сүйіп күлмеген сон,  
Кеміріп жеп арман-қайғы көңілімді ояр.  
Мақсаты ата-ананың мал қармау-ды,  
Солардын көңілі үшін өмір азаяр.  
Итке де, құсқа дағы қосақтайды,  
Айрандық қойы болса тойға сояр.  
Не жынды, не тырақы, яки кемтар  
Болса да күйеу жағын сөзсіз қояр.  
Орнықпас өз басында осы уақытым,  
Әжім бет әрсіздікке жол қисаяр.  
Шын сүйіп, өзіме жар іздеп таппай,  
Осы жерде нем бар менің осынша аяр?!

### II

Шілденің шілгер ыстық мынау күні,  
Желбіреп жер бетінің жеміс гүлі.  
Су тұнық, топырақ ыстық, сазы салқын,  
Жайқалып, жапырақты ағаш тұрған түрі.  
Камысты қалың тоғай, қоғалы көл,  
Шулаған неше түрлі құстың үні.  
Құттықтап осы уақты суға ойнауға,  
Келеміз қуанышпен біз де міні.

Ал қыздар! Бұл күйде бұл тұрмақ емес,  
Шілде өтер, қазан соғар күзді күні.  
Айрылып ағаш пен шөп жапырақтан,  
Сүзектен тұрған жандай болар сұры.  
Дәл сондай қыздар біздің осы мезгіл,  
Жас өтпей, жарынды тап деймін шыны.

*1915 — 1916 жылдар.*

## ҒҰРЫПТАР

Шапса балта өтер ме  
Табиғи таудың тасына.  
Дауасыз ғұрып кетер ме,  
Басыңа сіңген жасында.  
Қу сүйек салсаң сорпаға,  
Не жібігер, не жұғар?  
Алсаң, айтсаң ортаға,  
Көзсіз көкірек нені ұғар?  
Аштық көрмей тоқ болмас,  
Қайғысыз адам ой таппас.  
Көзі көрмей тоқталмас,  
Дегенге шабан қой шаппас.  
Жарқанат күнді сүймейді,  
Не демекші күнді сол?  
Жақсының қадірін білмейді,  
Адасқанның алды жол.  
Айналасы жауырдың  
Қара шыбын қаптаған.  
Тамшысы шайып жауынның,  
Тазалығын таппаған.  
Ит мойнына жез таксан,  
Ыза қылар, ырылдар.  
Қамсыздарға сөз айтсаң,  
Қылмындар да қырындар.  
Он жаз келіп, көктер ме  
Құрт жайлаған қу ағаш.

Көзі ашық, зейіні өктемге,  
Иә өтірік, иә рас.  
Мал кетпеген маңынан,  
Көк иірім құдық суалар.  
Манайының шаңынан,  
Жайқалған ағаш қуарар.  
Сұм көңілдің батыры-ай,  
Тіл шіркіннің қорқағы-ай.  
Санасыз, салқам жақын-ай,  
Елдесуге шорқағы-ай.  
Асыл паһим — ақыл-ай,  
Жаудың салған ортағы-ай,  
Екі жол-ай, апыр-ай,  
Мен ғұрыптан қорқам-ай.

*1915-1916 жылдар.*

## ЕСКІ КҮН

Ескі күн ес шыққанда кетер естен,  
Қиялды кейде билеп жетелескен.  
Мол өріс, алқап қоныс, кең жайылым,  
Сол күнгі қулар, сулар кетер ме естен?  
Бозбала ән салысып, қыз жарысып,  
Ырғалып кең алқапты өрлей көшкен.  
Қиғаш қас, қырмызы бет, қыпша белі аш,  
Арулар, ақ қостағы күлімдескен.  
Балалар тайға мініп, тақия іліп,  
Асауды жылқышы ұстап күдері өскен.  
Қыз жайрандап, келіншек үйді жайлап,  
Сыңқылдап, әзілдесіп, күлмендескен.  
Шалғынға желі тартып, бие байлап,  
Құлынды қуып ұстап қоңыр төстен.  
Ақсақал, қарасақал, үлкендері,  
Токталып төбесінде сөз сөйлескен.  
Самал жел, салқын жайлау жайламаққа

Рулы ел жолға симай қатар көшкен.  
Жарасып күрбы қыз бен тұрғы жігіт,  
Мінгені жорға, жүйрік тек — телі өскен.  
Ерттетіп бала тайын, ашамайын,  
Жарысып, бір-біріне жетем дескен.  
Қолға алып, найза, сойыл, жүйрік мініп,  
Он шакты көш басшысы озған көштен.  
Күн қызбай, көш те келіп қалар қонып,  
Шаңырқап, бала-шаға шөлдеместен.

.....  
.....

Қыз, келіншек, бала-шаға ыдыс алып,  
Бүлдірген, шие тере кеткен төстен.  
Қойшы да, қолаңшы да жер бауырлап,  
Үңілген баққан малын елеместен.

.....  
.....

Тізеден көк шалғындар жапырылып,  
Түрленген масатыдай өлең де өскен.  
Той жиын өз алдына, жарасымды,  
Көлбектеп, ұрғашы-еркек көлендескен.  
Айтқан сөз, алысқан қол, сеніскен серт,  
Сол заман кетед тағы өлерде естен.

*1915 — 1916 жылдар.*

## АЯНЫШ

Өлең қурап, жер кеуіп,  
Су суалып, көл кеміп,  
Сай-саладан шөп кетті.  
Ағайын арзан, ел салқын,  
Қатын қайқан, ер салқын,  
Кеңесті тастап көп кетті.  
Телі-тентек көбейіп,  
Мақұлдың арты шөмейіп,  
Арамның оғы дөп кетті.  
Сулы жерді көгерген,  
Келгін алды өлермен,  
Қазақ бақты көкпекті.  
Бұйда тағып басына,  
Мойнына мініп асыла,  
Иіп жерге шөк депті.  
Алатұғын аңына,  
Керек қылған қамына  
Кімдер арын төкпепті?  
Аспандағы айдан нұр алып,  
Бермеске қоймай сұранып,  
Өнерлі халық көктепті.  
Өзіне-өзі ой салмай,  
Елшілерге бой салмай,  
Қайттің болмас көкбетті.  
Көктен түскен шегіртке,  
Қыңыр келіп үмітке  
Ел егінін жеп кетті.  
Жаздай жатып жайланып,  
Күзге таман оянып,  
Қазақ кімге өкпе етті?!

*1915—1916 жылдар.*

## ҚОСЫЛЫС

Қосылды міне екі жас, амандасты,  
Қара көз, қас қағылып, хабарды ашты.  
Майысып балдырғандай қыз толысып,  
Жігітке берді ләззат табалмасты.  
Көңілі бір, ойы тура, құмары нық,  
Заман да айдап қосты замандасты.  
Леп беріп, бетін үріп су салқыны,  
Шайқалтып манауратты барша ағашты.  
Түрлентіп шалғын, жапырақ, бәйшешекті,  
Сайратты еріксізден сандуғашты.  
Қарақұс көкті айналып, көлдегі үйрек,  
Бозторғай жымындасты, тағы алдасты.  
Ынтықтың бұл қосылған құрметіне,  
Шығарды бұлбұл даусын жапанға ащы.  
Көбелек көлбектесіп су бойында,  
Көгершін таста көкек самалдасты.  
Толқытқан жер-жиһанды, екі жасты,  
Тілесе жауыз жазмыш не қылмасты.

*1915 — 1916 жылдар.*

## КІМ ДЕСЕМ

Ай жарық, нұры балқып тұрған түні,  
Жарасып, жалтылдасып жұлдыз сыны,  
Шағында аңсыз, дыңсыз қыбырлаған,  
Дейтін-ақ секілденіп өлдекімі.

Келіппін бір өзен су кемеріне,  
Көз жетпес ары, бер жақ көлеміне,  
Толықсып аққан суы таңырқатты,  
Мастанып, бой манаурап келгенімде.

Самал жел баяу есіп тұрған толғап,  
Жайқалған түрлі өлеңдер қандай болмақ.



Шыққан шөп, өскен ағаш дегізетін,  
Бақшасы ұжымақтың қалған орнап.

Майысып біткен құрақ жағадағы,  
Бітісіп қалың ну мен екі жағы.  
Жар соққан ептеп келіп толқындары,  
Асаудан үйренбеген бейне жабы.

Құс сайрап, күрт шақырып, ыңырсыған,  
Өзінше тақпақ айтып бақа-жылан.  
Мұңды үміт секілденіп сол ұғып тұр,  
Бу болып, су үстінен шыққан тұман.

Отырып, міне, мұның бәрін көріп,  
Жан күші, әсерлі үміт ішті керіп,  
Көзімнен тамшыланып суық жасым,  
Бір терең ойға қалдым ішім еріп.

Мінеки, мұнайсам да мұндай кеште,  
Жанданып жаратылыс алған кесте.  
Жандантып жан сыздауға себеп болған  
Мінсіз-ақ бұлар һәм мен бар емес пе.

*1915—1916 жылдар.*

## **БІР СОҚЫР БАЛАНЫҢ АРМАНЫ**

Мен есітем: күні жарық күндіз бар деп,  
Түн тынық, ай әдемі, жұлдыз бар деп.  
Көгілдір судың түсі, шөп — жасыл деп,  
Сұлулық жер жүзінде мың, жүз бар деп.

Көл, теңіз, тоғайда ағаш, көгал бар деп,  
Қыста қар, жазда жаңбыр, мұнар бар деп.  
Мереке, мектеп, жасқа оқу бар деп,  
Қалғанға оқи алмай, обал бар деп.

А, ием! Бір-ақ минут көзімді ашсаң,  
Керексіз: күн, ай, жұлдыз, маған аспан!  
Бір көріп анам жүзін келістіріп,  
Көзімді болысымен қайта жапсаң.

*1915—1916 жылдар.*

## ТІЛЕК

Таң бұлбұлы сайрай бер,  
Мұнды үнмен толқытып.  
Тартыс күшті айдай бер,  
Залым жоқ тұрған қорқытып.

Ұмтыл кедей, жиыл жас,  
Солғындама сорлылар.  
Ақты рақым тиылмас.  
Ұсынсаң ұлттың орны бар.

Жарыл мандай, теп жүрек  
Қуанышты құттықтап,  
Халың қандай — еп керек,  
Бостан деп емес аптыкпақ.

Төгіл сия, ашыл көз,  
Абайла ауыз, тіл мен жақ.  
Абайла деген асыл сөз —  
Анықтап, ойлап, тос құлақ.

Тарқа қайғы, арыл шер,  
Залым, зәндем түбінде.  
Дінің, күнің — су мен жер  
Жұрт тартысы бүгінде.

Ынтымақ туы жарқыра,  
Болмай ғана буалдыр.

Мийірбан суы саркыра,  
Бұқараны бір кандыр!

*1915—1916 жылдар.*

## ТАҢ

Қап-қара қара түнде жұлдыз жарық,  
Қайғылы түн уілеп қабақ салып.  
Көз тіккен көкжиекті сызат алып,  
Сызылып келе жатыр таң да жарып.  
Үлкен тау бергі жағың қарауытып,  
Сай жатыр ауыр ойда қайғыланып.  
Жайылып жәй жұлдызды сирегейтіп,  
Аспан да ажарланды тандақтанып.  
Балға ара, қоян інге, ынтық үйге  
Қайтысты қабақ ашып жүрек жарып.  
Өткелде шөп байлаған қоңыр — торы,  
Тыпырлап тұр «жібер» деп оқыранып.  
Ешкі өріп, қосқырып, қосшы оянып,  
Нұрбай жүр ағытылған қозыны алып.

Жамылып иығына тон күпісін,  
Дәретке бай да шықты ыңыранып,  
Атқан таң әсіресе солардікі,  
Көкте құс, төсекте қыз, суда балық.  
Ақ шалма, таяк, тәсбі, шапан киіп,  
Биікте азаншы тұр сұңқыл қағып.

*1917 жыл.*

## НЕ КҮЙДЕ

Блғал тұман шағында  
Құздардан жауын сырылдап,  
Қиядан сорғалауында...  
Самалшыл, сауқым, сауықшыл,  
Саятшы Сартай не күйде?

Теңіз көшкен дауылда,  
Асты терең, үсті жел,  
Толқын соқты баурында...  
Балтыры ақ жем балықшы,  
Қайықшы Қалтай не күйде?

Дай-дай даукес ауылда,  
Жесір, намыс, тартыстың  
Үзілмес ұзын дауында...  
Жаралы жүрек, жарымшыл  
Мұнды Күнтай не күйде?

Жөнкенің таз тауында...  
Қымызшылға қызық боп,  
Күндіз-түні сауында...  
Жалсыз арық, желін сау,  
Мама көнек не күйде?

*1919 жыл.*

## ЕЛ ШЕТІНДЕ, ЖАУ БЕТІНДЕ

Бұлт қалын, ай қараңғы,  
Гуілдеп-соғып тұр дауыл...  
Төнірек, маңай, ғаламды  
Жамылғы жапты бір ауыр...

Қалың тоғай, кара орман,  
Су салдыры недәуір,

Жаңа жүрт, жапан, жар қонған  
Жадағай қора, жарлы ауыл...

Қорада қойлар коркулы,  
Мөңіреп сиыр, көк теке  
Бақылдайды, у-шулы...  
Алдымда от, алакөленке.

Төңіректеген төбетім,  
Тығылып үйде ықтайды.  
Күзетер деген күзетшім  
Бүркеніп быр-быр ұйқтайды.

*1919 жыл.*

\* \* \*

Төңір-ау, неге болам мәз,  
Талпынған өрге күн өтті.  
Қуандырған жасыл жаз,  
Қуарды. Бітті. Күз жетті.

Қурайдай кәрілік қуартып,  
Сорайды сүйек, суалды ұрт.  
Қуарды, бурыл сақал, мүрт.

*1919 жыл.*

## БОРАНДА

Қарлатып қатты боран қарпылдап тұр.  
Үскірік аяз қызыл шартылдап тұр.  
Қой ығып, басын қорғап ыққа тығып,  
Көміліп қалың қарға қарқындап тұр.

Сүйеніп таяғына қой қасыңда,  
Дірілдеп Таймас сорлы қалтылдап тұр.  
Аяқта жуан жіппен буған шарық,  
Сүйреліп киіз шұлғау жалпылдап тұр.  
Ашылып қабырға-омырау қарға қарсы,  
Тақымы шалбарынан жалтылдап тұр.  
Денесін қалыбымен суық ұстап,  
Ызың жел селкілдетіп, аңқылдап тұр.  
Мойнына жабысқан қар ери қатып,  
Иекте мұз сүңгілер салпылдап тұр...  
Жылы ішік, түлкі тымақ, саптамалы,  
Дүйсек бай дөң басында салқындап тұр.  
«Ары таман қойды қозғап, жайсаңшы!» —  
деп,  
Таймасқа қожайынсып шаңқылдап тұр.  
«Алғаның ас болмағыр, ит-шошқа», — деп,  
Қарғадай қармен бірге қарқылдап тұр.

*1920 жыл.*

## **АРЫНЫМ**

Алқынамын, басылмайды арыным,  
Тау селіндей екпін қайрат, сарыным.  
Жарлы, жалшы-жақыбайды жарылқау  
Жаңдағы ауру, жүректегі жалыным.

Егер салсам қос өкпеден тепкіні,  
Елең емес тау жақпары, тек тұры.  
Жау жапырар, көк дауылша бұрқырар,  
Шүү дегенде кер бедеудің екпіні.

Толас болмас топ жасаққа тиіспей,  
Семсер ұрып, ақ найзаны үзіспей;  
Бет-аузым шаң, қанжарым қан, қайрылып,  
Ұсындырып жау сұлуын, су ішпей.

Аял болмас айқай-сүрең салыспай,  
Қашқан жауды ат баурына алыспай;  
Қан сусаған болат сүңгім ашылмас,  
Шұрқылтайдан шұрылдата шанышпай.

Тыншу болмас қалың қайрат қайнамай,  
Қанжығаға қанды басты байламай;  
Қара жүрек, қара қошқыл қанменен,  
Үш тосарлы, қанды ауызды майламай!

Улы көкірек жиған сүтін тамызбай,  
Қызыл қылыш қырқа турап ағызбай;  
Басылмас бұл алқындаған арыным,  
Адал сүтпен жарлыларды жағызбай.

«Мен» емеспін, мен де көптің бірімін,  
Мендейлердің міне қостық бірлігін.  
«Мен» құралып «біз» боп шықпай күреске,  
«Мен» тудырман бұқарама тірі күн.

Арылтамыз аспанды аршып тұманнан,  
Тазалаймыз жерді жонып жуаннан,  
Тапсыз, тату, мерекелі, өнерлі,  
Ел жасаймыз еңбегіне қуанған.

*1920 жыл.*

## ОРТАҚШЫЛ ПАРТИЯҒА

Жөнің түзу, жолын ашық, ойың шын,  
Алысканның аузына құйдың құм,  
Мейрім, шапқат, әділеттің өзісін,  
Есіт даусын біз езілген сорлынын.

Біз білімсіз қырда қалған халық ек,  
Бас иіп ек, білімдіге нанып ек.  
Ақылсыздан арандалып тұзаққа:  
Айдаһардың уысында қалып ек.

Орап қысып, қатты ысқырып қамаған,  
Аямастан жаралаған, талаған.  
Көздегі нұр, көңілден сыр жоғалып,  
Жүрек пен көз қамығумен қанаған.

Оны өшірдің жалғыз атқан оғынмен,  
Жауды қудың, жолатпадың түбімен,  
Естен, түстен айрылғанда әлсіреп,  
«Уһ» дедік біз байғұс та сонымен.

Біз әлі өгей, бізде әлі оқу жоқ,  
Қасқыр қатаң, қарға, құзғын шұқу көп,  
Үзіп, жұлқып амалдаған жеп жатыр,  
Жолдастықтың қақысынан қорқу жоқ.

Басқа менен бізді бірдей санама,  
Әлді менен әлсіз жүре ала ма?  
Көзің көрсе түсінерсің, аярсын,  
Бізбен таныс, біздің қырды арала.

*1920 жыл.*



## ЕЛГЕ ШЫҚҚАНДА ...ОВ НЕ АЙТАДЫ?

Кім дейсіңдер мынау?  
Керек сойыс, лау.  
Мен бүгінгі құдайын  
Біліп қойғын, пақыр-ау.

Жер, жесірдің дауы  
Маған тиіс сұрауы,  
Мен үкімет адамы,  
Оң көзі, омырауы.

Протоколды жазамын,  
Контролін қазамын.  
Ықтиярымен бергенді аламын,  
Бірақ параға оразамын.

Қатынның басын ашамыз,  
Сот жұмысына да араласамыз.  
Ешкім қарсы тұра алмайды,  
Көрінгенді көпірше басамыз.

Екі расписка, копия,  
Мен тексерсем... ия... ия...  
Тартамын сотқа,  
Бітпесендер құпия.

Заявление — арыз,  
Тексеру бізге парыз.  
Ісінді іс қылып берейін,  
Берерінді шығарыңыз.

.....  
.....  
.....  
.....

Ревизия қолда,  
Балқымбайды жонда,

«Материал» беріндер,  
Сөйлесейін сонда.

Хы-хы-хы, хы-хеу!  
Беретін түлкің нешеу?  
Түйе біреу, ат екеу.  
Ішік біреу, қасқыр бесеу.

Бар ма ақшаң?  
Жылдам... шапшан!  
Сені сайлап кетем  
Аттың майын тапсан.

*1920 жыл.*

### **БЕЙСЕМБЕК «БОЛЫС»**

Лаулап бір сындар ат мініп алад,  
Сымпыстау келте киім киіп алад.  
Өзгеге өзі айдынды көрінбекке,  
Мойнына бір сөмкені іліп алад.  
Ауызға мүштіктетіп шылым алад,  
Шаруаның иығына шығып алад.  
Қолына ат-айғырды жиып алад,  
Ақсатад, арқа-басын сылып алад.

Сар көннен кисық табан етік киед,  
Қайырып шаштың алдын кейін үйед.  
Серейтіп арызшыны сөз сұрамайд,  
Сестенед, ызбарланад, қабақ түйед.

Бай келсе ақырғансып тықаң қағад,  
Кедейге керенаусып нығарланад.  
«Жиырма төрт сағатта» деп жаздырад да,  
Қол қойып анда-санда шоқаң қағад.

Нөкермен сауық құрад, байға қонад,  
Жел сөзбен белі ауырмай орақ орад.  
Қыдырад, қыз-қыркындайд, қымыз іздейд,  
Айында кенселерде екі болад.

Ұрыдан, аусарлардан жолдас алад,  
Түстенем, конамын деп хабар салад.  
Қырып жеп, түсте бір кой, кеште бір кой,  
Күніне екі малдан құрбан шалад.


Әр жерде әр «мырзамен» тамырласад.  
Әр жерде әр «сұлуға» бауыр басад.  
Дегенге, мұның қалай? Азу басад,  
Тістесед, қағаздасад, сауырласад.

*1920 жыл.*

Өлеңдер



(1921-1924)



## ЖАС БҮЛБҮЛДАРҒА

Ал сайра, жас бұлбұлдар, мұңды үнмен,  
Көңілің көтеріңкі көгілжімнен,  
Еркін таң, маңайғы жан көз тігіп тұр,  
Сайра әнмен, сайра күймен, сайра мұңмен.

Қара құс, қаршығаның қанаты жоқ...  
Солқылдат, қауің жоқ енді ешкімнен.  
Солқылдат, бақытына кез болып тұр,  
Зарыққан неше жолғы кызыл гүлден.

Жас бұлбұл, құлағыңа салдым мұны,  
Халыққа айт, білдір, сайра алдыңғыны.  
Ем болсаң ғаріп көңіл нашарларға,  
Жабығып жатқан жалпы жарлын, міне.

Солардың мұңы менен мұқтажын айт,  
Атқанын қышқыр еркін таңның міне.  
Көргенді, көк қанатты, күйлі құсым,  
«Бос сөз» деп көре көрме қалжың мұны.

Қайыспас қанаттарың қия тастан,  
Кұтылдың сусыз шөл мен қу ағаштан,  
Қарасаң жанның бәрі кетіп жатыр,  
Қу шөлден, қараңғылық тұман басқан.

Дауыстап «ел мұңдалар», ер таба алмай,  
Адасқан таянып тұр өлуге аштан.  
«Соларды маңайына тартады» деп  
Сайрасын дейтұғын сөз қарлығаштан.

*1921 жыл.*

## ЖАРЛЫЛАР ҰЙЫМЫНЫҢ ЖЕТІСІ

Тұрмысы толғап,  
Тендігін қорғап,  
Ашылдың ұйым жетісі.  
Тарихта тұңғыш,  
Бірінші қуаныш  
Бұл жетінің өтісі.  
Жетілерің көркейсін,  
Жетімдерін үлкейсін.

Бірігіп ауыз,  
Жойылып жауыз,  
Құтты болсын жиының,  
Тұрмысқа тұтқа,  
Ұйтқы боп жұртқа,  
Қуатты болсын ұйымың!  
Болсын ұйым дуалы,  
Жойылсын жұдырық-жуаны!

Басынды жиып,  
Қасынды тыйып,  
Жанданса жарлы ұйымың,  
Ашылып мерей,  
Қосылып кедей,  
Теңесе көппен иығын.  
Теңестірген кеңесін  
Кіргізбей ме ел есін.

*1921 жыл.*

## АҚШАМ

Көкше көкте ақша бұлт,  
Көміліп күн нұрына;  
Жел байырқау, жер сұлық,  
Қызыл алтын шұғыла.

Ақ шашты ана-ала асқар  
Оқыды сам жығыла.  
Жау көргендей жартастар,  
Жамылды тұман дулыға.

Қабағын түйіп қожыр күз,  
Қарағай, қайың қалтырап;  
Талда аңырап әнші құс,  
Таста суыр тантырап.

Жазыла есінеп жапан қыр,  
Маужырар сұлап, балбырап,  
Даладан, таудан көшті нұр,  
Салбырап, сам жамырап.

Тауды тұман бөкселеп,  
Өзен төлі жамырайды.  
Көз жұмғанда көкше көк,  
Көсіліп жер тырайды.

## АҒЫНДЫ МЕНІҢ АҚСУЫМ

Ағынды менің Ақсуым,  
Арқырап өлі ағасың,  
Ақиланған ашумен,  
Ақтарды асқар сабасын.  
Тас тарпуын, шапшуын  
Қарасаң қайран қаласың,  
Жалғыз жазғы бір кеште,  
Жағаладым жағасын.

Тұнжыраған торғын түн,  
Төндім сұлу суына.  
Танырқап тау-тас тамсанып,  
Жымыды жұлдыз мұныма.

Сүмиген сүңгі сұрша тал,  
Шомылды таудың суына.  
Таймандаған тайпақ ай,  
Желегі ме, тауы ма?  
Шүйке шарбы бұлтты  
Қалақай қалды қылмия.

Аспанды, ай алтын құшағы,  
Қусыра қайың құшады.  
Қарамай қайың қалайша  
Қаужаған құшсын бұтаны.  
Қайың мен сәуле сүйіссін,  
Сүймегенді нысабы.

Итмұрыны мөлдiреп,  
Қудырлап қоңыз ұшады.  
Бауырлаған ағынның  
Сумандап суы сылдырайд.  
Құдиған қоңыр құрақтың  
Саусағы суда судырайд.

Суға төнген бір шыбық  
Дiрiлдейд, суда сырылдайд;  
Оған қонған бiр шымшық  
Шик-шик етед, шырылдайд...



## ЖАЛПЫ ЖАСҚА

Әйел, еркек, жалпы жас!  
Көтеріл, көрін, көзінді аш!  
Жанбырлы жазғы жапырақтай,  
Көркей, көгер, гүлің шаш!

Баршаларың бауыр жас,  
Бастас бөрің бауырлас.  
Иыктасып теңеліп,  
Қамдан, жатпа, қауымдас.  
Оян, ойлан, ұрандас!  
Қатарлас, теңел, құрал жас!  
Құлқыны жаман құзғындар  
Құралсандар — тұра алмас!

Оқы, орталас, ұйымдас!  
Бірлік, бірлес, жиыл, жас!  
Жиылатын күн жетті  
Қайтып ұйқың қиылмас.

Топтан, тұтас, туғандас!  
Жасасын еркің! Жоғалмас.  
Жамырас, үлес, жалпы жас,  
Қосыл, қозғал, қоғамдас!

*1921 жыл.*

\* \* \*

Қою қара бұлт аспан,  
Қалың бұлттың аласы жоқ.  
Құяды жауын жел шашқан  
Күндіз-түні толасы жоқ.

Кезек-кезек қар, жаңбыр,  
Қыстың күні — қос қырсық.

Кісі өлгендей шулап кыр,  
Жынданып тұр жел ұрсып.

*1921 жыл.*

### **ЖЕГІМ**

Балбырап жер  
    Балаусаға бөленді.  
Жалбырап көл  
    Көк жапыраққа кенелді.  
Мақпалдай жел  
    Ақырын айтты өленді.  
Ақын-бұлбұл  
    Өлендете жөнелді.  
    Тыңдады оны жан-жак  
    Бар жан, бар құлақ.

Бұлбұл шешен  
    Бар құлақты алса да.  
Зарлы, өсем  
    Тәтті күйге салса да.  
Жыр қыдырып  
    Бар өлемге барса да,  
Аңдар анырып,  
    Таулар қалғып қалса да.  
    Тыңдамаған құлақ:  
    Жетім жылап...

*1921 жыл.*

## АНАМ ТІЛІ

Қадірлі, бағасы алтын анам тілі,  
Сенімен бағаланған балаң түрі.  
Төрт бөліп түн ұйқысын жұбатам деп,  
Сенімен әлдилеген анам мені.

Бесікте белім буып бітіскемін,  
Сөйлесіп шешем жүнін түтіскемін.  
«Апа», — деп, «Ә», — деп жылап, аузымды ашып,  
Емшектен еңбек қылып сүт ішкемін.

Маңымды сеніменен танығамын,  
Сеніменен қуанып, налығамын.  
Дене ауырлап, жан жалқау тартқан шақта,  
«Уһ» деп шаршап, дем алып шалығамын.

Тілегенім, қорыққаным — бәрі де сен,  
Сасқанда да жармасам ойбайыңмен.  
Апкәусар<sup>1</sup> болса дағы ұжмақтағы,  
Тәттілікті көрмеспін сенімен тең.

*1921 жыл.*

\* \* \*

Қозғалар көңіл,  
Қызғанар өмір,  
Талайдың тауы шағылар.  
Ми толғап, ойлап,  
Жүректе қан қайнап,  
Салқын жас көзден ағылар.

---

<sup>1</sup>Апкәусар — таза су; ап — парсыша — су, кәусар — парсыша — таза, тұнык, мөлдір.

Байқа, сәулем,  
Біздің жай —  
арман ауыр осындай.

*1921 жыл.*

**ҚАЗАҚЫ ҚОРЫТЫНДЫ**  
(«Қалыңмал қалды» хабары естілгенде)

— Әликум салам,  
Қайдан, балам?  
— Қаладан.  
— Не жақсы, жаман?  
— Ел аман.  
Әйелге бостандық болды:  
Әйел ерге барады қалаған,  
Еркек әйел алады таңдаған.  
— Ұғынбаймын, балам.  
Бү не заң-заман?  
— Қазақшылық қалады білем,  
Құриды білем құдалық.  
— Шырағым, түбі тыныштық па,  
Онша тарылды бұл нағып?  
— Тыныштық.  
— Қалыңмал ше?  
— Оқасы жоқ.  
Мұның түбін  
Отағасы, ұғын:  
Жаңаның жолы да!  
— Ұғындым, балам, ұғындым.

«Ұлы бошалаң,  
Қызы қашаған»  
Шалдың соры да.

*1921 жыл.*

## НЕКЕШІЛДЕР

(Жақсыбайдікінде)

### 1

*Молда*

Салаумаликум, Жақа!

*Жақсыбай*

Ойбай, жоғары... жақ-қ-қа.

*Молда*

Е, осы киіз де болады ғой,  
Тіпті болмаңыз қапа.

*Жақсыбай*

Таксыр, қайдан келесіз?

*Молда*

Сығайбайдан келеміз...  
Көрмегелі көп болды,  
Сізге сәлем береміз...

*Жақсыбай*

Ұлжалғас! Әй Ұлжалғас!  
Тұр, қауза, қазан ас!

*Молда*

Кешігіп қалармыз,  
Қазанға қарап болмас.

*Жақсыбай*

Асыққаныңыз не, жақсы келдіңіз,  
Мал алдыралық, жеңіз!

Болмаса, мына даяр ет бар семіз.  
Елігіп, желігіп барады,  
Келіннің некесін оқып беріңіз.

*Молда*

М-м-м, олай болса, кәдімгі той.  
Қолыңды қусыр, қойыңды сой.  
Иманқұл, сен отырма,  
Ер-тоқымын алып, атты отқа қой.  
Жақа, келің әлі оңаша,  
Бұл өзі қалайша?

*Жақсыбай*

Қаза болған ініміздің қатыны еді ғой.

*Молда*

Иә, білем-білем, солайша.

*Жақсыбай*

Мұны бір мұғалім иектеп жүр.

*Молда*

Астапыралла, қа-қа-қа, тамаша.  
Шақырсақ келмей ме?

*Жақсыбай*

Келмес, кесірлі кісі еді.  
Ребкем ештеме демей ме?

*Молда*

Не болса сонан қорқасыз,  
Шариғат ісін адам жөндей ме?

## КЕЛІН ОТАУЫНДА

*Молда*

Келін, құда бұйрығы,  
Шариғат пиғылы.  
Жақанды жат көрмессіз  
Бұрынғы-соңғының жолы.

*Келін*

Таксыр, сіз де сөкпейсіз,  
Жат істі жамап, несіне ептейсіз?

*Молда*

Өйтіп қылжақтамаңыз, келін,  
Ерден кетсеңіз де, елден кетпейсіз!

*Келін*

Молда-еке, жаным жаралы, ашындырмаңыз,  
Кайнағаның басқаға басын бұлдаңыз.

*Молда*

Не дейсін?  
Сеніп жүргенің әлгі, қу аяқ,  
Жалғыз айыл ма?  
Ондай құдың басын құртармыз.

*Келін*

... көрерміз.

*Молда*

Шығарма ерініңді ыбылыс,  
Басына таяқ тиеді.  
Таңда мақшар күнінде  
Шығарған ернің отқа күйеді.

## *Келін*

Күйсем күйгенім-ақ,  
Мынауыңа тимедім-ақ.  
Өз басымды биледім-ақ.  
Ашындырсаң, ашулансам:  
Аллаңа да, сәлдене де ...игенім-ақ.  
Аулақ, аулақ, аулақ!

*1921 жыл.*

\* \* \*

Атадан да балаға ана жақын,  
Бірақ өтер бала кім ана хақын.  
Менен шеше, әкеден қатын өлсе,  
Екі арамыз тартады қоңыр салқын.

Жасым кәрі, басым шалбас болса да,  
Мен анамды көкседім.  
Менен де әрі қу қурайдай солса да,  
Иіскер едім емшегің.

*1921 жыл.*



## ЖАСТАР ҰРАНЫ

Біз, жастар, заманның  
Иесі, қожасы.  
Жаралған адамның  
Жалынды, жаңасы.

Ұйымшыл, ұраншыл,  
Мейрімшіл, қоғамшыл.  
Кіршіксіз, ақ жүрек,  
Біздер шын тазасы.

Біздер бір жас шыбық,  
Кім кесер қас қылып?  
Біздермен кіреді  
Тұрмыстың мазасы.

Рақымсыз жауыздар,  
Өзімшіл, іші тар.  
Біздермен табылар:  
Жауыздың жазасы.

Жүрегі қара қан,  
Жарлыны талаған,  
Ондайдың біздерден:  
Қайрымсыз қазасы.

Қастығын жасырып,  
Келмесе бас ұрып,  
Алтыатар, ақ балдақ:  
Сондайдың сазасы.

Борандар көп еді,  
Бұршақтар сартылдап,  
Ел ығыр боп еді,  
Нажағай жарқылдап.

Бас кетіп изеліп,  
Шаруа күйзеліп,  
Мейрімсіз күн еді  
Әлсіздер қалтылдап.

Неше жыл толғатып,  
Бауырлықты орнатып,  
Біз — шыққан жарық күн  
Бұлттан жалтылдап.

Еріні кезерген,  
Еңкейген, желінген,  
Жарлының жапырағы  
Гүлденер жалпылдап.

Біз, жастар, заманның  
Еңбекшіл еліміз,  
Еңбекке таянып,  
Еркелер серіміз.

Көмекшіл көбейер,  
Шаруа көркейер,  
Еңбекпен ағылар  
Ел үшін теріміз.

Жолымыз ортақшыл,  
Жоқ бізде қорқақшыл.  
Мейірімсіз жауыздан  
Бір бөлек жөніміз.

Жаңадан жасалған,  
Гүлденіп жасарған,  
Тұрмыстың тұтқасы —  
Көмекшіл көбіміз.

Кел, жастар, алға ұмтыл,  
Ел үшін еңбек қыл.  
Көркейер біздің ел,  
Кеңесшіл кебіміз.

*1922 жыл.*

## ТІЛЕК

Тас домалай,  
Тау тулай,  
Құз құлай,  
Жер сілкінсін!  
Қырда жарқ-жүрк  
Нажағай,  
Түссін жай,  
Көк күрсінсін!

Кетсін тұман,  
Бұлт көшсін!  
Аңырасын,  
Соқсын жел...  
Мұз құласын,  
Қар кетсін!..  
Сай шуласын...  
Ақсын сел.  
Астан-кестен  
Болсын қыр,  
Аударылсын ой, дала.  
Күн ашылсын,  
Төксін нұр,  
Жарқыра көк!  
Мажыра!  
Ескі дүние  
Кұл-талқан  
Болсын!  
Еңбек елді алсын!  
Болсын жұмыс,  
Қыр дарқан  
Сонда көзім бір қансын!

*1922 жыл.*

## ТАПАНША

### *Әке*

— Апырым-ай, балам, түнеугі,  
Кеткеннен жаңа келдің бе?  
Ай жоғалдын, нағылдын?  
Аманбысың? Тегін бе?  
Мықыныңды мықшитқан  
Мынауың не белінде?  
Үлпершек пе? Үйрек пе?  
Тіккен бе өзін теріге?  
Құдағи байғұс құнттап  
Жіберген шығар келінге.

### *Баласы*

— Әке-ау, қайттым қаладан,  
Асынғаным тапанша,  
Оқ жатары алты ұя,  
Тапанша — мылтық тапалша.  
Сүмбесі мынау сойылша,  
Басары мынау бақанша.  
Құндағы мынау құс мойын,  
Оғы мынау бақалшақ.  
Қарауылы мынасы,  
Мынасы кейін қақайса,  
Бас бармақты баса ұстап,  
Сұқ саусақты тақаса,  
Тартып қойса тарс етед,  
Өлтіреді от алса.  
Милиция болдым мен дағы  
Жарқымбай мен Жақанша.  
Үкімет ісін орындап,  
Шапқылаймын Шақарша.

### *Әкесі*

— Айпырым-ай, балам, бері ап кел,  
Алтыатарын осы ма-ау?  
Қайшаға тізгін болатын,

Қайыстан екен осы бау.  
Қабы қалың былғары,  
Темірі көк жасылдау.  
Алты оғы бар дедің бе  
Бөтегесінде осынау?  
Тапаншаға жетіпсің,  
Бар тапқаның осы ма-ау?  
Мелисе<sup>1</sup> болсаң, балам-ау,  
Қаптайды ғой сойыс, лау.  
Алтыатарың құрысын!  
Ағайын бізден шошиды-ау.  
Заразап болған ел еді,  
Бір шошыса жосиды-ау!

### *Баласы*

— Қой, әке, қой кейіме,  
Адам болам, аттанам,  
Ауылдың бәрін үркітіп,  
Қайда барып бақ табам!  
Ауылда болған шатақтың  
Ақ, арамын ақтарам.  
Ұры ұстап, тентек тиямын,  
Үкіметке жақпаған.  
Байға тепкі көрсетем,  
Жалшыларын таптаған.  
Қазынадан ақымыз,  
Айлық санап, ақша алам.  
Қазынадан киім бар:  
Шенел, шалбар, шөпкі алам.

### *Әкесі*

— А, не дейсің? Келді ме,  
Қашанғы сөзім қақсаған.  
Тымақты тастап, делегей  
Киемісің? Масқарам...

---

<sup>1</sup>Милиция

Барак иттің басындай  
Келісер ме, шаш саған.  
О дүниеден үміт жоқ,  
Безіп құдай, патшадан.  
Аз күнде жер жастанам,  
Бұл дүниеден үміт жоқ.  
Елге, жұртқа жақсы адам  
Бола алмадың, шырағым,  
Тілімді алмай қақсаған.  
Сақалымның ағында,  
Өлерімнің шағында,  
Бастадың неге, жасаған!  
Малынды бағып жай жүрсен,  
Дедің бе, шіркін, аш қалам.

### *Баласы*

– Койсаңшы, әке-ау, не болды?  
Бұл бір ісім бастаған.  
Ел қорғаны біздерміз,  
Елді мен де тастаман.  
Енді мен мал шашам ба,  
Бұл күнге шейін шашпаған.  
Ағайын менен қаша ма,  
Бұл күнге шейін қашпаған.  
Өзіме оқу оқытады,  
Қара танып, хат жазам,  
Әлеуметтің ұлы боп  
Ауылды бағам, басқарам.

### *Әкесі*

– Жарайды, жарайды,  
Жақсы, балам...  
Мелисе болсаң мейлің,  
Кете көрме алысқа.  
Айлық ақша ап тұрсаң,  
Ұрынбассың, шырағым,  
Борыш пенен қарысқа.

Ауылға карай айкайлап,  
Сала көрме, шырағым,  
Шақарлардай шабысқа.  
Шошып қалған ел еді,  
Ақырма ауыл байғұсқа.  
Тәуір екен тапаншаң,  
Тот бастырма, бап ұста.  
Түсі суық неме екен,  
Бері қаратпа, ары ұста.  
Ана жылғы атыстан  
Зараппын, зәрем жоқ,  
Тарс-тарс тапанша.  
«Ал ұста да, ал ұста!»  
Малда, жанда билік жоқ.  
Қаштық қорқып қамысқа.  
Сонан шошып қалыппын.  
Берік жерге тығып қой,  
Аулағырақ, алысқа.  
Кезінде тауып аларсың,  
Келінге берші, шырағым  
Сала салсын талысқа!

*1922 жыл.*

## **БҰЛТ**

Түнгі жаймен жуынып,  
Көгілдір көк күлімдер,  
Шөгіп шоқ-шоқ тұман, бұлт,  
Шоқы сүйіп, дірілдер.

Көк мұнарлы белбеуін  
Алып тау бел буына;  
Сәлем беріп бұлт керуен,  
Таңда тауға жығыла.

Қабағы мұз, суық шал  
Қолын алып, қас қаға.  
Желде, күзде несі бар,  
Қалғыды тас жасана.

Бұлт — бөбек, тау — ана,  
Ана төсін аймалай,  
Ұйықтай тұрсын ол бала,  
Шыққанынша жел қалай.

*1922 жыл.*

### **ЖАНАР ТАУ**

Зәулім-зәулім заңғар тау  
Шығыс-батыс шегінде,  
Лапылдақ жалын, іші қау,  
От ойнақшыл тегінде.

Қарындай кепкен қампайып,  
Борсып, бықсып, булыққан.  
Ашылып аузы аңқайып,  
Түтеткен түтін, бу шыққан.

Ұшқыннан от бұлқынып,  
Күрс-күрс, быж-быж оқ...  
Жаландап жалын жұлқынып,  
Айнала түскен қызыл шок.

Лаба жалын жандырды  
Тас, қоқыр, тікен, сіріні.  
Тұншыққан жылан түтінге,  
Көзінен ақты іріні.

Қызыл жалын тазалап  
Қуарған қорданы өртеді.  
Жас балдырған жаңалап,  
Жайқала шықты өртені.



Жанардың жанған жалыны,  
Жердің жүзін жарық етер,  
Жарылқар жалшы-жарлыны  
Жаңа жұрт жасар, қарық етер.

*1922 жыл.*

## ЕГІНШІ

Адырайып тамырың,  
Балшықты балтыр, балағың,  
Күн жеген қара жауырын,  
Қарында айран, шалабың.

Топырақ шашып, жер айдап,  
Жалтылдап ақ кетпенің.  
Жұлма құлақ, су байлап,  
Жырым етек шекпенің.

Қарынға құйып сусынды,  
Мызғымай шалпыл салғаның.  
Үңірейтіп көзінді,  
Келер түске талғаның.

Еңбегің жанып, мінеки,  
Жайқалып түр егінің.  
Еңбегі ғой көгерген  
Егіншідей еріннің.

*1922 жыл.*

## ЖАЗҒА САЛЫМ

Күркіреп, күніреніп ұласып аспан,  
Сіркіреп, бұлт тұмшалап, жанбыр жауар.  
Дүркіреп жауқазындар жарар гүлін,  
Үлбіреп өсер шөптер, құлпырар қыр.

Жалтылдап жүнін тастар тай-тайлағы,  
Быкылдап, көлде қиқу — шағала, қаз.  
Былқылдап малға толар қырдың койны.  
Сылқылдап әзілдесер, күлер сылқ-сылқ.

Желіндеп төлді түлік көкке тояр,  
«Көне!» — деп шал асатар уызынан.  
Жеңілдеп көшетін ел қояр жүгін,  
«Егінші» деп егіншілер жабдыр жабдық.

Сылдыр су, тал тамылжу, құрақ қудыр,  
Ізі-шу, ию-қию көшеді ауыл.  
Ит ұлу, сиыр мөңіреу, бота боздау,  
Құр-құру! Кә-күшік-кә, айғай, дырду.

Жарысып тайлы ұландар ашамайлы,  
Тайы ұшып, тепкішегі жалп-жалп етер.  
Қайысып, қайынсіңлі қайта оралса,  
Майысып кербез келіншек аттанады.

*1922 жыл.*

## ЖАЗҒЫ ТАҢ

Түн-түнек қайтты,  
Ақ таңдақ таңның сәулесі  
Ынтықты мұнайтты.  
Токтады, тынды әуресі.  
Жыршы құс мақтады,  
Табиғат таңды қарсы алды.  
Ақын құс қақсады,

Жырлады, жар салды.  
Айдын да өңі бәсен,  
Жұлдыздар ауырып өлді.  
Үрледі самал әсем,  
Жыбырлақ жапырақ түзелді.  
Жасыл кыр, жапан — жарық,  
Көбелек-шыбын өрді.  
Көк құндақ көлдер толып,  
Көксеген күнді көрді.

### **ЖАЗҒЫТҰРЫМ**

Ой, балалар, балалар!  
Жылы-жылы жел соқты,  
Жылғалардан су акты.

Қаңқыл-қаңқыл қаз кепті,  
Жер қарайды — жаз кепті.

Желкілдейді көкмайса,  
Желіндейді мал жайса.

Ауыл көшті қыстаудан,  
Әне! Апамдар қой сауған.

Құс ұясын түзеді,  
Тайымды ағам күзеді.

Ел ешкісін қыркыпты,  
Егіндерін жыртыпты.

Ой, балалар, балалар!  
Ойналық та күлелік,  
Қос басына мінелік.

*1922 жыл.*

## САЯСАТ ҚОШҚАРЛАРЫ

Не айтар екен «Лұзан»?  
Шығар ма екен тозан?  
Мен мойнымды созам...  
    Үрит, үрит, үрит!..  
Рурға жасак барды,  
Көмір кенін алды.  
«Қошқардың» көзі қызарды,  
    Үрит, үрит, үрит!..  
Француз емінді,  
Герман шегінді,  
Америка көңілді,  
    Үрит, үрит, үрит!..  
Ағылшын арбауда,  
Жапон жалмауда.  
Еңбекшіл зарлауда,  
    Үрит, үрит, үрит!..  
Түркия бір кесек,  
Ұсақтар бір есек...  
Гу-гу өсек,  
    Үрит, үрит, үрит!..  
РСФСР батыр  
Шаруада жатыр.  
Дәулерге заманақыр,  
    Үрит, үрит, үрит!..

*1922 жыл.*

## АЛА БИЕ

- Иса-ау, мұның не?  
— Ала бие.  
— Бұған кім ие?  
— Мен ие.  
— Қайдан?  
— Тұлғабайдан.  
— Бұрын бәйбіше бие-ау, өзі,  
И... жануар... айуан!..  
Тұлғабайың әлгі таз ба?  
— А, таздың сыйлауы аз ба?  
— Жарайды... жарайды...  
Өзі буаз ба?  
— Өңі жас?  
Тісін аш!  
— Тісі сары қайрак,  
Бір ку қақбас.  
— Жем жер,  
Өнденер.  
Күтсе, бір құлын берер,  
Не, оналтып сойсам  
Жемін төлер...  
— Май етті мал еді деп,  
Шулады Шүйелер.  
— Қызын кімге берді?  
— Шүйеге берді.  
— Қанша мал келді?  
— Не қыласың, малды күреді.  
— Шүйенің қайсысы екен?  
— Мына Садуақас, Бекен.  
Екеуін жақындастырған  
Мына Иса екен — Жөкен.  
Ауылын болыстар, бөтендер басты,  
Тұлғабай да, Шүйелер де састы.  
Қызба табаның үстіне  
Песір мен судья да араласты.  
— Бекенді қыз бекем сүйді?  
— Сүймесе қойсын,

Малы тиді.  
Тоғызы тоғанақтасып,  
Әй, кетірді-ау күйді.  
— Е, болыс не алды?  
Секретарь орыс не алды?  
— Оларды айтпа,  
Сонда қонып қалды.  
— Е, тағы?  
— Тоқаң ұйғарғаны:  
Судьяға сары атан,  
Комиссияға жорға бурыл,  
Нарядчикке тарғыл өгіз,  
Песірге көк айғыр,  
Сәлім мен Оспанға екі қой,  
Сәріп ақсақалға қоңыр құнажын сиыр.  
— Пәлі!  
Құйрықтарымен майланыпты-ау, ие,  
Ақсақал да, болыс та, би де.  
— Бұрын құлақтас қулар ғой,  
Дәл малды алып келгенде  
Болғаны ғой үйме-жүйме.  
Қағазды жайып тастап,  
Сазарып отырып алысты  
Не бөлені үйе.  
Ары сөйлесіп, бері сөйлесіп,  
Болды, береке, жүйе.  
... Басында —  
Алмақ едім түйе,  
Бермек еді Шүйе.  
Қулар, күзғындар қаптап  
Қылмады ие.  
Не шықты?  
Ат майы қайтты.  
Тигені ала бие.

*1922 жыл.*

## ЖАЗҒЫ ШІЛДЕ

Ой, балалар, балалар,  
Шілдем, шілдем — шілде айым,  
Шырлап торғай күн сайын.  
Шұбар ала шешектер,  
Шудаланған көк шөптер.

Жапырақтар жалпайды,  
Жас қозылар марқайды.  
Ұшты көкек сай құлдай,  
Сайда пісті танқурай.

Кұрт, ірімшік қайналды,  
Кұлындар да байланды.

Нәйім, нәйім бауырсақ,  
Ағын суға шомылсақ.

Ой, балалар, балалар,  
Ойналық та күлелік,  
Үйретіп тай минелік.

*1922 жыл.*

## КҮЗ

Ой, балалар, балалар,  
Қоңырқай күз болыпты,  
Қурап жапырақ солыпты.  
Ел егінін алыпты,  
Ақ үзіктер жауыпты.  
Ел күйекті шешіпті,  
«Есепші айтты» десіпті,  
Ел мектебін күтіпті.  
Енді мая салыпты,  
Ел күзекке қоныпты,

Койшы койды тоғытты.  
Ауыл күзем алыпты,  
Тоқтышак тон бітіпті.  
Ой, балалар, балалар,  
Ойналық та күлелік.  
Енді оқуға кірелік.

*1922 жыл.*

## ҚЫС

Қыс, қар, мұз, қырау, қылау — жерді көміп,  
Бұлт бүркеп, тұман төніп, баса шөгіп,  
Жер-көкті аяз бүріп, қызыл жалап,  
Бұрқ-сарқ боран құсып, шашып, төгіп.

Кейде аяз, кейде бұрқак, кейде қырбак,  
Кейде ергек, кейде күрпік, кейде сырғақ,  
Жер тарпып, аспанды аршып алтын күрек,  
Сапырар сұрапылды кейде бір уақ.

Ойда омбы, дөнде қағыл қырдың қары,  
Жылмық, мұздақ болса — қырғың дағы.  
Қатындар қалтырасып судан қайтқан,  
Қарғанып қыдырғанға қырдың шалы.

Көл өлік, қаз, қуы жоқ дауыстаған,  
Қалған күс — қарға, шөже, сауысканнан,  
Көтеріп көтеремін, көз түртті боп,  
Арсыз жоқ азық-шөбін тауысканнан.

Шөкітіп шөбін тиеп шанасына,  
Қазақ бар қатынасқан қаласына.  
Ас-тойдың, батаоқырдың бірі де жоқ,  
Мал қамы, ауыл алаң шаруасына.

Күн күнгірт, аспан шаңғыт. Қылаулаған.  
Қылаудан бұта бұғып қырауланған.



Ол бір жұт, арамза қой қоздаған,  
Ол бір құт сиыр ерте бұзаулаған.

Қой, жылқы қайрат қылып жерді қазған,  
Ауыл да жүдеу-жадау қыстан азған.  
Үсініп аяз, боран үскірікте,  
Өткізген қырда өмірін малшы жазған.

Қорада жабуланған арық-тұрақ,  
Шәмшендеп шөп айнала шыбыш, лақ.  
Шанасын шиқылдатып, ит үргізіп,  
Ауылға тартқан қонақ, ымырт уақ.

Болмаса түлкі алдырған, қасқыр атқан,  
Бір қазақ таба алмайсың қысты ұнатқан.  
Өтіпті «ақ қояндай» қырғын қыстар,  
Түкірік түспей қатқан, жұрт жұтатқан.

Істеген жаздай еңбек Иван — мүжық  
Базарды асырап тұр мая бұзып.  
Етпеген жаздай еңбек Иса қазақ,  
Сасулы, көрінеді қыс құбыжық.

Жалғыз-ақ мектеп іші қыста қызық,  
Балалар ду-ду оқып, жазып-сызып,  
Үйде тар, далада қар, суық қысан,  
Мектептен басқа жерде көңілсіздік.

*1922 жыл.*

## ҚЫС

Табиғатты құбылтып,  
Денеге суық ұрынтып,  
Бұл мезгілде қыс қожа.  
Басындағы шалмасы,  
Үстіндегі салмасы  
Кіршіксіз аппақ тап-таза.

Киімсіз, жайсыз, жалаңаш,  
Қабағы салқын, қарыны аш,  
Сүмірейген сулы көз.  
Олардың жаттап жүргені:  
«Іш-шай-алдай» деген сөз.  
Қожекеңе бұл наза.  
Жылмайған жылы күнінен,  
Жылдамырақ айрылып,  
Аһлап ауру әнімен,  
Қабағын жауып қайғырып,  
Жерге жетті бір қаза.  
Аяз қызыл үскіріп,  
Бетіне жаман түс кіріп,  
Осы қожа қақап тұр.  
Науқасы тым-ақ беймаза.  
Сырты ажарлы, іші жау,  
Тәрізі жаман тамақсау.  
Азығы-шөбі аздағға,  
Енбексіз жалқау наздарға,  
Құлқынды қожа, оңаза.  
Жинақты жылпың шаруаға,  
Жем, шөбі көп қораға  
Қожаның аузы ораза.

## АҚСАБАН

Түу-түуде тоғай томсарар,  
Төбеде төнер торғын көк,  
Қыбыр-қыбыр қырда мал,  
Жыбыр-жыбыр егін, шөп.

Егінде еңбек, шөпте асар,  
Жыбыр-жыбыр бар кісі.  
Қырт-қырт орад орағы,  
Сыңғыр-сыңғыр шалғысы.

*1923 жыл.*

## ЖАУЫНДА

Жауын, жауын  
Толастамас сорғалар.  
Су болды ауыл,  
Малы-жаны қорғалап.

Үйде от жоқ,  
Өйткені отын және жоқ.  
Тоқтар тоқ боп,  
Жоқтарда баспана жоқ.

Ыбырайымның ауылы  
Анау ақ үйлер.  
«Құдайынның  
Ыбырайымға өзі иер».

Корасының  
Шетіндегі лашық —  
Баласының  
Отырғанын жыласып.

Кім көреді?  
Айтатын жан болар ма?  
Күңіренеді...  
Жауын жаумай қояр ма?

Сорғалауын  
Сорлыларға мына күн.  
Бала, жауын —  
Бәрінің де жылауын!

*1923 жыл.*

## КІМ ЕКЕН

Бауырым, сәулем Күлөнда!  
Неліктен солғын ажарың?  
Тұтылған айдай тұманда,  
Неліктен төмен назарың?

Ақ дидарың тотығып,  
Ақша бетің солыпты.  
Жігерің жасып, от құрып,  
Жанбастай болып сөніпті.

Жазық жауырын қайқайып,  
Шыбық белің бұралып,  
Құлағың қапты қалқайып,  
Тамағың, жағың суалып.

Бүлдірген бетің сұрланып,  
Тыржиып қабақ қатыпты.  
Алмадай піскен нұрланып,  
Тартылып ұртың батыпты.

Мөлдір тұнық кара көз,  
Ажарсыз тартқан алайып.  
Келте кара шашыңыз  
Түбіт бопты шолайып.

Ақ білегін азғындап,  
Білезіктерің босапты;  
Қарағанға байымдап,  
Саусақта жүзік бос қапты.

Ұзақ, сары таң көрмен тең,  
Кірлігінде жоқ ұйқы.  
Ұзақ, сары күн шермен тең,  
Езуінде жоқ күлкі.

Көзіннен аққан суық жас  
Айғыздап бетті шайыпты.

Суык жаспен аралас  
Жүректен талап тайыпты.

Тамаша сауык, жиын той —  
Біреуі де көңілсіз.  
Достық, қастық, қызықты ой  
Біреуі де келімсіз.

От лебіндей ып-ыстық  
Аузыңнан шыққан ащы зар!  
Кеуденді кернеп, дерт қысып,  
Көзіңнен сығып ағызар.

Өз жөнінді ұмытып,  
Итке басынды иесің.  
Ұзақ таңға у жұтып,  
Аһлап жастық сүйесің.

Айт шыныңды, сәулежан,  
Кім мұңайтты? Кім соқты?  
Айырып ажар ақылдан,  
Әлде пері, жын соқты?

Шыныңды айт, неге бөгелдің,  
Жүрекке жара салған кім?  
Махаббат, талап, жігердің  
Тамырын қиып алған кім?

Кім сарғайтты, налытты,  
Айт, жасыма, жасқанба!  
Дауыл менен жауыздың  
Ұшқан күлі аспанға.

Өсекшіл жауыз қас дұшпан,  
Деді-ау әлде: күң екен.  
Біз бұғаусыз арыстан —  
Күң қылатын кім екен?

*1923 жыл.*

## МЕЗГІЛ СУРЕТТЕРІ

### ЖАЗ

Жерің анау,  
Жасыл жолақ кілемдей.  
Желің мынау,  
Жігіт айтқан өлендей.  
Көңіл анау,  
Той ғып жатқан ауылдай.  
Күнің мынау,  
Елжіреген енендей.

### КҮЗ

Жерің анау,  
Шала илеген терідей.  
Желің мынау,  
Дарымшының деміндей.  
Көлің анау,  
Насыбайлы түкірік,  
Күнің мынау,  
Ауылнайдың мөріндей.

### ҚЫС

Жерің анау,  
Ақ кебенек, кербіндей.  
Желің мынау,  
Ел күңіренген өлімдей.  
Көлің анау,  
Көк пияла темірдей.  
Күнің мынау,  
Тұманды, түк көрінбей.

*1923 жыл.*

## МЕНІҢШЕ

Құйын сезім қусырып,  
Құштарлық көз тұндырар.  
Құштарлық көз тұндырса,  
Ой қылмастан көз жұмар.

Құштарлық көз тұндырса,  
Ой қылмастан көз жұмар.  
Әр қылмыстан құмарлық  
Іздер бидің орны бар.

Ұғынған жөн әуелі  
Жазалының жан сырын.  
Жазалыны күйдірген  
Жан бар шығар жасырын.

Құмарлық — жан жұмысы,  
Сокса құйын кей-кейде,  
Қалмайды ақыл, әл менде.  
Мендей шығар бар пенде.

*1923 жыл.*

## ЖЕЛ

Дауылдат!  
Дауыл,  
Дабыл қақ!  
Ұшықта!  
Шалқыт, ұшыршы!  
Ұшқыр ұшта  
Дамылдат,  
Ойдағы жерге түсірші!  
Ойда бар,  
Білем...  
Жақсы жер;

Онда бар,  
Білем...  
Күн күмбез.  
Ойда бар,  
Білем...  
Бейбіт ел;  
Онда бар,  
Білем...  
Кой мінез.  
Ертерек сонда жетелік.  
Жеделдет!  
Желдет!  
Жел, жылдам!  
Жетуге.  
Еңбек етелік!  
Тура тарт, желім!  
Мен міндім!

*1923 жыл.*

## **БӨЛЕК-САЛАҚ ОЙДАН**

Сияқты маған бал тұшы.  
Өзгеге де, өзіме,  
Сендім бе көп сөзіне?  
Баска, бөлкім, бал ашып.

Дүние, білем, тым алыс,  
Көзден, қолдан, денеден.  
Жалғыз-ак ой көреген  
Алыс, жақын — бір карыс.

Көз не көрер өмірден,  
Кеткенімен өленге.  
Тіл не сөйлер өмірден,  
Келгенімен сөйлемге.



Емес пе ең жазғы көбелек,  
Көгалда көлбеп ұшпайсың.  
Не себеп, мұнша уһілеп,  
Қу таяқты ұстайсың?

Өзіндей жанның баласы,  
Оқып жүр ғой мектепте.  
Бет, білек қолдың саласы,  
Абайлашы, аппак па?

Мектебі жақсы, көңілді,  
Аркалап боқша барады.  
Киімі бүтін жып-жылы,  
Ойнап асыр салады.

Жабырқаусың, жасықсың,  
Ондай көңіл сенде жоқ.  
Жалынды жастай басыпсың,  
Пендеге де пенде боп.

Ұйымы қайда жастардың,  
Әлде сені білмей ме?  
Әлде асусыз асқардың  
Жібермей желі үрлей ме?

Бұған қандай мәніс бар?  
Сен бұл күйде отырсың.  
Еске алар, аяр танысар,  
Оқырсың, қарғам, оқырсың!

Ұран жақсы, үміт көп,  
Жамырар жастар, бас құрар.  
Өсерсің көпке жігіт боп  
Жасыма, жаным, жас құрғар.

*1923 жыл.*

## ТАС

Көгілдір, мөлдір көк аспан —  
Көлеңке, сәуле ойнағы.  
Ойнаса онда жылпың жел,  
Жыртылад шарбы, қаймағы.

Жел қуалау, бұлт қашу —  
Жігіт-қыз айтта, тойдағы.  
Көк күмбезде күнде ойнақ,  
Ойнады да қоймады.

Бұлт бір мезгіл бұрқырап,  
Астарлады аспанды.  
Асқарға соққан асқак жел,  
Тас сүзді де жасқанды.

Нөпір нөсер шүмектеп,  
Жасылдан жалтыл басталды.  
Балбыраса да барлық зат  
Тас күйінде тас қалды.

*1923 жыл.*

## ЖАЗ

Алты ай қыстай ауыртып,  
Қыс қысты жер шешені,  
Жайнаң қакты, жаз көрді,  
Жаз жайдары, жаз сері.  
Желдетті, жерге дем салды,  
Есілте ескегі еседі.  
«Қырық аякпен» ұштасып,  
Нөпірледі нөсері.  
Жамылған жалба жамылшын  
Жер жиіркене шешеді.  
Өлген өзек еңіреп.

Жылғалар еңіреседі.  
Көлге бата қылғандай  
Сендер суда көшеді.  
Жапыра жауы қуғандай  
Балықтар дүркіреседі.  
Жібіді көні, жібіді —  
Дімкәс шешем кешегі,  
Сәл-сәл болды, терледі,  
Терге батты төсегі.  
Ауруынан айықты,  
Кірбінсіз кетті кеселі.  
Сабыры кепті, сауықты,  
Самсады бөйшешегі.

*1923 жыл.*

## ЖАЙЛАУ

Көк кілем қатипадай жасыл жайлау,  
Қаз-қатар ауыл арты желі байлау.  
Жайлаудың жаз мезгілін елестетіп,  
Мақтаншақ мінезім бар жұртқа айқайлау.

Айы алтын, көк жайлаудың күні күміс,  
Ақ тасы бұлағының маржан, күріш.  
Етегін шалғын шалып, жел шайқаса,  
Бейне той секілденер жасқа жүріс.

Құлын, тай кісіңсіп шіңгір-шіңгір,  
Тас бұлақ жайлау мақтар қағып сылдыр.  
Тырайып көк жотада қой шетінде,  
Мастанған катық ішіп қойшы құрғыр.

Қарағай калың отыр қарсы бетте,  
Қарашы Қалиман мен Бейсембекке:  
Тенселіп, тебісіп тұр алтыбакан  
Байлап ап отын жібін әлпеншекке.

Айналған аспанында алғыр бүркіт,  
Қатындар күрпілдетіп піскен іркіт.  
Әуені анда-санда бұлты торлап,  
Жайлауды шомылдырар жұпар бүркіп.

Сапырып бәйбіше отыр сары қымыз,  
Бай отыр жалшы жұмсап, сөзі нығыз.  
Өзекте мұрын жарып, мастандырар,  
Қой үзген таңқурайдан аққан уыз.

Үңілген қыз, келіншек бүлдіргенге,  
Қуқыл мәз төбеде елді күлдіргенге.  
Жапар таз қой, қозыны жамыратты,  
Әуей боп бүлдіргенде бір жүргенде.

Үй басы күрт қайнатқан, өре жайып,  
Күнделеп бие сауған келін, зайып.  
Дауылда жел қапсырған арқаны жоқ,  
Кедейдің қауешегі тұр қисайып.

Інірде жылқы жиған жылқышылар,  
Сызылтып көңіл тербеп өнге шырқар.  
Ән толғап бойжеткенді қыбылжитса,  
Күрсініп көзден кекіл кейін сипар.

Қысырақ үйірленген бөрте бурыл,  
Саяқсып шет жайылып емес жуыр.  
Қайнатқан қазан түспей, таң білінсе  
Азанды сықақ қылар таста суыр.

Алады түнгі ұйқыны күндіз сәске,  
Сәскеде сары қымыз түсер бәске:  
Манаурап гүл толқытқан самал жұтып,  
Ақ сұлу ірге жақта тігер кесте...

*1923 жыл.*

## КӨКТЕМДЕ

Жауыны жауып, жасылы  
Жарқылдайды — жаз кепті.  
Өкіреді өзен тасуы,  
Қаңқылдайды — қаз кепті.  
Ширады шымайт, шаң шықты,  
Құрғады құмайт, саз кепті.  
Төңірек ашық, тұман жоқ,  
Көктен нұрын күн септі.  
Тоғайда, көлде той кылып,  
Қаптады құстар жер-көкті.  
Ауылдың малы балалап,  
Айран шықты аз-көпті.  
Қоңына құйып қоламта,  
Қоқан емдеп таз көкті,  
Манаурап мал, жан жадырап,  
Жан-жануар мәз бопты.

Құлазыған қыстайғы  
Малға толды сай, коқты,  
Күпісі жалба жабағы  
Тойтаң қағып, тай бопты.  
Ісек шығып есіред,  
Көрпелдес көнтек көк тоқты.  
Есінде шығар, елім-ау,  
Емдеп ед Қоқан қай көкті?  
Қоқан көгі құлпырды,  
Құм сіркеден құтылды.  
Қунаң қакты, қоң бітті,  
Көгі көкке тойынды,  
Құтырып Қоқан орғытты;  
Көмір жинап, көрік жағып,  
Ұсталар, ойдай, іс соқты.

Ауылдың пейілі биыл кең,  
Өйткені мал-жан дін аман.  
Қисаймай шықты қылшығы  
Қысыннан да қысаған.

Азыксыраған ауыл жок,  
Ашып алды астық ұрадан.  
Ақ шықты, жатыр жағысып,  
Жарлысы жок жылаған.  
Шығынсыз шыбыш лактап,  
Төлеген тоқты бір заман.  
Астығын, малын базарлап,  
Қажетін алды каладан.  
Кооперативтен кездеме ап,  
Киінді ауыл жанадан.  
Бас-аяғы бір болды,  
Бастап еді баладан.  
Шанқиған жейде шал киіп,  
Киінді кемпір аладан.  
Кәрістетті келіншегі,  
Шомытын тастап жамаған.  
Қыдырынды азайды,  
Қыдырып үйді шұбаған.  
Жалқаулары көрінбейд  
Жатып ішіп сұлаған.  
Елдің түрі көрінді  
Етек-жеңін жинаған.  
Шаруасына көрінед  
Көбінің көңілі құлаған.  
Тісін сайлап, тырбанып,  
Тіршілік етті тірі адам.  
Қызыл ма, қыз ба, қызғалдақ  
Қырға біткен, көз салшы?  
Көк масаты көрпе көк,  
Көлпілдейді, ойға алшы.  
Көк ала батшәй көбелек,  
Көбелектей ме ол қайсы?  
Көлде тойлап толы құс,  
Қызығына тойсамшы!  
Мал маңырады өрісте,  
Қайырып оны жүр малшы.  
Өзгесін былай қоялық,  
Онда кайда диканшы?

Диканшы кім ауылда?  
Айтамысың Қоқанды?  
Қоқан байдан қол үзген,  
Жалшы шығып, бай қалды  
Токпақтаумен тоқалды.  
Тоқал да тұруы екі ұрық,  
Тоқалға да тақалды.  
Сонында нокта сүйретіп,  
Қоқан байдан ақы алды,  
Жалшыға да жар шықты,  
Бай жегенін қақалды.  
Бай жылады, жұлқынды,  
Сатала сауыс сақалды.  
Қосшыға Қоқан жазылды,  
Қоғам болды, соқа алды.  
Тіс темірін тапта деп,  
Оны ұстаға апарды.  
Қазына берген қарызға  
Арбасы мен ат алды;  
Сайлады саймандарын да  
Шұжықтап мойынапанды<sup>1</sup>;  
Қыркаға әкеп қос салды,  
Сықыр-сықыр соқасы,  
Солқыдатты сол маңды,  
Қоқан шашты тұқымды,  
Қоқан жерді қопарды.

*1923 жыл.*

---

<sup>1</sup>Өгіз қамыт

## БАСПАХАНАДА ҚЫР ҚАЗАҒЫ

Нұрқыдыр мен Байқара  
Келіп еді калаға,  
    Иванның тартып саржасын.  
Бұрып еді ат басын,  
Жабық екен қақпасы,  
    Таба алмады маржасын.  
Мама ағашқа жалтарып,  
Шолақтарды қаңтарып,  
    Доғара салды арбасын.  
Тамашалап адамын,  
Қарасып тұр қаланың  
    «Ызбырай-сайман» — шаруасын.  
Алдында үлкен сарай тұр,  
Әшекейлеген ала сыр,  
    Қаңылтырлаған мұржасын.  
Сығаласып тесіктен,  
Еңкейісіп есіктен,  
    Қарасты қазақ, ордасын.  
Қыбырлаған қымызшы,  
Қымызшы емес, жұмысшы, —  
    Кожалақтаған қол-басын.  
Ойынындай баланың,  
Ұясындай араның,  
    Керулі көрді дорбасын.  
Дорбасының ішінде,  
Қолдарының ұшында,  
    Котыр-котыр қорғасын.  
Керіле алмай кекшендеп,  
Күйелеш қолмен шөпшендеп  
    Жиыстырад тұлғасын.  
Қарай алмай жан-жаққа,  
Қолындағы қалаққа  
    Қиыстырады бір басын.  
Сықырлап машина айналып,  
Ұршықтары майланып,  
    Ыңырантады ырғасын.  
Қырдан келген қазекен,



Көргені тіпті аз екен,  
Шамалайд ұзын-ырғасын...  
Қағазды жұтып ішіне,  
Арпылдаса машина,  
Ойлайды қазақ бурасын:  
Шөккен мынау көлденең  
Асатып жемін бураның  
Бағып тұр біреу турасын.  
Арпылдайды ол сабаз,  
Жарқылдайды ақ қағаз —  
Бейне қарлы борасын.  
Резеңкелі қара октау  
Харіпті майлап, қағазға  
Үйкейді екен арқасын.  
Айналдырған жігіттің,  
Тұла бойын жібітіп,  
Ағызады екен сорпасын.  
Қағаз жасап отыр жас,  
Жұмысынан алмай бас,  
Колының көрді жорғасын.  
Нұрқыдырға Байқара  
Түртіп, деді, — Бер кара,  
Көрдің бе анау газеттің  
Жазатұғын молдасын.  
Арқасында әдістің  
Тапқаны ғой орыстың,  
Көрдің бе мұнша олжасын.  
Берекелі істеу жоқ,  
Машина-сайман ұстау жоқ,  
Жайылып жүрген «мал қазақ»  
Кімге тамақ болмасын?  
Бөдрет алып отынға,  
Қарағай тартып қатынға,  
Жүрміз міне, жолдасым.  
Кел, мөлмей қайтайық,  
Маржаға жайды айтайық,  
Здавайттап саржасын.  
Нұрқыдыр дейді:

— Жүреміз,  
Ауылда кашан көреміз  
Осындай өнер ордасын?  
Басымыз жүр қосылмай,  
Үйреніп өнер осындай  
Малданамыз ба қорғасын!

*1923 жыл.*

## КЕДЕЙ ТОЙЫ

Күндегіден көп нұрлы  
Сызылып атқан сұлу таң.  
Су да өзгеше сылдырлы,  
Дейді: «бүгін шын мейрам!»  
Тас кеуделі Алатау,  
Жайдары жатыр маужырап,  
Жапырақ, жалбыз, қалақай  
Ымдасты бүгін саудырап.  
Көк торғындай аспан-көк,  
Төбеден төсін тосып тұр,  
Орман, тоғай, бәйшешек  
Тойларын құтты! — десіп тұр.  
«Тұр, кедей!» — деп тойына.  
Бозторғай шырлап жар салды.  
Шақырып жан-жақты ойынға,  
Тоғайда бұлбұл ән салды.  
Манаурап тойған төрт түлік,  
Маужырап қалды өрісте.  
Жадырап толқып аспан, жер  
Құшағын жайды егіске.  
Айдаһар қоршап, патшаға  
Отар болған Жетісу.  
Қан жасымен бет жуып,  
Желім жеген, ішкен у.  
Елдіктен әбден кеткенде,  
Сүйекке зардап жеткенде,  
Шыққамыз бүгін жарыққа,

Лағынет айтып өткенге.

Біз ол күнді ұмыттық,  
Мүз жүректі жылыттық,  
Қан сорпалы еңбектен  
Жалғыз-ақ бүгін тынықтық.

Карашы, көз сал, байқашы,  
Кедейдің мынау тойына.  
Өмірде көрген қорлығы  
Келетін де емес ойына.

Жарлы-жалшы, батырақ,  
Қоланшылар, қойшылар.  
Жарқырап жан-жақ атырап,  
Бәрі болды тойшылар.

Топырақ жұтқан байғұстар  
Сапырып отыр сары қымыз.  
Қиғаштай кесіп жамбасты,  
Дейді «алыңыз, алыңыз».

Бәйге жүйрік шабыста  
Балуандар да алысты.  
Қыз, келіншек айтысса,  
Найзагерлер сайысты.

«Көкпары» талас, тартыста,  
Ал ұста да, ал ұста,  
Күрметті тойдың қонағы  
Тамаша қылып аңдыста.

Біз әлпештеп бұл күнді,  
Осымен үш жыл ойнаймыз.  
Жыл он екі ай, бір күнді,  
Бас қосып жылда тойлаймыз.

Жетісудың кедейі,  
Көрген қуғын-сүргінді.  
Сол себепті әдейі  
Ардақтайды бұл күнді.

Кедейдің жанын сергіткен  
Мейірімді сәуле бір күнсің.  
Жетісуда ел күткен,  
Бұл күн көпке білінсін.

*1923 жыл.*

## ҚОЙШЫ ОЙЫ

Ауылы Қойлыбайдың қолат қонған,  
Сілбірен ұзақ сары таң жауын болған.  
Тон, шалбар түні бойы көксокта боп,  
Қорада қой күзетіп қойшы тоңған.

Иірген түніменен ыққан қойды,  
Таңғы жел ширықтырып тұла бойды.  
Жантайып таң атқан соң жабуында,  
Иіріп ыңырсиды мынау ойды:

Құл мен күң әкем, шешем ежелдегі,  
Мал баққан, отын шапқан өз еңбегі.  
Бай, батыр, жалшы, мырза, әлді, әлсіз бар,  
Тіршілік, мынау аққан өзендегі.

Суық тас әкем төні қара кесек,  
Жаншылған шешем жаны балшыққа есеп.  
Көлігі көз ашқаннан көрінгеннің,  
Жаны өлік, жүрегі өлік, бір көк есек.

Езілмей, елжіремей жас жандағы,  
Суысып күзгі бұлттай аспандағы.  
Суық, сұр соқтығыстан туған жаймын,  
Салмағы салқын қанды басқандағы.

Болатын дүние сарсаң туған шақта,  
Өскемін отын жастық, күм құндақта;  
Жер теуіп темір өкшем балға болған,  
Иленген тікен, шеңгел бұл құшақта.

Бұлшық ет, бұлтық боршам тұтасуы,  
Суғарған қар, жаңбыр мен көктің суы.  
Былғары қара мүсін сүбе етімді  
Бөріттірген, талқылаған бейнет уы.

Құр қалған табиғат жоқ танбай менен,  
Мейлі алыс, мейлі қиын, мейлі терен.

Нөсерге кара денем малшынғанда  
Койнымнан боран гулеп айтқан өлең.

Менімен бірге өскен мырза Керім,  
Бір жылда санап болмас кигендерін.  
Ақ балтыр өміркеннен алтау кисе,  
Қатты ұлтан, қара балтыр табан терім.

Мен сонан суықпын ба дүниеге,  
Желп етіп желікпедім ештемеге.  
Масылдық, мақтан, пандық, ақсүйектік  
Адыра емес пе суық жан, мұз денеге?

Табан ет таянғаным, маңдай терім,  
Малың сол таласатын жалғыз сенің.  
Қыруар Қытайдағы киналған жұрт,  
Құл негр құм қыдырған баурым менің.

Әміркен резеңкесі еліндегі,  
Жер астында, көмірдің кеніндегі,  
Маржанға Үндістанда сүңгуірлер,  
Диканшы жер тырнаған егіндегі.

Байдағы жалшы, құтан қай-қайдағы,  
Мәутен таз өзіміздің малай дағы.  
Теңізде, темір жолда, фабрикте —  
Ондағы жұмысшылар талай дағы.

Бауырым мұнын бәрі, туысқаным,  
Тілімен тіршіліктің ұйыспағым.  
Ел талар, енбек қанар, жұртты жұтар  
Жалмауыз — жауым менің, бай дұшпаным.

Уланған мен улы жан кедейлікпен,  
Жара боп жан жаншылған басқан жүкпен.  
Дін, мақтан, дәулет тапқан арсыздықпен  
Атаққа, аруак, құдай тізе бүкпен!

Жыладым, ызаландым, жүрдім жалға,  
Көмегін көрсеткен жоқ аяп «алда».

Күн бар ма кететұғын, құтылам ба,  
«Кедей» деп сүйектегі басқан таңба.

Быж-тыж қып бай, жуанды осы манда,  
Кенелді-ау кедей біткен бүгін таңда.  
Жайнады таң астынан қырмызы нұр,  
Масайрап мандайында орак-балға.

Ұмытам бұған қарап баяғымды,  
Аттайын соған таман аяғымды.  
Балғаның орақпенен ортасына  
Қояйын мен де апарып таяғымды.

*1923 жыл.*

## ҰЛЫ КҮН

Аспанды кара бұлт орап,  
Маңайым тұман болғанда;  
Үсті-басты жау тонап,  
Жаным-тәнім тоңғанда;

Еңбек пенен ақылды,  
Көрінген олжа қылғанда;  
Бауырласты, жақынды,  
Иттер қалжа қылғанда;

Құзғын, қорқау қамалап,  
Айрылғанда сүректен;  
Жылан, шаян жырмалап,  
Айрылғанда коректен;

Қармалап жол таба алмай,  
Қараңғы көзсіз түнектен;  
Қармалғанды ала алмай,  
Қан аққанда жүректен;

Қараңғы жарға болып тұс,  
Қамалғанда тұйыққа;

Көзді шоқып кара күс  
Мінгенде басып иыкка;

Үрейленіп, үрпиіп,  
Көтеремдей сиықта;  
Мойынға ауыр жүк үйіп,  
Батырғанда ұйыққа;

Он алтыншы жыл еді-ау,  
Шулаған дала жамырап.  
Ол ұмытпас күн еді-ау,  
Күніренген жұрт аңырап.

Ауыздан жалын аһлап үн,  
Кеткенде иық салбырап,  
Қолдан келіп алған кім?  
Жығылғанда қалжырап.

Тұман болып жан-жағы,  
Қамауда қатып қалған кім?  
Қолтықтан сүйеп сондағы  
Жарыққа тартып алған кім?

Сол күндердің әр уағы  
Есте емес пе күн бүгін,  
Ол күнді естен алмағы  
Оңай болмас әркімнің.

Ол бүгінгі күн еді,  
Көтерілген көкке бу.  
«Қозғал, кедей» үні еді,  
Жұмыскер, солдат шу да шу...

Ол бір күнгі Октябрь —  
Жарқырап нұрын шашқан күн;  
Патша, төре саудагер  
Қояндай бұғып қашқан күн;

Қызыл жалау ұйтқытып  
Әлемге нұрын шашқан күн;

Айдаһарды коркытып,  
Аптығын судай басқан күн;

Үш тосарлы қанды ауыз,  
Ол бораға түскен күн;  
Қара қабан, жалмауыз,  
Қорқырап қанын ішкен күн;

Алаламай әлемді  
Жарқырап сәуле түскен күн;  
Кең, байсалды, мәнерлі,  
Еңбекші тонын пішкен күн.

Тапшыл жолын анықтап,  
Ат ойнатқан далаға.  
Қорғасынмен ұшықтап,  
От жайнатқан қалаға.

Айдаһардай ақырған,  
Алтын иық, сары ала,  
Бақадай шулап бақырған  
Деген «жаным қала ма».

Жұмыскерді, кедейді  
Оққа апарып байлаған.  
Құлды, күнді — өгейді  
Майданға топтап айдаған.

Сол соғысты сындырған  
Сен емес пе ең, Октябрь?  
Еңбекші көңілін тындырған  
Сенен басқа неткен күн?

Еңбегі жанған, боп жолы,  
Сен еңбекшіл серкесі.  
Ардақтайтын әр жылы,  
Сен еңбекшіл еркесі.

*1923 жыл.*



## МАЙ ТОЙЫНДА

Бүгінгі күн үлкен той,  
Бірінші май — перуай май.  
Қуаныштап, құлаштап  
Тойлайтұғын келді орай.  
Шашу жарлы-жақыбай,  
Не қылды екен, апыр-ай?

Сал тарланға, ер қайда?  
Ырғайға қызыл ту байла.  
Томыртқа қылып торсыққа,  
Шөлдермін, сусын су байла.  
Мінейін дауыл тұлпарды,  
Асынбан, қанжар — зұлпарды.

Такиядай, топтай боп,  
Жер денесі құрғақ су...  
Төбесіне шоқтай қып —  
Шаныштым әкеп қызыл ту.  
Жел, жалауды желбірет!  
Желіктеп шықсын іштен дерт!

Жарысқа тартып жарлымды,  
Жырлайын жалпы май тойын.  
Қамшылап жүйрік даңғылды,  
Салайын бүгін ат-ойын.  
Тарт, көлденең жүйрікті!  
Жау камалды, ұйлықты!

Мызғыдым да түс көрдім.  
Кедей озды, болжал түс!  
Есінедім, түшкірдім:  
«Жаракімалда!» — дедім үш.  
Тарт, кедейлер, ақ жолға,  
Әлемнен бөйгені ал қолға!

Патшада бар арғымақ,  
Алтын тұрман, зер түлік,

Май тойында шаба алмас —  
Май карын, бопау, кан жілік.  
Ол шаба алмас караға,  
Мұндай тойдан садаға.

Байларда бар боз азбан,  
Кебеже қарын кен құрсақ.  
Мұндай ұзақ бөйгеге  
Жарамас аңғал ұрыншак.  
Шабам десе шын соры,  
Аударылар жын, тоғы.

Тесік өкпе, бейнетқор,  
Қажымаған қамытқа;  
Арып-ашып, күйсіз боп  
Сүйреген еді бағытқа,  
Бар шығатын тұлпарым  
Айнала шауып жер шарын.

Жүрегі таза көңілі ақ,  
Жарлыларым, кедейім.  
Жабырқапсың, мұкалып,  
Бауырым-ау, саған не дейін?  
Майдан жерсің жемісті,  
Ел боларсың келісті.

Қаһарман қызыл әскерім,  
Жолбарыс білек жастарым.  
Еңбекшілдің қорғаны,  
Мұзбалақ, қыран, жас, көрім,  
Қаруды асын, шық тойға  
Тойынды тойла жүр, әйдә!

Сүйел қолды қара ұста,  
Сайманды сал талысқа.  
Бүгінгі бөйге сенікі,  
Шылбырынан ал ұста!  
Таста бүгін балғаңды,  
Көр күрескен балуанды!

Қыр жауырын диқаншы,  
Кетпенді бүгін жерге шап.  
Көмектес, жүйрік талықсыр,  
Өрге тарт, сүйре белге сап.  
Жу балтырдың балшығын,  
Ұста қолын жалшының!

Етікші, үйші, теріші,  
Заводшы, жолшы, көмірші,  
Жарлы, жалшы, құл-құтан,  
Шіріген күндер өмірше.  
Жарыс, тойға жабырла,  
Әуеніңнен жаңылма!

Жас жетімдер, балалар,  
Қатар түзе, сап жаса.  
Әндет, шықсын жас дауыс,  
Болсын қызық тамаша.  
Қызғалдақтай өнденіп,  
Май тойына бер көрік!

Киімім нашар, жаман деп,  
Арланба, жарлы, жүр тойға.  
«Жаса, жарлы, жасар» деп  
«Шық ту алып атойға».  
Тарт көмбеге, дүркіре,  
Дауыста, күндей күркіре!

Жанында, төмен, теріскейде  
Жаны тәтті байлар бар,  
Айдаһар улы, ашулы,  
Дәуден бесеу, алтау бар.  
Көрсет бүгін қырынды,  
Сал жолына қыңырды!

Сол айдаһар баурында  
Күйелеш, әлсіз құл, күң кеп,  
Қорқау қасқыр аузында  
Үн шығады: «өлдім!» деп.  
Сал қайратты сол үшін  
Ол — адамдық борышын.

Осы айқайды салысып,  
Езілген елдің көбіне,  
Осы бетпен жарысып,  
Шығамыз жердің дөңіне.  
Тарт, бөгелме, көмбеге,  
Көтермеле, өрмеле!

Жалпы еңбекші тойлап тұр,  
Ресейдің топырағын.  
Карашы, туын байлап тұр,  
Шақырып тойға жан-жағын.  
Қайырып даусын көмейден,  
Айқайшы шықсын кедейден!

— «Жалпы еңбекші, қоғамдас!» —  
Майдың айқай-ұраны.  
«Жалпы еңбекші, аралас»  
Майдың қару, құралы.  
Май кедейдің мақтаны,  
Лауқұлмақпоз тақтайы.

*1923 жыл.*

## САПАРДА

### I

Төніп өуе,  
Тұнып теңіз,  
Қызықтырған басында.  
Ыңсыз, желсіз,  
Теңіз, елсіз...  
Үміт  
Ілгері асуда.

Қайықты сырып,  
Кеттік бұғып  
Алыс жолға —  
Жыраққа!  
Көзді жас қып,

Қош-қоштастық  
Қара кемер —  
Құракка.

Үздік-создық,  
Жүрдік, жүздік,  
Көк теңізді айырып.  
Су да «шусыз»  
Біз қайғысыз,  
Кеттік ұзақ  
Ай жүріп.

## II

.....  
Таппай жаға,  
Су сақыраға,  
Күн жығылып сүнгиді.  
Жылдам, шапшан,  
Жамырап сам,  
Түн тұнжырап  
Мүлгиді.

Желпіп теңіз,  
Шықты лебіз,  
Көкті бұлт торлады.  
Қайық қылпылдап,  
Су ылпылдап,  
Бізге безгек  
Орнады.

Біз шалкалап,  
Желді арқалап,  
Кеттік бетсіз түү-түүге.  
Өкіріп дауыл,  
— Аһу-ұу-шу!  
Салды бізді  
Шүү-шүүге.

Сапырып теңіз  
Жел соғады.  
Қалтыл қайық толқында.

Акырып теніз,  
Сең соғалды.  
Кеткен жүрек  
Қоркуда.

Таудай қайқан,  
Шұңқыр, ойпан,  
Әлсіз отпен көз түсті.  
Көлденендеп,  
Көкке өрмелеп,  
Жынды толқын  
Сүзісті.

Қара жаңбыр  
Сыр-сыр, сыр-сыр...  
Сорғалады, сорлады.  
Үпі әулие,  
Сүлеймен де  
Түк септігі болмады.

Мәңгі-мәңгі.  
Қап-қараңғы,  
Соқыр көзді жұмғандай.  
Үсті желең,  
Асты терең...  
Өмір зымиян  
Зындандай.

### Ш

Әлдеқайда  
Қандай жайға  
Келдік, кеттік белгісіз.  
Қандай мекен  
Қай жак екен,  
Ажыратып ми  
Бергісіз.

Кетті сүрек  
Өлді жүрек,  
Сезім-сана қалған жоқ.

Еш шықпаған  
Өлімтік жан,  
Сенде аһлау,  
Арман жоқ.

Жүздік-жүздік,  
Соққы көрдік  
Бөсендеді жел-дауыл.  
Соққан толқын,  
Тартқан опқын,  
Ақырындады  
Жай ауыр.

Жыртылды бұлт,  
Етті жылт-жылт,  
Сығалайды «босаға».  
Маған әлі  
Қап-қараңғы  
Бетсіз-шетсіз  
Осы ара.

Үріккен үркер —  
Ұшқан арқар,  
Ол да біздей адасқан.  
«Жетіқаракшы» —  
Кімге тауып  
Жол ашқан?

«Ақбозат» та,  
«Көкбозат» та:  
Арқандаулы, байлаулы.  
Алыс па арал?  
Қоңыр самал  
Бұлтты түріп айдаулы.

Біз сенбейміз,  
Бос «жел» дейміз,  
Үркер-арқар, өңгені.  
Біз іздейміз,  
Біз көздейміз  
Аумас қазық шегені.

«Темірқазық»  
Бойын жазып,  
Шықты бұлттан жалтылдап.  
Бет түзедік,  
«Ал жүзелік!»  
Дестік  
Қайық калтылдап.

Қажып-талма,  
Жеттік таңға.  
Жел басылар, түн де өтер.  
Аумас қазық,  
Талма қажып,  
Ел қарасын көрсетер.

*1923 жыл.*

## ЖОҚ

Арғымақ тұрпат, қу сынды,  
Ай жүзді сөңгел мүсінді.  
Сұңғыла, сұңқар аңсағы,  
Үлпершек үкі, шоқбар жоқ.  
Кер құба кемшат шекеде,  
Кербез қас, кергіш тізеде.  
Майысса да саусағы,  
Сүйген бір жары құшпаса,  
Сұлудың сұлу сыны жоқ.  
Сүбеден сұлу кескінді,  
Серкеден сұлу пішінді,  
Жанат — жүн жалдас, жез құйрық.

Жаясы жайлау, жанары от,  
Су орнына жұтып сүт,  
Коян жүн, құс төс, бөкен бұт,  
Бапталса да жел жүйрік,  
Сүйген бір ие шаппаса,  
Жүйріктің жүйрік сыны жоқ.  
Күз қабақты мар жүнді,



Мүз балықты, аршынды,  
Такымдап, таптап кайыртқан,  
Тегеуріні темір, тас жүрек.  
Саятта қунақ, сақсыған,  
Қарсыдан қарсақ қақшыған,  
Такымнан түлкі айыртқан,  
Сүйген бір бегі салмаса.

Қыранның қыран қыбы жоқ.  
Бұлбұл үнді, бал тілді,  
Тұңғық ойлы, сыр жырлы,  
Жырын жорға жырлаған,  
Жүйрік жан, сара көкірек.  
Аулы тойдай анталап,  
Қоғамы қойдай коршалап,  
Таңырқап тобы тыңдаған,  
Сүйген бір елін таппаса.  
Ақынның ақындығы жоқ.

*1923 жыл.*

## ТҰҢҒЫШ ТОҒЫСУ

Ақ ауыл. Ауылда орда дүмбірлеген  
Ол ауыл, ордада ондай кім жүрмеген.  
Қақшиып кежімді кер кермеде тұр  
Қатырған, үкілеген, дүлдүл дөнен.

Ойысып орда аузына ұсынған жан  
Тіресіп бір-біріне жүр-жүрлеген.  
Жаюлы үй үстінде жастық жатыр  
Дабырмен жинап әлі үлгірмеген.

«Уа, сөйлес!»

Орда артында тұра қалдық;  
Шығалы домбыра үні дүңгірлеген.  
Енкейіп екіндіден күн құдиды,  
Келе жатыр ауылға мал бір-бірлеген.

Аспанға акын әні шығады өрлеп,  
Аскақтап Алатаудың тауын тербеп.  
Ұшқыр үн көкке күліп толқығанда,  
Көбіктей көкше бұлттар қағад көлбеп.

Шынайы үн шырқауымен шыннан шығып,  
Қайтадан калықтаса жай төмендеп,  
Алдартар әдей қосқан тын тұяқтай  
Домбыра қосылады сонда сөйлеп.

Бірде ойда, бірде өрде жарыскандай  
Дауыс тынса жүйріктей ән дірілдеп.  
Желпілдеген жүйрік терін желше сарнап,  
Іліп ап төгіледі күй мөймөндеп.

Таңырқап қарай қалды келіншек-қыз.  
«Шык!» — деді қорғасын үн үйден дыбыс.  
Шықты үйден шакша ұстаған шұбар жігіт,  
Түкіріп насыбайын, басып нығыз.

— Жол болсын!

Жакын келді жөн сұрады.

— Құдайы қонақ едік, жолаушымыз...

— Түсініз.

Шылбырларды шұбар алды;

Маймандап үйге таман келе атырмыз.

— Ассалаумағалайкім...

— Әлек сәлам.

— Жоғары. Төрге таман...

— Қош келдіңіз!

Отырдық ордасында алты канат,  
Жайнаған жасау көздің жауын алад.  
Тегеріш, терме басқұр орда ораған,  
Уактын қарны күміс жарқыл қағад.

Түс киіз шым кестелі, шәй шымылдык,  
Ішіктер ілулі түр түлкі, жапат.

Сандықтар былғары қап күмістеген,  
Жиюлы көрпе-жастық қабат-қабат.

Кебеже баймүңкелі, жүкаяқтар  
Сырланған, сүйектеген төсек аяқ.  
Іргеде емізіктеп қара саба,  
Піспегі шекемікті алма сағақ.

Текемет төсегені кілем, көрпе.  
Босаға жақ ер-тоқым — ауыр тұрман.  
Оң жақта бәйшешектей қыз төсегі,  
Шымылдық шағи, нұры шомылдырған.

Кер құба кемшатымен кербез отыр,  
Кергіштің бізі сырт-сырт, саусақ сумаң.  
Жүнін жұлған тайлақтай тазығыр шал,  
Жас тоқал жанында отыр қакқан қылмаң.

Арса арық, күрен көсе тер сорғалап  
Ақ бурыл ақыны отыр өн салдырған.  
Анталап ащылаған койдай болып,  
Мәз-мейрам салған өннен осы думан.

Байсалды бәйбіше отыр бөстегінде,  
Екі айна айналыпты төстегі інге.  
Секілді күйген тері беті бопты,  
Итиген иек, ауыз түскен көрдей

Түсіпті опырайып ішкеріге.  
Моладай жауын шайған мұрын қапты,  
Қартайса анау ақ қыз өстеді ме?  
Пішінді көрлі көрілік пішкені ме?

Алайда ақылы тың, айтып отыр  
Жалшыға, жас тоқалға, қыз-келінге:  
«Мал алдыр, мейманыңа мезгілімен,  
Атаның ұлы шығар бата тіле!»

Түстейін тоқалды да түс токтатып:  
Қара көз, қаймақ ерін, қасы жатық.

Қайрақтай кара жайдак, каймаң какқан,  
Қайкы төс, жатағандау, тілі так-түк.

Кірсіз ақ кимешегі жарасып тұр,  
Тіктірген жағын маржан, оқалатып.  
Орасы шүберектің о бір шатақ —  
СалпITYп екі құлақ ұшын сарқып.

Самсаулы саусақтары сақинадан,  
Омырау ілгек, түйме, маржан, ақык.  
Бай билеп, бәйбіше илеп алған адам —  
Қосағын қойған кісі қақшақтатып.

Ақ орда шыпылдаған шыбығынан —  
Төр толы томар шалдар томырайған,  
Еңсегей, еңгезер бар омырайған.  
Ебелек, ергежелі — бәрі сонда,  
Қошқардай қожырлар бар қожырайған.

Жүн сақал, күміс сақал, көсе, шоқша,  
Көздер көп сығырайған, бажырайған.  
Майталман, ділмар, тұйық, томырықта  
Бар пысық та, бокбасар да, қылшық айран.

Түкіріп алды-артына былыш-былыш,  
Сатала сақал біткен насыбайдан.  
Қозғалды ақын әні қайта қозып,  
Қонақ кеп, қобыраумен қоя қойған.

Еңкейді емізікті кара саба,  
Алқымға тегеш тосты ала сала.  
Құлаштап қол қайырып үй иесі  
Сапырып қымыз берді шара-шара.

Түрулі төніректі қамады жұрт,  
Қалмай жан — қатын-қалаш, бала-шаға.  
Қыдырып қымызымен қызыл шара,  
Қылғынтты кезек-кезек және шара.

Той-топыр, түяк басты боп отырмыз,  
Тапжылмай тамам халық тамашада.  
Тарлан көк, тазы, тұлпар салды құлаш,  
Тала ма, талыкси ма, таң аса ма?

— Арғынмын, атым Әсет, арындаған.  
Арындап ән сала ма дарымаған.  
Аспанның аясында ән шалқытқан —  
Бұлбұлмын даусы көкте дамылдаған.

Көмекей көк қапысын әнмен ашса,  
Төгіліп меруерт, маржан сауылдаған.  
Тұлпармын топтан озған, тосырқаман,  
Шаршы топ, шаршы өрім жоқ шабылмаған.

Жорғамын жұрттан озған, жортарманмын,  
Майдамын, майда желіс мамырлаған.  
Аулымнан алыстағы мейман келді,  
Бүгінгі ән адыра салынбаған.

Тауықпын, тердім тары Найман шалдан.  
Найман — ел айы туған маңдайшадан.  
Үйректей, қаздай қалқып, жүрмін жүзіп  
Көл елде, көп Найманды қыдыр шалған.

Ертіс, Сыр, Еділ, Жайық өзенім бар,  
Тау өтпес Тарбағатай, Тяньшаньнан.  
Шығысым қытай, қалмақ, маңғұлды өрлеп,  
Ауылым бар ауғанға да теуіп барған.

Ән құмар әлеуметім анталап тұр,  
Өрле әнім, шапшы шынға «інжу-маржан».

— Амин! —  
Деді, малға бата қылдық.  
Тершіткен қызуы бар қымыз зымғып.  
Тегешті тайқазандай тақырлатып,  
Отырдық кекірісіп, кейін сырғып.

— Әсетжан, ән жанала, — деді ақсақал.  
Шүкейт шал, үй иесі бөрте быртық.

Толкынтып токсан буын әнге салды,  
Тарлан боз тартқан сайын түседі ырғып.

Бес саусак перне билеп, ойнақ салат,  
Екі ішек ентелейді, саусак лып-лып.  
Колкалап жанның бәрі құштарланды:  
— Әсет аға, «Қыз Жібекті» сөйле жыр қып!

Тұйық топ түрдік құлақ, тұра қалдық,  
— Өзгені, «Қырғауылды» айт, сұрамалық!  
Самайдан сары өзендей саулап аққан  
Ақын да терін сүртті тұра қалып.

Қымызды шағын шара және ұсынды,  
Сапырып, салқындатып, секер салып.  
Көз мүлгіп, тарбық танау таңырайып,  
Күлтілдеп күре тамыр қалды қағып.

Алды да домбыраны онтайына,  
Тиекке бір түкіріп, бұрап алып,  
«А» деді «Қырғауылға» түсіп кетті,  
Аспандап ән асқағы кетті лағып.

Ән шықты кейде асқақтап, кейде баяу,  
Алыстап кейде талды, кейде таяу,  
Тақымдап, төбетіне тап-тап берді,  
Көңілді кейде ұйтқытып, кейде ояу.

Айқасып әлденеше үн аударысты,  
Жамырап жарысқандай атты-жаяу.  
Оқ жылан үн оқтары ирен қакты,  
Тарыс-тұрыс кейде ұйтқиды тулақ, сабау.

Көтеріп көңіл күйін, өрлетті ойды:  
Суретін Сарыарқанын тартты анау.  
Көкте күн қырға қарап қылман қакты,  
Сайда су сынқылдады тоғыз тарау.

Қалын көш бұлттайын бұларланды,  
Қалын қол қаптап кетті қолда жалау.

Кой маңырап, түйе боздап, жылқы орқырап,  
Самалмен шайқаң қақты балғын, балау.

Аспанда ай, астында көл күлмен қақты,  
Ақ ауыл, орда. Отауы онашалау;  
Сүйгенін сүйіп сұлу сылқ-сылқ күлді,  
Кермеде қатты жүйрік — қамшы жарау.

Ән баурап өлеуметті алып кетті,  
Қоздырды ой, ырғақты үні салып қозғау.  
Толы топ:  
— Уәде, жазған, — деді, — бәлі-ау!

Ән салсаң Әсеттей сал әсемдетіп,  
Қоздырып делебені — дәсерлетіп.  
Салдыртып, саңқылдатып, сау желгізіп,  
Өрлетіп, өршелентіп, бөсендетіп.

Серпілтіп, секектетіп, сексен ырғап,  
Қырық қарпып, тоқсан толғап, бес өрлетіп.  
Шыркатып, шығандатып, шалықтатып,  
Шапшытып, шүмектетіп, нөсерлетіп.

Талдырып, талықсытып, тамылжытып,  
Орғытып, орағытып баса өрлетіп.  
Қарқынды үн қан қайнатып, жүрек жұлып,  
Жан жалмап, көңіл тербеп, әсерлетіп.

Сарайым — саба, құям пісіп, пісіп,  
Қоя алман ән шіркінді ой кернетіп.  
Сөз — жаңбыр, даусым — дауыл, әнім — ескек,  
Ойнақтап басылайын аз желдетіп.

Таңдап сүй, сүмендеттім сөз сұлуын,  
Тілін бал, сілекейін секерлетіп.

*1923 жыл.*

## ҚОСЫЛЫС

Аспанды абайлашы маужыраған,  
Алатау намазында, шалма ораған.  
«Жөн-ақ!» — деп жұлдыз біткен жымын  
қағып.

Түн торып, түні бойы жаудыраған.

Сыр толқын, сынап ағын сылқ-сылқ  
күліп,

Сүйсініп сүйіске су шу-шулаған.  
Құласып қол соғысып қияда тас  
Құттықтап қос қосакты, саудыраған.  
Жылпың жел бетін шымшып, жымың етіп  
Жеткізсе, балдыр елтіп балбыраған.  
Ай шашып қосылысқа алтын шашу,  
Толықсып тұр бір-екеу таң қылаңнан.

*Қыз:*

Ей, жаным, жүрегімді жұла сүйген,  
Ерітті-ау, елжіретті-ау ернің тиген,  
Жібердің, қымсынбадым, қысыңқырап,  
Төсіңе батпады ма төстен түймем.

Көрмесем күндіз күлкі, түнде ұйқы жоқ,  
Өрт пе, дерт? Бір пәлем бар іште күйген.  
Себер су ол өртіме сілекейің,  
Дәндеттің, дедің «солай сүйіп үйрен».

Өрт жүрек, от махаббат, жалын жанға,  
Керек пе, жарсыз қызық, жиған дүниен.  
Өртке су, дертке дауа өзінде тұр,  
Таяй бер тамағыңды сүйем, сәулем.

*Жігіт:*

Менде де өрт, өртенемін өзін ұсап,  
Менде дерт тыншытпайды жанды қысап.  
Сергітер делбе жанды сенсін, сәулем,  
Жүрекке таса болсаң сұқтың пышак.



Өзінсіз өмір — өлім, дүние — қаран,  
Бір пәле маған дағы болды бұ шак.  
Аузыңнан асыла түс алайын бал,  
Жұпар гүл айнала ұшқан шыбынға ұсап.

Сен шырақ, мен пәруана — бозкөбелек,  
Кеш, неткен арсыз деме кеткен ынсап.  
Ерте-кеш, жатсам-тұрсам тілегім бұл:  
Осы өмір, осы сүйіс, отты құшақ.

## **БОРАНБАЙ НЕ ОЙЛАП ОҚЫП ЖҮР**

Мен өзім қағаз алып қала барсам,  
Қаланы үлкен-үлкен араласам.  
Қалада пәленше бар, түгенше бар,  
Қазыналық школға кіріп алсам.

Шаш жарып, кекіл қойып, артын қырсам,  
Алуға айна-сабын келсе мұршам.  
Шапанды сым-түжіркеге айырбастап,  
Шалбар, тон, тымағымды лактырсам.

Құшақтап, «көңіл қосты» бақша барсам,  
Көшемен желіп-жортып қақшандасам.  
Қыздармен гармонь тартса серендесіп,  
Бүкендеп, қылмың қағып, ақсандасам.

Базарға күнде лып етіп бара қалсам,  
Ақшама арақ алсам, тарақ алсам,  
Оқуға жазуменен өуреленбей,  
Серейіп көше көздеп қарап қалсам.

Елде көп осы күнде алыс-беріс,  
Орысша судырласып онды-теріс,  
Босанып, жаз жылт етсе, қырға кетіп,  
Шабуыл ел аралап салсам желіс.

Шәпкімді елбіретіп қыңыр киіп,  
Бүрмелеп жейде кисем белімді иіп.

Аралап казекеннің қалың аулын,  
Қыздарды қызықтырсам, әйел сүйіп.

Қыз күліп аттанғанда жырқылдаса,  
Жалтырап қара етігім жылтылдаса.  
Қойдырып қос жастықты шалқаласам,  
Ауыздан иір түтін бүрқылдаса.

Қасымда құзғын ақын қыңқылдаса,  
Дегендей қыз-келіншек «сылқым жаса».  
Ат байлап келген аулым тауариштап,  
Сескеніп кемпір-семпір мыңқылдаса.

Мен шықсам тіл-міл біліп оқуды үзіп,  
Қошқарша көрінгенді қойсам сүзіп.  
Жалпы жұрт ағармаса, қоңыр болар,  
Әттең-ай болар ма екем «Баянсызов».

*1923 жыл.*

## **ЫҚШЫЛБАЙ**

Еп үйрен епшіл болсаң Ықшылбайдан,  
Жылпылдақ қорыққанына сары майдан.  
Басы үшін ұстап жүрген әдісіне,  
Дүниеде өте қалмас одан айуан.

Ықшылбай надан емес, «совработник»,  
Андысқа ұсақ өсек тіпті жетік,  
Досқа бал, дұшпанға тас мінезі бар;  
Қояды «қап» дегенді бірдене етіп.

Бойында сүт мінезді жағымталдық,  
Әркімге үйірсінед өсек андып.  
Борсиған портфелінде «материал»,  
Бір күні актартпақшы бір асар қып.

Ықшекең көріп өтті талай «ұлық»,  
Көрсетіп бәріне де қыздай қылық.

Орындап өз дегенін келе жатыр,  
Бетімен көрінгенге ықтай жүріп.

Ажарлы, алапатты оның беті,  
Мансапшыл, ұлық сыйлау бар ниеті.  
Қойыртпақ қойны толған пәле-жала,  
Төменнен сый көрмесе, қисық тіпті.

Сөйлесе басын мақтап адалдайтын,  
Артқыға алдыңғыны жамандайтын.  
Жолдасты жаналанған жаны сүйіп,  
Жалпактап, жалпылдайтын, амалдайтын.

Табактас Ықшылбаймен Жапар қалды,  
Орнына Жарқымбай боп жаналанды.  
Түлкідей Ықшекеннің бұлаңы бар,  
Жақындап қолтығына кіріп алды.

Жапарды, дейді, «ескермей» қатуланды,  
Ірітіп ел арасын лаң салды.  
Біздерге ауыз ашар күн болған жоқ,  
Сүйтті де саясатты бұзып алды.

Мұның да құлағына құйды талай,  
Болысты бір Жарқымбай, бір Ықшылбай,  
Өштігін, үстемдігін, өз пайдасын,  
Осымен іске асырып жүр Ықшылбай.

Мұнымен тағы да өтті ойын-сауық,  
Істесті, саясаттың кілтін тауып.  
Басынан Жарқымбайдың кетпек болды  
Уақытсыз, толқымалы заман ауып.

Жарқымбай сол бойымен кетті шығып,  
Ықшекеннің қылған ісі оған жұғып.  
Жарқымбай жаман атпен жала арқалап  
Ықшылбай ықтасындап қалды бұғып.

Орнына Мәулет тұрды Жарқымбайдың,  
Шақылдап түсі суық, ызғарлы айды,

Жаркынмен жаркылдасып дірілдеген,  
Ендігі амалы не Ықшылбайдың?

Алдымен жүз танысты, қолын алды,  
Кісідей түк көрмеген болып алды.  
Жамандап Жаркымбайды «ел бұзғыш» деп  
Мұның да он жағынан орын алды.

Айтып жүр елдің бетін, жұрттың жайын,  
Салып жүр қынжылғансып сарыуайым.  
Сыбырлап күндіз-түні мұны дағы,  
Жүнжітіп, жолдас қылды қарапайым.

Бірқатар мұныменен дәурен етті,  
Қарық қылды Ықшылбай да талай көпті,  
«Мәнісі мынанын да болмады», — деп,  
Өрмелеп төске таман сыпсың етті.

Сонымен иістеніп ол да кетті,  
Ықшылбай ықтап қалды ежелгі епті.  
Одан соң періштесіп біреу кеп ед,  
Ықшекең бірге тепті әлпеншекті.

Келсе де жүзі түгіл, мейлі мыңы,  
Бәрін де жетелейді ашық сыры,  
Өзіне жалпаң қағып ықтаған соң,  
Аулақтап сыртқа тебер қандай жынды?

Осылай өтіп келед қандай заман,  
Ысылған Ықшекең де заманадан,  
Аударыс болса дағы сыпсың сүргін,  
Бұлтаңмен келе жатыр есен-аман.

*1923 жыл.*

## САУДАГЕР ТАМАШАСЫ

Еу! Хеу! Айт!  
Біздің заман шын туад!  
Әйда, заула,  
Еркін сауда!  
Кол соғысып,  
Жылмандауға...  
Қылқып алып,  
Қылмандауға...  
Уай-уай-уай, бұ заман!  
Қызығына қызамын...  
Биыл налог ақшадай.  
Қалтасы бай, ақсамай,  
Ақша іздеген қазақтың  
Шарадай басы шақшадай.  
Ха-ха-хау, қазағым!  
Көр малыңның базарын.  
А, шервен... шервен... шервен.  
Біздің мерген...  
Қап қарыным —  
Шермен, шермен.  
Мал базары.  
Жолдың бөрі,  
Толған қазақ  
Тентіреген,  
Малын айдап,  
Барын байлап,  
Жаман тымақ  
Ербең-ербең.  
Мұны бізге  
Қақтырып  
Аллам берген.  
Аллам, пірім.  
Алдап берген.  
Апкел тағы  
Сұйық сары,—  
Бізде серуен, —

Уа-уа-уа, айт соны!  
Соқыр күйші, тарт соны.  
Кәпіретіп!  
«Кооператив» деп  
Жазып қойған  
Мандайшаға жарқыратып.

Қаңқайып тұр  
Көзін сатып;  
Бір тәксімен  
Қалды қатып,  
Сыбағасын  
Біз жеп жүрміз  
Сылқылдатып,  
Алып, сатып.  
Атып, қақшып,  
Қақшып, атып,  
Тықақтатып,  
Тағын заказ.  
Заказ тағын...  
Сыңғырлатып,  
Шыңғырлатып...  
Һеу-һеу-һеу, құдаша!  
Күнде мұндай тамаша!  
Шолақ төре...  
Өздері өуре...  
Алғашында  
Көрсетпекші  
Емес еді  
Жарық сәуле;  
Енді олардан  
Бұрынғыдай  
Кетпес зөре.  
Тағын заказ...  
Заказ тағын...  
Пәле!.. Пәле!.. Пәле!..

Ах, сансыз сап знак,  
Қалтаны бізге жағызбақ.  
Қалтадан кассаға ағызбақ!  
Шыныдан ауызға тамызбақ.

Қосшы союз,  
Олар даюз,  
— Союз қосшы...  
— Соны қойшы!  
Сыра, боза,  
Қалта, қожа,  
Екеу-екеу...  
Екеу-үшеу...  
Әлденешеу  
Бес уақыт  
Болмас қаза.  
Бас! Бас! Бас! Уау, Айт!  
«Гүләуләні» тарт!  
Әкем-укам,  
Тағын заказ...  
Заказ тағын...  
Емшегі де  
Екен үлкен,  
Үлкен екен.  
Гәзмал толы  
Біздің дүкен.  
Уай, уай, налог!  
Тағын керек! Керек!..  
Жаркент... Лепсі...  
Талдықорған...  
Қашан қайтар  
Екен одан?  
Ақша ап кеткен,  
Әзім дадан,  
Мата ап кеткен  
Ғаппар молдан...  
Ішт! Ішт! Ішт! Балақай!  
Қазақ малы талапай.

## ИТ-АЙ

*Т у г а н б а й*

*(үйден шығып, белдеуде тұрған көк шолақ атының арқасын жақындап көрді де, кейіп дауыстай бастады.)*

— Алтынай? Ай, Алтынай! *(Алтынай үйде)*

— Иә, не қылды-ай?

— Жүр жылдам, жүр!

Мына ку шолақтың арқасы ошақтай!

Құрым киіз күйгізіп әкел!

Бар арқасы сыдырылып, сылынып қалыпты

ғой.

Ай, нәрәтшік ит-ай.

Түу обалы жібермегір-ай.

Құдай-ай, ит-ай. *(Тағы да дауыстап.)*

— Алтынай? Ай, Алтынай!

Нағып байланып қалдың?

Бақытсыз қудың қатыны-ай!

*А л т ы н а й*

*(үйден құрым киіз күйдіріп, түтінін бұрқыратып жүгіре басып келіп.)*

— Мә! Мә! Ұстасаңшы!

Қолым күйіп кетті ғой, байғұс-ай.

*Т у г а н б а й*

*(аттың арқасына қарап.)*

— Мынаны көрдің бе,

Малдықтан кетіпті.

Тақ түбіне жетіпті.

Ыстық қойып, лонқаға шаптырып,

Өкпесінен ері әбден өтіпті.



*А л т ы н а й*

— Мен басында айттым, берме деп.  
Сол иттің жылпылдатқанына ерме деп.  
Так сені бір айдатып жіберетін немедей  
Қыпылықтап едің кеп...  
Нәрәтшікті Құдайдай көресің,  
Отыр енді, жалғыз шолақтың, жасығын жеп.

*Т у ғ а н б а й*

*(Алтынайды жақтырмай)*

— Ой, оттамашы!  
Мен мырзалық қылғанмын ғой шамасы!  
Күйіп тұрған жанымды өртеп,  
Сен де бір жағымнан мылжыңдамашы!

*А л т ы н а й*

— Мырзалық қылмасаң тартып алды ма?

*Т у ғ а н б а й*

*(Алтынайға зекіп)*

— Шаптықпа бет алдына!  
«Күші — налогі» бар, мінемін деп тұр,  
Болмаса, болысқа алып жүремін деп тұр.  
Мен өзіме-өзім тілеп алдым ба?

*А л т ы н а й*

*(тағи да)*

— Болысына-ақ барсаң неғылады?  
Алса, болыстан қалсаң неғылады?  
Күн көріп отырған жалғыз атым еді деп,  
Бұл қу ойбайыңды сонда салсаң неғылады?  
Әйтеуір, тонмойындық мінезің көк ат пен  
Менің сорым дағы.  
Тым болмаса қасындағы жасауылға  
жалынсаң неғылады?

*Т у г а н б а й*  
(*зекін*)

— Жә, болды, жарайды, жарайды,  
Аксақ кой түстен кейін маңырайды.  
Қылышымен шылбырды қиып, атты қуып,  
Казанды киратып кеткен итке,  
Жасауылға жалынсаң еді деп қалжырайды.  
Жасауылға жалынбақ түгіл,  
Жасауыл қандай адырайды,  
Жылдам бола қоймайсың деп  
Атпен омыраулатып,  
Өлтіріп кете жаздаған жоқ па Баянбайды?

*А л т ы н а й*  
(*теріс қарап*)

— Көрінгенге өзі елбіректеп жүреді,  
Көрінген мұны иектеп жүреді.  
Қабакқа қарай албасты болып  
Алдап-сулап ептеп жібереді.

*А л т ы н а й*  
(*атқа қарап жауыр жарасынан жиіркеніп*)

— Ии, жануар-ай!  
Арқасы борша-борша,  
Жылқышы ата көрмегір-ай, сонша!  
Қонаға қайтып келеміз деп еді-ау!?  
Әлі мұны мінгелі қанша?

*Т у г а н б а й*  
(*ойланып бармағын санап*)

Жұмадан жұма сегіз,  
Сенбі тоғыз,  
Жексенбі бүгін он.

*А л т ы н а й*

— Жок, кайнағаның асынан соң...

*Т у ғ а н б а й*

— Мен не айтып тұрмын?

Құдай алжыта береді екен ғой,

Баспаған соң — оң.

Көбірек әкелуге құрып қалдың ба?

Бұл құрғырынды.

Дереу құманға су құйып әкел!

Жуайын мына екі қапталдағы ірінді!

*А л т ы н а й*

*(үйге кіріп кетеді)*

(Туғанбай тағы да дауыстап)

— Алтынай! Ай, Алтынай!

Табыла ма бір қасықтай май?!

Пай-пай, құдай-ай,

Ай көрінде өкіргір, нәрәтшік-ай!

Май табылса бақырға шыжғыр!

Сауысқан шокиды ғой енді,

Коя берсек кара күйе қылмай,

Түү! Мынанын бөрі іркілдеген ісік екен ғой,

Алда үйің күйгір-ай!

Түү! Ойбай-ай! Құдай-ай!

Обал-ай, ит-ай!

*1923 жыл.*

## ЖАРҚЫНБАЙ, БЕРКІНБАЙ

### *Беркінбай*

— Жарқынбай-ау, неғылды?  
Қабағың неғып жабылды?  
Айтсаңшы ойбай, жолдас-ау,  
Жабырқаған шағынды?

### *Жарқынбай*

— Е-е-е, шіркін!  
Бұл да бір күн...  
Алдады, соқты  
Дүние, түлкің.  
Жайды жақсы білесің:  
Бадырақ, қосшы, кедеймін.  
Осы өзімді шұқыламай жүрсе,  
Біреуді кылқып,  
Біреуді жұлқып,  
Алайын демеймін.  
Мұсабек байдың биешісі едім,  
Исабек байдың түйешісі едім,  
Қалберген қажының есігіндегі  
Қара қазаншысы, күйешісі едім.  
Иванның соқашысы едім,  
Мәселейдің бұқашысы едім,  
Мынау тұрған Кольканың запұлатын<sup>1</sup>  
Мандай терді сыпырып жүріп,  
Мен ұқсатып едім.  
Аш-жалаңаш балшық та айдап,  
Сергейдің тезек қорасын  
Мен шошайтып едім.

### *Беркінбай*

Алғаның жердің сауыры еді ғой.  
Союзқосшы да бір қауым еді ғой

---

<sup>1</sup> запұлат — дуал

Бүгін жабырқап, жасып калыпсың,  
Жиырма бірінші жылы айғайын тәуір еді ғой.

### *Жарқынбай*

— Токта, Беке, тындап тұр.  
Ол, жиырма бірінші жыл!  
«Жарлы», «жалшы» деп айғайлап,  
Көшеде жосылғамыз жоқ па?  
Одан-бұдан құралып,  
Қосшы союзға қосылғамыз жоқ па?  
Міне «нәп, нәп» шықты.  
Алғашқы айғай әлсіреп,  
Басылды аяқ тәнтірек.  
«Нәпке» сиынған жұдырықтардан,  
Садағаң кетейін, кеңес үкіметі арқасында  
Байлардан сауын алып едім.  
Көлік, соқа құрастырып  
Тауып алып едім.  
Өз еншіме тиген соң,  
Кольканың өзім соққан запұлатын  
Жөндеп, жауып алып едім.  
Міне «нәп» шықты  
«Нәпке» арқаланып Колька шықты.  
Жуан мен жұдырық,  
Оған құйрық бұлдырық —  
Сұм ұлық, —  
Бөрі қамажаулап,  
Алқымдап,  
Кылғындырып,  
Буындырып,  
Саскалақтап отырғаным жоқ па?

### *Беркінбай*

— Сен саспа!  
Өз аранды ашпа!  
Заман өзі солай болды.  
Құрғақ айғайды қойып,  
Енді іске баста!

## *Жарқынбай*

— Жарайды-ау, Беке, жарайды...  
Әркім-ақ соны ойлайды.  
Ит пен құстың бәрі  
Қожайын болып барады.  
Басынды байлайды  
Үстіңнен арыз айдайды  
Қожайын қылып бір қуды сайлайды...  
Осыған қаның қайнайды.  
«Осы үйде не жұма тұрсын, не мен  
тұрайын», —  
Деп Қожанасыр айтқандай:  
«Жетісуда не қосшы,  
Не бай, манап, тұрсын!» —  
Деп осы үшінші съезге жетіп алсам,  
Салғалы отырмын ойбайды!

*1923 жыл.*

## **ҚЫРМАН**

Қылмандап қырға сұлу күн,  
Қызуы қыздай жайнайды.  
Сәлемдесіп сәулемен  
Су сумандап ойнайды.

Салалы талдар салбырап,  
Сайда самал еседі.  
Қарағай көкке маужырап,  
Бұлт керуендей көшеді.

Алатау беті шұп-шұбар  
Шырғанақ, дүлей бадалды,  
Алатау бауыры егіндік —  
Бұрқыратқан сабанды.

Төскейде бұлақ сылдырап,  
Оятады даланды;

Төбеңде торғай жыр жырлап,  
Тербетеді мазанды.

Естіледі жалғыз-ақ;  
«Өк! шуу!» — Бекен сарыны.  
Бес сиыр қоста, жалғыз ат,  
Бекен айдайд тарыны.

Көкшолақты қақпалап  
Қара пұшық баласы,  
Қараша үйде қап жамап  
Отыр оның анасы.

Діңгекті сиыр айналса  
Бақайлары сыртылдап,  
Қызыл маржан жайнаса,  
Мұз қырманда жылтылдап.

Мұртынан күліп Бекеміз,  
Көлеңкелеп бұтаға.  
Қожалақ қолды қояды  
Ышқырдағы шытаға.

Қой айдаған баланың  
Құрықшасы тақымда;  
Бекем қағып шытасын,  
«Сусын!» — дейді қатынға.

Жамаған қабын доғарып,  
Басады Балдан жүгіре.  
Мелшиген мес шұбалып,  
Жетеді жығыла-сүріне.

Сапты аяқ қалған саламда,  
Қоқымға көже сыңысып,  
Топанды көже жұтқанда  
Күреден шығып тер шып-шып.

Сусын жұтып, қырманды  
Жаңалап қайта шешеді.

Қырмандап қыдыр диканды,  
Диканшы қызыл көшеді.

*1924 жыл.*

## ОКТАБРЬ КҮНІ

Аспандағы алтын күн  
Жылмияды неліктен?  
Әлде оятқан мынау үн?  
Әлде жүректі еріткен?

Мәңгі меңіреу Алатау,  
Жабыққан қабақты ашқандай,  
Күміс сумен жуынып,  
Жұпар иісін шашқандай.

Айқайшы қораз шақырып,  
Таң тамаша атқандай.  
Төсін төсеп жер ана,  
«Ойнақта!» — деп жатқандай.

Дуылдаған қалың ел  
Тығыз күреп үйгендей.  
Зуылдаған торғын жел,  
Жалауды жалап сүйгендей.

Ауыр тұман, ауыр бұлт,  
Ашылғандай аспаннан.  
Әуені сасық жел аршып,  
Асырғандай асқардан.

Сондықтан еркін дем алып,  
Елге еркіндік туып тұр.  
Масайрасып бар халық,  
Бет алып белін буып тұр.

Сар далада сайраңдап  
Сағымнан қорыққан қоян ек.



Тас бүркеніп ұйықтап,  
Жатпаушы ма ек, ояу ма ек?

Қоян қуған жыртқыштан  
Айырған сенсің, төңкеріс.  
Қаракшыға бет алып,  
Елдің беті жөнкеріс.

Қайырлы болсын осы бет,  
Қадамды болсын осы ниет.  
Ел таласты көмбеге,  
Ұранда дала, жосып өт.

Ел тойлаған Октябрь,  
Қадірлісің, жылдан-жыл.  
Мақталарсың, боларсың,  
Жылдан-жылға жырдан жыр.

*1924 жыл.*

## ОРАҚ НАУҚАНЫ

Күн шыжып, жалпақ егін кетті пісіп,  
Ораққа жан жабырлап жатыр түсіп,  
Қым-қиғаш қыруар жұрт орып жатыр,  
Жел шықса, күн бұлттанса зәресі ұшып.

Шоқпардай сар тары түр басын иіп,  
Көрінбес ат құлағы тоғай биік.  
Судырлап теңселеді, сұлу сұлы,  
Сумандап сылдырлаған суды сүйіп.

Шалғыны шыңғырлатып жанып-жанып,  
Жоңқабай жоңышқаға қалды салып.  
«Әлінін кеуір қырған зұлперіндей»  
Үйіріп қырып-жойып кетті жарып.

Аспаннан күн төгеді алтын сәуле,  
Науқанға жер күрттаған қылып тәубе.  
Ине іліп, күміс тізген жиде шамкес,  
Үскі алып аулақ жүрлеп боп түр әуре.

Бидай түр өткір мұртын тікірейтіп,  
Қонақ түр шал жауырынын бүкірейтіп:  
Сыланған бойжеткендей күнбағыстар  
Кәмшатын шекесінде шекірейтіп.

Қозыдай қауын, қарбыз көгендегі,  
Тайтұяқ алма күміс төбендегі,  
Қой жайғыш бая қуып тақыс шалдың  
Ұстады қойын, тонын шегелдегі.

Дүрдитіп інжу тағып доланасы,  
Әлі бар шырмауықтың оралысы.  
Суырып суыртпақты қаршылдата,  
Жоқанның жоғары айтқан торы аласы.

Қаралы қоңыр қойдай орылған бау,  
Қара жал жиылған бау, қырман қорсау,  
Өзенге дамылдауға қаздар қайтты,  
Қаңқылдап қатар түзеп, істеп жемсау.

Жоңқабай айтады ақыл Сүйеубекке:  
— Ор, баула, айда, тасы, талда, епте.  
Жем байла, жауырын жаз, жаныңды ашыт,  
Қоңырдың қолтық, қоңын толтыр етке.

Қырманның күндіз-түні басында бол,  
Мал жейді, құс шокиды шықпа шетке.  
Бата оқыр, той-томалаққа әуейленбе,  
Күпілдеп көкпар көрсең қуып кетпе.

Әңгіме, әзіл, сияз, қымыз аулап,  
Дау даулап, желбезекті желпеңдетпе.  
Қылжакбас, қыдырынды, жалқауларды,  
Ашаңмен салып жібер басқа, бетке.

Науканды төкпей-шашпай жинап алсаң,  
Бермейсің ханға сәлем, бір дүрмекте.

*1924 жыл.*

## ҰЛТ ОТАУЫН ТІККЕНДЕ

Ұлт отауын тіккенде  
Жойылар елдің «қорлығы».  
«Закатқа» жетім ұстайтын  
«Қоқанның» болмас қол құл  
Еріксіз езе қыстайтын  
Ұлықтың, болыс өрлігі.  
Қылтасынан қиылар,  
Қырғыздың манап шондығы  
Қазақтың да тыйылар  
Байшыл-сасық зорлығы.  
Сола бастар суалып,  
Рушылдың қоржыны,  
Жадырар, жұрттың жазылар  
Қыңыр қабақ солғыны.  
Оттатармыз арқандап,  
Бай, манап, болыс, боржойды.  
Езілген таптан ел құрап,  
Қосармыз өңкей сорлыны.  
Шаруаны қоса бағыттап,  
Билер кеңес органы.  
Шаңырағында отаудың  
Желбірер желмен жалаудың  
Қырмызы қызыл торғыны.  
Езілген ең, Орта Азия,  
Жаңа қонған аулыңа,  
Ауылдағы отауларыңа,  
Жалынды жырмен құттықтайд  
Кеңесшіл елдің шолжығы.

*1924 жыл.*

## ӨК, КӨК ӨГІЗ

*(Газеттерде жер сілкінді деген хабар көбейіп кетті.)*

Өк, көк өгіз! Сыпыр алғыр, сүйкенбе!  
Неткен қаскөй, мойнын жерге үйкеуге.  
Сүйкенем деп өзі бос жерді қиратып,  
Осынша елді дозаққа құлатып үйте ме?

Сыпыра алғыр, тыныш тұрса нетеді,  
Жер шайқалса жұрттан зөре кетеді.  
Бас шайқаса, қоқалақтап қара жер,  
Тақиядай елпең-елпең етеді.

Өк, көк өгіз! Қарасан келгір, қышынба!  
Сәйгелді ме алып тұрған қысымға?..  
Дәл басып тұр тұяғынды аудармай,  
Балығыңның төбесінің тұсына.

Кой, көк өгіз, оқыралап тулама,  
Мұсылманды құлатқаның тура ма?  
Сабан да сол, топан да сол, күйсей бер,  
Мұса молдан қол көтерсін дұғаға.

Селкектетіп салғаның не азапқа,  
Не өшін бар ед, мұсылманда, қазақта?  
Мұсылмандар қоламтаға күймей ме,  
Салдыр-күлдір құлап кетсе дозаққа?

Өз астында орнықты емес балық тұр,  
Одан төмен ыстық дозақ жанып тұр,  
Жер шайқалса, ана балық туласа...  
Астапыралла! құлап кетпей, неғып тұр...

Өк, көк өгіз, ошак болғыр! Сүйкенбе, өк!  
Мүйізінді нық қадап тұр икемдеп.  
Сиырлығың ұстап тұр ма сипақтап,  
Құлатасын кикең-кикең етем деп.

Жыбыршыдың, тықыршыдың сонша көп.  
Астың су-бу, былаулап тұр монша боп...

Үстін казак, астың дозак, туласаң,  
Үйтілерсін кара құйка борша боп.

*1924 жыл.*

## ЖАЗУШЫЛАР МОДАСЫ

Аулым тауда,  
Ел жайлауда,  
Асқар ала қонысым,  
Жас ойнауда,  
Мал қунауда,  
Шайқап шалғын сонысын.  
Жұлдыз «зау» да,  
Жылмындауда,  
Ай, тайтұяк күмісім.  
Бұқпалауда,  
Төбет «уау» да,  
Жактырмайды үрісін.  
Шықты Рауза,  
Қош! Қош! Баура!  
Көрдіндер ме сүйісін!  
Жаз-жаз заула  
Жайлауда ауна,  
Қазақтың көңілі иісін.

*1924 жыл.*

## ЖЕЛДІ КҮН

Гу-гу, гу-гу жел шықты,  
Желдетті де бұлт қуды.  
Жел соққан соң жер тіпті,  
Жын соққандай жұлқынды.

Қаңқылдады, қарға ұшты,  
Қарға салды у-шуды.  
Қалбандалы қарысты.  
Қаңбақ қашты, жел қуды.

Жарык камыс ыскырып,  
Ыңыранып кобыз тартады.  
Күңіреніп, сыңсып, ышкынып,  
Тарса кобыз тантады.

Жапырағы судырлап,  
Тал таранды сұлуша.  
Сұлу құрақ сылдырлап,  
Салды саусак бұрымша.

Судан қайтты келіншек,  
Шалпылдайды шелегі.  
Майысады селкілдеп,  
Жалпылдайды желегі.

Ақырын ғана аттайды,  
Адымында әдіп жол.  
Ауылынан батпайды,  
Әйтпесе айтар мұны мол.

Желегін жұлған жынды жел  
Жүрегін және тербеді.  
Теңселеді бұраң бел,  
Ұйтқыды ойы, өрледі.

Анау қарға, кара ұзақ.  
Өшкен, ұшқан ұшқын ба? —  
Мен бе сорлы жалғыз-ақ,  
Мен де ұзақтай ұштым ба?

Ұзақ емес, сұқсырдан  
Сұлу едім, нұрлы едім,  
Жарын жерге тапсырған  
Жаралы едім, сорлы едім.

Өлгеннің жанын ұрады,  
Тірінің несі кетеді.  
Молдасы қолда құраны,  
Нәменгер дік-дік етеді.

Молдалар, байлар жамандап,  
Нанбан, айтса қанша кеп.

Күнелтер едім амалдап,  
Келер ме екен большевик?

Желмен келіншек жылайды,  
Келер ме деп большевик?  
Даттап аруак, Құдайды  
Желде келіншек теңселед.

*1924 жыл.*

## БҰЛАҚ БОЙЫНДА

Сылдыр-сылдыр су сылдырар бұлақтан.  
Тәңірі ме екен тауды-тасты жылатқан?  
Анда-санда көңіл айтып «Көк! Көк!» деп,  
Шығар даусы көкектің де жұбатқан.

Ергелі, кеш сыңқылдайды, жылайды.  
Не көксейді? Қыңқылдайды, сұрайды?  
Көк жұлгемен көбелесе көбелек,  
Төсін төсеп «көбешім» деп шулайды.

Сыңқылдау не? Бұлақтағы зар ма екен?  
Бұлақ тілін білетін жан бар ма екен?  
Сықылықтап күліп жатқан өмірге,  
Әлде бұлақ бір ойнақы жан ба екен?

Жоқ, бұл асқар Алатаудың өлкесі,  
Бұлақ соның ойнақтаған еркесі.  
Бұлақтың да сырласатын жаны бар,  
Онысы анау: келе жатқан төтесі.

Айым Жамал ақтайлақтай монтайып,  
Екі көзі жылап ісіп томпайып.  
Сыңқыл қағып жылап жатқан бұлақпен,  
Жыласатын жанына кеп жантайып.

Жамал қыз ед, қыздың Шолпан жұлдызы ед,  
Шашы қолан, қасы қара құндыз ед.

Бұршақ салып тілеп алған Құдайдан,  
Есекеннің ұл қып сүйген бір қызы ед.

Есекен де бәйбішесі Динамен  
Жылқы жылы қайтып кеткен дүниеден.  
Малды үлесіп, үйді бұзып ағайын  
Жамалды да талқылаған, сүйреген.

Өз шешесі, өз әкесі болмаса,  
Өзі ұнатып сүйгеніне бармаса.  
Қаранғы елде қаңғып қалған жетім қыз,  
Сөгіс пе екен, сумен бірге зарласа.

Жетім Жамал тоқалдыққа сатылған,  
Теперішті көрген күндес қатыннан.  
Қойнына алып Қожағұл шал жататын,  
Сабадай боп күнге көннен қатырған.

Күндес қатын шағыстырса күңкілдеп,  
Шал қоятын зекіп, нұқып, желкелеп,  
Мөлдір көзден мөлтіл қағып меруерт жас,  
Келетұғын бұлағына ертерек.

Еңіреп жүрек, майыса басып өлкеп,  
Көк шалғынды құшақтады көрпе деп.  
Жұбатқандай, жылатқандай бал бұлақ,  
Сылдыр қакты тәтесіне еркелеп.

Сырласқандай сырды шешіп сылдыры,  
Жылатса да, жұбатса да су жыры.  
Сырды, шерді, мұнды, зарды толғайтын  
Сондай да бір судың бар ғой құрығы.

Сылдырлады, сыр жылады, сөгілтті.  
Көздің жасын көк майсаға төгілтті.  
Су сылдырап, торғай шырлап, күн сүйіп,  
Жел сыбырлап ауыр ойды жеңілтті.

Сорлы Жамал тұрды жерден «аһ» ұрып,  
Суға еңкейді жүресінен отырып.



Колды малып жүзіктерді ағытып,  
Аузын шайды күміс сумен толтырып.

Салқын сумен жуды бетін, білегін,  
Сергіткендей болды жастын жүрегін.  
Салқын сылдыр, сергітер деп жүректі,  
Су төтесі келетұғын күнбе-күн.

Қарап еді ауыл жаққа «Аһ!» ұрып,  
Күндес катын жұлқынып тұр шақырып.  
— Әке... баба... боқтап сойыл сүйретіп,  
Қожағұл да шықты ауылдан ақырып.

Салқын сылдыр сергіте алмай жүрегін.  
Дауыл айқай алды жастын жүрегін.  
Өмірге қор, өмірге ез боп жас Жамал,  
Ұялады жүрегіне тірі өлім.

*1924 жыл.*

## ОЙЛАНУ

Ойлану — кейде наркескен,  
Жүректі сара тіледі.  
Ойланбасаң жаның жай,  
Қысыла қында жүреді.

Ойлану — кейде айбалта,  
Айыра айдай шабады.  
Ойланбаса тотығад,  
Топырақта қалады.

Ойлану — өткір ұстара,  
Кейде кеуіл кертеді.  
Кертілсе тамад тамшы бал,  
Тамса шекті шертеді.

Ойлану — кейде өтті жел,  
Өткізе өтіп соғады.

Көзге топырақ құятын,  
Ой да боран болады.

Ойлану — ескек жылы жел,  
Көңілдің алтын күрегі.  
Көз ашад жүрек жуады,  
Бұлт қуа, тұман түреді.

Ойлану — ойдың ойнағы,  
Ойынға оймен кіресің.  
Ондағы ой күміс, сілен су,  
Судай сылқ-сылқ күлесің.

*1924 жыл.*

## САНАЛЫ ЖАСТАРҒА

Тербелесің, шайкаласын, жас қайың,  
Жылы желің желпігенге жыл сайын.  
Желің де емес, желік те емес, қозғалсын  
Өмір үшін өзірленген жасқайым.

Иісі анқып, өскен балқып сабағым,  
Құтты болсын көкке өрлеген талабың.  
Сасық дала, мынау жатқан қараңғы ел,  
Ауылыңа қайырыл, кара, қарағым.

Жас мұраты, білім, тәлім-талабы,  
Таудай болсын, оналуға алабы.  
Жас қанжары — жүректегі жігері,  
Өнер, оқу — жастың қару-жарағы.

Қозғаласын, ұмтыласын жас ұлан,  
Жасты жасау — жас міндеті жасынан.  
Тілектесіп өміріңе, жолыңа,  
Сол тілекпен бетті жерге жасырам.

*1924 жыл.*

## ЖАСТАР

Жастар,  
Заманның қызыл гүліміз.  
Жастар,  
Наданның сәуле күніміз.  
Тегістік тұрмысқа.  
Жастар,  
Ортақшыл, өркен, жаңа тап,  
Жастар,  
Лениншіл, өркен жаңа топ,  
Тұрмысқа ол нұсқа.  
Лениншіл жас,  
Атта алға бас,  
Кел, аралас еңбекке.  
Елмен жетіс,  
Еңбек етіс,  
Елге жеміс бермекке.

Жастар,  
Ортақшыл, Маркс салған жол.  
Жастар,  
Аттанған сендер өскер, қол,  
Жүгің мол сол жолда.  
Жастар,  
Жаттасаң Ленин сөздерін,  
Жастар,  
Қопарсаң Маркс кендерін,  
Данышпан сен сонда.  
Бұл жас ұйым,  
Жаңа жиын,  
Жастың миын  
Молайтад.  
Бірлік, ұран,  
Тірлік қоғам, —  
Бар жас ұлан  
Соны айтад.

Жастар —  
Елінің тұқым себісі,  
Жастар —

Лениннің еккен жемісі.  
Қарық қылар деген ой.  
Жастар —  
Қырандай қырға қырағы.  
Жастар —  
Үміттің жанған шырағы,  
Жарық қылар деген ғой.  
Сол дәмені,  
Жастар енді  
Мезгіл келді  
Атқарар.  
Жастың көзін  
Ашар сезім,  
Ленин сөзін  
Жатқа алар.

Жастар,  
Жамалсын жалпы атырап,  
Жастар,  
Ауылда жалшы, батырақ.  
Соларды қоғамда.  
Жастар,  
Жас жетім,  
Жалпы панасыз,  
Жастар,  
Жылап жүр жас қыз шарасыз  
Қолың соз оған да.  
Болды ғой қор,  
Таба алмай жол,  
Қоғамың сол,  
Жаңа жас.  
Жас, еңбекпен,  
Тапшыл бетпен,  
Әлеуметпен  
Аралас.

Жастар,  
Езілген елдің баласы,  
Жастар,  
Еңбекшіл таптың панасы  
Қараңғы боранда.

Жастар,  
    Ұйымшыл, тапшыл, ұраншыл.  
Жастар —  
    Елге ұйтқы, басшы, қоғамшыл  
    Жаңа заң, заманда.  
    Білім қоры —  
    Жастың жолы.  
    Іздеу соны —  
    Міндеті.  
    Жастар кемел,  
    Болса шебер,  
    Жұрт жөнделер  
    Әдеті.

*1924 жыл.*

## КӨЛГЕ

Көмкеруің көк көгал,  
Күлмендеген күміс көл,  
Кенерең кесте — құрақ, тал,  
Кестенді өртер күзгі жел.

Оранып ұлпа ойдымды,  
Ойпанда жатып еттің наз,  
Төсінде құстар той қылды,  
Той бастады қу мен қаз.

Сүңгуір, сұқсыр сүмендеп,  
Қасқалдағың қалтылдап,  
Шүрегейін шүмендеп,  
Шағалаң шулап шаңқылдап.

Шомылған сұлу суыңа,  
Шалпылдатып алақан.  
Мықшиған мерген қуыңа,  
Балалар қуып балапан.

Көк құндақты күміс көл,  
Күбірлеме, жыр айтам.  
Сал құлақты, көңіл бөл,  
Болды сендей бір қалқам.

Ол да сендей сұлу ед,  
Жасы да оның жас еді.  
Жаз өмірімде туып ед,  
Жазы да оның аз еді.

Бейне біткен қайындай,  
Білегі мінсіз балғынның.  
Ақша төсі айдындай,  
Шашы сенің шалғынын.

Қасы сенің қабағың,  
Лебі сенің лебіндей.  
Саусағы сенің шабағың,  
Шынтағы шыбық өрімдей.

Оның да өмірі жартымсыз,  
Болды, лажсыз күз жетті.  
Өмір күзі сұрқынсыз,  
Екі он бестен жасы өтті.

Сен де сондай боларсың,  
Жаздың жақын өтері.  
Сен де сондай боларсың,  
Бір боларсың екеуің.

Күлмендемес көзің көл,  
Өлезір де тұнжырап.  
Күй күйлетер күзгі жел,  
Бақа-шаян шыңғырап.

Толқын бетінді ажимдап,  
Қартаярсың қалтырап.  
Долы дауыл азынап  
Жалп-жалп ұшар жапырақ.

Қику салған құстарын,  
Қош айтысар күн болар.  
Құшағыңа құштардын  
Қалмас бірі, жым болар.

Қарашалап қар жауса,  
Қалармысың қартаймай?  
Қамыс, қоғаң сарғайса,  
Қартаярсың қалқамдай...

*1924 жыл.*

### БІЗДІҢ КҮЗ

От жақтырды жауратып  
Шыңылтыр күзгі тымырсық.  
Мұздаған от болмаса,  
Кемпір мен шал ыңырысып.

Қара қи қалап от жанса,  
Жылынар бала жыбыршып,  
Бүрсеңінен жазылар  
Қызыл қарың, бұты шыт.

Кәрі қойдың сорпасы,  
Тандайға татыр жылымшып.  
Атасы берген жілікті,  
Келіні тістер қылымсып.

Қойшыға жылытқан көженің  
Бет-аузы мың қылшық.  
Лақ, тоқты күйлесе  
«Шашыратқы» дер ырымсып.

Қора жамап Бекей жүр;  
Өзгелерден бүйірсіп,  
Ат майлап мініп Әлі жүр  
Мал тапқыш, асқан ұрысып;

Қызды ауылда Ержан жүр,  
Баямбайдың ұлысып.  
Барын жөндеп бактырмай,  
Жоғын жөндеп таптырмай  
Әлі менен Ержанды  
Иектеп жүр бір кырсык.

*1924 жыл.*

## ЛЕНИН ӨЛДІ

*(Ленин қайтыс болған күні)*

Қара күн! Қайғылы өлең лебіздегі,  
Кемені неге айтпайсың теңіздегі.  
Тарихтың тар кезеңі — тап тартысы,  
Өмірдің кеме емес пе негіздері.

Дауылда су шайқаған долы дүлей,  
Қараңғы халық шуласа ұшып үрей,  
Қырқысып жайын, жауын, жалмауыздар,  
Қан сасып қара кеме қалса жүрмей.

Сондағы өлім күткен сансыз ғаріп,  
Өзеуреп күйсіз, мисыз кетсе талып.  
Тұрмыстың желі ойнатқан асау толқын  
Кемені құшақтаса ойнақ салып.

Шүмектеп көктен нөсер шылқылдаса,  
Жел ұйтқып, теңіз ойнап ылпылдаса.  
«Кеттік-ау су түбіне» дегендей боп  
Қажыған діңгек, тақтай шиқылдаса.

Таусылып, көз қарайса азық-түлік,  
Кеулесе неше жерден жанжал, бүлік,  
Тіл шалып, ой болжамас шеберлікпен,  
Қозғаса бір капитан жөнін біліп.

Кетеусіз мұрындықты қолына алып,  
Жарлыға, жаралыға жалын жағып,



Капитан аудармастан алып жүрсе,  
Қиырдан қырағы көз жұлдыз шалып.

Айнымас құрыш ерік, салқын канмен,  
Жылжитса қажымастан қайықты әрең.  
Қайықта қалтылдаған қаза тауып,  
Құласа сол капитан түпке терен.

Көк дауыл, тұңғықта қамап толқын,  
Бұлт көшкен, жай жарқылдап, үркін-қорқын,  
Өмірде соққы жеген жалпы жалшы,  
Қалайша тартпас екен жүзі солғын...

Жок, тартпас, тартылмас та, тарықпас та,  
Жамаудан жалшы табын жалықпас та.  
Әділдік, туысқандық, тегістікке,  
Адаспас оның жолы анық қасқа.

Ажағай сүнгігенмен ойнап көлге,  
Бұлт оты сарқыла ма одан өңге.  
Көпшілік күн нұрының көк теңізі,  
Санақта жегір саны қалад нөлге.

Шіріткен асыл миды, көп киялды,  
Көксеген адамшылық, әділ танды,  
Талайдың «пайғамбарлық фәлсафасын»,  
Ленин қолмен әкеп қоя салды.

Қойдырған оған қолмен ұлы күш бар,  
Қолында көп жалшының үлкен іс бар.  
Сол көптің көшін тура бастайтұғын  
Дана еді данышпан ед тізгін ұстар.

Не қылдың, нені істедің, кеттін қалай,  
Дүние оқыр сені, Ленин бабай,  
Жылады жалпы жалшы, жетім қалды,  
Қош, бабай! Қоштасамыз енді былай:

Қарс ұрып, кара киіп қалдық сенен,  
Өмірдің жөнсіз беті әлі терен,

Қалтылдап қайығында қалған халқын  
Жаңылмас «Жаса, жалшы!» дегеніннен.

Еткен іс, айтылған сөз, салған ұран,  
Қорыды қорғасындай жүректе иман.  
Өмірдің тербетілген кемесінде  
Адасад сілтеуіңнен ауытқыған.

Бастығып қалған табың қозғалғанға,  
Түн кетіп, қаймығар ма таң атқанда!  
«Ұшпақтың» кілтін бұзып кірер кедей,  
Қарудың қайратымен орақ, балға.

*1924 жыл.*

## ТҮН

Қараңғы түнін жамылып,  
Қайыққа міндік бір түні.  
Аспаннан шашу шашылып,  
Алтынға толды көл түбі.  
Сылдырап, толқын сыбырлап,  
Жеңіл жел жұмсақ желпіді.  
Сүйтсе де түнгі ауырлық  
Аударғандай еркімді;  
Денемді басып, дел-сал қып,  
Жүдетті жан шіркінді.

*1924 жыл.*

## АЖЫРАУДА

Қайдасың, қайда жүрсін, жөнін қайда?  
Күн қайда, қызық қайда, көңіл қайда?  
Сүйіскен салқын ағаш саясында

Жаны гүл, лебізі бал өмір қайда?  
Япырым-ау, шынымен-ақ ұмыттың ба  
Жүректі ыстық жанған суыттың ба?  
Болмаса қызықтан да қиыс қашып,  
«Аһылап» бір мен үшін у жұттың ба?  
Шыжғырып әлі өртеп жүр жүрегімді от,  
Шалды екен айтқан сертті қандай кір, тот!  
Сүйістік, саулық, маза таба алмадым,  
Беттегі әжім — күә, ақ шашым — сот.  
Табам ба көл, теңізге кірсем сүңгіп,  
Қазам ба он саусақпен тау-тасты үңгіп?  
Толықсып айы жарық тоғайыңмен  
Сағындым бір кірмейсің түске мүлгіп...  
Ағашқа ықтағанда жауып жауын  
Төбеттің жақтырып па ең сұңқылдауың?..  
Аузыма түседі де сағынтады  
Сәулем-ау, «айдайың» мен «ахахауың».  
Кім жолдас, осы күні, кімге жарсыз.  
Сағынам, өлең айтам ықтиярсыз.  
Жазылмас жас жүрекке жара салған  
Аяу жоқ «ажырауда» айтқан арсыз.

*1924 жыл.*

## ЛЕРМОНТОВ


Қиялмен аспан шарпып, арсы ораған,  
Зарлы ақын кім? — Лермонтов дәл сол адам.  
Қарысып улы отарға қайсар черкес,  
Күні еді қан — қанжарға қарсы оралған.  
Қан майдан, қаннан жанға сәуле түсіп  
Жыр қылған Кавказдағы «қан сонардан».  
Ақынның ойы майдан, тілі қанжар,  
Тіл жаныр, ой тербетіп ұшқыр жан бар.  
Оқ, отты түтіндеткен суретінде  
Ақындық бар, астарлы үлкен мән бар.

*1924 жыл.*

# Өлеңдер



(1925-1930)



## ЛЕНИН ТІРІ

Зымырап өмір кемесі  
Сермегенде құлашын,  
Көсем Ленин денесі  
Өлі деп жұрты шуласын, —  
Деп кана шашқан дақпырт қой  
Айтқанда егер турасын.  
Өлді ме, көсем тірі ме,  
Оның көп айтар расын.  
Өмірде өлмес адам бар,  
Ол кім! Ленин, ол басшын.  
Өлместей ісін қалдырған,  
Өлімге қалай қиясың?  
Егер де өлді десендер  
Тарихқа қиянат қыласың.  
Жалшы табы, жарлы жұрт,  
Өлтірді ме мұрасын:  
Ленин жолы — даңғыл жол  
Өлді де көне, мына ісін?

*1925 жыл.*

## БЕТАШАР

Айт-айт, келін, айт, келін,  
Атың басын тарт, келін.  
Сауысқаннан сақ келін,  
Жұмыртқадан ақ келін.

Келін келді көріңіз,  
Көрімдігін беріңіз.  
Ала-құла деменіз,  
Атын айтып беріңіз.

Желп-желп еткен немене,  
Желегің бе, туың ба?  
Қыруар қырға нұр шашар  
Желегің сенің қызыл ма?  
Көгінде күнін нұр қосар  
Бетіндегі қызылға.  
Қызылды-жасыл бөленген,  
Мынау қырдың қызы ма?  
Қылымсыма, қыр қызы,  
Аттаған соң босаға.  
Бетінді бермен икемде,  
Ашайын, айнама, сызылма!

Келін, келін, келдің бе?  
Керілмей сәлем бердің бе?  
Құтты болсын босаған,  
Құт келін бол еліңе.  
Құтты болсын қосағың,  
Қосылыпсың теңіңе.  
Құт-береке оралсын  
Желегіңе, жеңіңе.  
Күргейсіз күнге маңдай бер,  
Ұмтылыңқыра, шегінбе.  
Шеткерліктің шегесі-ау  
Шегіншектік тегінде.  
Келеде кеңес кеңейді,  
Кер кеткен әдет шөмейді,  
Қуанышың көңілінде.  
Басыпсың қадам тауып жол,  
Жармасып жаңа өмірге.  
Оныңды ақын құттықтайды,  
Қуанышы көңілінде.  
Тұсындағы торғайды  
Қомсынбайды, қорғайды,

Жыры жылы, жерінбе.  
Өзгеріпсің, өмірде,  
Өлшегенде о күнге  
Білезік жоқ па білекте.  
Ойған танаң өңірде.  
Омырауда ол сурет  
Отырған кім, Ленин бе?  
Жабырлаған жамағат,  
Жуықтасын жолын бер,  
Аш аранды келінге.

Ақ қоғадай бұралтып,  
Айнам, бетінді ашайын,  
Анау бір өткен күндерді  
Әуелі жырға қосайын.  
Ол күнгі ауыл әлі бар,  
Онан қалай қашайын.  
Қаша алмасам жөні сол,  
Ендеше саған басайын.  
Қамқорсынып өз анан,  
Қыз табам деп ойлап па ед  
Қыз тапсаң, араз болам деп,  
Әкең айтып қоймап па ед?  
«Күнге» кіндік кестіріп,  
Қалжаға құртан соймап па ед?  
О шіркіндер ол күнде  
Бұл күнінді ойлап па ед!  
Осы күнге енді бір сәлем!

Асырады анаң амалсыз,  
Алақанда аялап.  
Ақ торсықтан сүт сордын,  
Анаңның төсін аймалап.  
Ақ бата оқып қой сойып,  
Құда түсті бай, манап,  
Жә бір жарлы мал берді,  
Тайынша, тайлап, таналап.  
О шіркіндер ол күнде  
Бұл күнінді ойлап па ед!  
Ол күнге енді бір сәлем!

Қыркылжың қырттар кыжап кып.  
Қылмаң қаққан қыз андып.  
Қыз көнбесе «жесір» деп,  
Сарапқа салған лаң кып.  
Бесіктен белін шықпастан  
Қыруар малын матаған,  
Құлқындыны құмар кып.  
Баса айттырды бай төбет,  
Көп «сұңқарға» сыңар кып.  
Қылаң сақал шандыр шал  
Күйеу болды күркілдеп,  
Жиіркеніп ең жылан кып.  
Сары су құйды санана,  
Көңіл шер, көзді жылау кып.  
О шіркіндер ол күнде  
Бұл күнінді ойлап па ед!  
Ол күнге енді бір сәлем!

Матаулы малын әке алды,  
Әже де алды аужалды.  
Жеңгетайды жеңге алды,  
Жеңге де киді дамбалды.  
Құдаға қатын кадалды,  
Қадалды да көде алды.  
Топыр болды, той болды,  
Жан-жағына жар салды.  
Тойды өлеңші толғантты,  
Жамыратты жар-жарды.  
Жар-жар емес, жанулы  
Жүрекке салды қанжарды;  
Жылады қыз жырлады,  
Ағытты о да арманды.  
Кейіді, күйді, қорланды,  
Тудым деп неге қарғанды.  
Ата-ананы қарғады  
Қаңғыттың деп қарғанды.  
Сүйткен қызды шал алды,  
Қыз үйінде мал қалды.  
Қыз қызықтан не көрді,



Қыз өмірге зарланды.  
Ол шіркіндер ол күнде  
Бұл күніңді ойлап па ед!  
Ол күнге енді бір сәлем!

Жарым жолдан жаяулап,  
Жана жүрт көрдің жылысып.  
Азаға салған арықтай,  
Қоңыр желек қолпылдап,  
Құтын қашты құнысып.  
Абиырсыз абысын  
Арсандап ашты бетінді,  
Сумаң қағып сұлусып.  
Жыландардан жирендің,  
Итере алмай имендін.  
Имен қактың қылымсып.  
Топыр болды, той болды  
Кәрі-жасы ыбырсып.  
«Кешегі кеткен малымнан  
Сілекей «қайтса болды» деп  
Көрінді күндес биімсіп.  
Шал күйеуің шалмалап,  
«Шәугімді әпер, ей», — дейді-ау,  
Оқыранып, үйірсіп.  
«Құтты болсын құт етек», —  
Болсын деп шу-шу етед,  
Өңшең жылан құйыршық.  
О шіркіндер о күнде  
Бұл күніңді ойлап па ед!  
Ол күнге енді бір сәлем!

Қолында қоңыр домбыра,  
Қыдырынды бір ақын  
Қиқылдайды, сарнайды.  
Домбыраның басына  
Бәйбіше әлем байлайды.  
«Беташар жолы сенікі» деп,  
Әлеумет ақынды алдайды.  
Жылан тиген жылқыдай

Окиды, сені арбайды.  
«Айт, келіншек, айт, келіншек...»  
Арман таман айдайды.  
Атын атап әркімнің  
Әркімге сәлем арнайды.  
Әркімге сәлем арнаса,  
Алудың қамын қамдайды.  
Өзінше о да өсиет.  
Үйретеді хал-жайды.  
«Өзің жатып, байына.  
Тұр, тұрлама, келіншек;  
Қаптың аузы бос тұр деп  
Кұрт ұрлама келіншек», —  
Деп күйсейді, шайнайды.  
О шіркіндер ол күнде  
Бұл күніңді ойлап па ед!  
Ол күнге енді бір сәлем!

Одан әрі не болды,  
Онысы өзіне аян ғой,  
Оны менен сұрама.  
Ақын әлгіні айтқан соң  
Бай бадалғыр тұра ма,  
Әйелге таң атты ма  
Аттанған соң босаға?  
Күндіз малшы, отыншы,  
Түнде күзет қораға.  
Батымды күндес баурады,  
Болдың, қалдың қол бала.  
Бүйідей бүрді сұр сона  
Өгей ене дұзқара.  
Қодарқұл, қортық Қоңызбай  
Қоқандады қамшы ала.  
Жан жалын, қаның от күнде  
Қазан соқты күл болдың,  
Көмір болдың бір шала.  
Жібек едің жүн болдың,  
Жүре-жүре күн болдың,  
Отауың болды көр-мола.

Қол сілтедің дүниеге...  
О шіркіндер ол күнде  
Бұл күнінді ойлап па ед!  
Ол күнге енді бір сәлем!

Онан бері өтейін,  
Келеге кеңес кіргізген  
Кешегі күнге жетейін.  
Өріске жұртты өргізген,  
Бұл күнді айта кетейін.  
Тұсына туып төңкеріс,  
Бағыңа туып үлкен іс,  
Басынды ашқан тұманнан.  
Жылауыңнан жұбатқан,  
Қабағыңнан қуантқан,  
Қойыңды қаққан жыланнан,  
Еркіндік беріп еліңе,  
Қосып сені теңіңе  
Шығарған шер-құмардан.  
Ендігі сәлем шын сәлем —  
Бұл күніңе бір сәлем!

Айт, келіншек, айт, келіншек,  
Атыңның басын тарт, келіншек.  
Сауысканнан сақ келіншек,  
Жұмыртқадан ақ келіншек,  
Алдыңғы түйең итіншек,  
Итіншек деп ренжіп  
Басқа соқпа, келіншек.  
Артқы түйең тартыншақ,  
Тартыншақ деп қабаржып  
Көтке соқпа, келіншек.  
Осы күнің, қай күнің? —  
Зарығып көрген заманың,  
Күніне туған сәйкестен:  
Тулы жерде қайрат қыл,  
Істейтін жерде еңбек ет.  
Ептейлі жерде ебінше еп.  
Жасарарсың, жасарсың,  
Жауынды жазғы сен бір шөп.

Өнер үйрен, білім біл,  
Оралында ойна, күл,  
Ойлай, біле өмір шек.  
Өзің жатып байыңа  
Тұр-тұрлама келіншек.  
Байың жатып жайына,  
Қылқылдама, келіншек.  
Жалқау болса жатқызба  
Жұлқыла да, келіншек.  
Болғандарың игі емес  
Екеуің бірдей еріншек.  
Қатар жүр де, қатар тұр,  
Еріншектік — шегіншек.  
Еңбегінді еншілес,  
Еңбексіздік — еміншек.  
Үй шаруасын сен құра,  
Желекті адам жеңілтек.  
Түз шаруасын сен құра,  
Малыңды бақ, егін сеп.  
Осылай бетінді ашайын.  
Желегіңнен жетелеп,  
Жөн осы деп төтелеп,  
Ілгергі елге қосайын.  
Жол осылай жөн білсек.  
Қуаныш қылған қоғамың,  
Беташарға не бермек,  
Кім жомарт, кім көңілшек?  
Бергені сол жұртыңның  
Бәрекелді десеңші,  
Мәзбін соған: күлемін  
Болғанымша көк ішек.  
Күлкім сенің күнің ғой,  
Көркінді күттім, күнішім.  
Көркей, көгер, гүлінді ек.  
Көркей, көгер сенімен  
Көгерерміз көгерсек.  
Құтты болсын отауың,  
Атын «қызыл» қойыпсын.  
Дөдегесін дүрдитіп,  
Оған борлат ойыпсын.

Ортасына от жағып,  
Тойыңа тоқты сойыпсың.  
Қайғысыз қазан асыпсың,  
Қазанның түзе қайқысын.  
Оңынан түндік ашыпсың,  
Ошағың түзе ойқысын.  
Ілгері аяқ басыпсың,  
Өкшең түзе шойқысын.  
Керегенді кеуделет,  
Тарта байла таңғышын.  
Белбеуінді бекемде,  
Белеңді жердің желі жын.  
Сынын түзе үйіңнің,  
Орналастыр олқысын.  
Мінін түзе киімнің,  
Оналт олпы-солпысын.  
Аялап айран ұйтыпсың,  
Айнымай айран ұйысын.  
Жеделде, сүтті суытпа,  
Ертерек күй ұйтқысын.  
Қосағыңды қузай көр  
Заман мынау көші-қон,  
Бөле ұйықтасын ұйқысын.  
Тап-тұйнақтай тазала,  
Қоксымасын қокқысын,  
Отауының орны сол:  
Тәрбие-тәлім еліне  
Болсын,  
отау отырсын.  
Қабаржыма, қалың қол  
Бергелі тұр қол ұшын.  
Қонайын, құстай түтейін,  
Қодар қолын көтерсін.  
Қалың қалды — азатсың,  
Шамдансын да шал жатсын.  
Құбылмасын қорқыншын,  
Өз басыңды тенеуге  
Білімнен шүйке шүйкелеп.  
Өнерден өрмек тоқырсың.  
Жаңа тірлік жассындар,

Өншен көзді соқырсын.  
Сауықсын десең соқырлық,  
Ұмтыларсын, оқырсын.  
Ендігі үміт отауда,  
Отауыңа кітап жи,  
Оны ауылың оқысын.

Айт, айт келін, айт, келін.  
Күлген күнді көрдің бе,  
Ай жүзіңді аш, келін.  
Көшкен елді көрдің бе,  
Аядай алға бас, келін.  
Жаңа өмірге өрлепсің,  
Жас сүлгім, жас көгім.  
Өмір майдан өзгеше,  
Әзірлен оған әліңше,  
Жас жасак, әйел әскерім.  
Ауылда әдет әлі бар:  
Қас дұшпаның, қаскөйің.  
Оны женер жалғыз жол,  
Жолың өне — оқу ол.  
Өз талабың, жігерің,  
Қағаз оқы, хат таны,  
Сауатыңды аш, келін.  
Оқығаның өкіл бол,  
Әлеуметке бас, келін.  
«Қазаншы қатын да үкімет  
Басқарсын», — деген Ленин.  
Ол ұранды орында,  
Орындау өз міндетің.  
Білімсіз теңей алмаспыз  
Тең теңсізін, бас кемін.  
Беталды сөйлей бермейін,  
Беташар бітсін осымен:  
Жамырашы, жасашы  
Жас өркенім, жас өрім!  
Бәріңе менен бір сәлем!

*1925 жыл.*

## ЖЕЛДІ ҚАРАҒАЙ

Жайлауым желді қарағай,  
Жайлауында елі жарасқан.  
Жанымда жайлау жағалай,  
Жанса, қалай жақ ашпан.  
Қарағайың сыңысып,  
Қалың малың қаптаған.  
Қара бұлт бураң бұлықсып,  
Қара інген тауды қапсаған.  
Туырлықтай тұманда  
Тұмшаланды тұғыл сай,  
Тобылғы торы құнандай,  
Томсарды қасы қапсағай.  
Шокшиған шұбар шоқының  
Шоғырланса ұшпа ұшынан.  
Шолақтың лонқа шоктығын  
Шолады көкте күшіген,  
Ол күнде біз бала едік,  
Оздыра құнан шауып ек.  
Орғыта ойнақ сап едік,  
Ойнай қозы бағып ек.  
Жалбағай тымақ, жауқияқ  
Жауырынымызға жабысқан;  
Жая шыққан қозы-лақ  
Жамырауға жарасқан.

*1925 жыл.*

## САБЫН

*(Жеңгем жыры)*

Сақарын еді сексеуіл,  
Сабыным, сағызша оралшы.  
Сабыннан ырым етуші ек,  
Оралсаң, ісім оңалшы.

Көйлегім көптен жуылмай,  
Кимешек кірлеп кетіп ед.  
Бырт-бырт (бидай қуырмай).  
Биттің де бейнеті өтіп ед.

Жабағы болды жібек шаш,  
Жабылып жаман жабысқак.  
Сыңысып сірке бұрымда,  
Қаптап ед қалың қайызғақ.

Сабам сауыс, қасық қак,  
Сатала самсып бөзде тұр,  
Орамалым он батпан,  
Баланың басы көз қотыр.

Арулансын астауым,  
Мұнтаздансын сапты аяқ.  
Өңезден күбім арылсын,  
Оны біреу айтпай-ак.

Ауру-лас, кір-қолаң,  
Ауыртып еді мазаны ап.  
Арылта жуып, сабындап,  
Алайын бәрін тазалап.

Базарда сабын көп дейді,  
Адыра қалсын, арзан ба?  
Аларлық арзан болмаса,  
Жазғы жұт тағы мал-жанға.

Сығалама, қарама,  
Еркек аулақ! Қыз қашық!  
Абысын байғұс қайда жүр,  
Алатын болса бұзаушық.

Сақырла қазан, былғауыш,  
Сағыздай сабын оралсын.  
Сабыннан ырым етуші ек,  
Оралсаң, ісім оналсын.

*1925 жыл.*



## САПТЫ АЯК

Карынсау, кара тегештей,  
Кара қоңыр сапты аяк.  
Дөңгелек карын, кемештеу,  
Ақжем ернеу, ақ кабак.

Шығыршығы шынғырлап,  
Айнымайды арбыздан,  
Тау суындай сылдырлап,  
Кұйылса кымыз құндыздан.

Бауырдай қатық балбырап,  
Коймалжың кою құйып құрт.  
Жұмып көзді жұтқамын,  
Мөлтілдетіп малып мұрт.

Қабакқа біткен қайынның  
Беріші еді, безі еді.  
Өтіндей-ақ аюдың  
Әкемнен қалған көз еді.

*1925 жыл.*

## КӨШІ-ҚОН

Буалдыр бұлт ыдырап,  
Сүнгілі су сылдырап,  
Сабылған сабыр кепкенде;  
Бөртіп бұта бүрленіп,  
Төлдеп түлік түрленіп,  
Көгерші гүл төккенде  
Ел қыстаудан көшеді.

Аспанды тандақ таң сөгіп,  
Қырға қызыл нұр төгіп,  
Түн түнегі кеткенде;

Койшылары кобырап,  
Кой-қозысы манырап,  
Ауыл даң-дұң еткенде  
    Үй байлауын шешеді.

Текпішегі қимылдап,  
Жеткіншегі жымындап,  
Тақымға тай жеткенде;  
Келіншегі керіліп,  
Еріншегі ерініп,  
Ренжіп маза кеткенде  
    Ауыздары айран ішеді.

Үйдін бауы шешіліп,  
Көш жөнелді кешігіп,  
Кешегі ел кеше кеткенде;  
Қопарған қуып құмарды,  
Құлатқан жуып шындарды,  
Өзені күрілдеткенде  
    Көш көсіле өтеді.

Шудалы шөп шүйкелей,  
Бұлтты айдай, төтелей  
Жібек жел дірілдеткенде;  
Желдірте жедел жетелей,  
Тараудан тоқсан төтелей,  
Ұлы өткелден өткенде:  
    Жөн осылай деседі.

Бұлттай көш жөнкіліп,  
Асауды малшы мөңкітіп,  
Дөңесті дүбірлеткенде;  
Жамырап жастар қысылмай.  
Қылымсып қызы қымтанбай,  
Қабағын күлімдеткенде;  
    Жар жанаспай не етеді!

Сағанағы сылдырлап,  
Сақалдысы самбырлап,  
Көштің күйін шерткенде;

Сары ұзын күн сарылып,  
Адасқан ит қаңғырып,  
Ұлы жол ұзап кеткенде:  
Көш қонаға жетеді.

Жадырап жапан, жаз маздап,  
Жарлауыттан қаз-қаздап,  
Жамырасып жеткенде;  
Күн астында алыстан  
Басшы барлап шанышқан,  
Көріне көзі жеткенге  
Найза қылт-қылт етеді.

*1925 жыл.*

## КОММУНА

Баяғы батқан бір күн батыстағы  
Жарк етіп біздің жақтан шықты тағы.  
Масайрап еркін, бостан жолға тартты,  
Езілген еңбекшінің барлық табы.

Ол қай күн? — Коммуна еді Париждағы,  
Коммунар — коммунге қан ағызғаны.  
Ақ жолға алғашында құрбан болған  
Ерлерді еске алуға қарыздағы.

Жер қандай? Дүние де бір тазқарын  
Үрлейтін қарын құртын қызыл жалын —  
Батыстан батқан күнің бізден шықты,  
Кәдіксіз нұрға орайды жердің шарын.

Жауына еңбекшінің қанымен қас,  
Айнымай шейіт болған егеу алмас.  
Дүниеге төте жұлдыз көзеп кеткен,  
Қабырына қаһармандар иеміз бас!

*1925 жыл.*

## СҮРАУ

Жер ажалы от па екен?  
От ажалы жер ме екен?  
Жел ажалы от па екен?  
От өлімі жел ме екен?  
От ажалы су ма екен?  
Су деген сөз шын ба екен?  
Су ажалы жел ме екен?  
Жел деген сөз шын ба екен?  
Су ажалы жер ме екен?  
Жер ажалы кім екен?  
Аспан ба екен? Күн бе екен?  
Күн ажалы кім екен?  
Күн деген сол шын ба екен?  
Күн менен жер дүние екен?  
Дүние деген ол не екен?  
Кайда дүние түбі екен?  
Мұны айтатын кім екен?

*1925 жыл.*

## У

Қашаннан «Құдай», «кұран» деп  
Қаңғырған талай ой жазған.  
Құдайдан құрыған құлдар көп,  
Құранмен қуған қулар көп.  
Сорлы аузына у құйған,  
Құранмен құй қазған,  
Төбесінен сорлының,  
Сорған қанды сол жазған,  
Тұзақ тоқып, ау салып,  
Дін, ораза, намаздан.

*1925 жыл.*

## ЖЕТІСУ СУРЕТТЕРІ

### ЖАЛПЫ СЫН

Жер таппан жерде жетер Жетісуым:  
Күркілдек, Көксу, Лепсі, Іле, Шуым,  
Асқардың аспан сүйген сілекейін,  
Жан бар ма татпайтұғын, айтпайтұғын.  
Бөленген бұлтқа мәңгі меніреу күз,  
Ну тоғай, қоғалы көл, қоңыр құмым.  
Асқардан ақтарыла арқыраған,  
Жөкеннің кім аңсамас балдай суын.

Жетісу, кеудең асқар, аяғың көл,  
Қоңын құм, мыкынында бар сексеуіл.  
Тау жайлап, қоңыр күзеп, құмды қыстап,  
Ол бір маң мал өсірген өлкедегі ел.  
Көктемде құмнан әсем жер болсын ба,  
Жайқалып жауқазыны, раң гүлдер.  
Бойдағы бозбаладай асыр салса,  
Қозысы құйрықтанып дөңгеленер.  
Шөгіскен шоғыр асқар қатпарланып,  
Қия күз, мұсатыр мұз жақпарланып.  
Емес пе көк ала бас ақ буралар,  
Оралған шудалары мақпалданып.  
Саятта аң аңдыған ол бір мерей,  
Мылтық ап, бүркіт ұстап, қақпан салып.  
Таудағы тас жаңғыртқан қойшы әндері.  
Қайырлад еткенімен сақпан саңық.

Айқыра ала асқарлар жатыр шөгіп,  
Жер жаншып, көктің көлбеп төсін еміп.  
Ойнақы, құба, тарлан тағы аңдарын  
Тәбеті тау-тасына қонған теліп.  
Құлпыртар құмда соққан қоңыр самал,  
Мәсімнің масатысын желі желпіп.  
Қар кетіп, қара жері жасанғанда  
Қонбасын қалай құсша елі келіп.

Ескінін ертегі айтсам ертесінен:  
Жетісу қан малшынған белшесінен,  
Алайда айналармын, айтам әлі,  
Шыға алмай жүрмін әзір жер шетінен.

## ТАУ СУРЕТІ

Тарбиған Тарбағатай жердің құты,  
Барлық — ел «қыдыр түнеп көшкен жұрты».  
Оранған ақ кебенек аруакты Алтай,  
Төгіліп бізге таман жатыр мұрты.  
Ертеде сол асқардын сәулетіне,  
Қиыспай қырғындасқан талай жұрты.  
Ақшұнақ, Жабағылы, Мыңшұқыр, Таз,  
Бұлардың бәрін тізген Жоңғар тұрқы.

Аршалы, Амантекше, Карасырық,  
Қараүңгір, Қалмақасу, Қаражырық.  
Сауыры Салқынбел мен Сайымбөлек,  
Суығы соғып тұрад аласұрып.  
Қымызын сол жайлаудың ішкен кісі,  
«Бәйгеге» қосад өзін тан асырып.  
Шоқысын Бүркітінің Үшбүйенге,  
Қойыпты сәукеледей жарастырып.

Күрделі коньс қайда Күренбелдей,  
Құр жатпас Қора мұзбен жүгенделмей,  
Тегерез төнкерілген тегеш, Шажа,  
Шамқой шал қабақ жаба түнергендей,  
Талақтай талаураған Баянжүрек,  
Тұнжырап тұқырып тұр «тірі өлгендей».

Мұрыны Мұзбалақтың көкте мүлгіп,  
Ақтасты аспанға әдей тірелгендей.  
Қар кете қарлы аланы қақ айыра,  
Қаптағай қаптай көшед Бүйенді өрлей.  
Түйірлі бұршақ нөсер ұшықтайды,  
«Ши ұшық», «қырық аяқ су» жібергендей.

Көкжамбас, көл Көпірлі таудың көркі,  
Жатқан мұз Шатыртастың көкше бөркі.  
Ақиық Демікпеден алған адам,  
Алдырар Айдарлыдан Алтай түлкі.  
Қоңыртау қорқатыным бала жастан,  
Жыланы түрі жаман — түкті, түрпі.  
Түнімен тау күзеткен, таста айтақтап,  
Дуана заржақ байғыз — шайқы-бұрқы.

Талғар тау тарғыл ала шоқы биік,  
Асқақтайд емшегі, ерні көкке тиіп.  
Арқырап аскарынан құлаған су —  
Бауырын балбыратқан еліне иіп.  
Малға жай, елге жайлау Үшқараштың  
Сүбесін мекендеген суыр сүйіп.  
Асы — астау, отырған ел — өрелі құрт,  
Құрт жайып қодырайған Бакай биік.  
Албыр бет Алматыда алма әдемі,  
Алғандай ақ тамақты ауызға үріп.

Қарқара қалың қазақ кебесіндей,  
Албанның албырт — ерке енесіндей.  
Қарағай қапталдағы, жыныс арша,  
Қыдырлы малдың құтты келесіндей.  
Текестің көкке өрлеген тік қиясы,  
Сымпиып сол манайдың төресіндей.  
Мынжылқы мыжырая жантайысқан,  
Өзгесі жүгініскен төрешідей.  
Былшықай, Бесжырғалаң, Түптің түрі  
Қатықтың жаланбаған тегешіндей.  
Қарқара жарасымды жазық жайлау,  
Үшкүлше құрттың жайған өресіндей.  
Алыстан ауыл өрпін абайласаң,  
Сүйекті баймөңкенің шегесіндей.  
Сүті ағып сорғалаған Үшқарқара,  
Қорғасын қорып төстен келетіндей.

Қарасаң Көкбұлақтан күміс қарға,  
Өрнегі шербеністің билетіндей.

Оскырып теріс айналған Түптің суы,  
Сырт беріп қос аяқтап тебетіндей.  
Жыландай ирең қаққан Иірсу да  
Білдірмей тау іргесін сөгетіндей.  
Лабасы төрде жатыр төс табандап,  
Шоңқиып малды ауылдың төбетіндей.  
Бота жүн, бозғылт, күрен шалғын  
біткен,  
Жайлау жоқ Көктөбенің төбесіндей.

Жарбиып осы өренге ықтырмалап,  
Қоңырқай Қулық судын бөгетіндей.  
Ешкідей үркіп шыққан Шөладыр тұр,  
Қасқырдан бір тықырды көретіндей.  
Телміртіп Текес аса ай туады,  
Тайыншаның тарғыл ала зересіндей.  
Жайлаудың ортасында Түзкөл жатыр,  
Жарқырап төбел таздың төбесіндей.  
Айналсоқ ала асқарда сасық мұнар,  
Тіміскіп төс түртпесе өлетіндей.  
Қыз емшек қызыл сүйір шоқылары,  
Томсартып тұман сүйіп өбетіндей.  
Меніреу мөлдір кара бұлт қоршайды,  
Сұлуға жұпар бүркіп себетіндей.  
Баладай былдырлаған сақау самал,  
Қойнына әжесінің енетіндей.  
Тұмсығы Торайғырдың түгел орман,  
Сол таудың тыныс тартар өнешіндей.  
Таппайсын Үшмеркіден ұшы-қиыр,  
Қарағай кара шашты өретіндей,  
Басы мұз, зәулім жақпар, дүлей тоғай,  
Барлық аң бір шатқалдан өретіндей.  
Мақтайтын ертедегі Иран бағын,  
Сол жаққа барған кісі көретіндей.  
Томардай тұтқыл күйген, тұлан тұтқан  
Сорлы тау неге болсын Сөгетідей.  
Қып-қызыл жамағандай тауды мыспен,  
Қорғасын қорығандай су-күміспен.  
Құймақы, қожыр кара жақпарлары,



Арналып отырғандай алып күшпен,  
Таутеке, марал, бұғы тағылары,  
Тау-тасын мекендеген жазы, қыспен.  
Қартадай қатпар-қатпар қаптал жатыр,  
Тазы ертіп, күзгі қарда шықсаң күспен.  
Қуыппыз көк жайлауда бір күн елік,  
Желіктен кісі аман ба қымыз ішкен.  
Тағыны тастан тауып тарсылдатып,  
Жүргенбіз тауды ұзақ күн қыдырыспен,  
Басына кешке таман Шырғанақтың  
Шыққаным әлі есімде Ыдырыспен.  
Ал сонда алды-артына көзді салсаң,  
Оңды-сол, көз жетерді шолып алсаң,  
Бұлдырап көзін шалып Түптің суын,  
Албанның конысына қайта айналсаң:  
Қылқиып қыры кеткен Қызылауыз,  
Кетпен мен Кенеу кербез жатыр алшаң,  
Томпиып томағадай Сарытау тұр,  
Қарасай — ер қапталы атқа салсаң.  
Елбіреп Елшенбүйрек ел аулақта,  
Ойнамақ жасырынбақ Науша, Наршаң.  
Шалкөде шүйгін шөпті құтты жайлау,  
Сонда дейд сүзбе тұзды бара қалсаң.

Жер бар ма зәу Бакайдан көрінбеген,  
Жүйеге тау қалсын ба бөлінбеген.  
Көресін алдындағы дастарқандай  
Жерлерді Теріскей, Сырт, Төрің деген,  
Лабастың саласын да шолар көзің,  
Тұлымдай тобық сокқан өрілмеген.  
Аса алмас алғыр қыран ала асқардан,  
Өңкілдеп өзен қалай төгілмеген.  
Шығысқа беттей шөге жатқан таулар,  
Құшысып, сүйісіп тұр көгіменен.

Меруерттей жалтылдайды күңгей Мұзарт,  
Көз түгіл үнілесің көңілменен.  
Құзары Құдырғының құлдыр шұнақ,  
Өрікті ол біз биедей желіндеген.

Аксақал, Байсауырын. Тайсауырын  
Жалмауыз шығар көктін көгін жеген.  
Асқардың арғы атасы Хантәңірі,  
Албанның өрісінің төрінде екен.  
Па, шіркін! Болады екен тау да сұлу,  
Мұз көйлек көк мұнармен белін буу.  
Көлдегі көп шағала ортасында,  
Тартпасын көзді қалай айдында аққу.  
Өзгені үйме-жүйме отырғызып,  
Ортада бір аксақал кенес құру.  
Қайырып топты үйірін бір боз айғыр,  
Жусатып, қалғып көзін ашып-жұму.  
Осыған ұқсамаса сөкші мені,  
Басына Кіндіктастың карап тұру.

### ЖЕТІСУДА СУ СУРЕТІ

Ыстықкөл жер айнасы мөлтілдейді,  
Балқашты қамыс қамап желкілдейді.  
Аттанған алты өзені Жетісудің  
Балқашқа бауырымдап еңкілдейді.

Балқаштан өзенді өрлей жүзген балық,  
Тұмсығын тас қаққанша еркіндейді.  
Бұлқынса анда-санда ала бура,  
Жетісу желпең қағып селкілдейді.

Шу өне, тауды тарпып шыққан шулап,  
Ойнақтап, ырғй, жосып таудан тулап,  
Асқардың ақтарылған ағы емес пе,  
Қарқ болған қырғыз-қазақ суын сулап:  
Шуылдап жүйткіп жатқан Шудың үні:  
«Қолың бер, құт, береке» дейді «тұмақ!»  
Ертеден ірге теуіп өскен Шуда,  
Ұлысы Ұлы жүздің Үйсін — Дулат.

Шымырлап Іле қайнап құмды кезген,  
Қас қақпан ұйық, дойыр, долы безген,  
Алыстан арып көшкен керуендей,

Тонмойын, томсарулы түнжыр көзбен,  
Елге де, егінге де қарайласпай,  
Жылысып жылжып жатыр бір мінезбен.  
Ел шайқап, ердің қанын ішкен Іле,  
Естісең ертегіні ескі сөзден.

Арқырап асау Шелек орыпты тас,  
Бурадай бұлқынады көк ала бас,  
Ол баста Күншығысқа шыға шауып,  
Жалт беріп етекке еңсей сапты құлаш.  
Айдынды айдағардай күміс көл бар,  
Алысқан таумен, таспен алып болмас.

Кожыр тас копарыла құмға айналып,  
Жарпымен көшіп жатыр боп жым-жылас.  
Қысылып қыспақтағы қыл көпірден,  
Албандар өтеді азар деп «ақ сарбас».  
Көпірген Көксу көл бар басы бастау,  
Тау жуып, тасты қуған содыр суы,  
Дегенге көшпелі әйнек суы ұйқастау,  
Анкылдайды арнасында меруерт астау.  
Жалбасы, Шаған, Бұғы мүлгиді оған,  
Шалдуар шалдай қалғып шала мастау.  
Жар жарып, жерді жиған Көксу көл бар,  
Бейне бір Жалайырға шабатын жау.

Ақырап айқай салған Көксу алып,  
Жазыққа шыға келсе үркіп ағып.  
Егінші, ылғи диқан Жалайырлар  
Үлесед үй басына тоған алып.  
Сол елдің қыдырынды қыдыры сол,  
Сар бала, қарақазан болып қарық.  
Мөлтендеп мойнақты орай Қаратал да,  
Көксуға қойындасад жарды жанып.  
Қосылып екі ерке су, екі сұлу,  
Балқаштан қалын құмға кетед лағып.

## ЖЕТИСУ ЖӘНДІГІ

Баяғы баяғының заманынан,  
Асқарда шың мекендеп, жайлаған аң,  
Тағылар тарғыл таска баурын төсеп,  
Бар тышқан қоныс алған балағынан.  
Жасанған театрдағы ойыншыдай,  
Құздардың көрінеді аң аланынан.  
Қиынның жынысында бар деседі,  
Сілеусін, ілбіс, аю, бұғы, бұлан.  
Кәдімгі қасқыр серек, қарақұлак,  
Шуылдайд шиебөрі үй артынан.  
Кәдімгі қарсақ, сусар, бұлғын, жанат,  
Сол таудың іздейді аңшы ту сыртынан.  
Таутеке, асқар, құлжа, қарақұйрық,  
Көруге болад бәрін жайылымнан.  
Маралды мал ішінен атпен қуып,  
Әкеп жүр ауылына айдап Албан.  
Тазқара, балтажұтар, ақбас құмай,  
Бұлақта отырғанын көрем ұдай.  
Жарғақ бас, жұртшы, саржак су бүркіттер,  
Құмайдың қоғамында құдасындай.  
Лашын, түйғын, тұнжыр, тынар, мыки,  
Ителгі, бәрпі, қырғи, құр, тұрымтай.  
Бидайық шында ғана болад десед,  
Бүркітпен барымталы ел ала жаздай.  
Тығанак, үкі, ақсары, құладындар  
Сықылды толып жатыр мөжен-томпай.  
Албандар атын атап түстейтұғын,  
Мінеки Алатауға біткен торғай:  
Қара, боз, суық, бүкбас, сипті, шымшық;  
Шапшақай, майлық, маубасбұқа, шөже,  
Тоқылдақ сан-сапалақ атаулысы —  
Айтарға сай-салада жүр лықсып,  
Тас жарып, балақ біткен шынға шықсан,  
Күй тартар той қылғандай торғай сыңсып.  
Көркемі көбелектің сол сайларда,  
Гүл шолып, жүрер ойнап ұшып сып-сып,  
Үстіңнен аю тасты сылдырлатса,  
Самайдан ішкен қымыз шығар шып-шып.

## ЖЕР ТҮГІ

Ағашта өзін білген қарағай, тал,  
Жалғыз-ақ неше алуан түрлісі бар.  
Долана, ұшқат, шетен, ырғай, арша,  
Ақ сасық, қызыл қайың, барша, шынар.  
Шырғанақ, сөнке, терек, сөгет, емен,  
Үйеңкі, шырғай, балғын тораңғылар,  
Сары ағаш, қойқарақат, жиде, шетен,  
Тобылғы, түйеқұйрық, бауырқұрттар;  
Қараған, бозқараған, шеңгел, шілік,  
Сықылды ағаштардың талайы бар.  
Биікте бітед шөптен сарыкүйік,  
Тістеніп жатыр жұлып малы сүйіп,  
Қымызын сарыкүйіктің ішеміз деп,  
Албандар қоныстайды құстай биік.  
Тауконақ, шәйшөп, манқа, құлынембес,  
Сүттіген, енлік, мейіз, киізкиік,  
Ақшалғын, көкмарал, бетеге, ран,  
Жапырактенге, бұйра қисық иық,  
Балдырған, уқорғасын, атқұлақты,  
Елік жүр сонысында соны қиып,  
Жұлкеуір, бәрпі, шырыш, шытыр.  
Сауыны биеемшектің кеп тұр иіп.  
Мынтамыр, жуа, рауғаш, жаужапырақ  
Балауса, сорғыш, селдір, ермен, бақбак,  
Сыбызғы, жалбыз, құлмақ, қарақияқ,  
Шоңайна, меңдуана, сора, шакпак,  
Ішінде сол қурайдың сұлу солар,  
Шырмауық, кендір, қылша, жыланқияқ,  
Қанжыға, қоға, сасық, аққой болып,  
Бөлінед жуалар мен таусарымсақ.  
Қымыздық, қызсаумалдық дейтіндерге,  
Ат қойған тау елінде сүйіп шын-ақ.  
Өріске біткен осы өнкей сүттің  
Ішінде бір сүйкімсіз отыр бір-ақ:  
Қалақай қара тарғыл ол айтқаным,  
Сүйеді сүйкенгенді шымшып, бұрап.  
Өзге жан өмірі оған жоламайды.  
Төнбекшіп түйе жесе қалар құлап.

Шалкиды шалғын көлдің камысындай,  
Атқұлақ Тасарықтың тарысындай.  
Үш қырлы, сұлу сырлы айылқияқ,  
Кіндігі қырғыз өрме қамшысындай.  
Селтендеп сепсе қурай сырға қадап,  
Саржағал сәлемдесед танысындай.  
Жуалар шайқандаған ол бір кербез,  
Шалма орап мұсылманның абызындай.  
Құстандай самал сокса сыбырласад,  
Әзілді әйел, ажын-абысындай.  
Солармен судырласып ойнайды жел,  
Дүрмектің көкпар тартқан шабысындай.  
Неше елді аттандырған құтты қоныс,  
Әлі тұр әсемдігі таусылмай.  
Суретін сөз баяндап жеткізе алмас,  
Жерінің Жетісудың бәрі сондай!

*1925 жыл.*

## ОҚИМЫН

*(Жеткіншектің жырынан)*

Бесікке бөлеп бөбегін,  
Шөките қойып шүмегін,  
Бауырсақ шайнап жегізген.  
Жая десем жал беріп,  
Секер десем бал беріп,  
Аялап мама емізген  
Аяулым Анам аман бол!  
Рұқсат қыл оқимын,  
Оқығанда кім болам?  
Жанарыңа нұр болам.

Ашамайлап тай байлап,  
Тай терлетсем «бай-байлап»,  
Азырақ ағат іс кылсам  
Әуліккен әкем айғайлап,

Козыдан ұйықтап калғанда  
Ат бауырына алғанда,  
Айырған анам «қой-қойлап».

Азапка мені айдаушы ең,  
Ұзақ күн өзін дойбы ойнап,  
Әзірге, әке, аман бол,  
«Жол болсын» айт, оқимын  
Оқығанда кім болам?  
Шаруанда мен болам.  
Желегіменен желпіген,  
Жеңешетай-ау, жылама.  
Тұлымшағы селтиген  
Қарындасым Нұрбала,  
Бала да сендей бола ма?  
Сағынба, сәулем, келемін,  
Айналып сені сүйемін,  
Аман бол деші ағана.  
Жеңешең, қарғам, қарайды,  
Шашынды жуып, тарайды.  
Оқимын, кетем қалаға.  
Оқығанда кім болам?  
Мен сендерге тіл болам.

Ақ меруерттей көгендеп,  
Ақбоз аттай жүгендеп  
Ойнаған қоңыр қошақай,  
Маңқиып қосыл, аман бол!  
Шап айылдап шымшылған,  
Шымшылған қыздай қымсынған,  
Қысырын емген қызыл тай,  
Текбішегің терлемес,  
Әзірше аман жүре тұр,  
Кісінемей кішкентай.  
Ұқ сонымды, айттым сол!  
Жібек жүнің желпілдеп,  
Мөлдір көзін мөлтілдеп,  
Қаз-қаз басқан баладай  
Келуші едің селкілдеп.

Боздамашы, ботакан!  
Ойыма алдым ұзақ жол  
Ол бетімде оқимын.  
Оқығанда кім болам?  
Төрт түлікке төл болам.

Қарта бұйрат, қос қолат,  
Құм сағызды құмым-ай!  
Тауым, сүттей суың-ай!  
Сылдырлай тұр әзірше,  
Айналармын әлімше.  
Заңы заңбар заманым  
Беті-қол саған жуғызбас.  
Қояны койдай Ақөзек,  
Көгалы көлдей Көкөзек  
Көбелек сенен қуғызбас.  
Қой-серкеш қол хат оқытып.  
Қоралы койды коқытып,  
Желілеп жылқы жиғызбас.  
Есім кірді, есейдім,  
Ендей алман еліме,  
Бекер жүрмен белімде.  
Батбағында ойнап күміс көл,  
Балшықтан түйе қойғызбас.  
Қол-аяғым босанып  
Дәуірледі дәуірім.  
Белімді буып, бет алмай  
Басылмайды ауырым.  
Алып ұшад көңілім,  
Өзгеленді өмірім.  
Жұлып ұшад жүрегім,  
Телегейленді тілегім.  
Тұнығында ойнатып  
Түбегім шыбық қиғызбас.  
Аман бол, мекен, аттандым,  
Аттанғанға шаттандым.  
Қабағыма карамай,  
Қалайша қала сиғызбас.  
Құтты қоныс, хош, есен,



Ұмтылдым өрге оқимын.  
Оқығанда кім болам?  
Күркіреп жанар күн болам.

Қараша ауылым шошайған!  
Көшесің қашан сол сайдан?  
Жалқаулық пенен кедейлік  
Көшірер ме екен сол сайтан?!  
Бекемге байлап белімді  
Айналам оңға осы айдан.  
Тарыққан әлем табына  
Қолымды қоса шошайтам.  
Осы бетпен, ниетпен  
Ауылға әзір хош айтам.  
Аман бол, ауыл, оқимын.  
Оқығанда кім болам?  
Ауылыма ай, күн болам!

*1925 жыл.*

## **БӨБЕК БӨЛЕУ**

*(Ана жыры)*

Бөл-бөл бөбек, бөл бөбек,  
Бөлейін бері кел, бөбек.  
Бедерлі бесік, төрт есік,  
Төгілте салдым төр төсек.  
Бөпешім, бесік — отауың,  
Отауыңа кір, бөбек.

Бөл-бөл бөбек, бөл бөбек.  
Бүлдіршін шүмек бәйтерек,  
Балалы үйрек, бас бармақ,  
Күшіне бөбек, бес бөлек.  
Саусақайы салбырап,  
Бөлене қойсын қос білек.

Бөл-бөл бөпем, бөл бөпем;  
Бөлесем жөнге көн, көкем.

Көк ала жылқы көлде екен,  
Көк ала тайың сонда екен.  
Торсығынды тосайын,  
Тұмсық төсей сор, көкем.

Бөл-бөл бөпем, бөл бөпем,  
Бөлейін бері кел, көкем.  
Жұлдызынды жұм, көкем,  
Жуынып ерте тұр, бөпем.  
Алшая атқа мін, бөпем.  
Ақтан кара біл, көкем.

Бөл-бөл бөбек, бөл бөбек,  
Бөлекен қонған көк өзек.  
Көк өзекте көбелек,  
Көлге көк құс шүй, бөбек.  
Көк өзекте көбелек,  
Көбелектей күл, бөбек.

Бөл-бөл бөбек, бөл бөбек.  
Боларсын, бөпем, қолкөмек:  
Әлпештеген ата-анан,  
Бола қалса мүгедек.  
Таңайын, ұйықта, таң атсын.  
Түнде оянба, түн түнек.

Бөл-бөл бөбек, бөл бөбек.  
Бөріден бөстек ки, бөбек.  
Ерінбей еңбек ететін,  
Еліңе бол елгезек.  
Елгезек болсаң иісін,  
Ендеше саған екі емшек.

Бөл-бөл бөбек, бөл бөбек,  
Бөгелмей білім біл, бөбек.  
Білмесең білім бекерсің,  
Бет алдына кетерсің,  
Елге есті ер керек,  
Ер жет! Есей ертерек.

*1926 жыл.*

## ЖАУЫН

Көк шатырлап, жел қарпып,  
Жайлар түсті жайнақтап.  
Кап-қара сұр мұнартып,  
Бұлт аспанда ойнақтап.

Қырыққан ешкі бүгежектеп,  
Күзеген түйе тайрақтап,  
Боранды бұршақ шүмектеп,  
Жер су болды тайғақтап.

Күздардан кұйды күніреніп,  
Сай-саладан ылайтып,  
Сұрғылтым бұлты түнеріп,  
Моланы ездi шұнайтып.

Жадыраған жазғы күн,  
Коштасты бізге «мұн» айтып.  
Арық, әлсіз наз-мұнын,  
Жылады, шырқап шын айтып.

Қараңғы перде қанаты  
Аспанды шалып, жерді алды.  
Меңіреу ұйқы қуаты  
Ұйтты женіп, елді алды.

Қышқыл уайым, ащы сөз,  
Бойдағы сінген терді алды.  
Болжаған түс болып кез,  
Ел ұйқысын енді алды.

## САУДЫҢ САНДЫРАҒЫ

Бедерсіз, бұлтсыз, бұйра көк  
Көлеңкем бе, үйім бе.  
Шырайы шымқай шам шапақ,

Шатырым ба, шиім бе.  
Жастығым ба асқар, қымқап қыр,  
Жатырмын ба үйімде.  
Масатым майса, бәйшешек,  
Төсегім бе, үйім бе.  
Шымылдык — шалғын, жақпар тас,  
Сандығым ба, жүгім бе,  
Шатырға шанышқан шамшырақ,  
Шалқыма, жұлдыз күлімде.  
Шалқиды шам, жынды жел,  
Жыбырлама, жүгірме.  
Жым! Жапырақ мызғысын,  
Салқын самал інірде.  
Жұм көзінді, күміс көл,  
Батсын балық түбіне.  
Айдында жүзген алтын қу,  
Ай аянда, сүрінбе.  
Жалғыз-ақ саған ықтияр,  
Қалғыған көлге сеп сәуле.  
Алтын сырық суға сал,  
Сәуле суда дірілде.  
Көңілді жерді күргейле,  
Ағаштан түсір көленке.  
Аймалассын асықтар,  
Ойнасын онда екі ерке.  
Еңсеткен ерік еркеге,  
Сусатқан су егінге.  
Жұлқынған жүйрік жүректе,  
Бұлқынғаң асау көңілде.  
Сыбырлы сырлар сөзінде,  
Шарпулы жалын лебінде.  
Жұлдызы мөлдір кезінде  
Құндызы қастын мөрінде  
Ақ өндіршегі ақ қайын,  
Алмалар төстің төрінде.  
Қоламта қойын, қос құшак,  
Сілекей-секер тілінде  
Бал, тістері меруерт,  
Сылпылдап ләззат ерінде,

Шынайы шынар, шырмауық,  
Шырмалсын білек белінде.  
Сонымен солар сүйіссін,  
Сарғайсын сартаң көгінде.  
Танасын таулар тарбайтып,  
Талтайсын танның лебіне.  
Құшысқан құштар қоштассын  
Тамағын таяп ерінге.

*1925 жыл.*

### ӨТІНІШ

Шырмаяқ өмір шырмалып,  
Басынды шатса шырмауық.  
Қамығып көңіл қажыса,  
Қайратсыз, қайғың құм жауып.

Әнеки сонда жүйрік жан,  
Өленнен ғана сыр тауып.  
Сырласар да мұндасар.  
Жыласар жырмен жылауық.

Жеңілтер үшін жан жүгін,  
Жылағым келед бір ауық.  
Жылаған жырым — жан сырым,  
Ұғылмаса — бұл қауіп.

Жылаған жырым — жан мұным,  
Құлағың қоя, құлап ұқ.  
Өтінішім сол ғана:  
Жаппа жала, шын сына,  
Өз ойыңды бұлдауық.

*1925 жыл.*

## КӨШ-ЖӨНЕКЕЙ

Жалындап шығыс жиек талауратып,  
Күн шықты, жаздың таңы баяу атып.  
Бозторғай көкке шықты күнді мақтап,  
Көмекейі бүлкілдеп, коңыраулатып.  
Көзімді көкке тігіп шаңырақтан,  
Жырға ұйып тыңдағанда ояу жатып;  
Қозы алып, кой өргізіп келген шешем  
«Тұр-тұрлап» мазамды алды манауратып.  
Қынжылып тұрдым азар төсегімнен,  
Күл қаптап бет-аузымды шешем үрген.  
Желбегей шекпенімді иінге іліп,  
Лашықтан шықтым, карап күнге күлген.  
Кұлпырған, тоты құстай жасыл дала —  
Кұжынап құрт-құмырсқа, шыбын өрген.  
Мен — үйрек, шалғын — айдын, көгал гүлдей,  
Жоталап келе атырмын әлгі түрмен.  
Балбырап тамылжыған төніректі  
Шолыдым былшық көзбен қоңыр дөннен.  
Ойнақы — сұлу сағым мұнарланған,  
Бәйшешек, шалғын, шайыр шұбарланған,  
Күпіні күншуаққа жайып тастап,  
Қойшы да бит қыруға құмарланған.  
Қынсылап адасқан ит, тай кісінеп,  
Дауысқа құлақ салдым құрайлаған.  
Жөңкіліп сағымменен көшкен бұлттай  
Өзеннен бір көш шықты мұнарланған.  
Тал, камыс салаланып мәуе төгіп,  
Жапырақ жалпайысып шыққан бөгіп;  
Майысып ақ кербездей сұлу сөңкел,  
Тәлімсіп келіншектей құрақ, шілік.  
Көлде той. Көктен үйрек топ-топ түсіп,  
Шағала табақшыдай қарқ-қарқ күліп;  
Қырында қызғыш қақсап жер қорыса,  
Көбелек өшіккендей өрілді өріп.  
Осындай әсем манай ортасынан  
Қызыл ту, қызыл жайнақ, көшті бастап  
Көшбасшы Қоңыр дөнге шықты желіп.  
Кедейдің толастай ма сор қырсығы,

Қараша үй, біздің ауыл ығы-жығы.  
От өшсе, от басынан көк көздесек,  
Жұлдызды санататын үй жыртығы.  
Өмірдің өзгерісі — көші-қоны  
Қараңғы қай мөлшерде тұрғандығы.

Салт-сана, әдет-ғұрып томағалап,  
Тозғындап қымтырылған ел қылығы.  
Бозбала, ауыл қылжак, алаңғасар,  
Қараңғы ел, жұбатпас жас қылтыңы.  
Әне, анау жер күнірентіп көш те келді,  
Қанғандай көрініске көңіл қыбы.  
Тарс көміп будак түтін, төңкеріс боп,  
Жайратты қасқырларды көш мылтығы.  
Көш қандай? Аттанғандай жер түбінен,  
Болжалдан таң қармалай көшкен білем.  
Қып-кызыл қырғауылы сияқтанып,  
Қырмызы құлпырады жапқан кілем.  
Сапталған сая еді бозбаласы,  
Жас өрім жауға қорған жастар кілең,  
Жапырлап жасағымен жас келеді,  
Сөйгүлік мінгені де құнан, дөнен.  
Төгілтіп бүлдіргелі жез қамшысын,  
Ыңырысып, күн ұялтып, айтады өлең.  
Қоңыр қаз көш үстінен қиқу салса,  
Қыз мінген кісінейді арда күрең.  
У да, шу! Деген осы «ел көшкендей»,  
Ел түгіл осы көшпен жер көшкендей.  
Көлденең шөгіп жатқан көш жолында  
Алатау аспанымен тілдескендей.  
Жымындап ерулікпен көктен күтіп,  
Көркіне көшкен елдің күн де өскендей.  
Көшбасшы төңіректі көзбен шолып,  
Тұнжырап тұрса біраз сірескендей.  
Тосырмақ көшбасшының түсі-түгін,  
Қаңқиып қатып қалдым тіл кескендей.  
Ауылға жөнкілген көш ойқасқан соң,  
Көшбасшы болды ауылға тілдескендей:  
«Ей, байғұс, езілген ел, сорлы кедей!

Елдіктен кетіпсің ғой «өлдім» демей.  
Дәуірдің қопарылып көшуінде  
Жабығып жатқаның не түк үндемей?  
Калыпсың бұйығы боп қорғалақтап,  
Алданып бір күркеге шөмееледей.  
Көшінің көрінгеннің жолындасың  
Алмай ма әркім ұрып бөденедей.  
Бұл дала. Құрттайсың ғой, маса, шыбын;  
Қойынды күнде қылар қасқыр шығын.  
Шыққандай өрттен, жұттан ауылың түрі,  
Үйіңнің өрт шалғандай туырлығын.  
Бұл қоныс елдің шеті, жаудың беті,  
Түбіңе жетпес пе екен осы құрым.  
Қанаттас өзінменен ел болмаса,  
Нашарлап жойылмай ма тұқым-түбің.  
Жылтырап сөнген оттай құрып кетсең,  
Бұл елдің қайдан таптық жұртшылығын.

Таласты көш тырмысып ала асқарға,  
Болжал жер социалдық таудың төсі.  
Әне анау, күн астында жалтылдайды  
Өрлеген көштің күміс үзенгісі.  
«Кетелік осы көшпен ауылыңды ала,  
Бол камдан, көлік ұста! — деді басшы.  
«Ақсақал, олай болса көштік», — дестік, —  
Қол қойысып көлік ұстап, үйді шештік.  
Мінеки жылдан-жылға көшіп өстік,  
Еркіндік, тендік, еңбекші үстемдігі  
Сияқты көштен көлік, олжа үлестік.  
Кемеңгер көшбасшының көмегімен  
Ілесіп ұлы шаңға біз де көштік.

*1925 жыл.*

## **ТАС ШЕШЕЙ**

Жын қаққандай долданып,  
Су жұлқына соғады.  
Салдыр-гүлдір күркіреп,



Судан боран борады.  
Қалбақтап қалақ бұлкынса,  
Бұрқақтайды бораны.  
Тас сырылдап айналып,  
Бірін-бірі жонады.  
Тас ұршықтың тесігі  
Мамадан бидай сорады.  
Суыра сорған бидайын  
Шайнап, жұтып, обады.  
Майда, малта мамық ұн  
Тас толғақтан туады.  
Сырғыта айдап ақ ұнды  
Кең шанаққа құяды.  
Сабақта ине, дайындал,  
Қарағым, қабың толады.  
Бұркылдақ ұн борасын  
Бет-ауызға қонады.  
Кірген кісі боз кемпір  
Болады да қояды.  
Бауырсақ, тоқаш, майшелпек  
Әнеки әжең соғады.  
Құймақ жеген кәрі атаң,  
Кекіріп, қылды тобаны.  
Күйік күлше-күлдемеш  
Қойынға қойшы орады.  
Жеген адам жетісті,  
Нан екен бар болғаны.  
Бітеуінді уатқан,  
Балаларды жұбатқан,  
Кемпір-шалды қуантқан,  
Тіршілік екен тиірмен,  
Айырмай астық салалы...  
Ағызып ағын төсінен,  
Шайнап беріп өсірген,  
Асыраған анаң кім? —  
Тас шешей сол болады.

*1925 жыл.*

## ЗАМАН

Зар, зар, зар, зар заман,  
Зарлатып өткен о заман.  
О заман кетсін өзімен,  
Күлдірген бізді бұ заман.  
    Заманымда зырлаймын,  
    Жыламаймын, жырлаймын.

Ұмтылып өрге басып он,  
Аулым, елім көшкен соң,  
Күлмес пе, көңіл өспес пе,  
Ауылың болса көші-қон.  
    Көш жөнекей күлемін,  
    Күлетін күнін, күл, елім!

Көңілім көл, қабағым,  
Айындай ашық талабым.  
Талпынса көкке үмітім,  
Ұмтылад өрге жаңа ағын.  
    Ағыннан айқай туады  
    Көпіре, көңіл жуады.

Арынды, арналы, өзекті ой,  
Тербетер тіл, сыр барда.  
Оны сақтау қиын ғой,  
Бұл заманда, бұл таңда:  
    Тетігі терең, тілі орам,  
    Төгілмеген ой арам.

Жаңадан жаңбыр жаудырар,  
Жай отындай жүйрік жан.  
Қозғалар, тасыр, быж қайнар,  
Қорғасындай ауыр қан.  
    Сорғалар жауын жеріне,  
    Толғанар жан еліне.

Жарасам, жұртым, кірпішпін,  
Сен үйіне қалаған.

Керегене келісем,  
Сағанағың бола алам.  
Салдырар көшсе сағанак,  
Жаңғырар жас жұрт жаңалап.

*1926 жыл.*

## МАЙДАН

*(Үзінді)*

Алдымда айқын айнам бар,  
Алдымда жойқын майдан бар  
Ағарту елді — майданым!

Майданда қан ішпеймін,  
Майданда іс істеймін,  
Майданда майда майдамын!

Аң беруге ауылға,  
Аң беруге бауырға,  
Шаң беруге жауына —  
Оқы, қалқам, қарулан,  
Жасан, жасым, жайнағым!

Жеңген жауға жетуге,  
Жермен-жексен етуге  
Жеделде, жүйрік, жете бас;  
Желпілде, қызыл байрағым!..

Қараңғылық дұшпаным,  
Долданбай дұшпан серпілмес;  
Надандық кектес тұс жауым.

Асқарды асар бетім бар,  
Бетіме келер кедергі  
Берекесіз, пейілі тар.

Өнерсіздік қыспағым,  
Қыса алмас, қыспақ, қысылар.

Көлденең күлі көкке ұшар,  
Өшіккен оған ұстамын.

Өңшең ұста ұшқырлар,  
Өңшен қыран ұшырар,  
Мектебім ұям, ұшқаным.

Күн күлдірді көкке ұшам,  
Көлден қуып құс құшам —  
Құсым оқу құштарым.

Құс емеспін қолға алған,  
Қарыса калың жауыңа  
Қалың қолмын қозғалған.

Қаламым қолда қылышым,  
Қырқам қырсық қыртысын,  
Қырды қызықтандырам.

Табымның тартам тартысын,  
Жарлының жыртам жырттысын,  
Мешеудің мейірін кандырам.

Шабуыл шабам, шаң қылам  
Қараңғылық қайтқанша,  
Қараңғы мынау ауылдан  
Андамауды ар қылам!

Көрлік көзін ашқанша.  
Қараңғы калың бауырдан,  
Көңілімді кепкен жұмсатам,  
Қолымдағыны ұқсатам,  
Жоқтан жонам, бар қылам!

Өрісімді өсірем,  
Өремді үзем, көсілем,

Ауылдың алдын мал қылам,  
Мал аяма майданнан.

Майданнан қалған малың — мал;  
Жаудан қалған жаның — жан,  
Шында, шығар шығынды;  
Елеме, елім, елеме!

Жақ жарлап, жырым жырғалсын,  
Өршеленсін өлеңім,  
Күнбатыста көмегім,  
Тартуға түссін таңғы ұран!

Өрістенсін өнерім,  
Күншығыста өз елім,  
Барқадар тапсын бауырдан!

Кемтікті кедей кенелсін,  
Еліміз елге теңелсін;  
Тегістікте теңеліп,  
Шалқысыншы шаруам!

Майдан деген немене?  
Майдан оқу майданы,  
Ұмтылғаным өнерге.

Жауыққан жауым надандық  
Өнерсіздік — өштесім,  
Қараңғылық — қастасым;  
Жігерім жегем жеңерге.

Оқу майдан болады,  
Жұмбақ жолдар жоғалды,  
Саулап, гулеп келеміз,  
Жел біздерше желе ме?

Аянбас, азу басулы,  
Біз ашынған ашулы,  
Ол ойына келе ме?

Мектебім мерей, мекенім  
Мекенім емес дүкенім;  
Дүкенім құрған шеберім,  
Шеберле, шеге шегеле!

Қарулан қала, қалың жұрт,  
Қараңғылық қаусасын!  
Қарапайым қалғанда,  
Есінде шығар, елім-ау,

Қарасақ біреу бере ме  
Есінде шығар, елім-ау,  
Өлтіре шөккен үкімін,  
Өксіген өгей ұл едін,

Құлақсыз құлдыр құл едін  
Кешегі бір күндерде,  
Күндер емес түндерде,

Түнекте тұрткен, түйреген,  
Түннен күнге сүйреген  
Төңкеріс емей, немене?

Желпе соқты жерді жел,  
Серпе соқты сенді сел,  
Шайқалмаған шара жок,  
Теңселмеген тегене!

Кеңескен келе аза ма,  
Кең пішкен киім тоза ма,  
Кен кенезе кебе ме?

Елендеп елім бұл баққа,  
Екі езуі құлақта:  
Мәз-мейрам, майдан, шабуыл,  
Өнерге, елім өнерге!

Жел желпінді, жел желіп,  
Тұманды түрді, бұлт сөгіп,

Қырға қызыл нұр төгіп,  
Күлмен қакты күн ене.

Енді біздей еркін кім!  
Елді оятқан еркін күн!  
Ендігі сенің міндетің:  
Себеле, нұрды себеле!

*1926 жыл.*

### АУЫЛДЫҢ АЛДЫ

Ауылдың алды айдын көл.  
Айдын көлде шағала.  
Айдын көлді жағала.  
Айнала қонған қалың ел.

Ауылдың алдын абайла,  
Ауылдың алды ұлы көш,  
Алдында өткел, оны кеш.  
Аянда, ауыл, аянда!

Ауылдың алды айқын жол.  
Аңқылдар ауыл, анырмас.  
Аныртпай бастар бауырлас  
Қозғалармыз қалың қол.

Ауылдың алды асқар тау,  
Асқар таудан асармыз.  
Асып жайлы жасармыз;  
Ел ер жетіп есен-сау.

*1926 жыл.*

## ЖҮДЕУ ЖҮРЕК

Былапыт,  
Ылат,  
Былжыр күз.  
Тұнжыр қабак,  
Кылжыр көз.  
Қыр қызықсыз  
Тау түрсіз.  
Су сұрықсыз,  
Сүйкімсіз.  
Жылауық көз —  
Сылбыр күз.  
Көріксіз,  
Әрсіз,  
Ажарсыз.  
Сілбірең  
Тұман,  
Көңілсіз.

Жауын  
Айсыз,  
Жұлдызсыз,  
Түн,  
Түнек  
Түгін...  
Үй жалғыз.  
Отын дым,  
От бықсиды.  
Үрлейді катын,  
Сықсиды.  
Қайнамай қазан,  
Мықшиды,  
Түксиді,  
Мұқаш  
Бүкшиді.

Ірге күнгірт  
Көлеңке.



Бұрылды солай  
Шүй желке.  
Көрдей күнгірт  
Үнгірде  
Жатыр төсек,  
Кір көрпе.  
Кеше ғана үйге енген  
Кеткен тоқал сүйгенмен.  
Жүрегі сыздап,  
Бой мұздап,  
— Үһ! — деді  
Іші күйгеннен.

*1926 жылы.*

## **КҮН ШЫҚҚАНДА**

Шырт ұйқыда жатқанда  
Шырылдайды торғайым.  
    Ұйқыны ашты, оятты.  
Құлан иек, құлқын сәр,  
Құрылып торғын шымылдық,  
    Шырға тартты, таң атты.

Желі желпіп желегін,  
Жердегі бәйшешегін  
    Күлдіре, сұлу күн шықты.  
Шыру, шыру, шіркін! — деп,  
Көмекейі бүлкілдеп,  
    Торғайдан «тұрлап» жыр шықты.

Жайшы көрпе, жастықты,  
Таста тастай тасбықты,  
    Апа-ау, өне күн шықты.  
Шеш қазықтан сиырды,  
Аналар жібін иірді,  
    Алсаңшы, апа, ұршықты.

Оят, кигіз шекпенін,  
Қолына алсын кетпенін,  
Барсын әкем егінге.  
Қызылдан қымыз сабасын,  
Жыртығын үйдің жамасын,  
Айт, апатай, келінге.

Орамалын оймыштап,  
Оған оқа қойғыштап,  
Төтеме айт, тіксін кестесін.  
Шүлен шал мал береді,  
Қырығы қыздан дәмелі,  
Өз қызығын ескерсін.

Текеметін тұйықтап,  
Жатыр ма ағай әлі ұйықтап,  
Барсын, малын көздесін.  
Барсын, барсын малына,  
Шаруа! Жалғыз шаруа!..  
Қойдык сөздің өзгесін.

Жастық па, әлде мастық па?  
Жатыр басы жастықта.  
Інішек мұрны шуылдап.  
Күн әлемді оятқан,  
Күн күлкісін жел айтқан,  
Тұр торғайың шырылдап.

Май масайрап өрісте,  
Құрт-құмырсқа бәрі істе,  
Тұр, көкешім, күн шықты.  
Малда ағаң, өкен егінде,  
Төтең кергіш керуде,  
Иірді апаң ұршықты.

Қалыпсың, ұйықтап, карағым,  
Қалады-ау сенін сабағың,  
Жуын, жүгір мектепке.

Ашасың, көзді сабақтан,  
Аласың, білім кітаптан,  
Боласың адам мектепте.

1926 жыл.

## ЗАВОДТА

*(Мәскеудегі «Орақ-балға» деген шойын,  
темір қорытатын заводта)*

Қабат-қабат салынған,  
Бөлек-бөлек болат үй,  
Электр шамы жағылған,  
«Тұр, жұмысшы, киім ки!» —  
Деп, гудогі күрілдейд.  
Ұршықтар ойнап, билеп би,  
Дөңгелектер дүрілдейд.  
Машинада коңыр күй...  
Арыстандай толғанып,  
Жалын көкке бойлайды;  
Жолбарыстай жонданып,  
Темір тербеп толғайды.  
Толғатқандай отты пеш,  
Салады бебеу ойбайды.  
Қолы-басы күйелеш,  
Онымен жұмысшы ойнайды.  
Кап-қара тұтқыш қаһарман,  
Күйелі қара құмандай,  
Булыға буға қақалған,  
Тұнжырайд түтін тұмандай.  
Қызыл темір қылмандап,  
Ырғиды оқжыландай.  
Жұмысшының жылдамдап,  
Қышқашы қысад қырандай.  
Шұрқ-шұрқ еткен шойын шок,  
Казанда қайнап бітеді.  
Бөренедей темір от,

Тербеліп тесікті өтеді.  
Сол бөрене ұзарып,  
Жіптей ұзап кетеді.  
Машина шеге шығарып,  
Зырылдап зырк-зырк етеді.  
Осыны көрген қазақтың,  
Ойын мына ой орады:  
«Бәріне де жан-жақтың  
Осындай оттар толады.  
Тегістік деген ұлы үйге  
Осылар шеге соғады.  
Күндердің сондай күнінде  
Біздің де ел сондай болады».

*1926 жыл.*

## ОКТАБРЬ ЕЛЕСІ

*(Октябрьдің тоғыз жылдығына)*

Қызбалықты, қызықты,  
Қызылды-жасыл кең дала.  
Бұл күн қай күн, неткен жұрт  
Қиу салат қыр мен ой?

Қызыл туын қолға алған,  
Қолына орақ, балға алған,  
Жұмысшы, қара шаруаның  
Октябрі — ұлы той.

Тоғызында толғанған,  
Әлемге айқын жол салған,  
Ұлы күні ұлыстың —  
Бүгін ғой, жұртым, бүгін ғой.

Қилы да қилы заманнан,  
Қиуа, қиын шамадан,  
Елестен өрген өзгеріс,  
Октябрь біздің қолтума.

Желі тұрып онынан,  
Желбіреп туы қолынан,  
Тарыққан табы әлемнің  
Сол октябрь соңынан  
Айналды міне жортуға.

Айналды демей не дейін,  
Оны ашалап берейін,  
Өрге үніле қарашы —  
Анау алыс шығысқа.

Қытай деген қалың ел  
Қиналады, қынжылад,  
Қалың халық қан жылайд;  
Жұртшылығын жұмырлап,  
Белсенді бекем ұрысқа.

Ұрысканы өз жауы —  
Отаршы обыр, усойкы.  
Жандаралын айтақтап,  
Олармен ойнайд мысықша.

Ойын демес ондағы,  
Кантондағы қалың ел  
Кешіп отыр қанды көл,  
Ұлы күнгі ұлыста.  
Тілейтіні жалғыз сол:  
«Азаттық!» Бізге созад қол.

Тұқия төмен қарашы!  
Мынау баран батыста  
Тұңғиық, топ тұншығад.

Тау ақтарып, тас жарған  
Төменгі түпкі түбекте,  
Жабысқан тесе, күрекке  
Онда да ұлы шу шығад.

Қарын байдың қалтасы,  
Қарта ішінде балтасы,

Қан шашуға таяу тұр,  
Бірақ қызыл ту тұрад.  
Туға төне түнеріп,  
Топырлаған қалың көп  
Қолын бері созады,  
«Жәрдем!», «Жәрдем!» су сұрайд.

Бұлар ненің нысаны?  
Батыста да, шығыста  
Не қозғалыс, неткен шу?  
Төңіректе, түбекте  
Дүрілдейді қызыл ту.

Төңірек тобы тұтасып,  
Отаршыға обырға  
Құлдар пышак салысад;  
Терлеген ерлер тепсініп,  
Табандап тапты тартуға  
Түзеді бетін, шабысад.

Бірақ оның дұшпаны,  
Босамай әлі құйысканы  
Қарын байлар қағысад.

Бұлар ненің қаразы?  
Төңіректе, түбекте,  
Төңкеріс пе, түгін бе?  
Әйтеуір байлар наразы.

Әлеуметі әлемнің,  
Әяде теңдік, әділдік,  
Әлде сұрайд таразы?

Төңіректе, түбекте  
Түйдек-түйдек топ көрем:  
Тап тартысы тамырлы,  
Тау аса туған тайпак ай,  
Әйтеуір айқын ажары!..

Октябрьдің өкімі  
Алып мықты — палуан,

Үстем бізде мерейі!  
Бізде ағынның көмейі,  
Тұтасуға күн жақын  
Жалпы жиһан кедейі.

Шартарапта, жан-жақта  
Оянды үрей, тұрды үрей.  
Қырылып қытай қынжылад,  
Қыл бұғауда шынғырад;  
Отар елдер — обырды  
Қылуға дайын зым-зият.

Күнбатыста көмірші  
Күніреніп ол жатыр;  
Түйдектеліп төңкеріс,  
Күннен-күнге шириғад,  
Қорқып қорғау сырылад.

Бұлар ненің белгісі?  
Көлеңке ме, сағым ба?  
Зырлайды елес зымырап.

Елесі елді оятып,  
Қызылға туын боятып,  
Болжалды таң атты деп  
Дүниені елес қыдырад.

*1926 жыл.*

## ҰЙҚЫМА

Бадалғыр, батқыр тас ұйқым  
Теніздің терең түбіне.  
Көзді көр, жанды жарымдап  
Тұншықтырдың түнімде.  
Енді тағы иектеп,  
Еліткің келед күнімде.

Қараңғы ұйқы, қас ұйқы,  
Қабағым ашық, қалғытпа.  
Қараңғы үйлі, қанқұйлы,  
Заманың жоқ, албытпа.  
Ауылымнан аулақ, жолама,  
Басымды енді қаңғыртпа.

Қай ұйқым, қалың тұмансың,  
Қалайша желім қумасын.  
Жайдары жаным жарқылдап,  
Қан қайнап, қайрат қузалсын.  
Мен ояуда — ел ояу,  
Қозғалсын жұрт, қуансын.

*1926 жыл.*

## ҚОСАЯҚ

Ғей! Қосаяқ!  
Шара бас.  
Жарғақ құлақ  
Жалаңаш.  
Атаң аты айуан!  
Шөп жеместен  
Жедің нан.  
Нан жеместен  
Іштің қан.  
Жейсің қашан  
Қансыз нан.

Қашан, қашан  
Қашаннан,  
Ісі айуан  
Түсі адам.  
Өз денесін улаған,  
Өзін сорған сұр жылан.  
Жалмауызсың,



Жауызсың.  
Сен тозған,  
Сен алжыған —  
Капиталшыл қу қоғам!

Анау айуан  
Арык, аш.  
Ол қандай жан,  
Өзі кім?  
Тас қашаған  
Жер қазған  
Ол өз балаң  
Қу қакпас.  
Тірісінде көзінің  
Әкесіне көр қазған.  
Ол жұмысшы жаншылған.

Һей, қосаяқ!  
Адамзат.  
Анау ұран  
Туға, тарт!  
Ту СССР шаншылған  
Ұр!  
Әкенді желкелеп.  
Көм!  
Әкенді ертерек!  
Жеймін десең қансыз нан!

*1926 жыл.*

## **ҰМЫТСЫН, КӨҢЛІМ ҰМЫТСЫН!**

Болар де өлең дап-дайын,  
Тыңдамай-ақ бұлбұлды.  
Білмей-ақ сұлу мән-жайын  
Жазар едім бір жырды.

Өсіп, өмір сүргенім,  
Өз көргенім өзіме;  
Өз өткізген күндерім,  
Көрінеді көзіме.

Өткізген күн, өткен күн,  
Көз алдымда бұландап,  
Неткен жақын,  
Неткен сұм,  
Алдай ма, тым жылмандап?

Ынтам өлең көксесе,  
Көңіл сөзге қозғалса,  
Бойдың күйін ой жексе,  
Қаламды қуат қолға алса:

Мені жаз деп топырлап,  
Бермес маза шіркіндер.  
Алдайтын да байлайтын,  
Болар көбі сол күндер.

Суыққа тонып, сүмірейіп,  
Баққан жаста қойларым.  
Қойдай өзім меңірейіп  
Ойлаған тәтті ойларым.

Бақайшығым майысып,  
Шаршап кешке қайтқаным.  
Қатықсыз кара көжемен,  
Жабуда жаурап жатқаным.

Қара киды маздатып,  
Ертемен от жаққаным.  
Қазан тола мұз қатып,  
Көже жылытып жатқаным.

Сирағына от құлап,  
Ләпиені күйдіріп,  
Бажыл қағып ол жылап,  
Жеген күнім жұдырық.

Майтабанды кә-кәлап,  
Коймен өріп кеткенім.  
Көзім — күзгі шұқанақ,  
Жүрегім — жұлма шекпенім.

Осылар мені жаз дейді,  
Енді қалам алғанда.  
Өзгеге жол бермейді,  
Қайтып қалар жалғанда?

Өткен өмірім сол күндер,  
Арылдым ғой, аулақ кет!  
Десем дағы шіркіндер,  
Қалмады бір иектеп.

Миды жастай меншіктеп  
Қалған қалай тез шықсын?  
Мінген жастай ершіктеп,  
Күнді көңілім ұмытсын!

*1925 жыл.*

### **КІМ ҮШІН?<sup>1</sup>**

Жым-жырт, жан-жақ тып-тыныш,  
Кәрі тау — кәрі қалыбы.  
Су дамылсыз былш-былш,  
Баяғы жұлдыз жарығы.

Жер тесер өншен жеркене  
Көр үңгір, көмір аласың.  
Өзіңе ме, өзгеге?  
Көрді кімге қазасың?

Тақылжырдан тамған тер —  
Еңбегің бе, қаның ба?

---

<sup>1</sup>Бұл жыр 1926 жылғы майдағы Англия көмір кеншілерінің көтерілісі күшпен басылған кезде жазылған еді.

Еңбегің, терің тама ма  
Қарынбайдың қарнына?

Қыбырлаған құрттар-ау,  
Құрттатыпсың жер астын.  
Қимылдаған жұрттар-ау  
Кімдер үшін кен аштың?

Алыстан біздің созған қол  
Айқасар, алға шығарып.  
Құлданған сені қожаға  
Салармыз әлі-ақ бұғалық.

Көресің, күшті күн ауыр,  
Шығындар талай қазалы ер.  
Күрескен жауды көмерміз,  
Қаза бер көрді, қаза бер!

## КҮНГЕЙ

Асқар тау маужыраған албыт алып,  
Тұманда тұмшаланып шалғырттанып.  
Ананың көкке сауған емшегіндей —  
Тұс-тұстан орғып бұлақ, ойнақ салып.  
Кәрі асқар мәңгі меңіреу, ежелгі күз  
Томсарып жатыр әлі жамылып мұз.  
Жел қуып, қара тұман қақ жарылып,  
Асқарға шыға келді күліп бір қыз.  
Отты көз ойнақтаған, алма албыр бет,  
Шыққанда қалып едік күн екен деп.  
Жок, күн емес, халықтың жаңылғаны,  
Бұл сұлу күннің күні күнгеі еді.

*1926 жыл.*

## ҚАЗАҚ ҚАЗЫНАСЫ

Қазақта қазына мол қазылмаған,  
Қағазға қасиеті жазылмаған.  
Қарусыз қазынасын қазған бар ма?  
Құр қолмен, құр даурықпен бажылдаған.  
Сан сыр бар айналада айтылмаған,  
Сарыннан аулақ жатыр тасырлаған.  
Кілті жоқ сыр сақталған сандық жатыр,  
Дей түсіп: «Малым да аман, басым да аман».  
Төмен түр әлі көзге шалынбаған,  
Сан сурет әлі соны салынбаған.  
Сәулесі самаладай айна керек,  
Жұрт құмар, жүйрік жаны жалындаған.  
Миллион үн әлі естілмей жатыр жырақ,  
Иесі есітерлік күйін бірақ,  
Ол үннің есітетін иесі сол,  
Елегі елдікінен ерек құлақ.  
Інжу көп әлі жіпке тізілмеген,  
Көрместен кім тереді кежгігенмен.  
Бұқа ма інжу көрер, маржан көрер,  
Құл шашып көрінгенге күжілдеген.  
Сөз керек солықатып сөйлейтұғын,  
Көз керек көр қыңырға «ой» дейтұғын,  
Кекеспей кен кеулеуге кел, жолдастар!  
Көп түртпей «кедейлермен» көй-көй түбін.  
Қоялық қоян соқпай бөренемен,  
Бұлбұлсыз жұрт жұбанбас бөденемен.  
Бытқытпай бытпылдықты доғаралық,  
Жұрт кетер түк өнбес деп бұ немеден.

*1926 жыл.*

## ҰРШЫҚ

(*Жеңгем жыры*)

Сыртылдама он саусақ,  
Майдалап, мапа түтілші.  
Шыртылдама шынашақ,  
Шыр айналшы, шүйке ілші.

Оймышты ұшқат, ырғай сап,  
Ұршығым, сені қолға алам.  
Ұршығым ұшқыр, нар тайлақ,  
Жез бұйдалы — желмаям.

Желмаям желші нар тайлақ,  
Тартына берме тайтандап.  
Тартына берсең тайтандап,  
Такымдап қоям қайта айдап.

Қыла ма жалқау жарлылық,  
Қылмаса ділгер жүн азы.  
Екілен, зырла енді, ұршық,  
Ирейін биязы.

*1927 жыл.*

## ҰШТАСҚАН ҰШ ТІЛЕК

(*Оқтябрьдің он жылдық мерекесіне*)

Еркі желдің еркінде,  
Ел емес едім, ебелек.  
Өткен күнде белгі жоқ,  
Айтып-айтпай не керек.  
Ебелек болсаң күн қайда  
Еркінше көктеп, гүлдемек?  
Арынды дауыл асқақтап,  
Көтерілмек, гулдемек.  
Қарысар қайрат қайда бар,

Ебелек бірге шүү демек.  
Көшерді жел, конарды  
Сай білді, жүрдім дөнгелеп.  
Ебелек емес, ел едім  
Көркөз, көзсіз көбелек.  
Қуғынның қуып тыққаны  
Жырасы қысаң бір өзек.  
Жырасы — жылан ұясы,  
Арбады, шақты тістелеп.  
Тілімді тісім тістеді,  
Қолымды қолым шегелеп.  
Уыты алды, уландым,  
Жығылдым, жаттым әлсіреп,  
Жаралы, жалғыз жар асты,  
Жатты өлімші көкірек.  
Қанды сорып, жанды жеп  
Жатты жылан... түн түнек.  
Аспанмен астас Алатау,  
Асусыз асқар кезеңін  
Асқақтап асқан жалғыз жел  
Өткелсіз өткен өзенін.  
Бұркыратып бұлт айдап,  
Тербеткен теуіп терегін.  
Тағысын тайдай тулатып,  
Таптырмаған дерегін.

Қиядан, қыран қырқысып,  
Ұяда болған тез өлім.  
Бұрқ-сарқ еткен бораны,  
Тербеген теңіз тереңін.  
Жауынды жасыл жалтылдап,  
Өкірткен дауыл өлеңін.  
Ақ бура толқын арсылдап,  
Айнала соққан кемерін.  
Қара қайық қан сасып,  
Сүңгіткен суға өз елін.  
Жылтылдап оты, желкені  
Желкілдеп, қызыл кемеңі,  
Басында даңғыл капитан,  
Төнкеріс туы — Ленин.

Жалшыны жағаға ап шығып,  
Жарлыған жұртқа керегін.  
Жұмысшы жауын бөріктірген  
Мұжықтан тауып көмегін.  
Жарлы елді де оятқан:

— Октябрь!

— Кенес!

— Төңкеріс!

— Ленин!

— Ленин!

Деген үн.

Есалаң жатып ен-аулақ,  
Есіттім жылан түсті деп;  
Енбегі егеу көп бауыр  
Кісенді қырка кесті деп;  
Бұғаудан қолды босатып,  
Шынжырлы торды шешті деп;  
«Езілгендер енді еркін!  
Есейтіп, өсіп, ес білмек», —  
Дегендей дауыс құлаққа  
Еміс те, еміс естілед.  
Көзімді аштым нұр толған  
Қырмызы жылау көк тіреп...  
Ескіге соқты есілте,  
Есімді жидым «үһ!» деп.  
Балғалы бауыр баста тұр,  
Күйелі дене, күс білек.  
Орақты бауыр қаста тұр  
Маңқиған мұжық түстірек.  
«Әйдә, бірге жүр!» — деді,  
Ұмтылдым, тұрдым үш тіреп.  
Ұстадым қолын бұлардың,  
Айқасып қалды үш білек.  
Таяғым таптым, таяндым,  
Өзімді сездім күштірек.  
Үшеуміз бірге аттандық  
Ұштасқан соң үш тілек.

*1927 жыл.*



## АТТАНҒАН АЗАМАТ

Бозарып атты жазғы тан,  
Козғалып өрді жанды жан,  
Кызарып шықты отты күн.  
Баласы жамап тұрманын,  
Анасы жамап тозғанын,  
Караша үйде жоқ тыным.

*Ан а:*

— Жамадым, балам, жамадым,  
Тозыпты, түйме кададым.  
Шаршадым... біз не етелік,  
Қалғанда кімге сүйендік?  
Бәрібір күйдік, үйде өлдік.  
Қаусадық, біз де кетелік.

*Бала:*

— Жамасаң кием, бер бері,  
Жағасын жөнде, кел бері.  
Аттанайын, асығам.  
Білемін, анам, қош айтпа,  
Босатпа мені, босатпа.  
Босармын көзің жасынан...

*Ана:*

— Жайыңа жүрмей, «солдатқа»  
Азғырған кім бармаққа?  
Жазды ма әлде ауылнай?  
Ұшарсың оққа, өлерсің,  
Ауырарсың, шөлдерсің,  
Аузыңа сусын табылмай.

*Бала:*

— Ел тілегі — деді, — аттан!  
Ешкім жоқ мені айдатқан,  
Жазылдым тілеп әскерге.

Жай жүргенде не етерміз?  
Жақында, бөлкім, кетерміз.  
Ташкентке я Мәскеуге.

Орынсыз уайым, сақтығың,  
Бақтымын, анам, бақтымын.  
Заманда тудым тасыған.  
Қызыләскер — мектебім —  
Мектебіме кеткенім —  
Әрі оқимын, ашылам.

Еңбекшінің қанына,  
Еңбегіне, нанына  
Жаландаған жаулар бар.  
Жан-жағымыз толып тұр,  
Жау қылышын соғып тұр,  
Біз болмасақ кім қорғар?

*Ана:*

— Анаң жермен-жексен боп,  
Жеткіншегің жеткен жоқ,  
Бұлар кімге таянар?  
Өзіңмен түтін түтеткен  
Лашығың мынау күс түткен,  
Кім жамар, кім жаңалар?

*Бала:*

— Қой деп ем, апа-ай, осында  
Қоймадың... ащы түсінді.  
Мінеки мені босаттын.  
Енді жинал ержүрек,  
Енді қош, ана көкірек.  
Жоқ, босаман!  
Қош айттым!

*Ана:*

— Қош айттым... мен де қош айттым...  
Қош айттың да шошайттың.  
Жолың болсын... шыбығым...

Олжаңменен жауыңнан  
Жүректі жарып қайт жылдам,  
    Қараша үйде сырығым.  
Сүйенгенім... тірегім...  
Тіршілігім... білегім...  
    Қарайғаным... қарағым...  
Көздей-көздей, келер деп  
Екі көзім болар төрт,  
    Қуатым — сызған қағазың.

*Бала:*

Туған соң анам, жазар күн,  
Жазармын сәлем жазармын.  
    Көп ойлама жүдерсің.  
Теңге болса тиерлік,  
Жіберемін, киерлік  
    Шокпытыңнан түлерсің.  
Өзің өрмек тоқырсың,  
Күлсімің сабақ оқысын.  
    Тұрсының жарар әжетке.  
Күйінді көрер басшы бар.  
Қол ұшын берер «қосшы» бар.  
    Қош! Тапсырдым советке!

Күлсімнің бетін бір сүйді,  
Тұрсынға ерні бір тиді.  
    Аттанды да қыр асты.  
    Қарасты... көздер жыласты.  
    «Қайтар қашан...  
    Жазар хат...»

*1927 жыл.*

## БАЛАСЫНАН АНАСЫНА ХАТ

Қорғаным, анам, қамқорым,  
Қолына тисе осы хат.  
Құлының жазды қолынан,  
Қуан да хатқа қыл қуат.

Хатты оқыт, сергіт көңіліңді,  
Қарғашын аман қазадан.  
Көйлегім көк, карным тоқ,  
Мінеки хатты жаза алам.

Есімде, анам, есімде,  
Есімнен сөзің қала ма?  
Жолаушыменен жөнелтіп,  
«Оқысын» деген қалаға.

Сонан бері міне үш жаз,  
Бетімнен сүйіп қалғанға.  
Өзім жазбай, жаздырып,  
Ұялдым хат салғанға.

Түйеміз желе түн ката,  
Қалаға жеттік сол күні.  
Жатсынбай жайымды айтып ем,  
Алды оқудың бөлімі.

Жиылған мұнда жан-жақтан,  
Гүл шешектей көп бала.  
Оқимыз да ойнаймыз,  
Жуынамыз моншада.

Оқыдым оқу құралын.  
Айырдым есеп анығын.  
Таңбасын танып, хат сызып,  
Қағаздан қара таныдым.

Пионер болып жазылдым,  
Мойнымда қызыл мойынтақ.  
Бізде жиын, жиналыс,  
Жақында ойын қойылмақ.

Қатарлап қаздай тізіліп,  
«Дайын бол!» — дейді үйретіп.  
«Дайынбыз!» — дейміз дауыспен,  
Дәу үйдің залын күңіrentіп.

Ленин деген басшымыз  
Бастапты да өтіпті.  
«Жалшы, жетім жетілсін», —  
Дегенді айтып кетіпті.

Патшаны, байды құлатып,  
Кеңесті жасап қайтыпты.  
«Кеңеске кедей оқыт», — деп,  
Көбірек осыны айтыпты.

Төңкеріс — Ленин сол екен,  
Жеткізген бізді бұл күйге.  
Әйтпесе бұл күй болмағы  
Екіталай сұм дүние.

Қанатың Ленин жолында,  
Қарғанды — десең — қайда жүр.  
Апатай, басшымды ұмытпа,  
Апатай, Ленинді айта жүр.

Қош, анам, сүйдім қолынан,  
Қуансын деп жаздым хат.  
Қуансаң қуан, анашым,  
Болатын болдым қолғанат.

*1927 жыл.*

## РЕСЕЙ ЖЕРІ

Көрпе қара топырақ,  
Ресейге жер біткен,  
Майда мақпал-торқадай,  
Тоғайы тұтас томсарып,  
Қыздың қолаң шашындай,  
Өңкей өрім қарағай.  
Үйеңкі, шетен, барша тал,  
Мүсін сұлу ақ қайын,

Бұрала біткен қалкадай  
Балауса коңыр желімен.  
Бөксерілген бұлты  
Кілегей күрең тортадай.  
Сілбірен күзгі жауыны  
Жердің көнін жібітіп,  
Сорғалайды екен сорпадай.  
Сұлу коңыр даласы,  
Мұжықтың қалың қаласы  
Үйшіден түскен жоңқадай.  
Ұлтарактай бос жер жоқ,  
Үлпілдейді ұлпадай.  
Қыруар қырман, сары аңыз,  
Күрделі күлте, көп салам;  
Жер күзем алған сықылды,  
Бұрқырап жүн-жұрқадай.  
Шын диканшы мұнда екен,  
Қызбалықты еңбек, ну науқан,  
Күндіз-түні ұйықтамай.  
Жарты десе жер жыртып,  
Жаздай елді қыдырып;  
Күздігүн ақшом болатын  
Қойшыбай қалай, бұл қалай?  
Жұмысына мұжықтың  
Шыдайтын емес дәт қылып.  
Жеңіл-желпіге үйренген  
Біздің батыр Бұқабай.  
Қыдыра жүлге саласы,  
Мұжықтың үйген маясы,  
Көгендеген марқадай.  
Жас жоңышқа форымы,  
Пішендіктің орыны,  
Жасыл мәуіт-қамқадай.  
Кезіп аққан көк өзен,  
Есепсіз жүкті кемемен  
Тасып жатыр шаршамай.  
Соқа айырған кара жер,  
Қабатынан қарасаң,  
Туырлады қартадай.

Жамылып жас жапырақ,  
Аударып торқа топырақ  
Баласына дейін қаршадай.  
Отынға қияр ағаш жоқ,  
Селтиген қотыр сексеуіл,  
Тарбиған тарғыл аршадай.  
Шөжиген нәжік қойы жоқ,  
Қара қоңыр мәліштер  
Құйрығын жүр тарта алмай.  
Сидиған шөжік сиыр жоқ,  
Қарыны салпы Зеңгіата  
Қазанқап желін қалтадай.  
Міне осының ортасын  
Жара, зырлап келеді  
Жүйткіген жүйрік отарба,  
Пысыл қағып маңқадай.  
Арпылдаған паровоз,  
Қайратты қайсар қара өгіз!  
Тарбық танау, шой қара!  
Кәдімгі біздің «Жоңқабай».  
Көз шолар жер теңіздей,  
Телегейленген боз өлең,  
Жеңілше жолмен желпілдейд,  
Орақ сулы арпадай.  
Балшықты балтыр, сом білек,  
Арбалап астық тасып жүр  
Маржалары Марфадай.  
Екі қолды қусырып,  
Отырған қатын көрмейсің  
Қаладан алған «қалқадай».  
Бәрін айт та, бірін айт,  
Сорғалап тұрған береке  
Барлық аймақ, бар маңай.  
Еңбекші қылар еріксіз,  
Жер маңызы бар екен  
Қол қойыпты жалпылай.  
Жаралыс әсем, жалпы еңбек  
Жадыратпас па жаныңды,  
Қоя ма шерін тарқамай.

Осынын бәрін көргенде,  
Үшсыз, шетсіз сар жапан,  
Отсыз, сусыз қызыл құм,  
Жоқ па дедім сорлы жер  
Мақтайтын Сарыарқадай...

*1927 жыл.*

## ОТАРБА

*(Жетісу жолында)*

### I

Айдалам, аркам, ауылым,  
Алатау, жапан, қалың құм,  
Ортаңнан өтеді отарба.  
Отарбаның үнінен,  
Босанар түйе жүгінен;  
Тоқталар жүрген ат-арба.

Үкідей көзі жарқырар,  
Айғырдай өзі арқырар,  
Төгілте тігер түтін ту,  
Пысқырып үркек құландай,  
Ысқырып жүрдек жыландай,  
Пыс-пыс, күрс-күрс... ізі шу.

Айдала, айсыз түндерде,  
Мандайын бере Үркерге,  
Арқырар арба, шарк ұрар.  
Түйелердей тіркелер,  
Келіншектей бүркенер,  
Дөнгелер арба зырқырар.

Зырқылдар, тартар ыңқыл күй,  
Төрт тағанды отыз үй  
Омыртқадай тізілер



Станция, ауыл — Шоққара,  
Үйірін көрген құт кара:  
Ақырар да кіжінер.

## II

Аспанның ұлы аласқар,  
Асқардың жүгі құз тастар,  
Көргені онын жалғыз жел.  
Ағыны боран ұлы өзен,  
Ақ дауыл аспас аш кезең,  
Қарта қатпар, бұйра бел.

Шырышы шұбар жыландай,  
Жаужұмыры құмандай,  
Колқа қолат, құба құм.  
Сеңсең бұйра сексеуіл,  
Жабағы шағыл, мар шенгел,  
Шұраты шуда, шыралжын.

Өлеңді өзек, тұзды сор,  
Өзенді өрлей ұзын жол,  
Төбеде топ-топ тораңғы.  
Жынғылды жыныс, жиделі ой —  
Ой-қой, біздің мекен ғой!  
Сағынам қатты соларды.

Қыз білек қоға, кулы көл,  
Қасқыры қайсар, қабаны өр,  
Қамысты қопам, ну дүлей.  
Жайнар ма жасыл күркірей,  
Жауар ма жаңбыр сіркірей,  
Өсер ме көгің дүркірей!

## III

Қызғылы қыздың ернiндей,  
Бозғылы боздың өңiндей  
Қырдан атқан таң сұлу.

Атқан отарба түгін ту...  
Сол сурет, тіпті, тым сұлу  
Танда тауға шаншылу.

Қыбыр-қыбыр казак үй,  
Қалауыш қатын, караша үй,  
Токтышак, тон, кір тымақ.  
Шалағай шаруа, шалап мас...  
Тыр-тыр-тыр-тыр тісағаш,  
Мә-ә-ә-ә қозы, лақ...

Жарлы, жалшы, батырақ,  
Кедей, орта дабырап  
Көшпек қамын қамдаулы.  
Өгізінде ыңыршақ,  
Ерттеулі тұр сұр шолақ,  
Түйе тегіс комдаулы...  
Кедей көшті, топыр... топ...  
Байдың көшер жөні жоқ,  
Бай алдында өмір жоқ.

#### IV

Арба келеді. Алатау!  
Мөңгі марқұм байғұс-ау,  
Қалтырар кеудең, дірілдер,  
Меңіреу, мылқау, құм қоныс,  
Керең дала, тым-тырыс...  
Жатушы ең жансыз, жан кірер.

Жолбарыстай жоңында,  
Жондарыңның койнында  
Қазынаң қалмас казылар.  
Елдерің жатқан өңірде,  
Ерлерің жортқан белінде,  
Заводтар зәулім азынар.

Асқағы аспан Алатау,  
Жексені жер Қаратау,  
Кеулетер, койнын ақтарар.

Асылға бай кендерім,  
Астыққа бай жерлерім,  
Дәулетті көлдер мактанар.

Далаларың быжынар,  
Қалаларың құжынар,  
Жапанда жанар электр.  
Телеграмм, радио, телефон...  
Дыңылдасар тілсіз үн,  
Сыбырласар жансыз тіл.

Басталған анау жаңа жол,  
Бастаған мынау қалың қол,  
Бастайды қайда, не жерге?  
Басталды анау төте жол,  
Бастады мынау қалың қол,  
Социалшыл дәуірге.

Өзен кезер кемелер,  
Жерді жыртар трактор,  
Қырды қырқар шойын жол.  
Үмітті ілгері ұмтылған,  
Жұрт аударып жұртынан,  
Көшерсің ауыл, көлік сол.

Еңбекшіңді қайнатар,  
Еңбегінді жайнатар,  
Арығың қунар, қоңаяр.  
Малайың, малшың, құл, жалшың,  
Табанды табың, таянышың —  
Жұмысшы табың молаяр.

Аулыма келді отарба,  
Баурым, жеттің қатарға,  
Сол жолды өзін жасарсың.  
Тапсыз тату таң атар,  
Еңбек өнер, ел жасар,  
Жасарсын, жұртым жасарсын!

*1927 жыл.*

## БАЙ, БӘЙБІШЕ

(Қосшы тойына)

Ауыл анау. Байдың үйі жапырақ.  
Байың анау — қайта-қайта қақырып,  
Қамығады, байбаламды сап отыр.  
Бәйбіше анау — баптап саумал сапырып.

*Бай:*

— Ой, бәйбішем! Мұндай күн бар екен.  
Құй, бәйбішем, саумалың тым бал екен.

*Бәйбіше:*

— Саумалым бал, саған ғана сақтап ем,  
Білейін деп жаста көңілі бар ма екен.

*Бай:*

— Жасы құрсын, жасты алатын мал екен.  
Тоқал құрсын, законы тым тар екен.

*Бәйбіше:*

— Еһе, еһе, енді осылай көштің бе,  
Токтаса екен, тоқал тобаң шал екем.

*Бай:*

— Осы күнде ұстап жатыр ұрыны.  
Жесір сөзі, жердің дауы құрыды.

*Бәйбіше:*

— Шапқыласып шабындықты бөлед деп,  
Қонқиып жүр қосшылардың мұрыны.

*Бай:*

— Қосайға айтшы, қоңыр атты ерттесін.  
Түйе қайда? Біреуге қой кетпесін.

*Бәйбіше:*

— Бүгін тойы, жалшылардың бірі жоқ,  
Малшылардың ертіп кетті төрт-бесін.

*Бай:*

— Мына сығыр, не дейді ойбай, Қосай да  
Кеткені ме сұр шолақпен сол тойға?

*Бәйбіше:*

— Кетпе дедім, кекеді де жөнелді,  
Жетіліп тұр, айтқаныңмен босай ма?

*Бай:*

— Қатынына айт, қойға барсын, жүгірсін,  
Қой жоғалды, қайда кетті, кім білсін.  
Тоба... тоба, тойдың түбі бір сұмдық,  
Тағы үйретед қосшыларға бір қулық.

*Бәйбіше:*

— Жерді-суды тойда түгел айтад дейд,  
Комиссия келер әлі-ақ у-шу қып.

*Бай:*

— Сығыр Құдай! Сиыр қуды оқыра.  
Жылқы кетті бөгелектеп шоқыра.

*Бәйбіше:*

— Құл құтырды, күң жетілді, малға бар,  
Айрылармыз осы ойбаймен отыра.

*Бай:*

— Ойбай, белім, буын неге бұлтылдайд?

*Бәйбіше:*

— Қойшылар жоқ, қой күзетсем, ұйқыны айт.

*Бай:*

— Қой күзетер бір жас адам керек-ау!..

*Бәйбіше:*

— Қой онынды, бәйбіше әлі күйтындайд.

*Бай:*

— О, Құдай-ау, біз не қылдық, жасаған!  
Жалшы кетіп, үңірейді босағам.  
«Атқамінер», «ақсақал» деп айтад дейд,  
Қалса игі еді, қатын, сірә, бас аман.

*1927 жыл.*

## ҚОНАҚТАР МЕН ҚОЖАЙЫН

### I

#### БІРІНШІ ҚОНАҚ — ҚҰДАЙЫ ҚОНАҚ

*Қожайын:*

— Алыңыз қонақ, алыңыз,  
Сойғанымыз қартаңдау.

*Қонақ:*

— Бесе, мом-мом... Солай ғой,  
Тарамыстау, қатандау...

*Қожайын:*

— Құданың жері қуаң боп,  
Оңалмапты жануар.  
Қылыш сырты қазысы,  
Солқылдақтау жалы бар.

*Қонақ:*

— Қалыңға бұрын жүруші ед  
Он қойға мұндай кәрі бие.  
Ендігі мынау заманда,  
Енді осының бәсі не?

*Қожайын:*

— Үкіметшілдеу құдамыз,  
Өткізді маған түйе үшін.  
Кім білед, түбі не болар...  
Жактырмайды үй ішім.

## II

### ЕКІНШІ ҚОНАҚ — МИЛИЦИОНЕР

*Қожайын:*

— Алыңыз, жолдас, алыңыз,  
Сойғанымыз қартаңдау.

*Қонақ:*

— Бәсе, мом-мом... Солай ғой,  
Тарамыстау, катандау.

*Қожайын:*

— Жеріміз биыл қуаң боп,  
Оңалмады жануар.  
Қылыш сырты қазысы,  
Солкылдақтау жалы бар.

*Қонақ:*

— Қалыңға бұрын өтуші ед,  
Он қойға мұндай кәрі бие.  
Ендігі осы заманда,  
Енді осының бәсі не?

*Қожайын:*

— Ендігі бәсін кім білсін,  
Қолтумам ед жануар.  
Үкімет деп отырмыз,  
Қалды ғой, балам, қалыңмал...

*Қонақ:*

— Қатты, қатпа кәрі екен  
Алсаңыз да, түйе үшін,  
Әдейі кеп отырмын  
Сіздің осы бие үшін.

*Қожайын:*

— Оны сізге кім айтты?  
Жаздым ба қонақасы ма?  
Мұсылман қайыры басына  
Жетер деген осы да.

*Милиционер қонақ:*

— Қалыңмалды қосшыға,  
Деді үкімет, — бақыла.  
Қосшы айтты, мен келдім  
Кенсаларға шақыра.

*Қожайын:*

— Құдай ұрды, қатын-ау,  
Құдайы қонақ қосшы екен.  
Жишы әрі! Жүрек лоблыды,  
Тұздығы тым ащы екен.

*1927 жыл.*



## БЕЛСЕНДІЛЕРГЕ

Жолдастар! Мен де өзіндей белсендімін,  
Айтайын маған бір сөз берсең бүгін.  
Қаңбақтай желді күнгі қалбандаумен,  
Барады-ау, бастан асып мөлшерлі күн.

Кейде онай, кейде қиын белсенділік,  
Белсенділік — көпті ерту, ел сендіріп.  
Боласың әрі көсем, әрі шешен,  
Өтесіндер менше тұрып, менше жүріп.

Сөз сөйле, тіл біткенді бұзыңқырап,  
Боза-ботқа докладты мыжыңқырап...  
О күнінді жоям деп бақыра түс,  
Күшеніп, «жасасынға» қызыңқырап.

Тезис жаз дүмбілездеу сырлаңқырап,  
Кітап жаз одан-бұдан ұрлаңқырап.  
Сирақтай шала үйтілген өлең жазып,  
Онынды өнештей бер, бұлданқырап.

Молдадай әдеттенген мұқтасарға,  
Марксті айт, білмесең де, оқта-санда.  
«Ленин көсем сүй деген» деп айта сал,  
Лениннің не дегенін ұқпасаң да.

Мақалан келмесе де бұ заманға,  
Айдай бер, көкімылжың созалаңға.  
Баспаса газеттерге азу басып,  
Өкпелел, өсек айтып, қызаранда.

«Айт» десе айқасып қал, білмесең де,  
Құмарлан керіп, созып, сүйресерге.  
Қасақана қаулыға қарсы болып,  
Сал да отыр қыңыратқып бір кеселге.

Бұқараны бұқтырып мешеуірек,  
Сылдыр сөзбен кісі бол «шешенірек».

Еңбекші көп етегін жинағанша,  
Есірелік, калғанша есеңгіреп.

*1927 жыл.*

## ҰЛЫ ОКТЯБРЬ

Талайғы тарих тұрқында  
Тапты тап жеп қанаумен,  
Тапты тап жеп талаумен,  
Тапталған тап тарыққан.

Табына талай құрбан боп,  
Талай қызыл қырман боп,  
Талайдың орны зындан боп,  
Талайлар қажып қамыққан.

Талайлар жаудың торында,  
Талайлар жаудың қолында,  
Талайлар жаудың оғында,  
Талайлар талай қан жұтқан.

Ел қан жұтқан қырғыннан,  
Ер зарыққан шынжырдан,  
Масайратып, мөз етіп,  
Қандай қамқор ағытқан?

Сақтаған кім, панан не?  
Бұркылдаған бораннан,  
Жалтылдаған жасылдан,  
Қалтылдаған қайықтан?

Патшалық күрған жуандар,  
Жұртты сорған жыландар  
Жағасынан алдырып,  
Жағасын қашан айыртқан?

Ашынған топқа азан боп,  
Асқынған топқа ажал боп,  
Шауып, жаншып-жаныштап,  
Жауды кім бүгін арылтқан?

Қажыған таптың қамы боп,  
Қаранғы шақтың шамы боп,  
Әлемнің әділ таңы боп  
Алдыңды айқын танытқан?

Мешел ұлтқа арба боп,  
Мешеу жұртқа тұлға боп,  
Жол былай, жөн мұдалап,  
Даңғылында дамытқан?

Ел жауызын тізерлеп,  
Жалмауызын жүгендеп,  
Зарлы жұртты жұбатқан,  
Жарлы жұртты уатқан?

Еңбекші елге қуат боп,  
Жарқыраған шырақ боп,  
Сарқыраған бұлақ боп  
Қырға қыдыр дарытқан?

Ол кім? Қашан? Октябрь?  
Октябрь ұлы — СССР.  
Ол ұлға дәл он бір жыл,  
Туысы тұңғыш тарихтан!

*1928 жыл.*

## **БҮГІНГІ ДАЛА**

Ертеде, ерте, ерте еді,  
Ел шапқанның еркі еді,  
Хан қаһарлы еді,

Қара матаулы еді,  
Би беделді еді,  
Бейкүнә не көрмеді?  
Батыр балпаң еді,  
Байғұс жалтан еді.  
Төре сұлтан еді,  
Төленгіт ұлтан еді.  
Бай мығым еді,  
Кедей шілдіпірім еді,  
    Күн күнгірт еді,  
    Дала жым-жырт еді.  
Онан бері, бергі күні,  
Чиновниктің шенді күні,  
Сар даланың отар күні,  
Саудагердің қатал күні,  
Ұлықтың долы күні,  
Болыстың бөрі күні.  
Бай, патшанын өрлі күні,  
Тілмаштардың зөрлі күні.  
Азулының аруақты күні,  
Ата ұлының салмақты күні,  
Байдың өктем күні,  
Кедейдің кетеуі кеткен күні:  
    Күн — тұман еді,  
    Дала — жылау еді.  
Кеше, кеше, кешеді,  
Кешегі күн Ресейде  
Қара табан, қарға тұяқ  
Қарсы шапты жауға шындап,  
Жау камалын быт-шыт қылды,  
Үкім қылды, кенес құрды.  
Алпауыттан алды жерді,  
Анталаған жауды жеңді.  
Сар далаға дүбір келді,  
Дүйім кедей түрегелді.  
Құлдар күнжың қақты,  
Күндер ыржың қақты,  
Алашты айдап, ақты қуды,  
Дала елінің бақыты туды:

Күн — күн еді,  
Дала — даң-дүн еді.

Бүгін, бүгін, бүгін дала!  
Мұндай ма еді бұрын дала?  
Көктен күні сәуле шашып,  
Көкке шарпып нұрын дала.  
Өлкем өсіп, ел кенелді,  
Көгім жайнап, жер гүлденді.  
Тауым ашып қазынасын,  
Жомарт жерім шашты кеңді.  
Елім жаңа жұртқа қонды,  
Жұрт жұмысқа қойды қолды.  
Білім бұлақ сусын болды,  
Елдің өмірі жырдай болып,  
Сұмның күні қуғын болды.  
Қоныс қойнын еңбекке ашып,  
Жаңа еліне шашу шашып,  
Қыр кілемін сілкіп салды.  
Кимешектер кітап оқып,  
Малма тымақ мылтық алды.  
Жалба шекпен жауға аттанды,  
Жер түрленіп, ел шаттанды!  
Бүгін, бүгін, бүгін дала  
Мұндай ма еді бұрын дала?

*1928 жыл.*

## **БІЗДІКІ** *(Жалшы жыр)*

Енді аттандым, ежелгі жау — бай, жуан!  
Шынжыр балақ, шұбар төс, нән адуан!  
Аударамын, төңкеремін, арылтам!  
Сорған жылан, теріс азу айуан.

Қанды сорған, еңбекті емген сұр сүлік,  
Жанды жеген, елді құртқан жегі құрт.

Темірдейін тегеурінім, тепсіндім,  
Тебем көтке, тазалаймын сыпырып.

Еңбегіммен, елді емумен мал жиып,  
Мойнымнан бір түспеп едің шалжиып.  
Малдан, жерден, елден кылам тып-типыл,  
Қалған сакал өзіндікі қаужиып.

Баяғыдан басындың да шайнадың,  
Амалсыздан ашындым, азу қайрадым.  
Жеттім, жауым, жағаластым жағана,  
Міне саған, тап дұшпаным, таяғым!..

Ішкен қаның, жиған малың кімдікі?  
Тапқан, баққан, күткен — құл мен күндікі.  
Арамтамақ аластаймыз ауылдан,  
Мал да, жер де, ел де, үкім де біздікі!

*1928 жыл.*

## ҚОРҚАМЫН

*(Мектебіміздің аты бар, заты жоқ. Мектеп саламыз деп  
жиналған қойды құлар жеп кетті. Мұғалім шала молда  
алдынан әлі бір бала шыққан жоқ. Оқытпайды, мал жинап  
байиды. Атқамінерлік қылады.)*

(«Тілші»)

Курстан оқып күйбендеп,  
Мұғалім болдым мығымдап.  
Төрт амалдан түртектеп,  
Тіл құралдан тығындап.  
Құйқалақ бала, шым мектеп,  
Оқытып бердім қимылдап.  
Отын-су жок дірдектеп,  
Жел жабықтан ыңылдап.  
Құм төсеніп, шаңға аунап,  
Өкпе болды балларым,

Көкірегі сырылдап.  
Сонда да болмай сүйрелдім,  
Қаңылтыр тактай қылып ап.  
Дыбыстан жинап сөз құрап,  
Ол сөзімді буындап.  
Буындап едім болсайшы,  
Жалғаудан жалғау туындап.  
Балапандай жұмыртқалап,  
Балалады мың жұрнақ.  
Шатылдым, айтып жатырмын.  
Балам түгіл, өзіме  
Қиын болды-ау ұғынбақ.  
Бас айналды, мәңгірдім,  
Отырған өңшең «құйқалақ»,  
Есінеп, көзін уқалап,  
«Е!» демесе, ұйықтамақ.  
Келер жыл мектеп салуға  
Қаулы болды шуылдап.  
Кәмесие жасалды  
Ата-анадан ұрулап.  
Елге жайып шығын сап,  
Түтіннен түгел қой жинап,  
Бидайықтай қуырмақ.  
Елден түгел қой тимей,  
Оқытуға қол тимей,  
Қаулыны жүрдім қуғындап.  
Сонан соң қолды бір сілтеп,  
Жалықтым, жаттым жайыма,  
Тиесі қойды жиып ап.  
Оқыгудан тазамын,  
Мектебіңнен мен аулақ.  
Елден ерек ен аулақ.  
Болдым, қыстай қылғаным:  
Қылжак, ыржак, қыдырмақ.  
Анау өңкей «құйқалақ»  
Қарды қыстай қиқалап.  
Айдаған қойдай шұбырмақ.

Келер жыл боппын «болбюджет»,  
Жайғалды жаным тынымдап.

Там-тұмдап табыс тағы бар,  
Тебендеп, тенге-тиындап.

Жатып жедім жалуан,  
Үкіметтен жылына ап.  
Аяғын айдың мөлшерлеп,  
Қалаға келем қырындап.  
Алдын ала отделге  
Ведомость берем бұрындап,  
Шервендерім шытырлап,  
Ауылға қайтам пұлымды ап.  
Қайтсе де далаң қала емес,  
Расход ұстар шылымдап.  
Ақшалата мал алам,  
Тай-таналап ырымдап.  
Жетістім, желі байладым,  
Бес-алты бием кұлындап.

Айрандык кой жинадым,  
Шөмішімді жұғындап.  
Ақ үй тіктім шалқыдым,  
Аруақты байдың қызын ап.  
Жасауым сайман-жабдығым,  
Өсти-өсти жиылмақ.  
Кейде аксақал боламын  
Ағайын сөзі қуғындап.  
Кейде үкім қыламын,  
Советтеп, сөзді қызылдап.  
Сондағы ойым, ниетім:  
Дәурен баста тұрса деп,  
Қымпандау ғой шыжылдап.  
Ай, білмеймін не болар,  
Отдел отчет сұрайды,  
Инспектор кыдындап.  
Алдынан бала шыкпайд деп,  
Оқытпайды, ұйықтайд деп,  
Көпшілік кетті шуылдап.  
«Сынасу» деген шыққалы;  
Тілшілері жыбырлап.  
Жариялап қазбалап,



Бар мінімді жұмырлап,  
Газетті тағы жыр қылмақ.  
Сөйте-сөйте сор қайнап,  
Сынау түбі сұрыптау  
Бола ма деп қорқамын,  
Төбе құйқам шымырлап.

*1928 жыл.*

## ӘНШІ

*(Ескі әнші аузынан)*

Арғынмын, атым Әсет арындаған,  
Арындап ән сала ма дарымаған?  
Аспанның аясында ән шалқытқан,  
Бұлбұлмың, даусы көкте дамылдаған.  
Көмекей көк қапысын әнмен ашса,  
Төгіліп меруерт, маржан сауылдаған.  
Тұлпармын, топтан озған, тосырқаман,  
Шаршы топ, шаршы өрім жоқ шабылмаған.  
Жорғамын, жұрттан озған, жортарманмын,  
Майдамын, майда желіс мамырлаған.  
Жұртымның аса топыр жиынында  
Бүгінгі ән адыра қалсын салынбаған!..  
Тауықпын, тары тердім Найман шалдан  
Найман ел — айы туған мандайшадан.  
Үйректей, қаздай қалқып жүрмін жүзіп,  
Көл елде, көп жұртымда қыдыр шалған.  
Ертіс, Сыр, Есіл, Іле өзендерім,  
Тау өтпес Тарбағатай, Тяньшаньнан.  
Ми дала, меңіреу шөл, күміс көлдер,  
Мекенім, ертеде елім ірге жайған.  
Құм-қыстау, өлке көктеу, өзен күзеу,  
Жайлауым — жалпақ дала қарлы таудан.  
Ойда орыс, өрде қытай қоныстасым,  
Аулым бар Ауғанға да теуіп барған,  
Желғабыз, сол ортаның заржағымын,  
Толкытып тоқсан бунақ әнге салған.

Асқак ән аспанға өрлеп, асқар тербеп,  
Күніренткен сар даланы, күндер жалған!  
Ән құмар әлеуметім анталап тұр,  
Сайра тіл, аңыра әнім, «Інжу-маржан».  
Ән салсаң өзімдей сал аныратып,  
Жайланып, қоңырлатып, жамыратып.  
Аккудай аспандағы өнді өрлетіп,  
Қондырып қоңыр қаздай мамырлатып.  
Боздатып саулы інгендей күнірентіп,  
Нөсердей нөпір төккен жауындатып,  
Қазандай қарсы соққан дауылдатып,  
Қамыстай дауыл жыққан сауылдатып.  
Соқтырып ай астынан алтын күрек,  
Қақтырып, бұрқактатып, қағылдатып;  
Жүйткітіп, сонарлатып, саяттатып,  
Қыранды қыр жонында шаңқылдатып;  
Жүгіртіп, жүрдектетіп, жорғалатып,  
Аңкытып, аңкылдатып, ағындатып;  
Қаусырып қағып, түйіп, төгіп өнді,  
Қайырып, қалтылдатып, қалтыратып.

Ән салсаң Әсеттей сал әсемдетіп,  
Қоздырып делебені дәсерлетіп.  
Шырқатып, шығандатып, шалықтатып,  
Шапшытып, шүмектетіп, нөсерлетіп,  
Талдырып, талықсытып, тамылжытып,  
Орғытып, орағытып, баса өрлетіп.  
Самғатып, саңқылдатып, сар желгізіп,  
Ұрынтып, өршелентіп, бәсеңдетіп.  
Серпілтіп, сумандатып, сексен ырғап,  
Қырық қарпып, тоқсан толғап, бес өрлетіп.  
Қарқынды үн — қан қайнатып, жүрек жұлып,  
Жан жалмап, көңіл тербеп, әсерлетіп.  
Сүйе бер, суырылтам ән сұлуын,  
Тілін бал, сілекейін секерлетіп.  
Сарайым — сабам құям пісіп-пісіп,  
Қойдырман ән қымызын ой кернетіп.  
Сөз жаңбыр, даусым дауыл, әнім ескек,  
Ойнақтап басылайын аз желдетіп!

## ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

Маужырап тау, күн күліп,  
Албырап аспан нұрлы көк.  
Мажырап қыр, жер жусап,  
Баяулай соқса жел жібек.  
Қырмызы жалау желбіреп,  
Өктем-өктем басқан топ,  
Октябрь тойы болды деп,  
Он бір жыл оған толды деп,  
Жамырап ду-ду қалың көп.  
Сол дүбірдің ішінде  
Топтанған әйел бір бөлек.  
Қаймақы қабақ қара қыз,  
Жинақы көйлек, келте шаш,  
Жаға, жеңін түймелеп;  
Жігерлі даусы санқылдап,  
Сартылдатып түр сөйлеп.  
Түр десендер не сөйлеп:  
— Анау, анау, заманда,  
Анау қалған атам заманда,  
Ер өбігер заманда,  
Ел өбігер заманда,  
Хан тағында заманда,  
Халық шабынды заманда,  
Шен шіренген заманда,  
Ел күйзелген заманда  
Қазақ қызы кім едік?  
Байдың шұлғауы едік,  
Бәйбішенің тулағы едік,  
Мырзаның әуесі едік,  
Тұлпардың бәйгесі едік,  
Найзагердің олжасы едік,  
Саудагердің саудасы едік.  
Кулардың қуыршағы едік,  
Қазақ қызы күн едік.  
Енді мына, мына атқан танда,  
Еңбекші жауын құлатқан заманда,  
Ескілікті қиратқан заманда,

Езілген жұртты қуантқан заманда,  
Игілікті орнатқан заманда,  
Келелі кеңес қолға алған заманда,  
Оған он бір толғанда,  
Осы өмірдің, осы жұрттың,  
Қазақ қызы кіміміз?  
Күң емеспіз, азатпыз,  
Азаттық алған қазақпыз.  
Жылағанды уатқанбыз,  
Сұмырай занды суалтқанбыз.  
Ілгері басқан елі бар,  
Бірлігі күшті, қадамы құтты,  
Жаңа тұрмысты, жас жұртты  
Жасаушының біріміз.

*1928 жыл.*

## ҚАҚПАН

Жамылып иығына жамаулы тон,  
Далаға Иса шықты таң атқан соң.  
Оранып ақ кебінге өліпті өлке.  
Шымқанып шаңқан киіз, қалыпты құм.

Әуенің тиірмені түнде жүріп,  
Тастапты ақ ұлпаға жерді көміп.  
Қадап тұр үскебегін таңғы ызғырық,  
Аспанның, артын ашып, таңын түріп.

Атқан таң, ақша қарлы ала кеуең,  
Жылмиып жұмыртқадай қыр мен өзен.  
Тұйықтап туырлығын терең көлдер,  
Қалтырап тал, қамыс тұр ренжіген.

Антұрған, арамза туып жатып,  
Күшігін қаншық жатыр шуылдатып.  
Қыстауға көтеремдей жабу жауып,  
Қойыпты қар кірпігін қимылдатып.

Кайтадан қапыл-кұпыл үйге кіріп,  
Уа, катын! — деді, — жылдам көжені жылт,  
Әуе ашық, қалғып жатыр қанды сонар,  
Мұндайда отыра ма үйде жігіт!

Па, шіркін! Қырда қызық міне бүгін,  
Жортар ма ед Ақөзектің тарғыл құмын.  
Түлкіні алтай қызыл бұландатып,  
Қуатын қайда менің ат-айғырым.

Шаңкиып сонар дүние, ертеңгі уақ,  
Қыстаудан шықты малтып құзғын тымақ.  
Айғыздап ақпа төсте малтады аяқ,  
Жылытпа ішкен маңдайынан бу бұрқырап.

Камысты жара-мара, түре-мүре,  
Түндегі жетті малтып түбегіне.  
Жеткенде қақпан құрған жемтігіне,  
Ырылдап қоя берген мінебір не!?.

Жортқанды ойды-қырды, тамақ айдап,  
Қалыпты қанды қақпан, қасқыр шайнап.  
Қақпанды қазықтаған, арс-ұрс қауып,  
Ызалы долы шіркін жатыр шайнап.

Тұқырта тұмсығынан ұрды қатты,  
Қанк етті, серейді де, дір-дір қакты.  
Көкжалға қанды қақпан ажал болып,  
Жылы қан тұмсығынан жылжып ақты.

Жалмауыз, жауыз, қорқау түзде жүрген,  
Тентек, сұм, теріс азу, тентіреген.  
Қылғаны ұрлық-зорлық өмірінде,  
Несібін елден жеген, жерден жеген.

Қораға қашаннан бұл шапқан қатты,  
Жарып жеп жабағыны, жылқы тартты.  
Адасқан жалғыз-жарым адамды алып,  
Қуалап қой сорлыға талай шапты.

Бөрі етті, бөлтірігін жемір етті,  
Жарлынын жалғызын жеп еніретті.  
Боздатып боз інгеннің ботасын жеп,  
Бұзаусыз не сиырды мәңіретті.

Тиіп ап бала алдынан бес ешкіні,  
Жеп кеткен кеше ғана жемтік міне.  
Алғанда жау жағадан, бұл етектен,  
Қабынған қыс аңғарды жаман жылы.

Қу қақпан, күйсіз қақпан, жарлы қақпан,  
Майланып бүгін қасқыр алды қақпан.  
Сілейіп, қанжулы боп жатты көкжал,  
Ығыр қып елге шапқан, зар жылатқан.

Тасқындап тас жүрегі, тулап тайдай,  
Жарқылдап, жабырқау жүз, күліп айдай,  
Көзі ойнап, желбезегі желбелеңдеп:  
«Болатын болды-ау, — деді, — көйлек пен шай.

Қақпаным Жауымды алдың, алдың азық» —  
Деді де әлді қолын алды жазып.  
Сүйретіп құзғын тымақ үйге қатты,  
Орнында қан, сауысқан, қалды қазық.

*1928 жыл.*

## ТОЛҒАУ

*(Кәһнәске кезінде)*

Қозғауы қозған қоғамым,  
Қолқалап әңгіме айт десен,  
Қобалжымын, қозғалам,  
Қозғайын десем даланды,  
Домбыраң емес, қаламды,  
Қобалжымын, қолға алам.

Көңілдің күйі келмесе,  
Көп мылжынға мен сараң.  
Көңілдің күйі кернесе,  
Көтерілем, ән салам.

Бүгінгі топты жара алмас,  
Толғанбай Жанақ арсалаң,  
Бүгінгі құлақ қана алмас,  
Болдырған сөзге шаршаған.  
Әңгімем менің бүгінгі,  
Бүгінгі жиын аңсаған.  
Ағытылды әңгімем,  
Ал әлеумет, ал жаран!  
Әңгімем алды тындасаң:  
Осы бір заман, қай заман?  
Бұл заманың сол заман:  
Алатаудың баурынан  
Аспанды аршып, жел желпіп,  
Алтын күрек ескен күн;  
Аруақтының аулынан,  
Арыстан айдан мерт болып,  
Ауырған аруақ көшкен күн.

Тау сілкініп, мұз босап,  
Тас желіні иген күн;  
Қыр қорқаулы бөріге  
Құл «жапалақ» шүйген күн;  
Аунаған аруақ қордаға  
Жиылып, тастай түйіліп,  
Ашынғандар тиген күн;  
Борт-борт сынып босаға,  
Орнаған аруақ ордаға,  
Күн тепсініп кірген күн;  
Алтын, күміс алынып,  
Шынжырлы шен табылып,  
Тығулы теңді тілген күн;  
Мырза мінген жорғаны  
Құл шайқалтып мінген күн;  
Ханша киген торқаны

Күн найкалып киген күн;  
Бұл заманың сол заман,  
Сөйтіп-сөйтіп түрленген,  
Күннен-күнге, күннен-күн!

Бұл заманың сол заман,  
Күннен күнге түрілген.  
Ақ ордалар ойран боп,  
Аксүйектер сүрілген.  
Аруакты белдің үстіне  
Ел еркіндеп қоныстап,  
Қараша үй қалың тігілген.  
Я, мұны кім көрген!  
Бұл бір белең біз көрген.  
Бұл бір мерей біз көрген.  
Айналаға қарасам,  
Оралған нұрға өуе-аспан.  
Күн көрем де, нұр көрем.  
Нұр көргенде не көрем:  
Тандыры қайнап, бұлақтап,  
Тақыры жайнап шуақтап,  
Бөленген нұрға жер көрем.  
Нұр үстіне нұр қосып,  
Нұрлы дала жерлеген  
Еңбекші қазақ — ел көрем!  
Ел шетінде кім көрем:  
Қақпандағы қасқырдай,  
Мылқау... көзін төңкерген,  
Мал, мүлікті алдырып,  
Елден, жерден айырылып,  
Күйзеу, жүдеу, меңдеген,  
Айналаны жау көрген,  
Алдында азап, көр көрген  
Қаңғырып қалған бай көрем.  
Еміс те емес есітсем,  
Зарлаған үні, еңіреген:  
Еңірегенде не деген:  
— Бүліндім, біттім, таусылдым!  
Енді өлемін! Енді өлем...



Ел ішінде кім көрем:  
Қабандағы қорқауға,  
Қан қозып, кек кернеген,  
Құралысып, байды айдап,  
Қуанысып, малды айдап,  
Кедей көрем кенелген.  
«Бірлесейік» дегенмен,  
Еңбекші көрем өрлеген!..  
Бұл көргендер көңілді!  
Бүгінгі күн тербеген,  
Тербетер бұл талайды,  
Көрмеген мұны кемде-кем.  
Қозғауы қозған қоғамым,  
Қолқалап әңгіме айт десең,  
Қобалжимын, қозғалам.  
Қозғайын десем далаңды.  
Домбыраң емес, қаламды,  
Қобалжимын, қолға алам,  
Кеше ғана ойнаған,  
Темір емес, өмірді  
Өзгеше соққан балғадан  
Ойнаған да күй алғам;  
Мінеки біздің алған күй,  
Мінеки біздің салған өн.  
Мінеки біздің әңгіме,  
Әлі де талай толғанам.

*1928 жыл.*

## **ШАЛ МЕН КЕЛІНІ**

Шал ыңкылдап, жоқ шыдам,  
Ауырады ыңыранып.  
Кепкен дене, сіңір жан,  
Бірде суып, бір жанып.

Шалда түнде жоқ дамыл,  
Тынбай сусын сұрайды.

Жылап, зарлап, келін жүр.  
Көзінен жас бұлайды.

Шалды айнала жүгіріп,  
Кемсең-кемсең жылайды.  
Түнде тұрып, жығылып,  
Дат қылады Құдайды...

Екі өкпесі қысылып  
Кетті шалдың сорлының.  
Кеткен кезде тұншығып,  
Келін даусы болды жым.

Локсып-локсып қан құсып,  
Шал тыншыды азырақ.  
Келін көзден жас ыршып,  
Қоя берді азынап.

— Мұнша бейнет мойнымда,  
Тәңірі, саған не жаздым?  
Арылмаған соры ма  
Мен сықылды бейуаздың?

— Қой, жылама, сабыр ет, —  
Десті абысын-ажындар, —  
Ауру өле бермек пе?  
Атаң байғұс жазылар.

Сонда келін сөзі кеп:  
— Сорлатқаны Құдайдың,  
Осы өтиім тезірек  
Өлмегенге жылаймын.

*1928 жыл.*

## ЕГІНШІ ЖЫРЫ

Көктен нұрға шомылған,  
Жерден жібек жамылған;

Біз еңбекші — егінші,  
Егін еккен Ленинше.

Жайдары жазым жалбырап,  
Жапаным, далам балбырап;

Күнім көктен күліп тұр,  
Келгенімді біліп тұр.

Білектерді сыбанып,  
Косқа шықтық құралып.

Торқадай топырақ туырылттым,  
Уыстан шашу суылттым.

Тұқым тырс-тырс тасталды,  
Жырымыз жаңа басталды.

Көктен нұрға шомылған,  
Жерден жібек жамылған;

Біз еңбекші — егінші,  
Егін еккен Ленинше.

*1928 жыл.*

## ГИМАЛАЙ

*(Жиһангер жайлаған шығыс)*

### Сұрау

Ақшалап басын қар көміп,  
Аспанның төсін арда еміп,  
Анасындай алтын күн,

Сел жіберіп бір жуып,  
Жел жіберіп бір желпіп,  
Ауық-ауық құшақтап,  
Әлсін-әлсін нұр сеуіп,  
Есейген асқар Гималай...  
Сол күннен нұр ала алмай,  
Басы мұнар, бауыр тар...  
Гималай асқар неге олай?

Буырқанып, бұрсанып,  
Бұлттанып, құрсанып,  
Бірде жылы, нұрланып,  
Бірде ашулы, томсарып,  
Бірде торғын жұмсарып,  
Көк үйрілген анадай...  
Сол анадан сүт алмай,  
Көзі соқыр, көңілі тас,  
Гималай асқар неге олай?

Ырғалып, тулап, тербеліп,  
Тербетсе асқар күнреніп,  
Жазықта аттай жарысып,  
Иықта жіптей күрмеліп,  
Тауды бұзып, тасты айдап,  
Сылдыр-сылдыр сөз сөйлеп,  
Өзендер салған неге айкай?  
Сол судан сыр ала алмай,  
Қабағы құз, мұрны мұз,  
Гималай асқар неге олай?

Жемісі жерде мәуелеп  
Терегі көкке тәуелеп,  
Тағысы таста ойнаса,  
Қиядан қыран әуелеп,  
Андыздап ара бал сорып,  
Шешегін шымшып көбелек  
Құндағы ну, карағай  
Сол сәулетке оранбай:  
Борбайы борша, арша арка,  
Гималай асқар неге олай?

Бұлт тамшылап, қамшылап  
Бұрқактатып күн шығад.  
Сол бұрқактың астында  
Қиналған бір үн шығад.  
Қиналад та, күніренед.  
Асқар әлде тұншығад,  
Басқан оны қай Құдай?  
Түсті ме екен найзағай?  
Жатыр ма екен жау жайлап?  
Гималай асқар неге олай?

### Жауап

Гималай — көктің кіндігі.  
Гималай — жердің түндігі.  
Мұз туырлық, қар үзік,  
Түрілмеген бір күні.  
Қалған құсы басында —  
Сауысқаны, құзғыны.  
Ол құлаған құландай.  
Күшіген қорқау, құмайдай  
Жемтігіне жабысқан.  
Гималай сорлы, сор мандай.

Күнін көміп, батырған,  
Өзенін тас қатырған.  
Құзын, мұзын шеңгелдеп,  
Тегеурінін батырған.  
Апшысын аяз қуырып,  
Қақалса қан қақырған.  
Бар бір басқан тұмандай.  
Сол тұманнан шыға алмай,  
Жүрегі жара, көзі көл  
Гималай сорлы, сор мандай.

Жерін жайлап, у қылған,  
Ерін қанап, құл қылған,  
Елін талап, еңбегін  
Жалмап, жеуіп, жүн қылған,  
Құлдың жанын құм қылған,

Күлдың қанын қылғыған,  
Бар бір зәрлі жыландай...  
Сол жыланнан жылжымай,  
Қабағы жабық, қаны арық  
Гималай сорлы, сор маңдай.

Тоқ қарыны басылған,  
Аш қарыны ашынған.  
Тұман әдет, қар сәлде  
Арылмаған басынан.  
Күлғанасы күл жайлап  
Ғасырдан шіріп сасыған,  
Дертке дене толғандай...  
Сол бір дертке ем қонбай,  
Жаны жара, төні ауру  
Гималай сорлы, сор маңдай.

Тауды, тасты қашатып.  
Ойды, қырды жасатып,  
Ойбай! — десе тас атып,  
Койдым десе босатып,  
Жалынса табан жалатып,  
Қарысса қан асатып,  
Бар күлданған зор Құдай...  
Сол Құдайдан құтылмай  
Заманы дозақ, қанды азап,  
Гималай сорлы, сор маңдай.

Батыста қауырт бір қол бар,  
Қол алдында бір ту бар,  
Ту жазуы «Коминтерн».  
Шығыста қалың бір күл бар,  
Күл аузында бір шу бар,  
Шудың туы «Коминтерн».  
Сол туды шу қолға алмай,  
Тау толғанбай, қозғалмай,  
Дерт жыланнан, тұманнан  
Айыға алмас Гималай!  
Гималайда қуат бар,

Қозғалды оны құрауға.  
Гималайда ұлы от бар,  
Таянып тұр, тұтауға.  
Гималайда улы оқ бар  
Құл атады Құдайға.  
Болса болар, болғандай...  
Көксеп күн мен көк орай,  
Дейтіндерге неге олай?  
Айтар сонда Гималай!

*1929 жыл.*

## ТОҒЫЗДА

Көзінен нұр төгіліп,  
Жерінен дүр гүл өніп  
Мажыраған бұл қай жақ?  
Отарбасы гүрілдеп,  
Заводтары дүрілдеп,  
Қайнаған жақ қай аймақ?

Жұмыскері жұрт билеп,  
Батырағы байды илеп.  
Мәз болған кім масайрап?  
Коллективін өргізіп,  
Трактормен жер бұзып,  
Жүргендер кім, қос айдап?

О күнде, патша отары,  
О күнде, байдың отаны,  
Жері қуан, елі құл.  
Бұл күнде еркін, жері нұр,  
Нұрландырған Октябрь,  
Қазақстан елі бұл!

*1929 жыл.*

## ЖАҢА ӘДЕБИЕТ

Күреспен, күшпен,  
Білекпен  
Төгілді жерге жаңа нұр.  
Жігермен, іспен,  
Еңбекпен  
Соғылды жерге жаңа өмір.  
Жаңа өмірмен,  
Жаңа елмен  
Түледі біздің дала, қыр.  
Күшті күймен,  
Тәтті әнмен,  
Үдеді біздің жаңа жыр.

*1929 жыл.*

## НҰР АЛҒАНЫ СОЛ ШЫҒАР

Алысқанын құлатып,  
Жау-дұшпанын мұқатып,  
Тоғызында толған кім?  
Ұрандасып, көптесіп,  
Білектесіп, күш қосып  
Еңбекке қол қойған кім?

Қуарған қыр қуанып,  
Суалған сыр нұрланып,  
Маужыраған бұл қай жақ?  
Қырды бір нұр алғандай,  
Көз тосырқап қалғандай,  
Қарамаса абайлап...

Жаудың шебін киратып,  
Жарлы жұртын қуантып,  
Езілген — ел болған күн.  
Еңбекші елдің иесі,



Қазақстан кеңесі  
Тоғызына толған күн.

Кеше жалшы күс білек,  
Бүгін жарып жұрт билеп  
Отырған құл, қойшылар;  
Жер желіндеп, тау тасып,  
Қыр қызығы ұласып,  
Нұр алғаны сол шығар.

*1929 жыл.*

### ЖАҢА ДАЛА

Мыс толғатып, жез туып,  
Қарсақпайлар айғайлап,  
Жаппай қаулап коллектив,  
Ембілерден май қайнап  
Автомобиль, трактор  
Алды қырда, салды ойнақ,  
Қазақстан картасын  
Темір жолдар шимайлап.  
Аэроплан аспанда,  
Бұлт қайырып, құрайлап.  
Алтын құсты Құмсағыз  
Жатқан дәулет құм шайнап.  
Қақырығы құйма алтын,  
Түкірігі түйме алтын  
Қазақстан болды аймақ.  
Далада ұлы төңкеріс,  
Қаулап қырда қалың күш  
Қол қойды да, —  
Қол қоймақ.

*1929 жыл.*

## ҚЫЗЫЛ ӘСКЕР ӨЛЕНІ

(Орыстың «Проводы» әнімен)

Мылтығымыз оқтаулы —  
Ел қорғауға.  
Қайратымыз сақтаулы } (Екі рет)  
Келген жауға.

Жігер білек, жаужүрек  
Қызыл қыран,  
Үйрен, оқы жас түлек, } (Екі рет)  
Ойна, жайна.

Еңбекшілер қорғаны,  
Қызыл әскер.  
Еңбекші елдің қорғаны } (Екі рет)  
Біздер, жастар.

Қылышымыз қайраулы —  
Жиһангерге,  
Жиһангердің жендеті } (Екі рет)  
Чемберленге.

Елімізді салуға  
Сергелдеңге,  
Тап бергенге біз дайын } (Екі рет)  
Кел берменге.

Еңбекші елдің қорғаны —  
Біздер, жастар.  
Еңбекші елдің қорғаны } (Екі рет)  
Қызыл әскер.

1929 жыл.

## ЖОРЫҚ ЖЫРЫНАН

Бүгінгі күнім — ұлы күн,  
Бүгінгі күнім — жорығым.  
Жау жағасын жығуға,  
Жалауды биік байлаған.

Тапсырғамын... үкімет  
Шығарсын деп декрет,  
Тепсінгем, тастай түйілгем,  
Құжынап күрттай қайнағам

Ашынғанға ашу боп,  
Асынғанға тосу боп,  
Жорыққа шапқам жауыма,  
Салдырған күнім байбалам.

Өңшен жауыз, канды ауыз,  
Жеті жүз бас жалмауыз,  
Ордаңа тигем ойрандап,  
Аластап елден айдағам.

Жаншылғанды қуантқам,  
Жаншығанды қуартқам,  
Еңіrentкенді күңіrentкем,  
Шайнағанды шайнағам.

Емес пе еді сол бүгін!  
Еске салар оны кім,  
Белгілі төбем маягім,  
Белгілеп арнап тойлаған.

Тағы бүгін етем серт:  
«Аударылсын жер мен көк».  
Бүлдіріп, жасап, күлдіріп  
Мұратқа жетем ойлаған.

Жау онда ма, солда ма,  
Жау сыртта ма, жолда ма,  
Бойда қайрат, ойда жау,  
Сақадай саймын, сайланам.

*1929 жыл.*

## КӨНЕ, ШЫДАР ҚАЙ МАЙДАН?

*(Алматыға паровоз даусы естілді. Түтіні көрінді).*

Өмірге өлген Алатау мен құба құм.  
Тірілгендей көкті жарып шығады үн.  
Өшкен жанды, өлген жерге жан кірді,  
Қыр қозғалды, үнге тікті құлағын.  
Күн нұр төкті, қырға қызыл шырайын.  
Жер көкке атты желіні тандыр бұлағын.  
Каулап шықты, қара табан аттанды,  
Жыртық үйден жалба жең, жәутік тымағың.

Жерді жонған, тасты опырған әлді қол,  
Ұрандасты, ұлы күшті косты мол.  
Жерді жарды, шамын шашты, тірілтті  
Кең даланы кесіп, пішіп келді жол.  
Жүрек тулар қыр қозғалтқан айғайдан,  
Жарқырап қыр, сарқырайды бал сайдан,  
Еңбекшінің тілегіне білегі,  
Қайнап кетті, көне, шыдар қай майдан?

*15 шілде, 1929 жыл.*

## МАВЗОЛЕЙ

Москва...  
Көше...  
Лык-лык.  
Жөңкіліс,  
Жүріс,  
Тык, тык.  
Автобус  
Құқ, құқ!  
Автомобиль  
Пык-пык!  
Трамвай,  
Тырррр-тырррр...

Фабрик, завод  
Күрр-күрр!  
Бүрк-бүрк.  
Жанған жазу  
Жайған мүлік.

Газет!  
Газет!  
Қызық!  
Қызық!  
Аспан, зәулім  
Қабат-қабат  
Кремль,  
Сағат  
Шық-шық.  
Қызыл алан.  
Ол — дария,  
Күндіз ағад.  
Түнде тынбайд,  
Селдей қаптайд,  
Сеңдей соғад.  
Қыбыр-қыбыр,  
Жыбыр-жыбыр,  
Қайнап қан  
Қайнар өмір,  
Шегіртке шірет.  
Құмырсқа рет,  
Бір-бір басад.  
Жылжып келед.  
Пропуск,  
Билет беред,  
Қайда беред?

Қайда кіред?  
Кімді көред?  
Соқты сағат,  
Қапты  
Пәлен минут.  
Ауған шалма,  
Араб башмақ,

Өзбек шапан,  
Қазақ тымақ,  
Неміс кепкі,  
Американ қалпак,  
Самоед тон,  
Бұйра негр,  
Ағылшын таяқ.  
Үнді желек.  
Қытай аяқ.  
Жылжып, ілбіп,  
Келед таяп.  
Барлық өлем  
Өтпек карап,  
Еңбекші жұрт,  
Езілген тап  
Мавзолейге  
Етпек тауап!  
Әне Ленин,  
Әне құбыла.  
Текше-текше  
Ұшырмада  
Орақ-балға,  
Жұлдыз таңба.  
Мықты күзет,  
Қос босаға.  
Шошак телпек,  
Сұрғылт шинель,  
Қызыл жаға.  
Мылтық істік,  
Көз қырағы,  
Оңға, солға.  
Жылжы төмен,  
Қызыл ұя.  
Барқыт бесік,  
Қызыл шұға.  
Ақырын аяқ...  
Ақырын жүрек...

Саспа...  
Міне сен де,

Жер койнында,  
Ақырын халық,  
Электр шам  
Қызғылданып  
Тұр жанып.  
Сұрғыл өңмен  
Тұр көлденен.  
Мөңгі төсек  
Баптап салып.  
Өмірден, желден  
Қымтап жауып.  
Киімшең қолын  
Қаусыра алып,  
Омырауына  
Орден тағып.  
Көз мықтан,  
Көңіл, сактан,  
Кетпе ағып,  
Ақырын аяқ,  
Бекін буын,  
Мыктанып.  
Ұлы басшы,  
Ұлы альп  
Тыншығыпты  
Тыншу алып.

Міне Ленин,  
Міне құбыла,  
Міне бес жыл  
Ленин мұнда.  
Әне сыртта  
Ұлы майдан,  
Туы қолда.  
Жолы — сара,  
Айтқаны — ұран,  
Ісі — мұра,  
Майдандағы  
Миллиард құлға.  
Сол соғыста  
Алған өлем

Басшылыққа,  
Туы колда,  
Компартия!  
Қойған әлем  
Мавзолейін  
Қарауылға.  
Аты мәлім,  
Жер шарында,  
Аты ардақты  
Сорлы жұртқа,  
Мың-мың құлға.  
Оқып сөзін,  
Тігіп көзін,  
Қосқан жырға.  
Әке мұнда,  
Жер қойнында.  
Қансыз, жансыз  
Ұлы ұйқыда  
Бір тұлға.

*1929 жыл.*

## ҚАЗАҚСТАН

Көгінен нұр төгілген,  
Жерінен дүр, гүл өнген  
Жердегі ұрмақ  
Бұл қай жақ?  
Мотор жыры дүрілдеп,  
Гудок үні гүрілдеп,  
Қайнаған жақ  
Қай аймақ?  
Өгей ұлы теңеліп,  
Еңбек елі кенеліп,  
Күлгендер кім  
Масайрап?

Бұрын патша отары,  
Бұрын байдың отаны,



Жері қуан,  
Елі құл,  
Бүгін еркін жері нұр,  
Нұрландырған — Октябрь!  
Қазақстан елі бұл!

*1929 жыл.*

### «ШОҚПАРҒА»

Талай жылғы тандыр тау,  
Талайғы көрі байғұс-ау,  
Мәзбісің тек жатқанға?  
Тұншықтырып мұздарың,  
Көмірдей күйе құздарың  
Булықтырып жатқанға?  
Құрыш қашау, алмас шот,  
Буды мінген, бүріккен от  
Басыңнан аса шапқанда  
Шыдарсың, қалай шыдарсың?  
Біз қоймаспыз жатқанға.  
Еріксіз қойныңды ашарсың,  
Қойныңнан шашу шашарсың,  
Еңбек қақты қақпана.  
Өзгерте соққан балғамен  
Қақпанды қатты қаққанда  
Алысың бар ма таусылмас,  
Ышқынып, ойнап пысқырып,  
Танабыңды тартқанда...

*1929 жыл.*

### АЛАТАУ

Алатау, басың бөтес, баурың торқа.  
Туың ба, тұманың ба басың калка.

Бала едім баурында өскен суынды ішіп,  
Жерсітпес сен тұрғанда Сыр мен Арқа.

Сен неге мелшиесін күнге қарап,  
Серуенге шыкпайсың ба бойың тарап.  
Өскен ел, біткен шөбің, жүрген аңың  
Мәз болсын, масайрасын тамашалап.

Еркінде тас бұлағың лөкілдесін,  
Аң қорқып адамыңнан бекінбесін.  
Құса боп кейде долдан, кейде ашулан,  
Нөсерің көк жарылған нөпірлесін.

Дауылың ышқынсыншы тұманды айдап,  
Қалмасын жалғыз бұлт — көкте қаймақ.  
Сұрапыл сорын өрсін, талқандасын,  
Кім екен сол боранды қойған байлап.

Тіл бітсін қара тасқа, жүрегі исін,  
Ұшығы ұлы желдің жылы тисін.  
Елжіреп жар жүрегі махаббаттың,  
Қайынды құшағына ап ыстық сүйсін.

Мен сонда көріп тұрып сол суретті,  
Мастанған махаббатпен жер мен көкті,  
Жылаған мұны күтіп жылдар, айлар,  
Дер едім жұмсақ жүрек сертке жетті!

*1929 жыл.*

\* \* \*

Демеймін, төгілейін, ағылайын,  
Батқан соң күніренем жанға уайым.  
Ұстайды жүректі алған суық безгек,  
Десем де сағым қуып неғылайын.

У ма екен өмір деген, азап па екен?  
Өзгеге осылай деу ғажап па екен?

Тас туған — ешбір қандай сезімі жоқ  
Өскенге осы толғау мазақ па екен?

Қош енді жынды қылған қан жүрегім,  
Таппадым талпынсам да жан тілегін.  
Аямай әл-шамама қарамастан,  
Сенікі де рақымсыздық деп білемін.

Әуре аяқ аттап өтті талай ізді,  
Албырт қол істеп кетті талай істі.

*1929 жыл.*

\* \* \*

Көгілжім жердің кенерін  
Күн күйігіп шөккенде,  
Күңгірттеп тұман даланы  
Көлеңкесін төккенде.

Қу жүрек сонда сезеді  
Махаббатты, мәңгіні.  
Адасқан көңіл кезеді  
Арттағыны, әлгіні.

Сезсін, кезсін, не пайда?  
Кеп тұр таяу мазарға.  
Өмір қайда, күн қайда?  
Бір тарқаған базар да!

*1929 жыл.*

## **АЙДАУШЫ**

Ойдан ойды тудырып,  
Толқынды толқын қудырып,  
Айдаған бәрін бір өлен;

Тар жүрекке қысылып,  
Кең теңізде шашылып,  
Көк жүзіне көлбеген.  
Көпіріп көкке бір шығып,  
Жүректің жарын қусырып,  
Күңіренген де, тербеген.  
Теңізді терең сапырып,  
Жүректен құрақ жапырып,  
Тепсіне тепкен, өрлеген.  
Жүйрік жанды жүйткітіп,  
Жай көңілді ұйтқытып,  
Тербегенде не деген?  
«Қурайдай өмір солғанша,  
Жер қойнына қонғанша  
Айтарыңды айтып өл!» деген.

*1929 жыл.*

## ДОМБЫРА

Тарт күйінді, домбыра!  
Төгіл, төгіл, төтті күй,  
Тау суындай сылдыра,  
Желпін, желпін, жел соқтыр!  
Тауда тұман тұрмасын,  
Көкте бұлт ыдыра!  
Тыңдамаған қалмасын,  
Ойды-қырды қыдыра,  
Құлшына тарт, домбыра!

Екі желі, үш қазық,  
Тоғыз нокта домбыра,  
Ойнатайын он саусақ,  
Құлындайын құлдыра.  
Бозда-бозда бота күй,  
Қашағанды қудыра,  
Құлшына тарт, домбыра!

Еңбек елдің күйшісі-ау,  
Кұлағымды қиқулат,  
Көңілімді қандыра,  
Тәтті-тәтті күйге тарт  
Көргенінді күй қыла,  
Кұлшына тарт, домбыра!

Еңбек елдің жыршысы-ау,  
Жанымды бір жадырат,  
Көкейіме қондыра,  
Тәтті-тәтті күйге тарт  
Жаңа өмірді жыр қыла,  
Шежіре, шешен, сұңғыла,  
Кұлшына тарт, домбыра!

*1929 жыл.*

## **СЕРТ**

Жинал бүгін, кел бері!  
Бүгін өлем нұр шашты.  
Көктемдегі күн, жердегі  
Ел жайласты, ұласты!  
Екпінде, қалам екпінде!  
Ақындар!

Ежелгі ескі қу дала,  
Бүгін еңбек ойнағы.  
Ес өленді, шудала!  
Қырдың жыры қайнады!  
Еңбекке, қалам, еңбекке!  
Ақындар!

Өмір деген, бүгін түс,  
Сок! Сақылдат балғаны!  
Өмір деген бұл күрес,  
Ақын күрес палуаны!  
Күреске, қалам, күреске!  
Ақындар!

Бұл бір сертім ақынға,  
Бұл рапортым бүгінге!  
Ақындық аз «ақылда»,  
Жыр жүректің түбінде!  
Жүрекке! Қалам, жүрекке!  
Ақындар!

Еңбек табы екпіндеп,  
Бес жылдығын төрт жылда  
Орындауға етті серт,  
Қыздыр ақын, қимылда!  
Көмекке қалам, көмекке!

*1930 жыл.*

## КОМБАЙН

Ертіс деген бір су бар,  
Сол Ертістің сыртында  
Аты «Октябрь» бар совхоз,  
Егіні ұшан сар теңіз,  
Қыр еңбегі қыруар.  
Егін сары болғаны —  
Қазан соқты, келді күз.  
Желге ойнақшып сар теңіз,  
«Пістік, пістік, пістік біз,  
Пістік, пістік»,— деп шулар.  
Сол теңіздің төсіне  
Қаптар құрыш қаз, құстар,  
Қонар қаптай көк қулар.  
Қызыл жемсау, көк тұмсық,  
Қанаты іштен дүрілдеп.  
Жүрсе гүр-гүр сілкініп,  
Ойнайды іші күрілдеп;  
Зыр-зыр қағып көк ұршық.  
Тракторы тырылдап,  
Құрыш арыстан ырылдап,  
Жіп шынжырлар жыбыршып.

Алтын бидай белінен,  
Шалып оттап шалғысы  
Ұстарадай сырылдап.  
Машиналы еңбектен  
Шығады әсем қоңыр күй  
Қыр балқытып ыңырсып.  
Қырда жүзген осы қу,  
Әрі шалып, әрі орып,  
Әрі баулап, әрі айдап,  
Әрі ұшырып, суырып.  
Жүзді қулар, егін — су...  
Жүзіп қырда, белесте,  
Атсыз, жансыз жүгіріп,  
Қу дегенге келмес пе  
Сабан саңғу, дән құсу.

Бұ не деген керемет?  
Астық жерде тік тұрып,  
Қас қаққанша сыпырылып,  
Машинаға жұтылып,  
Бастырылад, еленед.  
Оқтын, оқтын жаныңа  
Ағып келед грузовик,  
Грузовикке байырқап  
Емізгендей ботасын  
Талтаяды бұ шіркін,  
Салбырайды бір емшек,  
Емшек емес, көк шүмек  
Сорғалатып дән төгед.  
Дәнге толып құшағы  
Автомобиль ышқынып  
Қайта қайтып жөнелед.  
Мұның аты комбайн —  
Өзі шалғы, өзі орақ.  
Өзі қырман, өзі арба,  
Өзі күрек, өзі қап,  
Ал қаптай бер, дән дайын!..

*1930 жыл.*

АТТАНЫС

Бірінші  
Қаңғыр қоңырау,  
Жүгірген жан ентелеп.  
Жұртты жұтты вагондар,  
Биязы түтін шүйкелеп.  
Ащы ақырды аспанға  
Паровоздан бір гудок.  
Екінші  
Қаңғыр қоңырау,  
Бұл ең соңғы звонок.  
Қалтырады отарба,  
Болды безек дөнгелек  
Жылтырады электр,  
Ал жарысты көп дінгек.  
Осындай ұшқыр бір поезд  
Мәскеуден шықты  
Шуу-шуулеп.

ЖОЛ

Мәскеуден кеткен бұл поезд  
Бұлтты қапты бұлдырап,  
Ен даланы, тоғайды  
Қақ айырды құлдырап.  
Дала, қала, поселке  
Шимай шытыр екі жақ.  
Қоштасқандай қол бұлғап  
Жел тиірмен қос құлак.  
Жапан жарған қос шойын,  
Жатыр қасқа жол ұзақ.  
Тиегені қару — жүк.  
Трактор — так, трактор — так,  
Тасығаны қалың қол;  
Еңбек, көмек, күш, кітап.



Трактор — так, трактор — так.  
Тепті поезд сырғанақ.  
Мәскеуден тартты бұл поезд,  
Беті — бері, біздің жақ.

### ЕЖЕЛГІ ДАЛА

Мөңгі қарға оранып,  
Тауы аспанға тілдескен.  
Асқары атқып, суы ағып,  
Бұлт асқарға мінгескен.  
Бурыл шағыл, бұйра құм  
Өмірге жел күрескен.  
Дәл осындай біз жақта  
Ежелден бір ел өскен.  
Өмірі бұлт, уақыты жел,  
Құралайша күн кешкен.  
Батыр билеп, бай жайлап,  
Ханы қанап қан ішкен.  
Ішінен дерт, сырттан өрт  
Жарлыны жеп жегі құрт,  
Жайлаған да түгескен.

### ЖАУ ЖОРЫҚ

Бұл даланың бұрынғы  
Бұлдыр өткен күні мол,  
Сонау өткен күндердің  
Біле білсең бірі сол;  
Бұл далаға ағылған  
Ескі Мәскеу, Петрбор,  
Ағылғанда неғылған:  
Қаптаттырған қалың сор.  
Қаптағанда неғылған:  
Таптап тұрған қанды қол.  
Шекпен жауып, шен тағып,  
Қан қақсатқан залым, зор.

Жұртқа кұрған улы тор,  
Соныменен не керек,  
Дала өлік, ел киік,  
Артында жау, алдында ор.

### САЯТ

Онда аттанған жау еді  
Дөметіп қыр аңынан,  
Сарыарқада саятка  
Сары ала иық жабылған.  
Болыс — бүркіт, тілмаш — ит,  
Сонарлаған қуып аң.  
Еділ, Іле екі өзен,  
Екі ортасын жуып қан;  
Азып-тозып еңіреп,  
Дала қанға шомылған.  
Төреге тарту — бұқара,  
Дала меніреу зарынан.  
Еркін қорқау ен қойға  
Отаршыдан, обырдан  
Ел жылап, мөз ақсүйек;  
Талай қорған, талай шеп  
Ел қанынан соғылған.

### ОКТЯБРЬ ОДАҒЫ

Сол дала есті жиғанға  
Ерік алып үһлеп,  
Аттай он жыл боп қапты,  
Сорған жылан түсті деп,  
Қуанғанға болып шат.  
Жарылғанға шер жүрек,  
«Жаман тондар» үстем боп,  
Бастан қырсық көшті деп.  
Бай, жуанның, патшаның  
Үкімі, үні өшті деп.

Қорғаным деп құтқарған,  
Сауыс саусақ, күс білек.  
Қолын соның алғанда  
Таяқ, орақ балға да,  
Ұштасқанға үш тілек!

## ҚИМЫЛ

Мәскеуден шыққан сол поезд  
Қиқулап қырда шапқандай;  
Зіркілдеген дөңгелек  
Жерге қазық қаққандай;  
Ұйқылы-ояу Алатау  
Құлағы елең қаққандай;  
Қазақстан өзені  
Өзге арнамен аққандай;  
Қазақстан тастары  
Өрге құлап жатқандай;  
Қауырт атқа мінгендей,  
Қалмаған жан аттанбай;  
Еңіреген ел ол күнде,  
Масайрасып бұл күнде  
Күшті күйді тартқандай.

## КЕЛГЕН КІМ?

Ежелгі ыза-кек кернеп,  
Тау суындай тасқандар;  
Ақ патшаны аударып,  
Алпауытты басқандар;  
Бай, бұржойды бөріктіріп,  
Жауымызды шанышқандар.  
Қарумен, қанмен, қайратпен,  
Сорлығы жол ашқандар;  
Октябрьді ұрандап,  
Жер жүзіне шашқандар;  
Мынау поезд, келгендер,

Сол басшылар, сол ерлер,  
Бүгінгі бас қосқандар.

### ШЕФ МӘСКЕУ

Қанқор Мәскеу марқұм боп,  
Көп болды өліп қалғанға.  
Қамқор Мәскеу бұл күнде  
Жалғыз жұлдыз жалғанға.  
Маяк Мәскеу, күн Мәскеу  
Зарыққанға, талғанға.  
Азаттыққа алысқан,  
Әлем табы арманға  
Жетуіне жол — Мәскеу.  
Штаб Мәскеу майданда,  
Қол ұстасқан бірлескен.  
Басшы — Мәскеу, шеф — Мәскеу;  
Біздей кейін қалғанға.

### БІЗДІҢ ОРДА

Тағдыры боз, тас, жусан,  
Тарығып қырда өскен кім?  
Тағдырдың тар бұғауын  
Білеміз кім шешкенін. —  
Есінді жи, ел бол! — деп  
Аштың есік, Мәскеуім.  
Даладан, таудан, алыстан  
Саған қарай көшкен кім?  
Біліміңнің бұлағын  
Мейірі қанып ішкен кім?  
Октябрьдің ордасы,  
Сенде қайнап өскен кім?  
Сол сорлы елдің баласы —  
Мыңдаған жас әскерім,  
Ендеше ордам, одағым,  
Қамқорым, менің Мәскеуім!

## ҚОШ КЕЛДІҢ

Ежелгі ескі далада,  
Ебелектей көшкен кім?  
Қонысы — сай, көші — жел,  
Көгермей қурап өшкен кім?  
Ел сүйегін сондағы  
Сұр жыландай тескен кім?  
Сол жыланнан құтқарып,  
«Мен бауырың!» — дескен кім?  
Қолдан құлдық кісенін  
Кескен кім де, шешкен кім?  
Сендер, сендер, жолдастар,  
Оны салсын естен кім?  
Ендеше шебім Мәскеуім,  
— Қарсы аламыз!  
— Қош келдің!

## КӨМЕГІҢ

Сахарада жатқан ел,  
Деуге келдің — қоссын бас!  
Жер астында жатқан кен,  
Деуге келдің қойныңды аш!  
Жаңа жолым Түркісіб,  
Жаңа даланы, сал құлаш!  
Жаңа аулым — коллектив,  
Өнерлі бол, егін шаш!  
Кулақты құрт, байды жой,  
Деуге келдің бауырлас.  
Айдалада андай ел,  
Деуге келдің қоссын бас!  
Ен далада жатқан кен,  
Деуге келдің қойныңды аш!  
Қазақстан — еліңе, —  
Социалдық өмірге  
Деуге келдің жылдам бас!

Қарсы аламыз, кош келдің,  
Кел, көсемім, Мәскеуім,  
Көмегіңе біз мұқтаж!..

*1930 жыл.*

## АЛТЫН ҚАЗАН

Төгілген алтын Алтай сілемінде,  
Ертістің көкті қапқан иегінде  
Жез бесік, алтын құндақ Риддер жатыр,  
Сақтаған бар асылын жүрегінде.

Тау сұлу Алтайдағы батсайыдай,  
Қар орап әсемдеген ақ шайыдай.  
Саңқылдап Алатаудан аққан бұлақ  
Боз малта, тасты төккен ақ сабындай.

Аскардан Үлбе өзені акырған су,  
Алтайдың мұзын, қарын сапырған су.  
Ақ жалын лапылдаған асқан қуат —  
Тау-тасқа электрден шашқан шашу.

Әне аспан, әне ала тау, қар менен мұз,  
Өзен мен шулап жатыр шың менен құз.  
Ағын су нажағайдың отын шашып,  
Электр жарқыратқан жерден жұлдыз.

Егерде Үлбені өрлеп шыға келсең,  
Айнала асқарларға көз жіберсең,  
Кенге бай кең Алтайға тояр көзің,  
Кең алқап — әлде қазан, әлде керсен.

Ашқандай аспан көкке асқар қойның,  
Қазандай асқар қойны алқап, ойдым.  
Сол ойдың ортасында отын төбе  
Орнықты ордасындай ұлы тойдың.

Сол төбе әсем сұлу бұл маңдағы,  
Қызылдай үйіп қойған қырмандағы.  
Үйіліп қалды ма екен дегізгендей  
Асқарда алтын қайнап тұнғандағы.

Міне, осы асыл Риддер — алтын қазан,  
Қорғасын құйып, мұнда алтын қазған.  
Іргелеп сол төбені заводтар тұр,  
Айқайлап ала тауға тартып азан.

Сақырлап машиналар тасығандай,  
Үгіп тұр тасты, кенді насыбайдай.  
Тетіктеп бір жұмыскер жүргізіп тұр,  
Өзінің бір жақсы атын қасығандай.

Мырышты алып жатыр илеп нандай,  
Қорғасын шыжғырылып еріп майдай.  
Арылып арамынан алтын жатыр,  
Кілегей сүтке қаймақ ұйығандай.

Қош айтып жарық дүние ала тауға,  
Шахтыға түспек болдым шыңырауға.  
Кигенім шахтер шекпен, алғаным шам,  
Түскенім төмен мініп — шелек қауға.

Қозғалсам, не ойласам, әлде нетсем,  
Біржола кеткендеймін қыбыр етсем.  
Құлдырап шыңырауға түскен тастай  
Жөнелдім жер астына жеті жексен.

Кім көрген жердің астын бұдан бұрын,  
Індікеш, тарам-тарам, бұлың-бұлың.  
Тамшылап, су сорғалап, батпақ ағып,  
Үстің тас, алдың үңгір, астың жылым.

Ерлер көп бұл арада істеп жатқан,  
Жол шапқан, қазық қаққан, шамын жаққан.  
Ақтарып асыл кенді бұзып алып,  
Токтаусыз тиеп, сүйеп өрге тартқан.

Азулап алтын, жезді, цинктерді  
Кеміріп алмас қашау, киркі жеді.  
Арадай гүлге конған асыл бұрғы  
Бұлқынса Алтай асты дүркірейді.

Сықпалап жезіңізді ірімшіктей,  
Сокталап қорғасынды жіліншіктей  
Талқандап, елеп, екшеп алып жатыр,  
Тастамай бір асылын түйіршіктей.

Қайнаса міне осындай кен қайнасын,  
Ойнаса міне осындай қол ойнасын.  
Алтын, жез, қола, күміс, қорғасын,  
мырыш,  
Тапқандай табиғаттың бар қоймасын.

Еңбекке жең сыбанып, бас байлаған,  
Ер сонда жерді жонып, тас шайнаған.  
Қорытып қорғасыннан күрт қайнатып,  
Ешкі емес қазақ сонда тачка айдаған.

Тастамай тас желінін идірмеген,  
Бірлесіп бие сауған Риддер деген.  
Ел сонда, еңбек сонда, ерлер сонда  
Сонырқап жер астында шүйгіндеген.

Қолдарға асыл іздеп ішін ойған  
Сияқты асқар төсін төсеп қойған.  
Ала бер қазынаңды, қойманды ақтар,  
Жігіттер, «соғым шүйгін» тауды сойған!

Бауырым, көн иықты, тымақты інім,  
Риддердің қорғасыны сияқты інім!  
Қимылда, кеңіте бер кен құдықты,  
Беруге тілден басқаны ұяттымын.

Білім біл, машинанды өзің жүргіз,  
Басшы бол бауырына еңбек сүйгіз.  
Ауылда қара жаяу бозбала көп,  
Соларды машинаға бірге мінгіз.



Дабыста мына завод ақырғандай,  
Дүркірет қырды еңбекке шақырғандай.  
Талқанда тауды-тасты қаз, бауырым,  
Еңбектен ішкен суың татыр балдай.

Жасарсын кәрі Алтайың жаңарғандай,  
Нұр алсын ең далаңды ағарғандай.  
Ауылға артта жатқан нұр болындар,  
Жарқыра Риддердегі жаққан шамдай!

*1930 жыл.*

### ЕРТІСТЕН ХАТ

Журналыңның бетіне,  
Жұртым, жаздым сәлем хат.  
Жүзгенім Ертіс өзені,  
Мінгенім «Алтай» — пароход.

Төбем — аспан торғыннан,  
Маужыраған кең майдан.  
Астым ағыс толқыған,  
Сылдыр-сылдыр су ойран.

Жатыр жосып нұр төгіп,  
Ежелгі Ертіс енеміз.  
Ағын жазып, су сөгіп,  
Ертіс өрлеп келеміз.

Жар жағалап қиқулап,  
Пристаньды көреміз.  
Қалғандарға қол бұлғап,  
Кетсек белгі береміз.

Бай, сұлу жер Өскемен,  
Қатпар-қатпар қойнау тау.  
Алтын, күміс, қорғасын,  
Асыл қойма қойған тау.

Алтын ботқа кен Риддер  
Еңбекшілер сойған тау.  
Дария дүлей, Ертіс өр,  
Біздікі бір кой малтау.

Ақырын аяң қу қалқу,  
«Алтай» атан еріне.  
Иір-иір шыған су,  
Ертіс жатыр төгіле.

Күндіз бұлтсыз күн айық,  
Маңай нұрға көміле.  
Кеш бұлтсыз, ай жарық,  
Бетке салқын леп үре.

Малақайлы матрос,  
Кочегар, жүкші өзіміз.  
Орысынның аузында  
Өзіміздің сөзіміз.

Тарбағатай, Ертісті  
Өрлей, құлдай көріңіз.  
Жиырма бесті шырқайды  
Кәдімгі көккөзіңіз.

.....  
.....  
.....  
.....

.....  
.....  
.....  
.....

Қыстай кітап кемірген,  
Шәпкілі, шашты інішек.  
Аттаныпсың ауылға,  
Бұған болад сүйсінсек.

Бригада комсомол  
Қаптандаршы халыққа.  
Электрдей шырақ бол,  
Шығарындар жарыққа.

Мен де жүрмін жүк сүйреп,  
Ергісте еткен саяхат.  
Әйтсе де әсем табиғат,  
Көңілім жайбарақат.

Жұмыс бітсе ойдағы,  
Сонда жанға рахат.  
Жұртқа сәлем жаздым хат,  
Ергіс — «Алтай» пароход.

*1930 жыл.*

\* \* \*

Бәйшешекпен безенген  
Биік-биік белдер-ау!  
Қырдың гүлі — қыр қызы  
Дөң басына шықса кеш,  
Маужырап бойың тұра алмай  
Жатармысың сен тыныш?  
Сол беленді құлпыртып  
Құрметіне қонақтың  
Сақ-сақ неге күлмейсің,  
Тұрармысың тым-тырыс?  
Қызыл шапақ, сен дағы  
Шаш нұрынды, сәуле төк!  
Әңгүрттенбе, қой тентек,  
Ақырынырақ, жел тыныш!

*1930 жыл.*

## КҮН БОЛАМЫЗ

Туғанбыз күн нұрынан күн боламыз,  
Нұр шашып қараңғыны жарқ етіп.  
Ту ұстап, тұлпар мініп толғанамыз,  
Көк жерді көміп нұрға, қарық етіп.

Кар, мұзды жерді қысқан сел етеміз,  
Жаудырып көктен нөсер дүрілдетіп,  
Бұлтты айдап, тұман түріп желдетеміз,  
Есілте ескекті өңнің күйін шертіп.

Жадырар жанның бәрі нұр бөлеген,  
Маужырар жан-жануар, жер көсіліп.  
Жер қалмас жанармаған, түлемеген,  
Көгәлмен көріктерміз гүл өсіріп.

*1930 жыл.*

## ДОМБЫРА

От шалып, жалын жалап, қозғап қанын,  
Шыжғырса қуырдақ қып жанның жанын,  
Еріксіз қол қағылды екі ішекке,  
Назды мұң, сылқылдақ үн жалғап сарын.

Мойындап мұңаясын, бас иесің,  
Еріксіз тыңдағандай шердің зарын.  
Ызылдап жерден төмен сызып кетіп,  
Көресің жан-жағынан ән қанжарын.

*1930 жыл.*

Есалаң минут  
Жынды жүрек  
Жүгенсіз  
Осылай жүред.  
Ұсынар кімдер,  
Неге тіреп?  
Көрген адам  
Маған  
Күлед, күлед.  
Есерді кешер,  
Кез болса сол жан:  
Ащыны татқан,  
Алыстан жортқан  
Білед...

*1930 жыл.*

## ЕЛЕСКЕ

Қара бір көзін мөлдіреп,  
Қарама, жүректі өртейсің.  
Елесіңе ішім елжіреп,  
Жанымды улап дерттейсің.  
Асау жүрек құр тулап,  
Күзетеді, тосады.  
Көрінбейсің мені улап,  
Елесіңді елес құшады.  
Сүйемін сені өңімде,  
Құшамын тек түсімде.  
Мендей сүйген өмірде  
Болды ма екен кісіде?!  
Күдіктімін осыған,  
Жоқ, болған да жоқ шығар.  
Мен осыдан шошынам:  
Суретің елес боп шығар!..

*1930 жыл.*

## II-ҒА

Жаным сәуле,  
Болдым өуре,  
Мен тыныштық көрмедім,  
Өз дертіңмен,  
Сарғайдым мен,  
    Күр әуремен өлмедім,  
Сен жалғанның,  
Барша жанның  
    Жұлдызысың, нұрысың,  
Сені таппай,  
Таңым атпай,  
    Қараңғы өмір құрысың,  
Неге сезім,  
Неге көзін  
    Жандырады жүректі?  
Саған батып,  
«Заң» қиратып,  
    Білдіре алмай күн өтті.

*1930 жыл.*

## ТАҒЫ СОҒАН

Айнымай, қоспай дәл айтсам,  
Жалғанда, сәулем, сұлусың.  
Бет бітімді сұлу бар,  
Туылса сендей туылсын.  
Көкке біткен сұлу көп,  
Сұлуда күннің нұрысың.  
Жүрегім аяз, жаным мұз,  
Жақында, саған жылынсын.  
Жерден өнген сұлу көп,  
Сұлуда соның гүлісің.  
Дауа таппай жүр жаным,  
Иіскейін, дерт үзілсін,

Кенде біткен асылдан,  
Ақ алтынның буысын,  
Көлге біткен сұлу көп,  
Сұлуда көлдің қуысын.  
Көлінде көрін, жарқылда,  
Кетейін суға қу үшін,  
Таңға біткен таза көп,  
Тазаның ағын суысын,  
Күл, сарқыра, жарқыра,  
Көңіл кірі жуылсын.  
Көңіліме дерт, жаныма өрт,  
Болған сенің тұрысың.  
Арманым сен, дертім сен,  
Сермедім қол, жетер ме.  
Ұстар ма екен уысым.  
Құшақтап еркін тиіскен.  
Еріннен еркін сүйіскен.  
Бал ішер ме екен, у ішім...

*1930 жыл.*

## ТҮС

Білмеймін әлде дала, әлде сарай,  
Күз десем, тас көрмедім қарай, қарай.  
Жақпара, жарма жапқан зер шымылдық,  
Әсем саз, алтын накыш айнала орай.

Көк шулар, таста толқын ырғып ойнар,  
Фонтандар мөлдір тұнық ырғып қайнар.  
Балықша құлаш ұрып жүрген көп жан  
Шомылып, малтып, қарғып, сүңгіп бойлар.

Ішінде сол думанның мен де бірге,  
Шат-шадыман кірген екем өзге түрге.  
Қасымда кара маубас жолдасым бар,  
Білмеймін әлде күндіз, әлде түн бе?

Қара көз жауқазын ет, сауыскандай,  
Секіріп судан шықты бір ақ маңдай.  
Жоқ болды шымылдықтың қалқасына,  
Бір сурет болды, қалды айналғандай.

Қалғанын білем және көзім шалып,  
«Тұра тұр...» — дегенімді білем анық.  
Білемін оттай жанып, оқтай ағып,  
Шап етіп қалғанымды құшаққа алып.

Сақ етіп машинаның тетігіндей,  
Жауында жасынның жарқ етуіндей.  
Құшақта ырғатылып тұрды толқып,  
Ерінге ерні ілініп, беті ілінбей.

Жаттығын жатсам да ұйықтап сездім толық,  
Жүрегім қалған екен ойнап соғып.  
Нөмірдің төсегі екен, жалғыз екем,  
Жоғалтып... оймен іздеп жаттым жорып.

Жол бар ма? Кімге өмірде ұшар екен?  
Бұл кімнің осынша отты құшағы екен?  
Алған кім күндізгі есті, түнгі түсті,  
Бұл сезім мұнша неге қысады екен?

Бұл анық П-ға ұқсар ма екен?  
Тұзағым түсер ме екен, тұсар ма екен?  
Алынып сол сүйгеннен жылы жауап,  
Қытықсыз түстегідей құшар ма екем?

*1930 жыл.*

\* \* \*

Сұм жалғаннан,  
Жаннан, жардан  
Тандаған ем,  
Тапқан ем.



Жанға жанған,  
Жана талған  
    Бол деп қорған,  
    Айтқан ем.  
Соңғы, бұрын,  
Іште сырым,  
Еш жасырын  
    Калмаған.  
Көңілімді,  
Өмірімді,  
    Бар шынымды  
    Арнағам.  
Өргеп арды,  
Асау қанды,  
Албырт жанды,  
    Ноқталап,  
Бекер сөзбен,  
Мекер көзбен,  
    Мен бе іздеген  
    Ақ тамақ?  
Отты қанды,  
Бар иманды,  
    Жайдым жанды  
    Алдыңа.  
Сенсің дегем,  
Мен білмегем,  
    Неге іздегем,  
    Қаңғу ма?  
Ұшан-теңіз,  
Кез болып күз,  
    Жамылып мұз  
    Суыған.  
Үміт еткен,  
Күндей күткен.  
    Мен дәметкен  
    Жылы жан.  
Сағындым деп,  
Жалындым көп,  
Неғылдың? — деп

Үздігіп.  
Жан суыған,  
Жауабыннан,  
Азынаған,  
Бізғырық.  
Сендіре алмай,  
Жылай-жылай,  
Неше жылдай  
Жаздым хат.  
Шашылмай нұр,  
Ашылмай сыр,  
Көргенім бір  
Дипломат.  
Отты сезім,  
Өтті сөзім...  
Жан қайығын  
Жарға ұрдым.

*1930 жыл.*

\* \* \*

Апырым-ай, жан қысылды-ау,  
Өртке түстім, өртендім.  
Өзім деген өмірімнен  
Лезде суып жеркендім.  
Өкпеме бір оқ тиді-ау,  
Жығыла алмай теңселдім.  
Жығылармын сен жакқа,  
Менде өйткені қайрат жоқ,  
Құрбаның ғой мен сенің.

*1930 жыл.*

\* \* \*

Жүр ме екен сәуле көлендеп,  
Жайдары көңіл, жаны жай.  
Не болды деп, байғұс-ай,  
Ойлай ма екен көрем деп.

Онда да осы суық жел,  
Семейше соғып тұр ма екен?  
Онда да өмір сұр ма екен,  
Жан таппай дос кенелер.

Жанбыр жауып, жалынды өрт  
Әлде мәңгі өшті ме?  
«Барға қанағат» десті де,  
Бітті ме екен айтқан серт.

Әлде жүр ме ол құры,  
Таппай ма екен ләззат.  
Махаббат ісі — мұнажат,  
Жей ме екен жан сорлыны.

Әлде өзімен-өзі боп,  
Қайғысыз, менсіз, алаңсыз,  
Тиюсыз, жансыз, имансыз,  
Барға сабыр, мейлі тоқ?..

\* \* \*

Жаным, жылама,  
Жасынды бұлама,  
Ажалды, ажалсыз  
жерде,  
Қазасыз пенде  
Бола ма?

Білем, білем...  
Жүрегіннен,

Мейірімді сен  
Бір ана.

Бакытын бітпейді,  
Қызығың өтпейді.  
Жылама!  
Қош айт!  
Сен алманың ағашысын,  
Көгересің әлі,  
Қалсын қара жер, қалсын!  
Бер қолынды, көне!..

*1930 жыл.*

### **ЖЕТЕРМІЗ БЕ ТІЛЕККЕ**

Ақылдың аузын шарт байлап,  
Қосылуға серт ойлап,  
Бердік билік жүрекке.  
Алдымызда асқар тұр,  
Ауыр, ауыр тастар тұр,  
Тұрмыз өзір түнекте.  
Сол асқарды асқанша,  
Сол тастарды басқанша,  
Талай бейнет шегерміз.  
Бәлкім, тауда ұрынып,  
Бәлкім, тасқа сүрініп,  
Құрбандық боп өлерміз.  
Әлде жолды ашармыз,  
Әлде асқарды асармыз,  
Қосылармыз армансыз.  
Бізге бақыт кез болып,  
Иесі оның біз болып,  
Қосылармыз алаңсыз...  
Әңгіме боп ермекке,  
Дос азайып көмбекке,  
Жау көбейер ұрмаққа.

Шулатармыз талайды,  
Істің алды қараңғы,  
Ойлар ауыр кей уақта.  
Қадір қалмай тырнақтай,  
Қырық кісі бір жактай,  
Қыңыр кісі біз болып,  
Айналаның қылығы,  
Бізге қоғам билігі,  
Жарамызға тұз болып,  
Аяғандар «байғұстап»,  
Жылағандар қарғыстап,  
Жұмыртқа боп шіріген.  
Жанның бәрі таң қалып,  
Жау өшігіп, қамданып,  
Айрылғандай үйіріннен.  
Сүйеу қылып көңіліме,  
Сүйдім сені өміріме,  
Саған қояр сұрауым,  
Сен де «сүйдім» дедің бе?  
Жүрегімді идірген,  
Ғашығымсың күйдірген.  
Мен разы өмірге,  
Сүйген үшін сүйдірген.

## ЖАНДЫ АСЫРАУ

Жаңармау деген ауру,  
Жаңалау жанның тілегі.  
Соңырқау қанның жүрегі,  
Жапырақсыз ағаш қу емен.  
Айбар қылып «арам» мен,  
«Адал» менен алдалау,  
Азаттық емес, жан қамау,  
Адамдыққа несі тең.  
Біреуді біреу сүю бар,  
Ол — от, ол — күн, ол — көңіл.  
Батар, кетер, өзгерер,  
Сүюде, жану, сөну бар.  
Біреуге біреу тию бар,

Ол — мөр, дағды, ол — өмір.  
Қоңыр өмір, құм көңіл,  
    Үйрену бар, көну бар.  
Төрт аяқтан екі аяқ  
Ажырайды несімен?  
Махаббат пен ісімен  
Айуан, адам — екеуі  
    Бір туысқан ағайын,  
    Адамда өткір көңіл бар,  
    Айуанда сезім тым доғал,  
    Талабы жоқ — «тандайын!»  
Махаббат жалын, жан оты,  
Сөнді, болса жоқ күтім,  
Онсыз өмір көк түтін,  
Жандыруға жаңа отын!

*1930 жыл.*

### ӨМІР БЕКЕР ӨТІПТІ

Өмірдің өрін өрмелеп,  
Көңілдің өрін көрмеп ек.  
    Өткелінде кешіп ек.  
Қайығында қалтылдап,  
Теңізінде тербеліп,  
    Дауылында көшіп ек.  
Орта белде кездесіп.  
Бір көңіл, бір жан! — десіп,  
    Жүрек шерін шешіп ек.  
Сүйісіп шын жүрекпен,  
Өмірден бұл тілекпен  
    Өтерміз-ақ десіп ек.  
Сол сөзбенен келеміз,  
Сол сөзбенен өлеміз,  
    Сөгер бізді «несі?» деп.  
Не дегені — не керек?  
Саған жүдеп жүр жүрек,  
    Көзім қарай тесілед.  
Өмір менен көңілде  
Біреу тоңып секіред,

Біреу бес күн есіред,  
Мұның бірі бізде жоқ,  
Бұлардікі, қай қылық?  
Дегендікі кесір ед.  
Көп толғадық біз сырды,  
Көп сынадық өмірді,  
Өмірде әлденеше рет...  
Жылдамырақ сүйіс деп,  
Барады сүю тым күштеп,  
Тұр ғой бақыт елестеп...  
Шын осылай шешілед!  
Өзің жоқта жан ауру,  
Қаным құйын, ой лай,  
Маужыраймын есінеп.  
Жалғыз арман көңілімде!  
Өртеген от өмірде —  
Кешірек, жаным, кешірек!

*1930 жыл.*

## ОРМАН

Махаббат гүлі ерекше,  
Ерте неге көктеп ең?  
Өртедің-ау бөлекше,  
Махаббат гүлі ерекше,  
Құлады қиял терекше,  
Мен құлағам, жетпегем.  
Махаббат гүлі ерекше,  
Ерте неге көктеп ең.

\* \* \*

Бүгін жайна, жаңғыр жан,  
Бүгін қайна, тула қан,  
Сар даланы нұр алды,  
Бүгін сайра, тіл, қуан!  
Жүрек ойна, күн нұрлан!

Қырға қызыл атты таң,  
Тарихи ұлы шабуыл,  
Алда айқын даңғыл жол,  
Текпінді екпін, көшті ұран,  
Еңбек алды даланы.  
Еңбексіздер ыныранды,  
Ұлы думан, ұлы шаң.  
Қалсын көне кім бұдан!  
Қуан, жүрек, шын қуан!

*1930 жыл.*

### АҚЫН МЕН МАҚЫМ

Мақым деген бақсы болды,  
Тамыршы, құмалақшы болды.  
Ақ тоқымды жаяр еді,  
Бір ысқырып қояр еді.  
Қырық бірді шашар еді,  
Бір сарынға басар еді.  
Бұлдыр тұман бірдемені  
Отырар еді тантып тегі.  
Өзі тіпті күлмеуші еді:

Күнк,  
Күнк,  
Мынк,  
Мынк.

Үндеуші еді.  
Әлдекіммен сөйлескендей,  
Оттың басын үрлеуші еді.

Ап!  
Сап!  
Қара пышақ!  
Ай құлақ!  
Бақ!  
Бақ!  
Бақ!  
Бақ!  
Бақ!



Оқыранып,  
Мекіреніп,  
Кейде жаман екіленіп,  
Мұның тілін, жын болмаса,  
Тірі пенде білмеуші еді.  
Біздің маубас акын болды,  
Акын болса,  
Мақым болды.  
Сөз дегенің қырық құмалак,  
Ақ қағаз — ақ тоқым болды.  
Аунап тапты, күлден тапты,  
Әйтеуір бір түрлер тапты.  
Қырық жіліктеп бөлшектейді.  
Ұстатпайды, өлшетпейді.  
Жырқылдатып,  
Тырқылдатып,  
Ынқылдатып,  
Қырқылдатып,  
Бұтып,  
Шатып...


Сөз сорлыны қуалайды.  
Сөз сайысып тұра алмайды.  
Оны қуып оқыған жан,  
Сүрінеді, тұралайды.  
Өлең деген быт-шыт болды.  
Күй, көркемдік ұмыт болды.  
Ішек-қарны ақтарылды,  
Быт-шыт болды.  
Быт-шыт болды.  
Өлең деген бұл ақынша.  
Бақ! Бақ! Болды.  
Қық! Қық! Болды.  
Так! Так! Болды.  
Пық! Пық болды.  
Таптық, міне, осы жолды.

*1930 жыл.*

Өлеңдер



(1931-1937)



## ОКТЯБРЬ ЕКПШІ

(Ленин поезы)

Тарихтың жүрдек арбасы  
Ұшады даңғыл жолменен;  
Трактор,

балға,

пулемет

Қарулы қалың қолменен.

Паровозшы — партия

Алысып

«Оң» мен,

«Сол» менен.

Айнала жау,

Жол қиын

Тарихтың алды өргелең!

Октябрьден жөн тартып

Жол жүргелі жыл қанша?

— Он төрт!

Он төрт!

Он төрт жыл!

Он төрт!

Он төрт станса!

Жол қиын,

Жау жан-жақта

Ысқырады жыланша.

Поезд саулап келеді,

Ашып көзді жұмғанша.

Басылады,

Қалады

Алдындағы өр, белең.  
Жаншылады,  
Калады  
Жолындағы көлденең.  
Екпіні жел соққандай,  
Ебелектер — ербелен  
Етеді де қалады.  
«Оң» деген мен  
«Сол» деген.  
— Он төрт!

Майдан жылдары  
Барады калып кейінде.  
Шірік,  
Осал,  
Су жүрек  
Шыдамай екпін желіне,  
Қалтырайды қырық аяқ  
Келгенде бұлтақ өріне.  
— Ойбай, өлдік!

Ақырын!  
— Сақта, Құдай!  
Я, пірім!  
Көзіне көр көріне.

Қыңсылайды әр жақтан  
Мазаны алып шегіне,  
Октябрьдің екпіні  
Омырауласа өріне,  
Таяқ тығып,  
Тас тастап,  
Дейтіндер бар:  
«Сені ме!»

— Айда!  
Айда!  
Қорқақтар  
Жетті құлар жеріне.  
Қалтырайды қорқақтар;  
— Тыныштық жоқ!  
Күй қайда?

Жылайды бай,  
кулақтар:

— «Кұлатады қай сайға?!»

Кұла!

Кұла!

Кұрығандар!

Жыла!

Жыла!

Кұдайға!

Паровозшы — партия

Екпіндет!

Сал айғайға!

Мотор мінген қалың қол

Көтермеле,

Күш сайла!

Балғаны

Ал, баса сок!

Тракторды

Ал, майла!

Қаламды,

Ерлер, ал қайра!

Мылтықты

Ерлер, абайла!

Зырқырат!

Заулат!

Отарба!

Ілгері қарай

Айда! Айда!

Лениннің жүрдек поезы

Ұшады даңғыл жолменен.

Трактор,

Балға,

Пулемет

Қарулы қалың қолменен,

Паровозшы — партия

Алысып

«Оң» мен

«Сол» менен;

Айнала — жау,

Жол — қиын.

Тарихтың алды өргелең,

Ленин туын тік ұстап  
Дөңгелен!  
Тарих,  
Дөңгелен!

*1931 жыл, қараша.*

### «ЕҢБЕКШІ ҚАЗАҚ»

«Еңбекші қазақ» он жасар  
Октябрьдің ұлысың.  
Октябрьдің әскері,  
Партияның тілісін.

Тіл дегеннің мәнісі —  
Большевиктер бастаған,  
Күрескен көптің үнісін.  
Кешегі отар орнына  
Құрылған Қазақстанмен  
Бірге сенің туысын.  
Ұдайынан он жылдай,  
Сол жаңа елді жасауға  
Күрескен ердің бірісін.  
— Кеңестен ауыл!  
— Байға шап!  
— Кәмпеске!  
— Жер бөлінсін!  
Деген ұранды аттандап,  
Қыздырған сен қыр ішін.  
Шанышқан сен, білеміз,  
Жіктің піш-піш сыбысын.  
— Ал колхоздас! Өнерлен!  
— Байдың тобы құрысын!  
— Тозық тұрмыс жоғалсын!  
— Ескі ауылдың орнына  
Жаңа өмірлер құрылсын!  
Бүгінгі айғай осы ұран  
Айнымай сал осыдан —  
Бағалы сенің бұл ісін.

Ардақты жаңа тарихтың  
Аяулы бір жеріне  
Жазылады сенің жұмысың.  
Еңбекшінің көзісін,  
Партияның қаруы,  
Қараңғы елдің нұрысың!  
Мыңдаған тілшің әскерің,  
Қаламың қару құрышың.  
Өркенің — қырық мың оқушың,  
Жазушың қызыл қылышың,  
— Майданда!  
— Сілте!  
— Айғайла!  
— Тартыс Ленин туы үшін!  
— Ұрандат!  
— Баста!  
— Орында  
Партияның ұлы ісін!  
Өйткені сенің міндетің.  
Октябрьдің ұлысың!

Тойлап бүгін елің шат  
Сол ұлының туысын.  
Еңбекші қазақ бүгінде  
— «Еңбекші қазақ» ұлым деп,  
Ардақтап ұстап сүйеді,  
Күреске туған тұңғышың!

*1931 жыл.*

## «ЖАҢА ТҰРМЫС»

### ТАМА ЕДІК, МАЛ ЕДІК

Келдім міне ауылға,  
Ауыл жиын қоныпты.  
Қонғанының мәнісі  
Ауыл колхоз болыпты.  
Колхозының есімін  
«Жаңа тұрмыс» қойыпты.

Жұлдыз-жұлдыз қараша үй  
Шиі қияқтан тоқыған,  
Ауыл ада болыпты  
Намаз бенен сопыдан.  
Ұқтырды шал мән-жайын  
Кетпен саптап отырған:

— Осы отырған ауылдар,  
Біз, шырағым, «Тама» едік.  
Қарақайдың бойында  
Бірталай ел бар едік.  
Жайғанымыз мал еді,  
Өзіміз де мал едік.

Мал дейтұғын мал бар ма?  
Кедей малға жарып па ед?  
Байларымыз «көнпіс» боп  
Малын біздер алып та ек.  
Былтыр колхоз болуға  
Қаулымызға салып та ек.

## ІРГЕ АУДАРДЫҚ

— Жаңа қонып жатырсыз,  
Қайда сіздің Қарақай?  
— Қарақайды қой, балам,  
Болды ғой ту-талақай.  
Мақта колхоз болуға  
Осы арадан жай алған.  
Осы отырған жүз он үй —  
Әр атаның баласы.  
Мұның бәрі бір колхоз,  
Ішінде жоқ аласы.  
Әр атасы құрыған,  
Бір колхоздың баласы.

Мынау жерге орнайды  
Бұл колхоздың қаласы.  
Мынау тасып жатқандар  
Сол қаланың ағашы.



Мынау арық, әне школ  
Екеуінің арасы.

Бақша болмақ, жай болмақ,  
Анау тіккен қазықтар.  
Одан арғы гектарлар  
Мақта егетін жазықтар.  
Қолда, балам, кетпен бар,  
«Нормалаған азық бар...»

Шал осыған келгенде  
Саптап болды кетпенін.  
Басқа шытын шорт байлап,  
Салды иыққа шекпенін,  
Салды иыққа кетпенін,  
— «Ал, балам, мен кеткенім».

## ТӘРТП

Шалмен бірге келгенде,  
Кұралыпты кетпендер.  
Қара қайыс, көн иық,  
Өңшең бейнет шеккендер.  
Шығып жатыр бір өңкей,  
Атын «әтмет» еткендер.  
«Әтмет» соғып тұрғаны  
Басындағы бригад.  
«Маған әтмет соқтың ба?» —  
Деп әлгі құдияд.  
«Мұнша неге кешіктің?  
Отағасы, бұл ұят...» —  
Деп еді, шал қызарды.  
Айтты сонау кетпенді:  
«Сап іздедім, саптадым,  
Соған уақыт кеткен-ді...» —  
Бұрын неге саптамай,  
Кімге айтасың өкпенді...

Әлгі шалды састырып  
Біраз қысты бригад.

Қасындағы жігіттер  
Әлгі шалға жымияд,  
Отағасы жеңілді,  
Кешіккені тірі ұят!

Шалдың өзі «шал» емес,  
Түскен кісі істерге.  
Аты менен түйесін,  
Қосқан кісі күштерге.  
Қолхоз болған ауылда  
Істемеген тістер ме?

Сондықтан шал қысылад.  
Шал ұйымда, шеңберде.  
Шал сондықтан қысылад  
Сәл кешігіп келгенге.  
Жаңа жұмыс кезінде  
«Кетпен саптап...» дегенге.

## ЖАРЫС

Жиылғандар жұмысқа,  
Екіден төрт бөлінді.  
Төрт топ былай шыққанда,  
Қырық кетпен көрінді.  
— Ал жүріндер, арыққа!  
Бөліп берем «жерінді!»  
Деді дағы бригад,  
Саржа салды арыққа.  
Кім көп жақсы істесе,  
Сол түседі нарыққа.  
Жазып тұрам жұмысты  
«Табель» менен «тарифқа».

Бөліп-бөліп алысты,  
— Ал түселік жарысқа!  
— Ал құлашта!  
— Ал таста!  
— Ал анадан қалыспа!  
Күн астында көп кетпен  
Жалт-жұлт етіп шағылыса.

Кешкі жұмыс тындым боп,  
Шықты кетпен арықтан.  
Екпінді істеп бәйге алды,  
Бұл жұмысқа нар шыққан.  
«Әтметкіге» ұрылды,  
Екінші боп шал шыққан.

## КОЛХОЗ ҚАТЫНДАРЫ

Колхоз ауыл қонған жер  
Көгеріпті пүліштей.  
Қараша үйдің жанында  
Жайылған дән күріштей.  
Ақтап отыр қатындар  
Керілдеспей, сүріспей.

Тазалауға тұқымды  
Жиылған жан-жақтағы.  
Тазаланған тұқымға  
Толтырылған қап-қабы.  
Бәсекемен, бәйгемен  
Екшеп отыр мақтаны.  
Осы отырған қатындар  
Бұрын кілем тоқыған.  
Бір колхоздың үйірі  
Осы топ-топ отырған,  
Мақтасының тұқымы  
Тазарады қоқымнан.

Салаң-салбыр кимешек,  
Сәлде күндік басында.  
Оқа, маржан, сүйек, тас  
Үйген мықтап бастыра.  
«Іс базарлы, жеңгейлер!» —  
Деймін келіп қасына.

Келген маған таңырқап,  
Сәл кідірді тоқталып.  
Екшеп жатқан тұқымын

Уыстап ем оқталып;  
Қара катын қайрақтай  
Жау желіндей соқты анық:

— «Неменеге анырып  
Қалдындар, әу, катындар,  
Алашаның ар жағын,  
Арманырақ тартындар.  
Тазарғанын солай төк,  
Былғанышын жақынға ал!..»

Қолдар тағы қойылды,  
Бұлар неткен бір ауыз?  
Жып-жып етіп саусақтар,  
Қалдырмайды бір қауыз.  
Мылжың, кесел ішінен  
Көрмедім бір ку ауыз...  
Я, осындай ұйымы,  
Бүйтсе жұмыс бітпес пе?  
Бір колхозға катын боп  
Іс бастаған ниеттеске...  
«Аулағырақ шет кісі!  
Іске мешайт етпеске!»  
Деуден бұрын өзіме,  
Дедім: «табан жалтырат!»  
Сен сықылды «өкілдер»  
Көбейсе, істен қалдырад,  
Кеткенімше болмады  
Келіп қалды бригад.

## ЕКПІНДІ ЖЕҢГЕЙЛЕР

Бригадпен сөйлестім,  
Бригадир Хадиша:  
— Қайдан колхоз боламыз.  
Қатын біткен шәниса.  
Бітпегенде несі бар,  
Осынша қол жабылса?

Бұл тазалап жатқаны  
Мақта дәні шиті ғой.  
Қоқыр-соқыр, шөп-шары  
Сол шитінің биті ғой.  
Мақта дәні осы ғой,  
Дән — диканның құты ғой.

Осыны ерте тапсырмай,  
Берді жаңа баскарма,  
Жер жыртумен қарбалас  
Істі бұлай бастар ма?  
Біздер түстік жарысқа  
Істеп-істеп тастарға.

Бол, жолдастар, жылдамдат,  
Қыздыралық жұмысты!  
Тракторлар аңызға  
Кеше келді кірісті.  
Кіріскен соң қоя ма,  
Дайындадық күрішті.

Жұмыстағы қатындар  
Жетпістен көп, сексен-ді.  
Кел, ей, Кұлтай екпінді!  
Жарыссаң, ал өкшенді  
Көтер көне! Сен дағы  
Жинаңқыра бөксеңді!

Бөлек-бөлек бригад,  
Өзді-өзінің қосы бар.  
Сіңбіруге мұрша жоқ.  
Деуге жай жоқ «тосып ал!»  
«Қатын жарыс» колхозда  
Екпінділер осылар.

### «БАЛА МАЙДАН»

Бала жоқ па дер біреу,  
Бала деген өріп жүр.

Балалардың шешесі  
Тегіс тұқым теріп жүр,  
Балалар да «бригад»  
Бақташыға еріп жүр.

Жұмыстағы анаға  
Өңгерілген бала жоқ.  
Бала бағып үйінде  
Отырған жан жөне жоқ.  
Балаларды қозыша  
Бақпауына шара жоқ.

Балаларды тапқан бар,  
Бірақ баққан ана жоқ.  
Бір ауылдағы ұл-қызға  
Бір-бір-ақ жан ана боп,  
Бала «колхоздасыпты»  
Өңшен «жаңа Тама» боп.

Жазғы ауылдың жері кең,  
Жазғы туған төл қызық.  
Жаңа отыққан қозыдай  
Жайып, айдап өргізіп.  
Алыс емес лөктір де,  
Тұрады екен көргізіп.  
Өгей емес, өз ана.  
Біріне емшек емізіп,  
Біріне нан жегізіп,  
Біріне «мәм-мәм» дегізіп.  
«Жаңа тұрмыс» бесігі  
Бала майдан бір қызық.

## ЖЕҢІЛГЕН ЖАЛҚАУ

— Ұрысалды, сен неге  
Есінейсін маужырап?  
Ұйқың шала болды ма,  
Жусанқырап, байырқап...  
Тиесінді бітіріп,  
Іш шайынды шаңырқап...

Ырысалды күнк етті,  
Қабағы сәл бұзылып:  
— Бұдан артық қайтпек ек?  
Белдеріміз үзіліп...  
Ойбай белім... бүйірім...  
Өлер болдық сүзіліп...

Кетті кеулеп самбырлап,  
Біреу түртіп қалды да,  
— Кой, абысын, толғатпа!  
— Кой, жеңеше, қалғыма!  
— Қалдың, келін, жарыстан!  
— Қара, әй, қатын, алдына!..  
— Осы жұмыс түк емес,  
Адамға тек құнттаған...  
Бөріміз де қатынбыз  
Байдың қойын құрттаған...  
Қора күзет, қой құрттау...  
Сөйтіп айран ұрттаған...

— Айтшы, тұқым тазалау  
Кой құрттаудан қиын ба?  
— Қиын түгіл түк емес  
Біз сықылды жиынға,  
— Масыл болу жарай ма  
Кіргеннен соң ұйымға...

Міне осындай кеу-кеуден  
Ырысалды жеңілді.  
Тек, тағы бір керілді,  
Тек, айтпады «білімді».  
Бір сыбанып білекті,  
Бір желдетті өңірді...

Болса мұндай ішінде,  
Алады екен қау-қауға.  
Тиеді екен түйдектеп  
Жатып ішер жалқауға.  
Жағдай қалмай барады  
Жалқаулық пен малтауға...

## БІЗ ЖҰМЫСШЫ! БІЗ КОЛХОЗ!

Осы колхоз аулымыз  
«Тама» дейтін рудан.  
Руласып, жауласып,  
Өмір өткен шулыған.  
Сол шулыған шакпағы,  
Бай билігі құрыған.

Ескі өмірі Таманың  
Жай түскендей бұзылған,  
Тама тозып, таптасып,  
Мақта колхоз құрылған.  
Колхоз қырда жаңа ауыл,  
Туған Ленин туынан.

Тек көбейсін осындай,  
Еңбекке бел буынған.  
— Біз жұмысшы!  
— Біз колхоз!  
Алсын қырды бұл ұран.  
Сол ұраннан серпілсін  
Жүректегі жылы қан!..

*1931 жыл.*

## ШОШҚА

*(Молда ыңқылдап ауырып жатады, шошқа шығады)*

*Шошқа:*

Ассалаумағалайкум, молда таксыр  
Ауырып қалыпсың-ау жолда, таксыр?  
Шайтаны дәретіннен күшті болса  
Дұға оқы, ісімі ағызым, тұмар жапсыр.

*Молда:*

Оғалайкуммұссалам, доңызым-ай,  
Сәлемшім сау-саламат болыңыз-ай,



Дәретке тұрмағалы үш күн болды,  
Ажалдың азабы көп, жолы ұзын-ай.

*Шошқа:*

Жатыр деп есіткен соң көр аузында,  
Қоштасып қалайын деп жол аузында,  
Кеп тұрмын көңіліңді сұрағалы,  
Достым ең салдырмаған ел аузына.

*Молда:*

Е, шошқам, Алла жазса көрем білем,  
Алланың аманатын берем білем,  
Таянып заманақыр келе жатыр,  
Жазылмай аурудан өлем білем...

*Шошқа:*

Өлсең өл, керегің жоқ енді сенің,  
Өлгенше жұртты сорып, елді жедің.  
Жамандап осы құрлы өле-өлгенше  
Батшағар, мен осынша неңді жедім?

*Молда:*

Бірадар, менен арман жүрсең деймін,  
Күніңді пиғылыңнан көрсен деймін,  
Ешкімге рауаят айтар хал жоқ,  
Жөніме енді тыныш өлсем деймін.

*Шошқа:*

Мен едім жазығым жоқ момын айуан,  
«Арам» деп мені сендер жұртқа жайған.  
Жазықсыз ет, сүтімді арам етіп,  
Айт кәне, күнім бар ма тышқан сойған?

*Молда:*

Құранда сені харам дейтіні рас,  
Басканың мұсылманнан жейтіні рас...

*Шошқа:*

Неліктен құран мені арам деген?  
Деп тұрмын осы арамның себебін аш!

*Молда:*

Бү жерін айтқан білем пайғамбарым,  
Жарқыным, аулақ кетші, нашар халім.

*Шошқа:*

Беріп кет теңдігімді о дүниеге,  
Нан соғар, мені осынша жамандадың.

*Молда:*

Дейтіні сені нәжіс шөп жемейсің.

*Шошқа:*

Қайта айтшы? Мына сөзді сен не дейсің?  
Мен қалай былғаныштан сау болайын.  
Қадірлеп өзге малдай жемдемейсің...

*Молда:*

Апырым-ай, неткен жансың ұрып кеткен,  
Болдың-ау «жау жағадан, бөрі етектен».  
«Шошқа арам, түгіменен түгел арам»  
Дегенді шариғатта сызып кеткен.

*Шошқа:*

А, зәлім, мені осылай ет деп пе едім?  
Тегінде теңдік алмай кетпек пе едім?  
Аятпен арамдайтын қан ішкем жоқ,  
Ит пенен молдадай мен ет жеп пе едім!

*Молда:*

Семізің, семізіңнен борсылдаған,  
Даусың және жаман қорсылдаған.

*Шошқа:*

Молда да мендей семіз болмай ма екен?  
Даусым ба шариғатқа бойсұнбаған?

*Молда:*

Бірадар, халім нашар, мазамды алма,  
Маған да кешіктірме ажалды Алла.

*Шошқа:*

Жоқ, молда, айтарыңды айтып аттан,  
Мен қалай түсер екем қазандарға?

*Молда:*

Бірадар, халім ауыр, тыншымды алма,  
Маза бер құлағыма, қорсылдама.

*(Агроном шығады)*

*Агроном:*

Жүр бері, шариғатын шайнап жесін,  
Молдамен есті шошқа былшылдар ма?

*Шошқа:*

Жә, жолдас, күйемін-ау бұ сықылды  
Құрғылар рауаяттар біз тұқымды.  
Арам деп еңбекшіге жек көргізіп,  
Жойған ғой граждандық құқығымды.

*Агроном:*

Қой, шошқа, өткен іске ызаланба,  
Қара боп өткен күнге назаланба.  
Жастанып құрандарын өлсін молда...  
Бар, жылдам, колхозға кір тазалан да.

*Шошқа:*

Сонда да қоя берші бір түртейін,  
Бір түртіп бүйірінен өкіртейін,  
Құрғырды Құдайынан бұрын алып,  
Ертерек қыл көпірден секіртейін.  
*(Молдаға тап береді. Молда атып тұрып  
қалтырап.)*

*Молда:*

Лайлаһа, иллала, Алла, Алла, Алла...

*Шошқа:*

Кәне, айтшы, арам деген о қай молда?

*Молда:*

Мен өзім... патуасын көргенім жоқ,  
Солай деп айтушы еді Торғай молда.  
(*Молданы шошқа тұртіп, шегіндіріп  
шығарып жібереді.*)

*Шошқа:*

Молда еді маған жала жабыстырған,  
Арам деп әлденемен салыстырған.

*Агроном:*

Оны қой, сенен жақсы жануар жоқ,  
Мен сені елге-жұртқа таныстырам.

*Шошқа:*

Агроном, бәрекелді, сөйтші мені,  
Танысын мені анықтап колхоз елі.  
Молда мен мұсылманның өсегінен  
Менсінбей сүйкімсіз боп өлдім тегі.

*Агроном:*

Колхозшы! Бер кел бері, мұны таны.

*Колхозшы:*

Таныс қой, айтасыз ба, сіз мынаны?  
Білемін жануарды баяғыдан.  
Молданың, мұсылманның арам малы.

*Агроном:*

Молданың ол айтқаны қараң болды.

*Шошқа:*

Тек ақымақ қылған олар надандарды.  
Қазіргі социалистік дәуірімізде,  
Деп тұрмын — «колхоздың мен адал малы!»

*Агроном:*

Ал, малдан бұ байғұсты, сөзді созба,  
Балалат, калбасалат, сал ауызға.

*Колхозшы:*

Малдандым, бағам-қағам, балалатам.  
Байғұсым, алдыма түс, тарт колхозға!  
(Шошқаны айдап шығып кетеді.)

## ЖҰМЫСҚА

### БАРЫС ҚАЙ ЖАҚ?

Ауылдан шыққан алтауымыз,  
Аяндай басып келеміз.  
Кейде атандай адымдап,  
Аттай кейде желеміз.  
Жол —  
    Көрмеген жаңа жол.  
Жаңадан жаңа көреміз.

Жаздың күні жарқырап,  
Жыбырлады құмырсқа.  
Сол құмырсқа сықылды  
Жатқандар ек бұрышта,  
Болмасқа енді құмырсқа,  
Шыққандар ек жұмысқа...

## ТҮЙЕКЕШ

Ауыл қайда, алыста,  
Бірқатар күн шыққалы.  
Сексеуілді Балқашта,  
Теріскенді Мықтағы.  
Селеу, қамыс, ши, шеңгел,  
Онда қоян бұққаны.  
Сол қояндай күнелтіп,  
Сол құмда мал сауушы ек;  
Жүн, теріге нан іздеп,  
Ақшом болып алушы ек;  
Қыста сорпа, жазда айран  
Табылса жан бағушы ек.

Сол тірлікте жан күйттеп,  
Тозғындаған кедей ек.  
Мал жоқ, дән жоқ, лаж жоқ...  
Бай екене келмей ме ек,  
«Көлік сізден, күш бізден,  
Марқабат қыл!» — демей ме ек?

## КҮШ БІЗДІКІ, ТІС СІЗДІКІ

Ыныранып ол онда,  
Жаутаң-жаутаң еткізе;  
Осы қылған қайырының  
Толғағын тым жеткізе;  
Кейде кекеп, кейде атып,  
Сүйектен сөз өткізе;

Беруші еді түйесін,  
Біздер тапқан табыстың  
Үштен бірі біздікі,  
Біз сияқты байғұстың  
Онда күйі осы еді  
Біз өткізген жаз, қыстың.

Біз кембағал, жарымжан,  
Батып еңбек жанға да,  
Отырушы ек біз аштан,  
Бай астығы қамбада.  
Құмырсакадай дән тасып,  
Жегізуші ек қарғаға.

## КІМ БІЗ

Өзен қайнап су тиді,  
Теріскен, ши, қау бозға.  
Сонау түйе «иесі»  
Түскен күнде тоз-тозға,  
Түйекештер топтасып  
Қалдық кіріп колхозға.

Сол колхозға біздерден  
Бірқатар жан кұралды,  
Қанша кісі? Қанша мал?  
Қат-шот қылдық бұларды.  
Көлік мұнша, күш мұнша...  
Оған жоспар шығарды...

## КОЛХОЗ ҚАЗАНЫ ҮШІН

Санай-санай келгенде,  
Сайдауыттай алты жан  
Артылдық біз жұмыстан,  
Отырмасын артылған  
Десті колхоз қаулы қып,  
«Кетсін колхоз атынан».

Қалтамызға нан салып,  
Қолға берді жолдама.  
Жолдаманы алған соң  
Міндік қос-қос жорғаға,  
Жорға — біздің екі аяқ,  
Біздің байлық қол ғана.

## ЖӨН ОСЫЛАЙ

Жолдамада айтқаны:  
Жалданады заводка.  
Қазір қалың құрылыс,  
Қазір халық қауыртта.  
«Орналассын тезірек,  
Жандарын бос ауыртпа», —  
Деп партия жоғарғы,  
Дерективте деп еді.  
Жаңа жолға, заводка,  
«Керек депті», — дер еді.  
Барса солар жұмысқа,  
«Енед депті», — деп еді.

Бізге бұл сөз зор қуат,  
Біз бұл сөзге сенеміз.

Езген ескі өмірді,  
Біріккен соң женеміз.  
Ауылдан шыққан алтаумыз,  
Аяндай басып келеміз.

### ЕҢБЕККЕ

Қыздырғандай біздерді  
Сонау поезд қылтылдап.  
Шақырғандай біздерді  
Сонау моржа бұрқырап.  
Қайнағандай бізбенен  
Сонау совхоз бұркылдап.

Шықса қыза жазғы күн,  
Жыбырлайды құмырсқа.  
Сол құмырсқа өмірі де  
Қол сілтеп тұр тұрмысқа.  
Біз заводқа, еңбекке  
Шыққандармыз жұмысқа.

*1931 жыл.*

### ЭКСКАВАТОР

Тастың талқаны ұшты,  
Таудың талқаны шықты.  
Міне біреу неткен мықты!

Өйткені:  
Темір бура жеккені.  
Аузы жерді қапса,  
Азуы жерді шапса,  
Тасты тұздай кемірсе,  
Тауды мұздай жемірсе,  
Ырғалса,  
Сықыр, сықыр, сықыр...  
Қозғалса,  
Шықыр, шықыр, шықыр,



Опырса,  
Күтір, күтір, күтір...  
Шайнаса,  
Қытыр, қытыр, қытыр...  
Күйсесе,  
Күрс, күрс, күрс...

Жолдас-ау,  
Бұ неткен күш?  
Бұл асыл құрыш.  
Алып күш...  
— Тауды таусап  
Батыр, батыр, батыр;  
Тасты асап  
Қатыр, қатыр, қатыр,  
Мұның аты?  
— Эскаватор...  
    Істеп жатыр,  
Бес жылдыққа  
Күштеп жатыр.

*1931 жыл.*

## ЭЛЕВАТОР

*Бала:*

Кеудесі кең,  
Жегені жем,  
Батырын.  
Бойы зәулім,  
Аты кім?

*Аға:*

Элеватор  
Мұның аты..  
Кең камба,  
Бұл бір алып.  
Социалдық  
Дән казына.

Кұйып астық,  
Толтырып лық  
Сақтайды.  
Жауын жаумай,  
Тышқан, торғай  
Шақпайды.

*Бала:*

Ұқтым, аға.  
Ата мұра  
Көрдей ұра  
Бітсін, ура!

Біржола...  
Елеп жатыр...  
Біздің қазына.  
Элеватор —  
Біздің камба,  
Жүр, аға.

*1931 жыл.*

## ТРАКТОРШЫҒА

Бағанадай балтырлы інім,  
Трактордай сүйекті ұл.  
Жазғы күндей жарқын күнім,  
Еңбек ері, жүректі ұл.

Жаяу-жалпы жүрген бауыр,  
Бүгін мінді машина.  
Сендерменен жаңарды ауыл,  
Қуанбалық несіне.

Машина күш майлап, сайлап,  
Салдың, жерді аударды.  
Қыздырды ерлер, қырда айғайлап,  
Большевиктік майданды.

Кең даланы кестің, піштің,  
Түсті қырға үлкен күш.  
Дала өзгерді, дала көшті,  
Дала ұлы төңкеріс.

Сендер біздің өнер қуған,  
Тракторда... ұлы істе.  
Сендер біздің жана туған,  
Социалдық өрісте.

Қыздыр, қыздыр! Ал қимылда!  
Теп темірді! Текпінде!  
Аудар қырды! Шыңда, шыңда!  
Тік даланы! Гектірле!

Бұз даланы күшіңменен,  
Болсын талқан ескі аңыз.  
Трактордың тісіменен  
Құрсын қоңыз — бай жауыз.

Жаңғырт жерді машинаңмен,  
Жаңарт елді, жампозым;  
Жерге сонау сен төңкерген  
Сепсін тұқым колхозың.

Түйе мінген талпақ мұрын,  
Міндің бүгін машина,  
Текпінді, інім,  
Екпінді, інім!  
Жер шыдамас күшіне!

*1931 жыл.*

## ТАНЫҢДАР

Қара, бүгін далаға,  
Қара бүгін жер қандай?  
Кешегі күн тулақ па?  
Жерлеріңді танындар.

Қара, бүгін далаға,  
Қара, бүгін ел қандай?  
Кешегі бай кулак па?  
Ерлерінді танындар.

Қара, бүгін далаға,  
Қара, бүгін ер қандай?  
Кешегі құл тымак па?  
Ерлерінді танындар.

## ЖАҢА ЖАҚ

Аударылып асты-үсті,  
Астан-кестен болған жақ.  
Шен, знақты қожасыз,  
Кенесті кен құрған жақ.  
Еңбекшісі топтасып,  
Еңбексізін қуған жақ.  
Капиталдық, бектіктің,  
Тамырына балтаны  
Ұңғылата ұрған жақ!

## СОЛТҮСТІК-ШЫҒЫСЫҢ

Қазақстан жерінің,  
Солтүстігі-шығысы.  
Қарағанды, Қарсақпай,  
Екібас, Спасс, Қоңырат,  
Көмір-металл комбинат  
Кен-қазына жынысы.  
Ақжар, Риддер, Алқабек  
Алтай — алтын, қорғасын,  
Цинкі, қола, күмісі.  
Соның бәрін қаусыра,  
Отарбаның жүрісі  
Сол байлықтың үстіне:  
Арқа малдың қонысы,  
Ертіс егін ырысы.

## ОҢТҮСТІГІҢ

Қазақстан жерінің,  
Оңтүстігі құбыласы.  
Қорғасын, мыс, таусағыз,  
Қаратаудың жалғасы.  
Арасар, дәрі, асыл тас,  
Алатаудың жырасы.  
Мақта, кендір, майқурай,  
Өнерлі егіз ұясы.  
Сол байлықтың үстіне:  
Сыр, Жетісу мал баққан,  
Қалың егін шудасы.

## БАТЫСЫҢ

Қазақстан батысы  
Былқылдаған май балық.  
Арал, Каспий жатысы,  
Қайнап біткен бөрге тас,  
Химияның қатысы!  
Май мұнайдың фонтаны  
Көкке шапшып атысы!  
Кандырмап па дүниені  
Ембі қауға тартысы.  
Сол байлықтың үстіне  
Малдың жайы Ақжайық.  
Жайықта егін орасан,  
Міне, жоспар айтысы.

## ҰЙЫСҚАН ЕҢБЕК

Кеше мұндай жер ме еді?  
Бүгін еңбек майданы.  
Кеше мұндай ел ме еді?  
Бүгін колхоз айнала.  
Қол қойғаны — еңбегі,  
Социалдық тұрмысты  
Соғуға күші кернеді.  
Таптасты да тұтасты

Шапты жауын жерледі,  
Жаңадан жаңа тудырып,  
Жоспардан жоспарға өрледі.  
Социалдық еңбекпен,  
Терледі колхоз, терледі...

## МАЛ, ЕГІН, ЗАВОДТАРЫ

Даладағы дәулетін  
Жүз-жүздеген совхоздар.  
Қайнады қыр, мыңғырды,  
Біреуі егін, бірі мал.  
Қор құйылды далаға,  
Миллион-миллион сомалар,  
Жазды құлаш жаңа өмір  
Социалдық шаруалар.  
Бүгінгі күн бұлардың.  
Осындағы ерлердің  
Ел мен жұрты қолын ал!

## ЖОЛШЫЛАР

Ерлер салып бітірдің  
Түрксіб, қазақ жолдарын.  
Тағы-тағы салмақсың,  
Бұл жолдардың ондарын.  
Жаңа завод-фабрик  
Тамыры еңбек орданың.  
Сол жолдарға тиелер  
Жерден алған тондарың.  
Дүрілдет. Қайнат! Жұмысты,  
Жұмысыңмен мықталсын!  
Социалдық қорғаның!

## КӨМІРШІЛЕР

Қазақстан дәулеті  
Қарағанды дүкені.  
Қарағанды одақтын

Дүкенінің үлкені.  
Сондағы еңбек ерлері  
Бүгінгі күн қарқындат!  
Бүйіріне шахтаның  
Батыра сал керкіні!  
Бұрқыратсын көмірді  
Білегінің серпіні!

## МАЙШЫЛАР

Ембідегі ерлер-ау,  
Құтты болсын мерекен  
Ел алдына кел бері-ау,  
Жоспарыңды орында,  
Көтеріл де, сермел-ау.  
Қотарылсын мұнайлар,  
Ақтарылсын кендер-ау.  
Социалдық еңбектің  
Қаһарманы сендер-ау...

## КЕНШЛЕР

Ақтөбедегі ерлер-ау,  
Сал ұранды, қайдасың!  
Заводыңды тез жүргіз!  
Дөңгелегің айналсын.  
Химиянның қазаны  
Шымыр-шымыр қайнасын.  
Сол қайнаған қазандар,  
Социалдық өмірдің  
Дөңгелегін майласын!

## КОЛХОЗШЫЛАР

Колхоз, қаһармандары!  
Сал қаланды жинала.  
Жинал бүгін далаға,  
Шық қолыңа ту ала.  
Бай-жуанды жанышта,

Құйыршықты қуала.  
Берекелі мал жина,  
Пішенінді маяла.  
Егін айда, ал жина!  
Миллион-миллион колдарсың!  
Колдарыңмен сендердің  
Көгерді ғой қу дала!

## ЕКПІНДІЛЕР

Сәлем! Еңбек ерлері!  
Еңбекшілер, күшті ерлер.  
Социалдық жарысқа  
Әу десіп кеп түскендер!  
Еңбегімен бәйге алған,  
Ел танысын күшті ерлер!  
Дүрілдет! Қайнат! Қимылда!  
Екпінділер! Іскерлер!

*1931 жыл.*

## СЕП, СЕП, СЕП!

*(Колхоз жастарының алмалап айтуына)*

*Бозбала:*

Жеке-жеке құлданып,  
Жеген бізді бай құрсын.

*Қыз бала:*

Ауылым колхоз болған соң,  
Қаңғырсын бай, қаңғырсын.

*Бозбала:*

Большевиктер, басшылар  
Бастап егін салдырсын.



*Қыз бала:*

Социалистік еңбегім  
Жер мерейін қандырсын.

*Екеуі бірге:*

Сеп, сеп, колхоз,  
Сеп, колхоз!  
Большевикше ек, колхоз!

*Бозбала:*

Ленин туын жоғары  
Тіккен ауыл қай ауыл?

*Қыз бала:*

Ескі ауылды қиратқан  
Біздің колхоз жаңа ауыл.

*Бозбала:*

Жаңа жерге — жаңа ірге  
Теуіп жатқан қай ауыл?

*Қыз бала:*

Көлігі көп машина,  
Біздің колхоз — қала ауыл.

*Екеуі бірге:*

Сеп, сеп, ауыл,  
Сеп, ауыл!  
Тракторды жек, ауыл!

*Бозбала:*

Жоспарымыз жасаулы,  
Орындауды жеделдет!

*Қыз бала:*

Бес миллион, бес жүз мың  
Гектарыңды кемелдет!

*Бозбала:*

Ленинше сеп!

Ленинше ек!

Екпін! Қарқын! Кел өрлет!

*Қыз бала:*

«Бес жылдықты төрт жылда!»

Большевиктік біздің серт!

*Екеуі бірге:*

Сеп, сеп астық!

Сеп астық!

Бес жылдықтың жемі астық!

*1932 жыл.*

## КӨТЕРМЕ

Еңбекші қазақ ерлері,  
Партия, басшын салды ұран:  
Көтермеге кел бері!

Еңбекші қазақ ерлері,  
Мемлекетке міндетті  
Борышынды бер бері!

Қалың колхоз еңбекші!  
Жоспарынды тез атқар.  
Сонда колхоз жеңбекші.

Жерде бір дән қалмасын!  
Бай-кулак, қу, құйыршықтар,  
Іріткісін салмасын!

Іс еңбекте, күш көпте!  
Көп еңбекші қимылда,  
Ұрыларды істікте!

Еңбекші қазақ ерлері,  
Озғандарың қалғанды  
Көтермеге кел бері!

### КАВКАЗ

Кап тауы — Кавказ тауы ертедегі  
Жын қайнап, дәу мекендеп, ұшқан пері.  
Сықылды Сайфил Мәлік, Хасен, Мәлік  
Ерлері ертегінің жүрген жері.

Қойқаптың емес пе еді жолы қиын,  
Дария, асқар, теңіз, орман құйын.  
Айдаһар, маймыл патша, жады кемпір,  
Жай-жайын, алып дәулер, жындар жиын.

Сол Қойқап мынау Кавказ көлбеп жатқан,  
Батыстан Шығыс беттеп өрлеп жатқан.  
Қос теңіз, бас-аяғын қойнына алып,  
Құшақтап ертенді-кеш тербеп жатқан.

Төменде Қара теңіз баурын сөккен.  
Өрінде Каспий теңіз айдын төккен.  
«Қоспаймын екеуінді» дегендейін,  
Қос теңіз ортасына Кавказ шөккен.

Дегендей «аса алмайсын» көкке өрлеген,  
Дегендей «баса алмайсын» кеуде керген.  
Тек аунап арпалысып теңіз жатыр,  
Сүйкеніп Кавказға ұдай сокқан желмен.

Басында екі теңіз әлде бір ме?  
Айтар ма білім билік бұл пікірге?  
Вулкан қайнап, су тасып төгілгенде,  
Қалды ма Каспий аунап бір түкпірде?

Қалай да үлкен ойран болған бұрын,  
Біз емес тексеретін түбін мұның.

Біздікі — жер сұлуын мадақтау ғой:  
— Сұлу не? — Қара теңіз, Кавказ, Қырым.

Кавказдың сұлулығы биігі ме?  
Басына қардың мәңгі үйілу ме?  
«Шын, күзды, тағы жортқан, меніреу Кавказ»  
Деген сөз шын мәністе сүйіну ме?

Кавказдың көркемдігі әлде өзге —  
Кувшинмен су тасыған қара көз бе?  
«Тау сұлу тұманымен, бүркітімен,  
Тасымен, ағашымен...»  
— Сол да сөз бе?

Сұлу ма Қара теңіз суыменен?  
Шағала, дауылымен, қуыменен,  
Арпылдап жел толқытса тауды қауып,  
Ұдайы жатқан теңіз шуыменен?

Сұлу ма Каспий лай, батпағымен,  
Аунақшып күндіз-түні жатқанымен?  
Тыншымай жазда сар жел, қыста қызыл,  
Құп-қу құм, сортаң да жаға жақтарымен?

Каспийдің сұлулығы сұрғылт құм ба?  
Кавказдың сұлулығы зәулім шың ба?  
Тағы боп адамы андай асау өскен  
Болды ма сол ертегі жылдан-жылға...

Жоқ көрік, сұлу көркі олар емес,  
Ол көрік бізге сұлу болар емес;  
Лермонтов, Пушкин айтқан ол күндегі  
Диолар енді басқа қонар емес.

Жоқ, Кавқаз сұлу емес меніреу құзбен,  
Мүзбенен, жын-перімен, жалмауызбен...  
Сұлулық суындағы пароходта,  
Поезбен, шында айдаған паровозбен.

Жоқ, Каспий сұлу емес былайында,  
Өмір жоқ толқып жатқан күр айдында!

Каспийдің Кавказбенен көркемдігі  
Бакуден қайнап жатқан мұнайында.

Каспийді қамап тұрған мұнаралар,  
Мұнайдың мол теңізі бұл аралар.  
Майлаған жердің жүзін жомарт Баку  
Миллион кол мұнай қоймас бұрап алар.

Шалқиып Каспий жатыр өрді жауып,  
Желінін Баку жатыр күрп-күрп сауып.  
Каспийден Кавказ бойлап май ағызып,  
Бакуді Батум емген ауық-ауық.

Кавказдың сұлулығы марганцымен,  
Асыл тас алуан-алуан жер жынысымен,  
Көк мұздан шығып, құздан құлаш ұрған  
Ақырып асқарда ойнап салған сумен.

Тау көркем түрлі жеміс, мәуесімен,  
Шипа су, дертке дауа ауасымен;  
Сауығып талай дертті қайтып жатқан  
Кавказ бай, курортымен, ЗГЭС-імен.

Ойнақтап тастан аққан асау Кура,  
Бұл ма еді дәу көзінен аққан сора.  
Отыр да Тбилистен ЗГЭС-ке түс,  
Көресің Кура аққанын кімге бола.

Кура — өзен, құлап жатқан құздан, шыннан,  
Иесіз жылап жатқан талай жылдан.  
Иесі шынайы еңбек келгеннен соң  
Қара өне, тау тағысын қалай бұрған?

Көресің темір жолды кесіп өткен,  
Құздарды туннельдетіп тесіп өткен;  
Кавказдың шындарында электрлер  
Жарқырап түн түсірмей, нұрын төккен.

Тағы аңдар, таутекелер жүрген шында,  
Қиқулап автомобиль кезіп мұнда,

Тартылған шынға, құзға сым темірлер  
Кавказды үндістірлеп жылдан-жылға.

Мінеки Кура жатыр лайланып,  
Тау жуып, тасты уатып, құм айдалып.  
Қақ жарған Қазбектің емшек сүті,  
Кавказды жатыр Кура шыр айналып.

Мінеки сол Кураны койған қамап,  
Жұмсаған киловаттап күшін санап.  
Цементтеп тас бекітіп бөгеп алып,  
Кавказға қайрат, қуат жатыр тарап.

Поезды электровоз сүйреп асып,  
Барады миллион-миллион жүкті тасып.  
Тауларды, Тбилисиді жарқыратып,  
ЗГЭС тұр күні-түні нұрын шашып.

**Кешегі Кавказ қайда ешкі баққан?**  
Қан кекті, қайсар, аусар, қанжар таққан?  
Қойқаптың құз шыңында ат ойнатып  
Рулар у боп шағып, жау боп шапқан.

Дария, Тамаралар әлем сүйген,  
Ертектер есіткен ел тегіс күйген;  
Құс болып көлге шомып, сайран еткен,  
Перінін қызы қайда кебін киген?

Генерал, губернатор, ояз қайда?  
Чиновник, қоқиланған қораз қайда?  
Құшақтап алдына алып Тамараны,  
Мүйізбен шарап ішкен князь қайда?

Кавказдың әлі сол ма қарлы басы?  
Хан қайда? Қайда ол ажал мұнарасы?  
Күржістан, Әзірстан, Ажарыстан...  
Кавказды енді бүгін аралашы!

Мінесің, самұрық емес, аэроплан,  
Электр тартқан сымдар, емес жылан,

Жүгірген аңдар емес, автобустар,  
Тек жалғыз жоғарыда қалған тұман.

Көндіккен күшті еңбекке мұз бенен құз,  
Ақырын сол құздардан өтер поезд.  
Асқары социалдық колхоз Кавказ,  
Трактор бетін тілген айғыз-айғыз...

Безелген мектеппенен барлық ауыл,  
Серпілген қараңғылық қашанғы ауыр. —  
Мен дайын, лениншілмін! — деген  
бала —  
Міне, осы, ертедегі абрек Зауыр.

Кавказдың әсем дача, бау, саласы,  
Мәуелі таза ауалы тау арасы.  
Пионер лагерь-лагерь, комсомолдар,  
Сап түзеп ұлы-қызы, бар баласы.

Келтелеп кертіп шашты, қырнап желке,  
Ұл-қызға өншең өрім толған өлке.  
Өлкеде дию да жоқ, князь да жоқ,  
Кавказдың Тамарасы комсомолка!

Кавказды жарқыратқан ЗГЭС күші.  
Өзгерген ертедегі Қойқап түсі.  
Кавказды электрлеп, ел арманын  
Орындап отыр — Ленин ескерткіші!

*1932 жыл.*

## **ЕКПІН КҮЙІ**

Біздің екпін  
Біздің қайрат,  
Біздің жігер,  
Біздің болат,  
Большевикше біздің іс.

Миллион қолда,  
Миллион балға,  
Екпіндетті, қарқындатты.  
Миллион жігер,  
Миллион күш.

Қызсын қатты,  
Қатты қызсын,  
Жер гүлденсін,  
Тез үдесін,  
Социалдық құрылыс.

Ал қимылдат!  
Ал қарқындат!  
Ал ұрандат!  
Алмалат!

Ал жоспарлат!  
Ал, даярлат!  
Ал күрсілдет!  
Балғалат!

Ал екпіндет!  
Ал жеделдет!  
Ал қимылдат! Ал заулат!  
Екпін! Екпін! Тың омыраулат.  
Ал жарыс та  
Ал жарыс!  
Жалқауға орын,  
Жатқанға нан,  
Жоқ! Жоқ! Айда!  
Құрсын кырсық!  
Жау жойылсын  
Қалтарыста,  
Жалтарыс.

Ұлы сертті орындауға,  
Миллион күш,  
Миллион балға,  
Табан тірек, арқа күш.



Өрлет! Өрлет!  
Өрлет! Өрлет!  
Соқ балғала  
Ал үдет!

Қызсын еңбек!  
Қызсын екпін!  
Қызсын дүкен!  
Дуылдат.  
Ал екпіндет!  
Өрлет! Өрлет!  
Бітіруге биылғы серт!  
Бес жылдықты төрт  
жылда-ақ!

Ал қимылдат!  
Ал қарқындат!  
Ал ұрандат,  
Алмалат!

Ал жоспарлат!  
Ал даярлат!  
Ал күрсілдет!  
Балғалат!

*1932 жыл.*

## **БЕСЖЫЛДЫҚТЫҢ ЕРЛЕРІ**

*(Өз әнімен)*

Партияның дегенімен,  
Бесжылдықтап іс жасап.  
Екпіндеген еңбегімен,  
Тау ақтарып, тас қашап.

Жатқандар кім десеңдер,  
Бесжылдықтың ерлері.  
Жер жүзіне көсемдер,  
Бесжылдықтың ерлері.

Алтын Алтай кенін алып,  
Керегіне жаратып.  
Жер жүзіне ұран салып,  
Күллі әлемді қаратып.

Жатқандар кім десендер,  
Бесжылдықтың ерлері.  
Жер жүзінде көсемдер,  
Бесжылдықтың ерлері.

Екпіндетіп алыс пенен,  
Жер-жексенін қашаған.  
Социалдық жарыспенен  
Жана дүние жасаған.

Кім десендер, жұмысшылар,  
Бесжылдықтың ерлері.  
Октябрьдің екпіндісі  
Бесжылдықтың ерлері.

*1932 жыл.*

## **СОЦИАЛДЫ КӨМЕК**

*(Калинин колхозының Іле колхозына көмегі)*

Егіс тақау қалды деп,  
Партия ұран салды деп,  
Қаульсы боп бөрінін.  
Партияның дерегін  
Тұқым, сайман керегін  
100 процент дайындап  
Бітірген кім? «Калинин».  
Ол орыстың ауданы,  
Талғар, Есік, Қаскелең,  
Поселкелер мекені,  
Алатаудың баурайы.  
Ілеменен қойындас,

Іле қазақ ауданы,  
Алматының маңайы.  
Күш салғаны бұлардың  
Үшінші егіс майданы.  
«Калинин» іс бітірді.  
Егіске әбден күтінді.  
Мұрттарынан күлісіп,  
Жарқырап тұр майданы.  
«Калинин» елі өрледі.  
Ер егіні мінеки:  
Өз тұқымын дайындап,  
Қасындағы Ілеге  
Көмекке қол сермеді.  
Колхоздары қаулы қып:  
— Социалдық көмегі!  
Көтерейін кел! — дейді.  
Мұқтаж, мешеу колхозға  
Ортасынан шығарып  
500 центнер бергені  
Осылардың дүрмегі,  
Социалдық көмегі  
Өзге қалың колхозға  
Үлгі емес пе өрнегі?  
Бұрын быт-шыт болғанда,  
Колхоз болмай тұрғанда  
Әркім өзі «күн көрген»  
Күн көргені құрысын  
Кедей тозып тентіреп,  
Жарлы байға жем берген.  
Қолында жоқ мұқтажға  
Татырды ма бір дәннен?  
Өлсе де әркім тентіреп,  
Біреуге біреу сатусыз  
Бергенді әлі кім көрген?  
Бүгін міне қарандар,  
Қолдасып тұр қосылып.  
«Іле» менен «Калинин»  
Бұл одағын кім көрмес,

Бұл үлгісін кім алмас,  
Ауыл, қыстак, шәрінін.  
Осылардың үлгісі  
Болсын дейміз жұмысы  
Колхоздардың бәрінін.  
Үлгісімен, ісімен  
Колхоз атын ақтады.  
Атындағы ауданы  
Қарт большевик кәрінін!  
Егіс тақау қалды деп,  
Партия ұран салды деп,  
Еңбекшілер тұтасты,  
Социалды көмегі,  
Еңбекшілер одағы,  
Ауданға аудан ұласты.  
Тұқым, көлік ауысты,  
Егіске бел байласты.  
Қол ұстасты, тұтасты,  
Поселке, ауыл қайнасты.  
Бригада қаулады,  
Көтермелер қайнады,  
Колхоз бен колхоз қолдасты.  
Егер қимыл бұл болса,  
Большевиктер бастаған,  
Колхоз алмас қамал да  
Әй, сірә де болмас-ты!

*1932 жыл.*

## **СОЦИАЛДЫ ҚАЗАҚСТАН**

Тында, тында!  
— Ал-ло! Ал-ло!  
Ал құлақ қой,  
Толқыды әуе,  
Ал бұрап қой.

Радионы!  
Жалға жылдам,  
— Ал-ло! Ал-ло!  
Екен қайдан?

Ал жаңалық!  
Ал құлақ сал!  
Ал жаңалық!  
Ал құлақ сал!  
Тыңда, халық!  
Тыңда, халық!  
Сөйлеп тұрған  
Көрі тарих!

Ал-ло! Ал-ло!  
Ал миллион!  
Тыңда мұны  
Қырдан, ойдан.  
Ал құлақ қой  
Бұра! Бұра!  
Сөз берілді  
Колхоздарға!

## КОЛХОЗ ҚАЛАСЫНАН

Ал-ло, ал-ло!  
Радио азан,  
«Ленин жолы»  
Колхозынан.  
Тыңда азамат!  
Мен колхоздан!  
Біздер қайрат  
Қамал бұзған.  
Ескі өмірді  
Біздер бұзған.  
Жаңа өмірді  
Біздер құрған.  
Біздегі күш  
Дүние аударды.

Біздің жұмыс  
Социалды!  
Соның бірі —  
Қоныстану.  
Соның түбі —  
Байға шабу.  
Біздің ауыл  
Ірге аударды.  
Ірге салды  
Социалды.  
Қала болдық  
Біз осы жыл.  
Социалдық  
Кек шабулы!  
Не көрдік біз?  
Біз кім едік?  
Жылдар жүз, жүз  
Қайда жүрдік?  
Тында, қауым,  
Соның жайын.  
Тында, жолдас  
Баяндайын.

## АҢ ӨМІРДЕ

Қыста, күзде,  
Қырда, құмда,  
Шөлде, түзде,  
Сайда, шында.  
Қызылқұмда,  
Шуда, Адайда,  
Сарысуда,  
Әлдеқайда,  
Қаңғып аулым  
Телім-телім,  
Тентіреп ел  
Жүргендерін,  
Мен білемін.  
Білесіндер

Мен жүргемін  
Жүргенге ел.  
Мындаған жыл  
Қамалып жұрт,  
Болыпты құл,  
Бай менен жүт.  
Желкемізге  
Мініп мықтап,  
Жүргеміз біз  
Жылап-сықтап.  
Өнімі жоқ,  
Азабы ауыр.  
Бейнеті көп,  
Дозак ауыл.  
Шегірткедей  
Қырда жосып,  
Бақадайын  
Құрда шоршып.  
Қарғадайын  
Қанғып жалғыз.  
Құмда қоян,  
Таста байғыз.  
Болған едік  
Айуандай:  
Құлан, елік  
Жайылғандай.  
Тентіреумен  
Өткен өмір.  
Сол ма еді көрген?  
Сол ма еді жеңіл?  
Құрсын тұрмыс,  
Нәлет! Нәлет!  
Қайтып көрмен,  
Түу бөлекет!

## ҚҰЛ ТҰРМЫСТА

Мен бір кеше  
Кім болғамын?

Көбинесе  
Күл болғамын.  
Киіз кепе  
Жел уілдеп.  
Койын сірке  
Тән дірілдеп.  
Қалш-қалш етіп  
Қарлы аязда.  
Бір оңалмай  
Қысы, жазда.  
Қара лашық  
Тігіп үйді.  
Жер төсеніп,  
Жағып қиды.  
Бай жатқанда  
Шулап мұрны.  
Зар қаққанда  
Біздей сорлы.  
Тентірегем,  
Жарымағам,  
Сорлар менен  
Арылмаған.  
Балпаң-балпаң  
Байлар ет жеп,  
Қалтаң-қалтаң,  
Кедей дерт жеп.  
Мойнымызда  
Бар ауырлық,  
Мойнымызда  
Бит пен құлдық.  
Көшкен өмір  
Жыл, айменен,  
Өшкен көңіл  
Жылауменен.  
Құрсын тұрмыс  
Нәлет! Нәлет!  
Қайтып көрмен  
Түу, бәлекет!



## БІЗДІҢ АУЫЛ

Құтылуға  
Қырық рудан  
Қызық коныстан,  
Көк жұлыннан.

Құтылуға  
Ел белсенді,  
Ұмтылуға  
Ел белсенді.

Қырдан, таудан  
Қосылды ауыл.  
Бығыраудан  
Шошынды ауыл.

Колхоздасты,  
Қайнады ауыл.  
Қалаға бел  
Байлады ауыл.

Трактормен  
Айдады ауыл.  
Радиомен  
Сайрады ауыл.

Мектептермен  
Жайнады ауыл.  
Жастар спорт  
Ойнады ауыл.

Паровозбен  
Гүрледі ауыл.  
Машинаны  
Мінген ауыл.

Қарқын қимыл  
Қаулады ауыл.  
Завод болып  
Заулады ауыл.

Ленин туын  
Алған ауыл,  
Ұлы ұранға  
Салған ауыл.

Ленин жолын  
Қуған ауыл.

Октябрьден  
Туған ауыл.  
Қала-колхоз  
Болған ауыл.  
Колхоз-қала  
Толған ауыл.  
Тартыс, күрес  
Майдан ауыл.  
Жауды жаншып,  
Айдады ауыл.  
Ұлы дүкен  
Құрған ауыл,  
Ірге аударды,  
Жырғады ауыл.  
Трактордай  
Тепкінді ауыл.  
Электрдей  
Екпінді ауыл.  
Жаңа шаруа,  
Жаңа қоғам,  
Жаңа қала  
Дала толған.  
Жаса! Жаса!  
Жаңа тұрмыс!  
Жасап жатқан  
Мың-миллион біз!  
Пәлі! Пәлі!  
Жаңа өмірім!  
Ал-ло! Ал-ло!  
Жаңа жырым.

**ТЫНДА! ТЫНДА!**

Ал-ло! Ал-ло!  
Ал құлак қой,  
Толқыды өуе  
Ал бұрап қой,  
Радионы.  
Жалға жылдам!

Ал-ло! Ал-ло!  
Екен қайдан?  
Ал жаңалық!  
Ал құлақ сал!  
Ал жаңалық!  
Ал құлақ сал!  
Ал-ло! Ал-ло!  
Ал миллион!  
Тында мұны  
Қырдан, ойдан!  
Ал үн келді!  
Бұра! Бұра!  
Сөз берілді  
Жұмысшыға!

## ҰЛЫ ӨНЕРДІҢ ОШАҒЫ

Ал-ло! Ал-ло!  
Тында мені!  
Сөйлеп тұрған  
Еңбек ері!  
Қазақстан  
Жаңаланды.  
Қазақстан  
Социалды.  
Қазақстан  
Өнерленді.  
Ашып жатыр  
Неше кенді.  
Қарағанды,  
Қарсақпайлар,  
Қонырат,  
Риддер,  
Ащысайлар.  
Кендір, кенеп,  
Күріштері.  
Мақта, қаушық...  
Ірі істері.

Тағы талай  
Өндірісі!  
Талай гигант  
Ірі күші.  
Аэроплан  
Көкті айырған.  
Трактор  
Жерді жарған.

Комбайыны  
Күрілдеген!  
Моторлары  
Дүрілдеген.  
Каусырғаны  
Жерді поезд.  
Фабрик, завод  
Кайнап күж-күж!

Мын-мындаған  
Рабочийлар...  
Бар ма ед кеше  
Көне осылар?  
Жаса! Жаса!  
Жаңа елім.  
Жаңа ел салған  
Жаңа өмірім!

Пәлі! Пәлі!  
Қайна еңбегім!  
Социалды  
Жер мен көгім!

## ЕҢБЕК ЕРЛЕРІ

Қазақстан  
Қайнады ерге,  
Социалды  
Жайнады елге.  
Ірге тепті  
Жаңа жерге.  
Қаула! Қаула!  
Өрле! Өрле!

Бауырмалдық  
Ұлт одағы.  
Социалдық  
Ел ошағы.  
    Одақтасты,  
    Күшін қосты.  
    Ұлы ұранға  
    Ісін қосты.  
Ұлы еңбекке  
Үлкен орда.  
Қазақстан  
Социалды.  
    Тымақтардан  
    Ерлер шықты.  
    Шын еңбекке  
    «Кел!» — деп шықты.

Социалды  
Қаһармандары.  
Құрылыстың  
Балуандары.  
    Паровоздай  
    Қайратты ерлер.  
    Зеңбіректей  
    Айбатты ерлер.  
Қызыл туды  
Көкке өрлете.  
Екпін көкке  
Қол сермете.  
    Асқар тауды  
    Бұзған еңбек!  
    Жасар тауға  
    Қызған еңбек.  
Тың қазынаны  
Ашқан еңбек.  
Аспан өрлеп!  
Асқар тербеп!  
    Ескі өмірді  
    Талқан қыла,

Жаңа өмірді  
Дарқан қыла,  
Жаңа жоспар  
Сызған ерлер.  
Жаңа қуат  
Қызған ерлер.  
Жауды алқымнан  
Алған ерлер.  
Шын қарқынға  
Салған ерлер.  
Бұрқын-сарқын  
Қайнады еңбек.  
Жарқын-жарқын  
Жайнады еңбек.  
Жаса! Жаса!  
Жаңа ерлерім!  
Жасаушылар,  
Миллиондерім!

## ҰЛЫ ЖОСПАР

Біз өмірді  
Жоспарлаймыз.  
Жоспармен жау  
Басқандаймыз.  
Күресеміз,  
Алысамыз.  
Жоспарменен  
Жарысамыз!  
Қарқындаймыз  
Жылдан-жылға.  
Табысамыз  
Мыңнан мыңға.  
Тасқындаймыз  
Шабуылға.  
Асқындаймыз  
Жылдан-жылға.  
Түгендейміз  
Ерте, кеште!

Алымдаймыз  
Бестен беске!  
Сарқырай бер  
Сан трактор.  
Жарқырай көр  
Шам электр.  
Маман техник,  
Инженерлер.  
Тез қимылда  
Землемерлер.  
Курс, мектеп,  
Көп школдер!  
Қайна, қаула,  
Кісіні бер!  
Өнер-білім  
Қарулана,  
Машинаны  
Қаруға ала,  
Арықтарды  
Қаздыралық!  
Бөгеттерді  
Бұздыралық!  
Ағаштарды  
Ектірелік!  
Егіндерді  
Септірелік!  
Құс, малдарды  
Молайтамыз!  
Қырмандарды  
Ұлғайтамыз!  
Көсем Ленин  
Нұсқауымен,  
Партияның  
Бастауымен.  
Еңбек халық  
Күшіменен.  
Социалдық  
Ісіменен.  
От шашамыз  
Жау байларға,

Шабуылдап  
Бар майданда!  
Пәлі! Пәлі!  
Каула еңбегім!  
Социалды  
Еркін елім.

## СЕРТ

Ал-ло! Ал-ло!  
Қайнады өмір!  
Жаңа өмірмен,  
Жайнады қыр!  
    Тауда балға,  
    Қыр трактор!  
    Желде радио,  
    Суда электр!  
Кенде қашау,  
Перпаратор!  
Дала-колхоз  
Қыбыр-қыбыр!  
    Миллион күш  
    Жапты дала.  
    Миллион күш  
    Соқты қала.  
Бес бесжылдық  
Ұлы план!  
Алдымыздағы  
Ендігі ұран:  
    Капиталдың  
    Қалдығынан  
    Ада болу —  
    Осы ұран.  
Социалдық  
Жаңа қоғам!  
Социалдық  
Жаңа заман!  
    Социалдық  
    Жаңа дүние!



Бұл өмірде,  
Мұндай күйде,  
Жігерменен  
Қан қайнасын!  
Сөйлемеген  
Тіл байлансын!  
Қызбай қалған  
Қан құрысын!  
Жасармаған  
Жан құрысын!  
Қуанбаған  
Өлсін жүрек.  
Ондай қалам  
Өлі сүйек!

### ТЫҢДА! ТЫҢДА!

Ал-ло! Ал-ло!  
Ал құлақ қой,  
Толқыды өуе!  
Ал бұрап қой  
Радионды  
Күшті күйден  
Қайнат жырды.  
Тында миллион!  
Салсын ұран!  
Тартсын күйді!  
Тартсын! Төксін  
Жігер жырды!  
Ал халайық,  
Ал құлақ сал!  
Ал жаңалық!  
Ал құлақ сал!  
Тында, халық!  
Тында, халық!  
Сөйлеп тұрған  
Көрі тарих!

*1932 жыл.*

## ЭЛЕКТР

Әлемді, жерді басты түн,  
Жамылғыш жапты қараңғы.  
Тау, дала, ауыл ұйқыда,  
Мал қораға камалды.  
Тау тынысын ішке алып,  
Айқара жапты далаңды.  
Құрт-құмырсқа тың алып,  
Інді-ініне камалды.

Аспанды бір ақ нұр алды,  
Ай кісесі жарқырап.  
Алыста жалғыз ағын су  
Асаусыды арқырап.  
Көкте жұлдыз құнарсыз,  
Ауырғандай қалтырап.  
Көп кешікпей күн жауып,  
Бұлт басты салбырап.  
Жұлдыздың, айдың орнына,  
Отынсыз, майсыз, түтінсіз  
Жанды жерде шамшырақ.

*1932 жыл.*

## ЕКПІНДІЛЕР МЕН ПРОГУЛЬЩИК

*(Қолында сайман, үстінде шахта киімі бар екі екпінді  
сахнада кетіп бара жатқанда бір жағынан бөтелке  
ұстаған прогульщик шығады.)*

*Прогульщик:*

Ей, екпіндім, мұнша неғып  
Бүлінесің, терлейсің?  
Самайыңнан терің ағып,  
Жан рахатын білмейсің...

*Екпіндінің біреуі:*

Білеміз ғой рахатыңды,  
Жатып арақ ішесің.  
Сөйте-сөйте бұзық болып,  
Тез-ақ торға түсесің.

*Прогульщик:*

«Жұмыс» дейсің, «жоспар» дейсің,  
Ал не пайда табасың?  
Кел, гуляйтті бір соғайық,  
Мынау арақ, қанасың...

*Екпіндінің біреуі:*

Жоспар, жұмыс біздікі ғой,  
Білмесең ол арасын.  
Арақ қайдан? Ақша қайдан?  
Нанды қайдан аласың?

*Прогульщик:*

Арақ алам саудагерден,  
Тамақ алам паектен.  
Ақша аламын получкеде,  
Нан аламын ларектен.

*Екпіндінің біреуі:*

Жоқ, жоқ, сені жұмысшылар  
Қуылсын деп шулайды.  
Тамақ та жоқ, арақ та жоқ,  
Кеңірдегің қурайды.

*Енді бір екпінді:*

Прогульщик, пьянчикке  
Жайлы жағдай бізде емес.  
Аш көзіңді, ойла осыны,  
Істемеген тістемес!

*(Екпінділер шығып кетеді. Артынан прогульщик):*

Ай! Ай! Токта!.. Маған мойнын  
Тағы да бір бұрылсын.  
Нан болмаса...  
Бұл не керек?  
Құрысын арақ, құрысын!

*(Бөтелкені жерге ұрып, артынан шығып кетеді.)*

*1932 жыл.*

## КӨТЕРІЛІС

Қабат үйлі, қалың қала,  
Қалың кісі, катын-бала.  
Өне бойы қызыл ала,  
Басы-көзі жара-жара.  
Тамтығы жоқ арқа, бастар,  
Қолдарында мылтық, тастар.  
Жалба жеңдер, жыртық ыштан,  
Соқтығысқан, сығылысқан.  
Сендей суда,  
Сендей мұзда.  
Бір таралып, бір қосылып,  
Бір ұйлығып, бір жосылып,  
Адам қирап, қырылған жан,  
Жан шыңғырып, соралап қан.  
Мылтық тарс-тұрс  
Атылған оқ,  
Түтін бұрк-бұрк,  
Шашылған от.  
Қылыш жарқ-жұрк,  
Қанжар шап-шүп.  
Біреу орақ,  
Біреу шалғы,  
Біреу пышак,  
Біреу балға.  
Көрінгенді тез сояды,

Көрінгенге өрт қояды.  
Қылыш жарқ-жүрк,  
Жалын лап-лұп...  
Қала осындай өртенеді,  
Капиталға дерт енеді.

*1932 жыл.*

## ҚАНДЫ ҚЫРАН

Әлемге қанды қыран жайды құшак,  
Кап-қара дауылдата бұлтқа ұсап,  
Темірден тегеуріні құрыш канат,  
Шақырып жүр төбеде пыш-ақ! пыш-ақ!..

Тұмшалап төңіректі алған тұман,  
Құлаққа үн келеді ыңырсыған.  
Білеміз қай ұядан ұшқандығын,  
Қан канат, у тегеурін, тісі жылан.

Сияқты әлде үстінде ұшатындай,  
Көзіне түскен жанды қысатындай.  
Жөтелсе зеңбіректің оғын бүркіп,  
Оқ саңғып, үстіңе от құсатындай.

Айналып жүр төбеде қара қыран,  
Қан жауар қаһарлана қабағынан.  
Жыбырлап жер жүзінде жөндік жатыр,  
Апырым-ай, қайтып аман қалар мұнан?

Жер жүзі — қала, дала қайнап өмір,  
Біреуге сор, біреуге пайдалы өмір.  
Қыранды қызықтырып, қызыл болып,  
Астында қара қанат жайнады өмір.

Жер қорқақ түлкідейін, тышқандайын,  
Ел қорқақ көктен қыран қысқан сайын.

Барады қауіп күшейіп күннен-күнге,  
Төмендеп қыран жерге ұшқан сайын.

Бұл қыран ежелден-ақ қанды қыран,  
Шенгелді талай қанды салды қыран.  
Қылғанға қызыл жемтік жердің жүзін  
Мінеки 18 жыл бұрын бұдан.

Бұл қыран қаһарланып сонда түскен,  
Жер жүзі кісі етін жеп, қанын ішкен.  
Сарқырап халық қаны дария болып,  
Дүние сасып кеткен у иістен.

Бұл қыран қанға бояп жерді бүрген,  
Жемтіктен төрт жылдан соң көтерілген.  
Төбеге бүгінгідей төнбеуші еді,  
Даусын естімесем алыс үрген.

Сол қыран көрінеді тағы көкте.  
Айналып жүре бермес көкте көп те.  
Түйіліп топшы қомдар құлауы хақ,  
Оғындай зеңбіректің бір мезетте.

Жер шары күрес, майдан қиян-кескі,  
Біреуді біреу жесті, біреу кесті.  
Тарыққан тапты тартып тура жолға,  
Бастаған күшті өскер бар бұл күресті.

Әне, анау азғантайлар оны жеген.  
Әне, анау еңбекшілер миллиондаған,  
Серпіліп сонау дүрмек шықты жауға,  
Даусы:

— Азаттыққа!

— Маркс!

— Ленин!

Қалада, тауда, суда, қырда, құмда,  
Күші өлі жер шарының жау жағында.  
Жалғыз-ақ қызыл туы тігулі тұр,  
Еркін ел — СССР-дің алаңында.

Жан-жақтан көтерілді айкай шуы,  
Жан-тәнін жеген сайын жаудың уы.  
Арманы — алысу мен азат болу,  
Арманы — алдындағы Ленин туы!

Қызыл ту Маркс, Ленин жазған сөзін,  
Тартқандай өз бауырына әлем жүзін.  
Төбеден туға төніп түскелі жүр,  
Қызыл ту қызықтырып қыран көзін.

Ту қызыл, оның жауы қыран құсы,  
Жүргені қыран төніп тудың түсі.  
Құйылып сатыр-күтір түсе қалып,  
Келеді қызарғанды жеп қойғысы.

Біледі ол қызыл тудың өсетінін,  
Әлемнің солай қарай көшетінін:  
Тұтасып қызыл туды қолға алғанда,  
Тағдырын қырандардың шешетінін.

Сондықтан айналады көкте қыран,  
Түспекші қайда қызыл, қайда қоян.  
Әлемнің үстіндегі қара бұлты,  
Қан жауып қанатынан, соғар боран.

Әнеки, күншығысқа ол ұшты ма,  
Қытайдың қызылына ауысты ма?  
Миллион еңбекшіні бүре түсіп,  
Ок санғып, қан қақырап, у құсты ма?

Талайды талай жерде алып жеген,  
Сол қыран түсетіндей көктен төмен.  
Қанталап екі көзі, СССР-ге  
Ойы бар көп кешікпей түссем деген.

Еңбекші, көремісің қара бұлтты!  
Қанатын жайып күннің көзін тұтты.  
Жемтікке жұмсау үшін жерік болып,  
Жұтқандай өсіресе біздің жұртты.

Әне жүр, еңбекшілер, болындар сак!  
Жасанып, бекін, күзет, елінді бак!  
Үстіне жазатайым түсер болса,  
Айбарлы каруынмен қыранды қақ!

Қызғанда күшті еңбекпен ұлы жұмыс,  
Күзетті жау жағына мықтау дұрыс.  
Қызыл ту жер жүзіне тігілгенше,  
Төбеден қанды қыран кетуі күш!

Оған оқ тиетұғын еңбек шуы,  
Оған от өртейтұғын Ленин туы.  
Жеңгенде жер шарында жұмысшылар  
Жарқырап жерді көмер күннің нұры!

*1932 жыл.*

\* \* \*

Сүйгендіктен мен сені,  
Ар азабын тарттым көп,  
Не тартпадым сен үшін  
Болды өртеген отым көп.  
Көп жылдары отыңа,  
Жандым, жандым отын боп.  
Толқимын да ойлаймын,  
Сүйоден тым тәтті жоқ.  
Сүйдім, батты жаныма,  
Сүйоден тым қатты жоқ.  
Қалдым ба екен болмаса,  
Жалғыздықтан зәтте боп?  
Әлде жүрек жұқарып,  
Жадау тартар уақыты боп.  
Жоқ, олардың бірі емес,  
Жолықты жар тәтті боп...

*1932 жыл.*



## БАҚЫТТЫМЫН

Улы өмірімді,  
Сұр көңілімді  
Талақ еттім, тастадым.  
Нұрлы өмірге,  
Гүл көңілге  
Енді шыға бастадым.  
Таңдап сүйіп,  
Көп жыл күйіп,  
Бақ есігін ашқаным.  
«Өмір қызық»  
Деген сөзді  
Бір өзінмен растадым!

*1932 жыл.*

\* \* \*

Сүйегімді босатқан,  
Серігімсің жасатқан.  
Сүйдім сені, өміріме,  
Сөзім, антым — осы айтқан!

Жанымды сен жанартқан,  
Өмірімнен тазартқан.  
Жүрегімсің шер тартқан.  
Серігімсің қол артқан.

Мен сүйген соң сүйерсің,  
Мен күйген соң күйерсің,  
Сүйгендіктен сыйлармын,  
Сыйынды өзің білерсің.

Ардақтармын сүйген соң,  
Көңіліңе жіп салмаспын,  
Өзгерермін біржола,  
Мен бұрынғы болмаспын.

Ден қоярмын мен саған,  
Білерсіңде билерсін.  
Сыйларсың да күтерсін,  
«Би» осыған үйренсін!

*1932 жыл.*

## ҚАРА ТЕҢІЗ

Ассалаумағалайкум, Қара теңіз,  
Әкелді бізді сізге мінген поезд.  
Дүниенің сен бір жатқан ұжмағысың,  
Теңізің — меруерт, маржан, тауың — мейіз.

Атақты алып дария шалқып жатқан,  
Тұнжырап Азияны салқындатқан.  
Тепсініп телегейің қара ала боп,  
Жынданып күнің екен толқып жатқан.

Жағанды жұлгеледі поезд орғып,  
Жатырсың алып дария, аунап, лоблып.  
Ойнақшып арс-гүрс етіп тауды соғып,  
Қойғандай мәңгі байлап тағдыр қор ғып...

Тау саған тебіренбес тигеніңмен,  
Арсылдап құшак жайып күйгеніңмен,  
Күйігім күйігіңнен күшті болды-ау,  
Мен саған келмегенге сүйгеніммен.

Көркем тау, әсем теңіз, сұлу сурет,  
Саф ауа, дертке дауа, таза курорт...  
Кетігі көңілімнің толмаған соң  
Сықылды тамаша емес, талдырған дерт.

Егерде сәулемменен келсем мұнда,  
Қыдырсақ мынау орман арасында.  
Әнеки анау жақпар тасқа шығып,  
Тұрсақшы мынау теңіз жағасында...

Сәулеммен келе жатсам мынау жолда,  
Құшағын құшаққа алып, қолын қолға.  
Ернінен еміреніп алсам сүйіп,  
Дариядай шалқыр еді көңілім сонда...

Не керек, қалды кейін сүйген сәуле,  
Сондықтан теңіз түрсіз, тау құр кеуде.  
Сондықтан жаудырап тау, толқып теңіз,  
Құрғырлар қылмандаршы көңілімді өуре!

*1932 жыл.*

\* \* \*

Қара бұйра ақ толқын  
Атақты Қара теңізсің.  
Азияның аузысың,  
Күншығыстың көзісің.  
Аунақшы, толқы, дария,  
Тау денесін жегізсін!  
Теңізді аунап асау жел  
Алып күшті лебізсің!  
Кавказ сенің анаң ғой,  
Ем емшегің, емізсін!  
Кавказ сенің жарың ғой,  
Менде де сендей теңіз бар.  
Оның аты — қара қан,  
Сол теңізбен егізсің.  
Толқы, толқы, ыстық қан.  
Сенде де сол жел жүзсін,  
Тула, жүрек, толқы, соқ!  
Сүйген жаным жанда жоқ!  
Жоқ жарымды жоқтатып,  
Сәулем, сәулем дегізсін!  
Сүйген бір сұлу Кавказың,  
Құшағына ап, аялап,  
Құшағына еніп тұр.

Сенін көңілің шат шығар,  
Тілегінді беріп тұр.  
Бекер шығар, бәлкім, ол,  
Әлде сенен жеріп тұр,  
Сол себептен асқарды,  
Мынау суық тастарды,  
Теңіз тулап теуіп тұр.  
Сол себепті бұлт жылап,  
Теңіз өксіп қынсылап,  
Көзден жасын сеуіп тұр.  
Олай болса, көңілім,  
Сен қажымай берік тұр!

*1932 жыл.*

## **КҮН БАТАР**

Маужырап күн еңкейді,  
Ертіс кетті еңістеп,  
Алтынданып, жарқылдап,  
Су жыбырлап, жел жүріп.  
Бетке салқын леп ұрып,  
Қалды інір салқындай.  
Біздер мінген моторка,  
Бық-бық етіп тартты өрге,  
Суға малтып шалпылдап,  
Қызыл күрен шапақтан,  
Жаңа ғай қасын жылмайтты,  
Қуанышты айқындап.  
Моторканың мойнында,  
Суға төніп сүйеніп,  
Тұрдың көзің жалтылдап  
Ақ маңдайың нұр шашып,  
Ақ тамағың албырап,  
Жұпар иісің аңқылдап...  
Сонда жаным жалындап,  
Жанды қаным лапылдап,

Суретінді тарттым көңіліме,  
Аппаратсыз фотограф,  
Сонда тойды обыр көз,  
Сонда қанды құмарым,  
Сонда көңілім шалқыды-ай!

*1932 жыл.*

\* \* \*

Алып Алтай ананың,  
Ақ сүтіндей құт Ертіс,  
Сен сұлусың тамаша,  
Сені сұлу қып тұрған  
Семей атты қалаша.  
Қалашаны қақ жарып,  
Жатыр өзен жанаса,  
Алқынысып, сүйісіп,  
Аралыңды аралап,  
Біз ойнадық балаша.  
Иық, аяқ тиісіп,  
Айналаға қараса.

Ертісті күн алтындап,  
Алтын өзен жалтылдап,  
Барса еңкейіп аласа,  
Нұрлы ақшамның шетінен.  
Ай кездігі — сар кездік.  
Әлде қыздың қасындай,  
Күліп бізге қараса,  
Жан жайылып дене еріп,  
Құмарлық от қамаса,  
Сол аралдың ішінде,  
Ерінінді әкелші,  
Бал алайын, сүйейін,  
Гүлге қонған араша,  
Көңіл күйіп, қан тасып,

Өртенейін, жанайын  
Жел желпісін аяса,  
Сондағы ойлап жүрісті,  
Ойлар басты тым күшті,  
Бұл бір саған тиісті,  
Ал арнадым, жараса...

*1932 жыл.*

## КЕҢЕС

Отырмын көп ішінде мен де тыңдап,  
Көңілім қырға шауып, ойға құлдап,  
Музыка Ұлы Отанның күйін тартып,  
Шешендер жұрт жігерін жатты шындап.

Сайрандап жауды алған ел шебін бұзып,  
Думандап тойдай тобын, дүкен қызып,  
Картасын кара жердің қайта жасап,  
Тарихтың жаңа бетін жатты сызып.

«Аға» деп бір өкіл кеп қолымды алды,  
Көрмеген болсам дағы қорынбады;  
Жайрандап күлген көзбен, сынық сөзбен  
Қасымнан отыруға орын алды.

— Бар еді бір кісінің аманаты,  
Мінеки ол кісінің жазған хаты;  
«Тапсыр, — деп — өз қолына» сәлем айтты,  
«Едім, — деп, — жолдасының жамағаты».

Деп маған хат шығарды қалтасынан,  
Өкілсіп өзімізге марқамсынған.  
Оқыдым өкіл берген хатын ашып,  
Екен деп әлдеқандай танысымнан:

«Аманбыз, өзің дағы жүрмісің сау,  
Көп болды көрмегелі, қайыным-ау,

Колхоздың «Кеңес» деген мүшесімін,  
Хабарды толығырақ айтар, мынау.

Хат беріп қасындағы тұрған жігіт,  
Жіберген біздер сайлап өкіл қылып,  
Түсірсең Есімді еске Қайрақтыдан,  
Есіңе түсермін-ау, болсам ұмыт... —

Деп қысқа хат жазыпты латындатып,  
«Нұршай» деп қол қойыпты атын да айтып.  
Ойыма түсіре алмай аң-таң болдым,  
Хат жазған қай қатын деп қакылдатып?

Хатты қайта оқышым,  
Оқыдым да ойланып,  
Аңтарылып отырдым...  
Нұршай кім?  
Есім деп, —  
Есім деп таң қаламын...  
Естен шықса келсін деп,  
Ойлай-ойлай табылды ол,  
Бір мезгілде түсті ойға:  
Қараңғы түні кашқан жол  
Қайрақты атты тау еді;  
Ақ пен қызыл атысқан  
Елдің іші жау еді...  
Таң сарғая біліне  
Қайрақтыға іліндік...  
Қажыған ат сүріне  
Тау қойнына тығылдык.  
Түні тынбай жол жүре  
Шаршап әбден жығылдык.  
Елсіз жерден өтуге  
Күн барында дөт қылмай,  
Күн батқан соң кетуге  
Атты байлап бадалға,  
Ер-тоқымды жастанып,  
Жаттық ұйықтап самалда.

Ғали деген байдағы  
Есім дейтін жасынан  
Жігіт еді жалдағы.  
Ел «ақ», «қызыл» дескенде  
Есімді ұстап жазды бай  
«Алаш» деген әскерге;  
Жоқ сүйеніш тиянақ,  
Тарыққанда тапқаны,  
Тек тынысы қызыл жақ.  
Тәуекелге қол артып,  
Мініп байдан екі атқа  
Кеткен еді жол тартып  
Жетсек-ау деп қызылға.  
Таң атқанда тығылдык  
Қайрақтының құзына.  
Жаттық тауда бекініп,  
Құлазиды қоңыр тау,  
Тек шақырад кекілік.

Бұлар қашып кеткен соң,  
Бірдей мініп екі атты;  
Ызасы әбден өткен соң  
Жігіт жиып жабдықтап,  
Ғали мінген атына  
Іздің бетін анықтап,  
«Бәлем қолға түсер» деп,  
Шылбыр тағып мойнына  
Алып қайтпақ кісендеп.  
Жортуылдап ой-қырға,  
Оң шақты атты кеп кірген  
Қайрақтының қойнына.  
Ұстармыз деп Есімді,  
Осы күзде жатып деп,  
Қарауылдап бекінді.

Күн еңкейді ұяға,  
Атқа мініп үшеуміз,  
Шыға келдік қияға.  
Жар астында жау тұрып,



Иек артпа бір жерден  
Коя берді ұмтылып.  
Не болғанды білмедік,  
Таласып тау асуға  
Бетті түзеп «шүү» дедік.  
Жау жабылды қосылып,  
Мылтық тарс-түрс атылды,  
Келе жатырмыз жосылып,  
Қамшы сарт-сұрт ұрылды.  
Оқ тиді, әлде сүрінді...  
Есім аты жығылды.  
Қалды Есімді жау басып,  
Қайрылуға мұрша жоқ,  
Бардық кетіп, тауды асып...  
Ағарып таң атқанда  
Қызыл бізді қарсы алды;  
Аттанған қол ақтарға.  
Қосылған соң қызылға  
Отрядпен қайтқан ек  
Қайрақтының құзына.  
Болғанда күн сәскерек  
Таптық Есім сүйегін;  
Кеткен екен кескілеп.  
Қынжылып жан ауыра,  
Қойып кеттік Есімді  
Қайрақтының тауына.  
Міне мынау, сол Нұршай,  
Есім түсті есіме;  
Өтіпті-ау жыл бірталай.  
Сонда Нұршай кім еді?  
Бостандыққа талпынған  
Күңіренген күн еді.  
Есіл Есім ер еді;  
Есіміне еңіреп,  
Көз алдыма келеді  
Қап-қара бір түн еді;  
Қайрақтының ішінде  
Қақсаған бір үн еді.  
Білеудейін көзі боп,

Жауға алдырып жолдасын  
Бір сорлы адам өзі боп,  
Нұршай жылай береді  
Қарғап-сілеп Ғалиді;  
Түнде «сарт-сұрт» желеді.  
Сөйтіп екі ай өтті,  
Алма пісіп ағашта  
Алатұғын күн жетті.  
Нұршай дағы толғатты,  
Тұяғы боп Есімнің  
Төлеуіне ұл тапты.

Есім уайым емес деп,  
Қуандық біз балаға:  
Атын қойып «Кенес» деп.  
Шілдехана күзетіп,  
Қош айтысып Нұршайға  
Қалған едік кетісіп.  
Аңсап қашқан еліне  
Жетіп, Нұршай жайланған,  
Өлмейтұғын жеріне.

Соныменен мен қайда  
Жүрмедім, көп өтті күн,  
Ақты талай су сайда.  
Онан бері біздің ел  
Нелер белес аспады,  
Аз ба майдан біз білер?  
Ол майданда жау жеңіп  
Алашты да, ақты да  
Жер түбіне жіберіп,  
Болысты айдап, биді айдап,  
Елде Кенес құрғамыз;  
Қатыннан да би сайлап.  
Жуандардан жерді алдық,  
Кәмпескелеп Ғалиді  
Елден айдап шығардық.  
Қайрақтының баурына,  
Түркісібі жүргіздік

Есім өлген тауына.  
Жоспарланған жолға сап,  
Ойын, қырын даланың  
Колхоз атты ел жасап  
Жатқанымыз мінеки.  
Өзгерді өмір осындай  
Елу емес, он жылда,  
Жаналанды ел мұнша!  
Тағы қайта оқыдым,  
Жазған хатын Нұршайдың,  
Ол күнді ойлап отырмын.  
— Колхоздарың күйлі ме?  
Деп сұраймын өкілден,  
Еңбекке мол тиді ме?  
— Колхозымыз жақсы ғой,  
Машина бар, мектеп бар,  
Жылқы, сиыр, ешкі, қой...  
— Нұршай өзі тың ба әлі?  
Хат жазғаны қуантты...  
Сенің атың кім әлі?  
— Шешем сізге жазған хат,  
Есім ұлы Кеңеспін —  
Өздеріңіз қойған ат...  
Дегенде мен қызардым,  
Дүрсілдеді жүрегім...  
Сасып қалған шығармын.  
Тасып кетті көңілім,  
Жая бердім құшақты,  
Өзімді өзім білмедім.  
— Келші бері, қарағым!  
Сүйдім қысып Кеңесті,  
Қайта-қайта ойладым.  
Қарасам да тоймадым.  
О күн менен бүгінді  
Қайта-қайта қарадым,  
Бірталай жыл өтіпті,  
Ескі дүние тозғындап,  
Жаңа дүние жетіпті;  
Кеңес әбден өсіпті.

Өскендігі — ел сайлап,  
Топка барсын десіпті.  
Отыр топта марқайып,  
— «Комбайнда жүрмін» деп,  
Қалыпты аузым анқайып.

Көрді әлі бұрын кәне кім мұндайды?  
Марқамсып Кеңес ұлы жымындайды.  
«Тапсырған топка айтуға мәселем бар», —  
Деп тағы топ алдында сөз сұрайды.

Туған ұл жаңа өмірдің жұлдызы боп,  
Мұндай қып өзге жақта туғызу жоқ.  
Өмірден таза туып, тәрбие алған  
Кеңестің мұндай талай ұл, қызы көп.

Сайрандап жау жеңген ер шебін бұзып,  
Думандап топтарымен тарих сызып.  
Астында ұлы ұранның — Кеңес аспан,  
Па шіркін, біздің өмір қандай қызық!

*1933 жыл.*

## **ЖАЗ**

### **I**

Жарқырады жаңа жаз,  
Сапырылды қыр, дала.  
Дабыл, даң-дұң айнала,  
Қырға қонды қалың қаз.

Екпінді ескек лапылдап,  
Шашты жалын мұз, қарға.  
Ақтарылды ұлы арна —  
Таудан тасқын сарқырап.

Далада ұлы төңкеріс,  
Дала қайта жасалды.

Қуарған қыр жасарды,  
Дала майдан, үлкен іс.

## II

Жаз дегенім — жаз емес,  
Жаз дегенім — жаңа өмір.  
Қырда қиқу — трактор,  
Қырға қонған қаз емес.

Жел дегенім — жел емес,  
Жел — еңбектің екпіні.  
Тасқын — жұмыс текпіні,  
Сең дегенім — сең емес.

Социалдық бұл жазда  
Тасыды ауыл өзендей.  
Жау жапырып, бөгелмей,  
Құяды ауыл колхозға!

*1934 жыл.*

## ШАТТЫҚ ЖЫРЫ

Шаттық жыр ағыл-тегіл, жаз қаламым,  
Шат өмір шалқуыңа аз ба жаным!  
Байғұс-ау, баяғы күн есінде ме,  
Қорлықпен құлап қала жаздағаның?  
Тұзың сор, еңбегің еш болған күнде,  
От көңілім осындай боп маздамадың.  
Өлеңнің өнерінен өзен көрмей,  
Шөліркеп, шұқанақты қазбаладың.  
Білімнің бұлағы аққан заманында  
Жарай ма, жосылта жыр жазбағаным?  
Халқымның қуанышы қиқулады,

Ер көңілім, енді кашан козғаламын.  
Елімнің екі туған ерке шалы —  
Жамбыл да күйінде отыр бозбаланың.  
Жан жаппай жақсы еңбекте жарысқанда,  
Ұят-ау, осылардан озбағаным?

Алғанда халкым тауып күткен бақтың,  
Қалайша қарыштамай күйбен қақтым?  
Ақынның айқайы аспанды алмайтын ба,  
Дабысы жарғанда жер біздің жақтың.  
Байтақ ел, байсалды өлке — Қазақстан;  
Біріміз — он бірінің ұлы одақтың.  
Дәуірлеп, дәурен өрлеп тұрған елміз,  
Азат боп түрмесінен канды азаптың.  
Таңынан тарихының толғаны осы  
Ерікті ел қазақтың, ер қазақтың.  
Елімнің шаттығынан шалқып жырым,  
Мен де айдап өлеңімді өрге тарттым.  
Отаны азаттықтың, адамзаттың!  
Бай жерім, бақытты елім — ұлы одағым;  
Табысқан туысқандай алуан халық  
Астында бақыт тудың — балға, орақтың!

Ырысты, еркін, азат елім қандай,  
Кең-байтақ, кен дәулетті жерім қандай!  
Өлкемнің оны мақта, солы қырман,  
Бітетін біздің жерге егін қандай!  
Өрбіткен алуан түрлі асыл тұқым,  
Төгілген ойда, қырда төлім қандай!  
Бал еткен малдың сүтін, аңның етін  
Гүл, жұпар, күшті дәрі — шөбім қандай!  
Алатау, Алтай, Арқа, Қаратаудан  
Қазынам, халкым алған кенім қандай!  
Былқыған балығымен, байлығымен  
Атырау, Арал, Балқаш көлім қандай!  
Үсті ырыс, асты қазына Қазақстан,  
Уа шіркін, өлкемдегі өмір қандай!

Біз бір бай ұлы одақтың өлкесіміз —  
Бақытты елі осындай, жері сондай!

Уа, халқым, он жылында «Даланды» айттым,  
Ой, кырын, орман, тауын, санды айттым;  
Ертіс, Сыр, Есіл, Жайық — ел қонысым, —  
Алатау, Алтай, Балқаш, Аралды айттым.  
Ақтабан-шұбырынды, шулаған жұрт,  
Қаратау, қансыратқан заманды айттым.  
Би, болыс, ояз, ұлық билегенде  
Қара күн, қараңғылық қамауды айттым.  
Ақ жорық — «Алаш» жалау көтергенде  
Халқыма қанша тиген залалды айттым.  
Жауды айдап, жақсы өлкемді жасамаққа  
Лениннен қазақ мандат алғанды айттым.  
Шат көңіл, тарих атты шежіре шал  
Құшақтап, құттықтаған баланды айттым.  
Өлкем шат, өмірім қызық екендігін  
Сол кезде-ақ айналаға абайлаттым.

Өткен күн құл мен күннің базарындай,  
Қан кешкен халық бар ма, қазағындай?  
Хан заман — қараңғылық, ойран заман —  
Түнерген Түркістанның мазарындай.  
Қарғаймыз хан, патшаның қара күнін —  
Халықтың ауыр дерті, ажалындай.  
Ерді — құл, әйелді — күң, елді — қор қып,  
Артқан күн ажырығын жазалыдай.  
Тартып ең талай қорлық, қайран жұртым,  
Заманда абактының азабындай!  
Қалдырған қараңғының қамауында  
Халқыма болды ма ауыр жаза мұндай?  
Бұл күнде елім азат, жерім абат,  
Заманды көрді қашан қазақ мұндай?  
Айта ма дені дұрыс адам ұлы,  
Жетті деп бұл дәуірге қазақ оңай?

Кең далам, кемеліне келген далам,  
Гүлденген шат-шадыман елмен далам!

Жадырап жаз өмірдің күні астында,  
Жамырап, жайрандасып өрген далам!  
Артында қалды-ау талай кара күндер,  
Аң болып, а құдайлап жүрген заман.  
Бакытына бал аштырып, баксы ойнатып,  
Таңдағы төнірімнен деп сенген заман.  
Бак іздеп, желмаямен жер шалдыртып,  
Асанның кайғысымен желген заман.  
Ұшырап ұлы апатқа ойы, кыры  
Өртеніп, жанып күл боп, сөнген далам.  
Жасарған жақсы өмірдің жазы жайнап,  
Көп заман күткен күнін көрген далам.  
Шаттығын сол даланың желқайык кып,  
Шалкы жыр, шалкы көніл, тебірен қалам!  
Шаттығым, мактанышым, бақытты елім,  
Атанған Қазақстан байтақ жерім.  
Тобыңнан тойға ұласқан көрсін жан-жақ  
Отаннын шын ұлдарын, ел ерлерін!  
Еркін ел, ерікті еңбек ерлері деп  
Отырсын омырауларда — орден Ленин.  
Ырысы еңбегімнің, елім көркі,  
Көмейі, күйі шаттық өлеңдердің;  
Осылар жаңа заңын жариялап,  
Көрсетсін әлемге елім кенелгенін.  
Шығыста шын үлгісі біздің аймақ —  
Ерік алып, ел болайық — дегендердің.  
Халқымның қуанышы қалтыратсын,  
Қас дұшпан, қалған жаудың өлерменін.  
Мойныма буршақ салып өткен күнде  
Осындай ел болуын тілегемін.  
Күніміз әлемді алсын жарқылдаған,  
Үніміз жерді жарсын саңқылдаған.  
Шуымыз шаттығымен шалқып көкке,  
Туымыз тұрсын биік алтындаған.  
Бакытты жаңа заман, жаңа заңым,  
Халқымның қандайлығын айқындаған.  
Күшті отан, өнерлі өлке біз боламыз,  
Қуанып досы, жауы қалтыраған.



Қалмасын халқымызда жалқау, надан,  
Еңбегін ел ырысына сарп ұрмаған.  
Шырқалсын шаттық үні әншілердің,  
Ақыннан сөз қалмасын айтылмаған;  
Төгілсін тәтті жырлар, күшті күйлер!  
Асыл сөз, аңқып лебіз, шалқыған ән.  
Отанның ұлдарынан шыға берсін,  
Үні деп бақытты елдің жан тындаған!

*1934 жыл.*

### ҮЙГЕ КЕЛЕМ

Аманмын, Еділдемін, жолым жайлы,  
Тепшілеп теріп жүрмін Исатайды.  
Келемін Астраханнан жоғары өрлеп,  
Жеріне жолаушыға жету қайғы.  
Пароход жүрдек, күшті өрге қарай,  
Тартады пристаньға көп тұрмайды,  
Қаласы Сталинград <sup>1</sup> алдымызда,  
Пароход осы арада көп тоқтайды.  
Ұясы трактордың осында ғой,  
Әнеки, заводтары бұрқылдайды.  
Көреміз бәрін дағы жолдағының,  
Бірер күн аз да болса өтті мейлі!..  
Фатима, еркелетіп Азатымды,  
Сүйіп қой, ағасы үшін Үмітайды!

*1934 жыл.*

---

<sup>1</sup>Қазіргі Волгоград

## ҮМІТАЙ

Саусақайы салбырап,  
Екі беті албырап,  
Құлақайы құнысып,  
Екі көзі жаудырап  
Үмітім қайда жүр екен?  
Ауызқайы шөмішіп,  
Екі меруерт аузында,  
Иекейі елбіреп,  
Білекейі жауқазын ба?  
Үмітім қайда тұр екен?  
Алдымдағы ағаштың  
Алдым қолға алмасын,  
Алма екен деп алғаным —  
Үмітайым болмасын?!  
Асыл екі меруерт  
Аузына салған кім?  
Үмітайым тісі екен  
Меруерт деп қалғаным.

*1934 жыл.*

## СУЫҚ КҮН

Суық күн!  
Ақша қармен жерді жапқан.  
Суық күн!  
Жұрт жүрегін қалтыратқан.  
Суық күн!  
Ұлы Отанның жүрегіне  
Жау жендет жасырынып бір оқ атқан.  
Суық күн!  
Сұмырайды көргенде жек:  
Қатты ашу, мұзға айналды қайнаған кек.  
Қамығу қайратпенен боран болып,  
— Лағнет!

— Жау жендеті-ай! — демеген жоқ.  
Суық күн! Жарқылдайсың бүгін ашық,  
Күміс қар, қызыл тулар нұрын шашып.  
Мың тулар, миллиондар ерді еске алып,  
Ысытып суық күнді алға бастық.  
Суық күн!

Сескендірген бізді бір уақ,  
Қарайған календарьда бір жапырақ.  
Әлемге ұран болар, нұрландырар  
Қып-қызыл тамшы қаннан ту жарқырап.

*1935 жыл.*

## ҮМІТКЕ

Үмітім-ау, Үмітім,  
Сағындым-ау күні-түн.  
Кім қолында отырсың?  
Көзімдегі жанарсың,  
Қолымдағы құсымсың,  
Қуандырған отымсың.  
Жүрегімде ұшқынсың,  
Білегімде күшімсің,  
Қуанышым отысың.  
Өмірімдегі үмітсің,  
Күнім, саған кім жетсін!  
Бұл хатты өзің оқырсын.  
Жазған байғұс шерменде  
Жолаушылап жүргенде,  
Зарығып бір сүйгенге,  
Суретіңе телміріп  
Сағынсын шал, сағынсын.

*1935 жыл.*

## КЕҢЕС ЖАЛАУЫ

(«Челюскин» жорыгының жылдыгына)

Ұшқыр жыр,  
Кұстай ұмтыл,  
Канатың как!  
Как, заула,  
Шық аспанға,  
Талпынып бақ!  
Шықты жаз,  
Бауырың жаз,  
Ескек жырым!  
Желдей ес,  
Әлі де қыс  
Мұз мұхит жақ.  
Борап қар,  
Тұрған шығар  
Қыс жылынбай,  
Ақ аю,  
Боран гу-гу,  
Үскірік-ай.  
Боранды,  
Мұз, тұманды  
Елемей ұш.  
Кенестің  
Мұзды кескен  
Ұшқырындай.  
Молоков  
Сияқты боп,  
Көкке шырқа.  
Ал өрлет,  
Мұхиттан өт,  
Бұлтты қырқа.  
Шыр айнал,  
Былтырғы арал  
Не күйде екен?  
Мұз тұр ма,  
Сен жатыр ма?  
Жұртта жұрқа?

Сен мініп,  
Шатыр тігіп,  
Түтін салған,  
Бар лагерь,  
Бар ма лагерь  
Шоғырланған?  
Мұз мұртты  
Шмидті  
Көре алмайсың,  
Өткен жыл  
Ұшып лагерь  
Кетіп қалған.

\* \* \*

Биікке,  
Өрлеп көкке  
Мұз теңізде,  
Әне, анау  
Тұрған жалау  
Таныс бізге.  
Балға, Орақ  
Жылы ұшырап  
Көзге түсер.  
Көз жібер  
Ол — СССР  
Деген сөзге.  
Мұхитта,  
Дүлей жақта  
Мұз қыстайды.  
СССР  
Өншен, ұшқыр  
Құс ұстайды.  
Мұз, түнде,  
Дүлей дүние  
Ортасында,  
Жұртым-ау,  
Жалғыз жалау  
Неге ұқсайды?

Жер, дүние  
Топан күйде  
мұз құсады.  
Жалмауыз  
Капитал мұз  
Сең қысады.  
Меніреу қыз —  
Занғар шын, құз.  
СССР-дің  
Әне анау  
Қызыл жалау  
өз нысаны!  
Қар, сендей  
Жеңілгендей  
Қара жер карт,  
Дегендей  
Кеудемді өрлей  
Жолыңды тарт.  
Керілді,  
Керуендеді,  
Аттанды өрге,  
Қайнаған  
Мұзды айырған  
Ұлы қуат.

## БІЗДІҢ БАҚША

Біз жатқан жердің шары өрге қарай,  
Кең дала, терең теңіз, таулар талай.  
Отаны ұлы Одақтың социалдық,  
Ордасы көркем Мәскеу — Кенес сарай.

Жер гүлдеп, ел түрленіп, өзен ақса,  
Қол қайнап, күліп-ойнап істеп жатса,  
Әлемнің алтыдан бір шенін алған,  
Осы өлке тұтасымен біздің бақша.

Көркейіп, гүлденіп тұр Кеңес бағы,  
Бейісте дәл осындай емес тағы!



Жас күнінмен жайсаң тай  
Ұлы дуда жарыстың.  
«Тар жолдарда» тайсалмай,  
Жау қолында алыстың.

Жауға туды тулатып,  
«Асығып тез аттандың».  
Жұртын жауды қиратып,  
Майдан сайын мақтандың.

Алуан әсем күйменен  
Әндеттің «Сыр сандығын».  
Тәтті ой, өткір тілменен  
Кен даланы жарды үнің.

Қызыл желдей гулеткен  
Сөзді сенің қаламың.  
Ұлы ұранға күй шерткен  
«Домбырасы» даланың.

«Қара жерді» шаршылап,  
«Экспресс» ұшқанда,  
«Қара айғырдай» аршындап,  
Шаптың «Советстанда».

«Қызыл аты» қазақтың  
Топты жара шапқанда;  
Аксақалы Одақтың  
Саған үкі таққанда;

Айтылмаған ешкімге  
Айтылғаны ойдағым,  
Сол қуаныш үстінде  
Қиулап бір қойғаным.

Шап, жүйрігім, тұлпарым,  
Шапсан қуант халқынды.  
Шырқа, қызыл сұңқарым,  
Салшы көкте саңқылды.



«Тұлпарымдай» ағынды,  
«Аспандағы» — асыл сөз;  
«Жолдастардай» жалынды  
Жырларыңды жазшы тез!

Жырламасқа теңіздей,  
Қуаныштың шегі жоқ.  
Ардақталған өзіндей,  
Қазақта ақын тегі жоқ.

## ДОМБЫРА

Домбыра, сенде мін бар ма?  
Мінсіз болсаң — тіл бар ма?  
Тіл жоқ деуге бола ма  
Тілден анық үн барда?  
Домбыраның күші мол  
Көмейінде күй барда!

Сылдыр-сылдыр  
Сар қамыстан  
Төгілді жыр,  
Өрді алыстан.  
Келді жақын сең қағысқан,  
Үн шыққандай жолбарыстан.  
Түншыққандай  
Өлді арыстан,  
Ат шапқандай  
Жер қайысқан.

Сыңғырады әсем күй  
Қоңыр Балқаш желімен.  
Сылдырады қамыстай.  
Бірде жуық жеделдеп,  
Бірде сарын алыстай.  
Бірде жерді су басты,  
Сел қаптаған дабыстай.

Бірде жерді шу басты,  
Ұрандаған жарыстай.  
Бірде адақтап ақты күй  
Ағалаған дауыстай.  
Ыныранып қалды домбыра  
Қамыстағы барыстай.  
Күй шерінде шек тартты,  
Үй найзасы қылтылдап,  
Құлақ, түпте — жүректі  
Қояр ма екен шанышпай?

*1936 жыл.*

## КҮЙ

Күйді қаққан саусақтан,  
Шерткен күйлі ішектен,  
Көкке серпіп кетті күй.  
Алыстағы тұмандай  
Көз ұшында бұлдырап,  
Кейде саңқыл соқты күй  
Тас бұлақтай сылдырап.  
Кейде бұлтың қақты күй  
Ойнақтаған құлындай  
Кұйрық атып құлдырап.  
Жылы тиді денеге  
Жібек желдей ілбіреп.  
Қейде бал-бұл тіл шықты  
Жас баладай былдырап.

Қыз жүрегі жылынып,  
Сала берді өзінің  
Жібегіндей үлбіреп;  
Қыз сарайы ашылды  
Көңіл бұлты ыдырап.  
Сөйтсе де керіп жатты анық  
Қақты шалқып күй бірақ.

Бұл күйдін мұндай суретін  
Ой құрықтап, тіл тауып  
Айту тіпті қиынырақ!

*1936 жыл.*

## ТОП АЛДЫНДА

Топ алдына шығайын  
Жазыла жаз, қаламым!  
Топқа ма әлде тойға ма  
Топырласып жатқанда.  
Жинал өлке жан-жақтан,  
Серпіл көкке қызыл ту!  
Сергіте дос көңілін,  
Сескендіре жау жағын.  
Соқ музыка, бас күйге,  
Топтың көңілін серпе тарт,  
Қуандыра қабағын.

\* \* \*

Тобыңа дос сүйінсін,  
Тобыңа жау күйінсін;  
Күйдіре тарт жау жағын.  
Ұйысын сенен тыңдаған  
Ұлы Отанның кеңесін —  
Қуаныштың хабарын.  
Біздің қалам қимылда,  
Ұлы Отанның жырын айт,  
Желпінте жаз адамын.  
Мұнда жазбай қайтесің,  
Жазатұғын заманың;  
Қазақстан дегенде  
Жақсылары осында  
Қала мен даланың...

\* \* \*

Қуаныштың үстінде  
Ұлы өлкенің кеңесі.  
Тойдан тойға ұласқан,  
Жылдан жылға масайрап,  
Топтан топқа жол асқан;  
Бес-бес белес, бел аттап,  
Жол асқанда, мол асқан.  
Ұлы майдан күресте  
Ту астында топтасып.  
Ұлы ұранды қолдасқан  
Кең даланың кеңесі  
Кеңінен бір толғауға  
Бүгінгі күн топ ашқан.

\* \* \*

Топ иесі қандай ел?  
Ұлы майдан жолында  
Талайды артқа тастап ел,  
Талай өмірді өзгертіп,  
Талай аскарды алған ел;  
Талай тауды талқандап,  
Талай жауды басқан ел.  
Талай-талай той тойлап,  
Талай кеңес ашқан ел.  
Тағы ілгері өрлеуге,  
Талай істі сөйлеуге  
Тағы топты бастады ел.

Топ ажарын байкалық  
Кімдер бар да, кімдер жоқ?  
Қуаныш топ, еркін топ,  
Би, болысты сайлауға  
Сүмен қағып жүрген жоқ.  
Сақалдары сапсыып,  
Қарындары шартыып

Мөр ұстаған билер жоқ.  
Жез қарғылы құба арлан  
Знак салған болыс жоқ.  
Ел арқасын жауыр қып  
Жұрт мойнына мінген жоқ.  
Қасқырдайын ырсыып,  
Қарақұрттай тырсыып  
Топқа ақсақал кірген жоқ.  
Қатын басын аша алмай,  
Жесір зарлап, еңіреп,  
Жетім жылап жүрген жоқ.  
Жалшыны айдап ауылнай.  
Аққа жарлы күйген жоқ.  
Маңдайына жез қадап,  
Шабармандар елді айдап,  
Қоқандаған құрғыр жоқ.  
Шар салысқан, ел тартыс,  
Қарта, құман, жан алыс,  
Би кесіктен тұлдыр жоқ.  
Жемтігіне жарлының  
Жалмандаған қорқау жоқ.  
Талқан болды ол заман,  
Тосқан туы жығылып  
Тозғындады жүн-жүн боп.  
Чиновник жоқ, тілмаш жоқ,  
Бұл сұмдардан бірі жоқ.  
Топ — жігердің қайнауы,  
Еркін елдің сайлауы,  
Топ ішінде күн, күл жоқ!

\* \* \*

Топ ішінде кімдер бар?  
Ол күндегі жылаған  
Бұл күндегі күлген бар.  
Қару алып, хат танып,  
Машинаға аттанып  
Өскен елдің ұлы көп

Оңын-солын білген бар.  
Жана өмірдің зергері,  
Ұлы еңбектің ерлері  
Ұлы Отанын сүйген бар.  
Ескі өмірді майдандап,  
Қалың қамалды ойрандап  
Жауға қатты тиген бар.  
Көгертуге даласын,  
Гүлдентуге қаласын  
Жігер салып жүрген бар.  
Көңілдерін өрге сап,  
Топ үстіне топ жасап  
Кеңесіңе кірген бар.

\* \* \*

Топқа қайдан келген бар?  
Атырау, Алтай, Алатау,  
Ертіс, Жайық, Еділ бар;  
Нарын, Көкше, Сыр, Баян,  
Арал, Балқаш көлі бар.  
Топта судың басы бар,  
Топта Қытай шегі бар.  
Осы ортаның өлкесі  
Кең дала, кең кеңесі,  
Топта байтақ елі бар.  
Шөлді көлге суарған,  
Жер қазынасын шығарған  
Топтың талай кеңі бар.  
Колхоздарын құлпыртқан  
Еңбек күннің ері бар.  
Совхоздарын мыңғыртқан  
Сарыарқаның белі бар;  
Топ тұрпаты бұл сынды.  
Абайлатар айдыны,  
Дос пен дұшпан ұғынар.

Топта тағы кімдер бар?  
Қасқия келіп отырған

Қарағанды батыр бар.  
Алыбынан Алтайдын  
Ақиықтар келіпті,  
Топ алдында шарықтар;  
Топ ішіне толыпты  
Талай жігер, қайраттар.  
Топ алдына тартылды  
Талай жатқан байлықтар.  
Риддер, Балқаш, Жезқазған  
Топ дәулеті біз дейді  
Талай-талай алыптар.  
Топқа үйін тігіп тұр.  
Толып жатқан комбинат,  
Талай жаңа заводтар.  
Топ алдында жасау боп  
Жер жексені ашылды,  
Топқа шашу шашылды:  
Солтүстіктен астықтар,  
Оңтүстіктен мамықтар.  
Топқа табак тартып тұр,  
Арал, Балқаш — балықтар.  
Мұның бәрін жеткізіп  
Қуаныштың үстінде  
Қуанған бір ақынға  
Айта алмауға қауіп бар.

\* \* \*

Топқа жаңа ел келді,  
Тағы алдынан шығайын:  
— Қош келіңіз, келіңіз,  
Қолыңызды беріңіз,  
Шылбырыңызды алайын.  
Топқа мініп келіпсіз:  
Трактор мен комбайн —  
Атыңызды ұстайын  
МТС-тің ерлері,  
Топты жердей қыртыста

Төнкер жердін мұрасын.  
Сіз де келіп қалыпсыз  
Жаркын жүзді, мүләйім,  
Жер желінін сауған ер,  
Ембіден жер мұнайын.  
Жігері май, жері май  
Топ төрін ал, ерім-ай,  
Сені құрмет қылайын,  
Құшақ жайып бәріне,  
Мал иесі ерім деп,  
Қош келдіңіз ерім деп  
Қол қусырып тұрайын!  
Жоғары шық жолдасым!  
Сіз де келіп қалыпсыз —  
Шымкенттегі қорғасын.  
Орнатқанда ортаға  
Ұлы еңбектің ордасын;  
Сөйле, көне, тындалық,  
Заводынның олжасын,  
Топ шашуы не болды?  
Қанша құйдың қорғасын?  
Топ алдында есеп бер —  
Көне неше тоннасың?  
Қаская соқ жалтармай,  
Өз олжанды айта алмай  
Топтан ұят болмасын!

\* \* \*

Түрксібтің ерлері!  
Топ таңырқап тыңдасын.  
Паровоздай ырсылда,  
Поезындай күш алып,  
Қалың топты қақ жарып,  
Қарқындай соқ, бұрқылда!  
Саған бұйрық берілген  
Жүрісінді жедел бас,  
Күн кешікпе, түн тынба!



Ел алдында үлгілім,  
Ал бөйгенді дүлділім  
Топ шуламай тың-тында!  
Сенен шыққан ерлер көп  
Паровоздар, деполар,  
Топтың сөзі сенікі,  
Не сөйлесең еркінде!

\* \* \*

Қарақтарым, келіңіз,  
Қызғалдақтай балалар!  
Топ қуанып тындасын,  
Барабанды дүрсілдет  
Өңшең қызыл жағалар!  
Серт, тапсырма, сөз сөйле  
Сүйсінейін сендерге,  
Топ жасаған ағалар,  
Мектебіміз қанша екен?  
Қанша оқыған бала бар?  
Оқытушы, сөз саған!  
Оқымаған бар ма екен?  
Көне, қанша қалды екен,  
Ағармаған қалалар?

Жазушылар, акындар,  
Сендерге де жақындар;  
Акын деген самар жақ,  
Тойды бастап, топқа арнап  
Қашаннан-ақ какылдар.  
Қалам алған жазушы,  
Осы топтың аузында  
Сендердің де атын бар.  
Ұлы Отанның ері деп,  
Ұлы ұранның жыры деп  
Не жаздыңдар, айтындар!  
Жазғаныңды, жақсыңды,  
Топ алдына тартындар!

Осы топтың ішінде  
Алуан-алуан үлгі отыр  
Қайсысын жаздың, оқындар!  
Топ төгіп тұр олжаны,  
Топтың сөзі:  
— Жаз, кәне!  
— Өрге тартып барамыз.  
— Жаза алмасан, жатындар!  
Тағы-тағы бұл топқа  
Кімдер келіп жатқан жоқ,  
Қала менен даланың  
Талайын тіл айтқан жоқ.  
Бір күнде жау айдасқан,  
Октябрьді жасасқан  
Талай алмас қарттар көп,  
Солар отыр топты ашып,  
Тобы тойға ұласып,  
Топ — қызыққа батқан топ.  
Топ өлкенің жан-жағы  
Өншен күре балуаны  
Басқа жақта бар ма әлі  
Қатын сөйлеп жатқан топ!

\* \* \*

Ұлы күрес тобы бұл,  
Ұлы майдан тойы бұл  
Жауды жеңген паршалап.  
Ұлы жолда қолдасқан,  
Жылдан-жылға бел асқан,  
Өрден-өрге өршелеп  
Ұлы Отанның жұмысын,  
Ұлы жолдың жүрісін  
Осы топта өлшемек.  
Ленин туы қолында  
Топ басында большевик!

Солар бастап міне тұр,  
 Кең даланың кеңесін.  
 Бастап, асар тағы да  
 Бесжылдықтың белесін  
 Еңбек тобы мінеки!  
 Ұлы жоспар — үлкен үй  
 Мықты орнатқан іргесін,  
 Қағып жатыр шегесін.  
 Өрнегін сал ұлы үйдін  
 Түрлесін ерлер, түрлесін!  
 Сол ерлердің бүгінде,  
 Мына ұлы дүбірде  
 Мыңын топтан көресін.  
 Осындай топ алмас па  
 Көрген жаудың зәресін!  
 Жауға қарсы айбынды,  
 Елге басшы даңғылды  
 Сайласын топ, сайласын  
 Ұлы Отанның кеңесін —  
 Үлкен үйдің иесін!

*1937 жыл.*

### «ПРАВДАҒА»

Азаттықтың дабылы —  
 Аты жақсы «Правда».  
 Әлемнің нұр маягі,  
 Ұр дабылды, ұранда!  
 Бақ өмірдің нұрындай  
 Большевиктің қолында,  
 Тұрсын Ленин туындай,  
 Азаматтың жолында.

Нұрландырған қазақты  
 «Правдамыз», біз де шат.

Атын бізге ардақты  
Халкым сүйген — хақиқат.

*1937 жыл.*

## МАЙ ЖЫРЫ

Жер суы,  
Майдың туы  
    Ұрандаған.  
Топталған,  
Жауға аттанған,  
    Құралданған.  
Кызыл ту  
Жер жүзін шу —  
    Дүбір қылған,  
Жер жүзі жұмыскері, бірігіндер!  
Тұтқында —  
Жау қолында  
    Ер қиналған.  
Зарықты,  
Жарық күтті  
    Эрнест Тельман.  
Майданға,  
Шығаруға  
    Жау қолынан  
Жер жүзі жұмыскері, бірігіндер!  
Ту қолда  
Шық майданға,  
    Жинал, жан-жақ.  
Оқ сайла,  
Қылыш қайра  
    Жауына арнап.  
Жер жүзі жұмыскері, бірігіндер!

*1937 жыл.*

қорынан алынып, жіберіліп отыр. Бірақ бұлардың көбі бұрын мерзімді баспасөз бетінде жарық көрген дүниелер. Мәселен:

«П-ға» Ақсу аудандық «Өмір нұры» газетінде (5 маусым, 1965 ж.) «Тұс», «Алдымда суреті түр ойнақтаған», «Бақыттымын», «Сағыну», «Қара теңіз», «Жарияланбаған өлеңдерінен» деген айдаршамен «Лениншіл жас» (4 сәуір, 1965 ж.) газетінде жарияланған.

Ақынның тағы бір топ өлеңдері («Өмірдің, сәулем, тәттісі-ай», «Лирикалық дәптерлер», «Осыным менің қай қылық», т. б.) «Жарияланбаған өлеңдер» деген айдаршамен «Лениншіл жас» (29 мамыр, 1965 ж.) газетінде жарияланған.

«Қаракөз», тағы басқа бірнеше махаббат лирикасы Ақсу аудандық «Өмір нұры» газетінің 1965 жылғы 7 мамырдағы санында жарияланды.

«Жастықтың жаптым кітабын», «Жаздағы жыл құсыма», «Мен айналдым көзіңнен», «Неше жылдай көре алмай», «Қара бір көзің мөлдіреп», «Ақтөбеді ақ боран», «Жаным, жылама», «Сағынам», «Жайдары жарық, аспаным» тәрізді бір топ махаббат лирикасы мен хаттары «Жүлдыз» журналының 1983 жылғы 1-санында жарияланды.

«Ертістен хат» — 1930 жылы «Жаршы» журналының 3-санында жарияланған.

«Үйге келем», «Үмітай», «Үмітке» өлеңдері Қазақстан Республикасы мемлекеттік архивіндегі Ф. Ғабитова қорынан алынып жіберілді.

«Кенес жалауы», «Біздің бақша» ақынның Қазақстан Республикасы мемлекеттік архивіндегі өз қорынан (№ 30 папка, 1, 2, 3, 4, 5, беттер) алынды.

«Күйге» Қазақстан Республикасы мемлекеттік архивіндегі Ф. Ғабитова қорынан алынды.

Илияс Жансүгіровтің бұл томын баспаға әзірлеу үстінде ақынның бұл айтылғандардан өзге де бірқатар өлеңдеріне текстологиялық жағынан анықтау, айқындау жұмысы жүргізілді. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік архивіндегі ақын қорындағы материалдар негізінен араб әрпімен жазылған. Тіліміздегі сөздердің бірқатары бұл әріптердің қолданылуына көне бермейтіні мәлім. Осымен байланысты бірсыпыра сөздердің қате жазылуы сөз мағынасына, өлең жолдарының ұғынықтылығына, сурет, бояу дәлдігіне нұқсан келтірген. Осындай сөздерге өлең мағынасына, ақын лексикасына, стиліне сүйене отырып, айқындау, анықтау, дәлдік мағынасында жөндеулер жасадық. Мысалы, «Ескі күн» деген өлеңде «еш» деп жазылып кеткен сөз жол мағынасына қарап «ес» деп өзгертілді. Осы өлеңдегі «аққостағы» деп бірге жазылып кеткен сөз «ақ қостағы» деп айқындаушы бөлек жазылды, «тектелі өскен» деген сөз «телі өскен» деп мағынасы ашылып, жөнделіп жазылды.

«Аяныш» деген өлеңде «қазақ кімге өп кетті» деген жол сөз мағынасына қарай «қазақ кімге өкпе етті» деп түзетілді.

Осы тәрізді «Қосылыс» деген өлендегі «көлбек тесіп» деген сөз «көлбектесіп» деп, «Кім десем» деген өлендегі «таспак» деп қате жазылған сөз «тақпақ» деп, «жандантып жансыздауға себеп болған» деген жол «жандантып жан сыздауға» деп мағынасы ашылып, түзетіліп жазылды.

«Анам тілі» деген өлендегі «Ақкәусар» деген сөз «апкәусар» деп жөнделіп, ап — парсыша су, кәусар — парсыша таза, тұнық, мөлдір деген сөз делініп, өлең аяғына түсініктеме берілді.

«Сұм жалғаннан» деген өлендегі «Өтті сезім, отты сөзім» өленінің жолдың мағынасына қарай «отты сезім, өтті сөзім» болып жөнделді.

«Жүр ме екен сәуле көлендеп» деген өлендегі «Онда да өмір сүрмекен» деген жол сөз мағынасына, жалпы өлең мағынасына байланысты «Онда да өмір сүр ма екен» деп түзетілді. Осы өлендегі «қайнысыз» деген сөз өлең мағынасына қарай «қайғысыз», «тиусіз» деген сөз «тиюсыз» деп алынды.

Сөйтіп, томда жиыны жүз шақты туындыға — өлең, жол мағынасы ашылмай, сөз мағынасы бұзылып тұрған сөздерге — осы тәрізді текстологиялық жұмыс жүрді.

**Құрастырушылар**

## ТҮСІНІКТЕР

Ілияс Жансүгіровтің бұл томына кірген өлеңдері, негізінен, оның 1960 — 1964 жылдардың аралығында Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан жарық көрген бес томдық шығармалар жинағының бірінші томынан алынды. Бұл томға берілген түсініктер осы томға енгізілген туындылар мен текстологиялық жұмыстар төңірегінде болмақ.

### *1912—1920*

I. Жансүгіровтің бұл томы акын өлеңдерінің жазылу хронологиясына қарай жасалуымен байланысты, оның «Әнші апама» деген өлеңімен ашылып отыр. Бұған дейін Ілияс Жансүгіров шығармашылығы 1915 — 1916 жылдардан басталады делініп келсе, акынның Қазақстан Республикасы мемлекеттік архивіндегі өз қорынан табылған (№ 37 папка, 127-бет) осы өлеңі бұл пікірді өзгертіп, оның шығармашылығының бұдан гөрі сәл ілгеріректен басталатынын дәлелдеп отыр.

1915 — 1916 жылдарда жазылған «Әншіге», «Бұлбұлға», «Арман», «Өзіме», «Сәлемдеме», «Көңілдің жүгірісі», «Жанды сөз», «Мұңды құс», «Алдымда», «Ынтықтар», «Замандасқа», «Жыбырлақ», «Маңым», «Шымшытырық», «Жаңылғаным», «Қалпымыз», «Талғамалар» атты өлеңдері 1960 жылы шыққан I-томда тұңғыш рет жарық көрген болатын. Ал осы жылдары жазылған «Қаламға», «Біздің жазда», «Игілік», «Алыс-беріс», «Қарындастарыма», «Оқу», «Жаз — құдаша», «Май», «Ғұрыптар», «Ғазизаның аузынан», «Аяныш», «Ескі күн», тағы басқа бірқатар өлеңдері акынның Қазақстан Республикасы мемлекеттік архивіндегі өз қорынан табылды. Бірақ бұлар акынның жетпіс, сексен, тоқсан және жүз жасқа толу тойының республикалық өреде өтуімен байланысты мерзімді баспасөзде, атап айтқанда «Қазақ әдебиеті», «Жетісу», «Өмір нұры», «Лениншіл жас», «Жас Алаш» газеттері мен «Жұлдыз» журналында жарық көрген туындылар. Ал негізгі түпнұсқасы — акынның 1957 жылы қазақтың А. С. Пушкин атындағы мемлекеттік кітапханасынан табылған «Балдырған» атты қолжазба жинағында.

1915 — 1916 жылдары жазылған өлеңдер тобына кіргізілген, бірақ аяғында жазылған жылы көрсетілмеген «Ішім еріп», «Май айында көп ағаш», «Түйе боздап, қой қоздап» деген өлеңдері мазмұнына, стиліне карап, осы тұста жазылған өлеңдер деп ұйғардық.

Ақынның «Балдырған» атты қолжазба жинағында «Бір соқыр баланың арманы» деген өлең 1960 жылы жарық көрген 1-томға «Ана махаббаты» деген атпен енгізілген екен. Жақша ішінде «Соқыр баланың арманы» деген түсіндірме бар. Бұл томға ақынның өзі қойған атпен «Бір соқыр баланың арманы» деп жіберілді. Бұған қоса мазмұн ана махаббаты туралы емес, баланың анаға деген махаббаты жайында. Сондай-ақ, осы өлеңнің 1960 жылы шыққан 1-томдағы нұсқасының үшінші жолы «Көгілдір судың өні, шүп-шұбар деп» деп қате жазылған екен. Бұл жол «Көгілдір судың түсі, шөп — жасыл деп» деп түпнұсқадағы жазылуынша түзетіліп жіберілді. Сол секілді, аталмыш томда осы өлең 1921 жылы жазылды деп көрсетілген. Ал өлеңнің түпнұсқасы «Балдырған» қолжазба жинағында екенін айттық. «Балдырған» жинағын ақын өз қолымен 1915 — 1916 жылдарда жазған өлеңдерім деп көрсеткен. Олай болса бұл өлең ақынның 1915 — 1916 жылдарда жазылған өлеңдерінің тобына жатады. Түпнұсқаға сүйене отырып, бұл өлеңнің де жазылған жылы 1915 — 1916 жылдар деп өзгертілді.

1960 жылғы 1-томда «Әншіге» деген өлеңінің 1—2 жолы «жытар» деген бір сөзбен ұйқасқан. 1958 жылы жарық көрген бір томдықта 1-жол «жытар», 2-жол «зытар» болып ұйқасқан. Бұл томға 1958 жылғы басылымдағы дұрыс ұйқасы жіберілді.

1960 жылғы 1-томда «Бұлбұлға» деген өлеңнің 2-жолы «Тамсандым, тамағымның суын жұтып» деп басылған. Ал 1958 жылғы бір томдықта «Тамсандым, таңдайымның суын жұтып» деп басылған. Бұл жана томға осы соңғы дұрыс нұсқасы жіберілді.

1917 жылы жазылған «Таң» дейтін өлең бұл томға Қазақстан Республикасы мемлекеттік мұрағатындағы ақынның өз қорынан (№ 37 папка, 127—128-беттер) алынып жіберілді.

### *1920—1930*

Бұл томға енгізіліп отырған «Анам тілі», «Қозғалар көңіл...», «Қазақ қазынасы» деген өлеңдер Қазақстан Республикасы мемлекеттік архивіндегі ақын қорынан алынды (№ 37 папка, 84, 92, 101, 127, 128, 130 беттер.) «Қазақ қазынасы», «Жұлдыз» журналының 1965 жылғы 5-санында жарияланған, (103-бетте.)

### *1930—1937*

Бұл басылымға ақынның 1930 жылдарда жазған махаббат лирикалары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік архивіндегі Ф. Ғабитова



## МАЗМУНЫ

Құлагер .....	5
<i>1909–1920</i>	
Әнші апама .....	28
Күзгі гүлге .....	29
Әншіге .....	—
Бұлбұлға .....	30
Арман .....	31
Өзіме .....	—
Сәлемдеме .....	32
Көңілдің жүгірісі .....	33
Жанды сөз .....	34
Мұнды күс .....	35
Алдымда .....	—
Ынтықтар .....	36
Замандасқа .....	38
Жыбырлақ .....	—
Маңым .....	39
Шым-шытырық .....	40
Жаңылғаным .....	41
Қалпымыз .....	42
Талғамалар .....	45
Қаламға .....	47
Біздің жазда .....	48
Ішім еріп .....	49
Игілік .....	50
Алыс-беріс .....	52
Қазақ үйдің тұрмысы .....	53
Жаз — құдаша .....	54
Оқу .....	55
Қарындастарыма .....	56
Май .....	—
«Май айында көп ағаш...» .....	57
«Түйе боздап, қой қоздап...» .....	—
Ғазизаның аузынан .....	58
Ғұрыптар .....	59
Ескі күн .....	60
Аяныш .....	62
Қосылыс .....	63
Кім десем .....	—
Бір соқыр баланың арманы .....	64

Тілек .....	65
Таң .....	66
Не күйде .....	67
Ел шетінде, жау бетінде .....	—
«Тәңір-ау, неге болам мәз» .....	68
Боранда .....	—
Арыным .....	69
Ортақшыл партияға .....	71
Елге шыққанда ...ов не айтады? .....	72
Бейсембек «Болыс» .....	73

### *1921 — 1924*

Жас бұлбұлдарға .....	76
Жарлылар ұйымының жетісі .....	77
Ақшам .....	78
Ағынды менің Ақсуым .....	—
Жалпы жасқа .....	80
«Қою қара бұлт аспан...» .....	—
Жетім .....	81
Анам тілі .....	82
«Қозғалар көңіл...» .....	—
Қазақы қорытынды .....	83
Некешілдер .....	84
«Атадан да балаға ана жақын» .....	87
Жастар ұраны .....	88
Тілек .....	90
Тапанша .....	91
Бұлт .....	94
Жанар тау .....	95
Егінші .....	96
Жазға салым .....	97
Жазғы таң .....	—
Жазғытұрым .....	98
Саясат кошқарлары .....	99
Ала бие .....	100
Жазғы шілде .....	102
Күз .....	—
Қыс .....	103
Қыс .....	104
Ақсабан .....	105
Жауында .....	106
Кім екен .....	107
Мезгіл суреттері .....	109

Менінше .....	110
Жел .....	—
Бөлек-салак ойдан .....	111
Жас жалшыға .....	112
Тас .....	115
Жаз .....	—
Жайлау .....	116
Көктемде .....	118
Баспаханада қыр қазағы .....	121
Кедей тойы .....	123
Қойшы ойы .....	125
Ұлы күн .....	127
Май тойында .....	130
Сапарда .....	133
Жок .....	137
Тұңғыш тоғысу .....	138
Қосылыс .....	145
Боранбай не ойлап оқып жүр .....	146
Ықшылбай .....	147
Саудагер тамашасы .....	150
Ит-ай .....	153
Жарқынбай, Беркінбай .....	157
Қырман .....	159
Октябрь күні .....	161
Орақ науқаны .....	162
Ұлт отауын тіккенде .....	164
Өк, көк өгіз .....	165
Жазушылар модасы .....	166
Желді күн .....	—
Бұлақ бойында .....	168
Ойлану .....	170
Сапалы жастарға .....	171
Жастар .....	172
Көлге .....	174
Біздің күз .....	176
Ленин өлді .....	177
Түн .....	179
Ажырауда .....	—
Лермонтов .....	180

### *1925—1930*

Ленин тірі .....	182
Беташар .....	—

Желді карағай .....	192
Сабын .....	—
Сапты аяқ .....	194
Көші-кон .....	—
Коммуна .....	196
Сурау .....	197
У .....	—
Жетісу суреттері .....	198
Оқимын .....	207
Бөбек бөлеу .....	210
Жауын .....	212
Саудын сандырағы .....	—
Өтініш .....	214
Көш — жөнекей .....	215
Тас шешей .....	217
Заман .....	219
Майдан .....	220
Ауылдың алды .....	224
Жүдеу жүрек .....	225
Күн шыққанда .....	226
Заводта .....	228
Октябрь елесі .....	229
Ұйқыма .....	232
Қосаяқ .....	233
Ұмытсын, көңілім ұмытсын! .....	234
Кім үшін? .....	236
Күнгей .....	237
Қазақ қазынасы .....	238
Ұршық .....	239
Ұштасқан үш тілек .....	—
Аттанған азамат .....	242
Баласынан анасына хат .....	244
Ресей жері .....	246
Отарба .....	249
Бай, бөйбіше .....	253
Қонақтар мен қожайын .....	255
Белсенділерге .....	258
Ұлы Октябрь .....	259
Бүгінгі дала .....	260
Біздікі .....	262
Қорқамын .....	263
Әнші .....	266
Қазақ қызы .....	268

Қақпан .....	269
Толғау .....	271
Шал мен келіні .....	274
Екінші жыры .....	276
Гималай .....	—
Тоғызда .....	280
Жана әдебиет .....	281
Нұр алғаны сол шығар .....	—
Жана дала .....	282
Қызыл әскер өлені .....	283
Жорық жырынан .....	284
Кәне, шыдар қай майдан? .....	285
Мавзолей .....	—
Қазақстан .....	289
«Шоқпарға» .....	290
Алатау .....	—
«Демеймін төгілейін...» .....	291
«Көгілжім жердің кенерін» .....	292
Айдаушы .....	—
Домбыра .....	293
Серт .....	294
Комбайн .....	295
Мәскеу — Қазақстан .....	297
Алтын қазан .....	303
Ертістен хат .....	306
«Бәйшешекпен безенген...» .....	308
Күн боламыз .....	309
Домбыра .....	—
«Есалаң минут...» .....	310
Елеске .....	—
П-ға .....	311
Тағы соған .....	—
Түс .....	312
«Сұм жалғаннан...» .....	313
«Апырым-ай, жан қысылды-ау...» .....	315
«Жүр ме екен сәуле...» .....	316
«Жаным, жылама...» .....	—
Жетерміз бе тілекке .....	317
Жанды асырау .....	318
Өмір бекер өтіпті .....	319
Орман .....	320
«Бүгін жайна...» .....	—
Ақын мен Мақым .....	321

Октябрь екпіні .....	324
«Еңбекші қазақ» .....	327
«Жана тұрмыс» .....	328
Шошка .....	337
Жұмысқа .....	342
Экскаватор .....	345
Элеватор .....	346
Тракторшыға .....	347
Танындар .....	348
Сеп, сеп, сеп! .....	353
Көтерме .....	355
Кавказ .....	356
Екпін күйі .....	360
Бесжылдықтың ерлері .....	362
Социалды көмек .....	363
Социалды Қазақстан .....	365
Электр .....	379
Екпінділер мен прогульщик .....	—
Көтеріліс .....	381
Қанды қыран .....	382
«Сүйгендіктен мен сені...» .....	385
Бақыттымын .....	386
«Сүйегімді босатқан...» .....	—
Қара теңіз .....	387
Күн батар .....	389
Кенес .....	391
Жаз .....	397
Шаттық жыры .....	398
Үйге келем .....	402
Үмітай .....	403
Суық күн .....	—
Үмітке .....	404
Кенес жалауы .....	405
Біздің бақша .....	407
Күйге .....	408
Тұлпарға .....	—
Домбыра .....	410
Күй .....	411
Топ алдында .....	412
«Правдаға» .....	420
Май жыры .....	421
Түсініктер .....	422

Кітапты шығаруға жауапты —  
«Қазығұрт» баспасының директоры  
Теміргали Мұратбекұлы КӨПБАЕВ

**ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ**

**Көп томдық шығармалар жинағы**

*Бірінші том*

**ӨЛЕҢДЕР**

Редакторлары  
**Ұлан Оспанбай,**  
**Әсия Орынбаева**

Суретшісі  
**Нұран Айымбет**

Техникалық редакторы  
**Гүлмира Ақажанова**

Терген  
**Гауһар Отарбаева**

Беттеген  
**Ниязбай Оразымбетов**

Теруге 26.06.03. жіберілді. Басуға 07.06.04. қол қойылды.  
Қалыбы 84x108/32. Офсеттік қағаз. Қаріп түрі Таймс.  
Офсеттік басылым. Есепті баспа табағы 23,0.  
Шартты баспа табағы 22,68. Таралымы 2000 дана.  
Талсырыс № 661.

«Қазығұрт» баспасы, 480060, Алматы қаласы,  
Гагарин данғылы, 186 «А» үй, 4 пәтер.  
Телефон (факс) 75-18-18  
e-mail:kazygurt@list.ru

«Жедел басу баспаханасы» ЖШС  
480016, Алматы қаласы, Д. Конаев көшесі, 15/1.

ISBN 9965-22-023-9



9 789965 220234